

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

ӘОЖ 347.7(574)

Қолжазба құқығында

АСЕТОВА ГУЛНУР БАКЫТОВНА

**Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың
азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері**

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

6D030100 - Құқықтану

Ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының кандидаты, профессор
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті»
КеАҚ профессор-зерттеушісі
Ильясова Г.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Dr. hab., Гданьск университетінің
профессоры Юхневичус Э.Э.
(Гданьск қ., Польша)

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2026

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	18
1.1 Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәсіпкердің құқықтық мәртебесі.....	18
1.2 Кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарын қорғау ұғымы мен азаматтық-құқықтық тетігінің мазмұны.....	36
1.3 Шетелдік құқық жүйелеріндегі кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарын қорғау.....	54
2 КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ НЫСАНДАРЫ.....	73
2.1 Кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау.....	73
2.2 Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс нысандары.....	91
3 КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТЕТІГІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ.....	126
3.1 Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктері.	126
3.2 Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру мәселелері.....	141
ҚОРЫТЫНДЫ.....	156
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	161
ҚОСЫМША А – «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ Заң факультетінде диссертациялық зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу туралы акт.....	179
ҚОСЫМША Ә – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтында диссертациялық зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу туралы акт.....	180
ҚОСЫМША Б – Қазақстан Республикасы мен Қарағанды облысында кәсіпкерлік даулар бойынша татуластыру рәсімдерінің құрылымы (іс жүргізуді тоқтату деректері негізінде, 2024–2025 жж.).....	181
ҚОСЫМША В – ҰКП-ның кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы қызмет нәтижелерінің динамикасын салыстырмалы талдау (2023 жыл және 2024 жылдың 9 айы).....	182
ҚОСЫМША Г – Кәсіпкерлердің өтініштерін қарау нәтижелерінің құрылымы және Уәкіл араласуының экономикалық тиімділігі (2024 ж.).	183
ҚОСЫМША Ғ – Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда үздік ғылыми жұмыс үшін берілген диплом.....	184

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ad hoc	- нақты бір дауды шешу үшін құрылатын уақытша төрелік
ICC	- International Chamber of Commerce (Халықаралық сауда палатасы)
lex arbitri	- төрелік талқылау орнының құқығы
lex fori	- сот орналасқан жердің құқығы
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
БҰҰ	- Біріккен Ұлттар Ұйымы
б.	- НҚА бабы
б.	- бет
б.т.	- НҚА бабының тармағы
ЕО	- Еуропалық одақ
ЕК	- Еуропа Кеңесі
ж.	- жыл
ЖШС	- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР АҚ	- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ҚР АПК	- Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі
ҚР КК	- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі
ҚХА	- Қазақстандық Халықаралық Арбитраж
НҚА	- нормативтік-құқықтық акт
РФ	- Ресей Федерациясы
ТМД	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҰКП	- Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ЭЫДҰ	- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЮНСИТРАЛ	- Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық және тәжірибелік мәселелерін кешенді зерттеуге арналған. Жұмыста кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесін айқындайтын азаматтық заңнаманың нормалары, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың мәні, мазмұны және құрылымы ғылыми тұрғыдан талданады. Зерттеу аясында кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғаудың ерекшеліктері мен сот тәжірибесінің рөлі; төрелік, медиация және өзге де баламалы тәсілдерді қамтитын соттан тыс қорғау нысандары; сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігінің институционалдық негіздері мен оларды жетілдіру мәселелері зерттеледі.

Зерттеуде ұлттық құқықты жетілдіруге бағытталған тиімді модельдерді анықтау мақсатында Қазақстанда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі Германия, Франция, Ұлыбритания және АҚШ құқықтық жүйелерімен салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде қарастырылады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кәсіпкерлік қызмет қазіргі заманғы экономиканың маңызды элементі. Инновациялық даму жағдайында кәсіпкерлердің экономикалық айналымға белсенді қатысуы экономикалық өсуді қамтамасыз етудің және еңбек өнімділігін арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті дамыту және оны құқықтық қорғауды күшейту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасы Конституциясында [1] кәсіпкерлік қызмет еркіндігі бекітілген. Бұл қағиданың іс жүзінде жүзеге асырылуы кәсіпкерлік сектордың даму көрсеткіштері арқылы да айқындалады.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 262,4 мың бірлікті құраса, 2026 жылғы 1 қаңтарда бұл көрсеткіш 2 360,3 мыңға жетіп, бір жыл ішінде шамамен 4,3 %-ға артқан [2]. Бұл кәсіпкерлік сектордың ұлттық экономикадағы рөлінің күшейіп келе жатқанын білдіреді. Дегенмен құқық қолдану тәжірибесі кәсіпкерлердің құқықтарын азаматтық-құқықтық құралдар арқылы әрдайым тиімді қорғала бермейтінін көрсетеді. Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерделеу және оны жетілдіру қазіргі кезеңде ерекше ғылыми әрі тәжірибелік маңызға ие.

Кәсіпкерлік өз тәуекелімен жүзеге асырылатын және жүйелі түрде таза кіріс алуға бағытталған дербес, бастамашыл қызмет ретінде, конституциялық

құрылымның негізін құрайтын адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың бір түрі болып табылады.

Кәсіпкерлікті дамыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыты болғандықтан, кәсіпкерлік қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму бағдарын айқындайтын «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты ретінде кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші күші ретінде дамытуға ерекше мән береді. Аталған стратегиялық құжатта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы, болжамды құқықтық ортаны қалыптастыру мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі ретінде анықталады. Сонымен қатар, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуын шектеу, меншік құқықтарының сенімді қорғалуын қамтамасыз ету және экономикалық айналымға қатысушылардың құқықтық қауіпсіздігін арттыру қажеттігі атап көрсетіледі [3]. Мұның барлығы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда азаматтық-құқықтық тетіктердің рөлін күшейтіп, оларды ғылыми тұрғыдан кешенді зерделеу қажеттігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 15 қазан 2021 жылғы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында ұлттық құқық жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттігі негізделген. Онда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауды құқықтық саясаттың негізгі қағидаларының бірі ретінде айқындайды. Тұжырымдамада кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді «бизнес үшін негізсіз кедергілер жасамай» өзектендіру, азаматтық заңнамадағы шарттық қатынастарды императивтік реттеудің артықшылығын қысқарту арқылы шарт бостандығы қағидасын нығайту, сондай-ақ жекеше субъектілер қызметіне мемлекеттік араласудың шектерін нақтылау қажеттігі көрсетілген. Сонымен бірге инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін (корпоративтік жауапкершілік, туынды және ұжымдық талап қою институттары) дамыту мәселесін қарастыру ұсынылады [4]. Аталған стратегиялық ұстанымдар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетіктерін жүйелеу мен олардың тиімділігін бағалау мәселесін алдыңғы қатарға шығарады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпкерлікті дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту және бизнес жүргізу үшін қолайлы әрі болжамды құқықтық орта қалыптастыру мемлекеттің стратегиялық басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Жолдауда экономикалық өсімді қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде кәсіпкерлік қызметті қорғау, заң мен тәртіп қағидасын орнықтыру, сондай-ақ кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз араласуды болдырмау қажеттігіне ерекше назар аударылды [5]. Президенттің

бағдарламалық ұстанымдары кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді азаматтық-құқықтық тетіктерін қалыптастыру мәселесінің қазіргі кезеңдегі уақтылы әрі тәжірибелік маңызға ие екенін дәлелдейді.

Азаматтық-құқықтық доктринада кәсіпкерлік қызмет, кәсіпкердің құқықтық мәртебесі, құқықсубъектілік, кәсіпкерлік тәуекел және азаматтық-құқықтық жауапкершілік мәселелерінің жекелеген қырлары қарастырылғанымен, оларды кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігімен жүйелі және кешенді байланыста талдау әлі де қалыптаспаған. Атап айтқанда, кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің мазмұны мен құрылымының азаматтық-құқықтық қорғау құралдарын таңдау, оларды қолдану шектері мен тиімділігіне ықпалы ғылыми тұрғыдан тұтастай негізделмеген. Бұл жағдай кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын қайшылықтарды түсіндіруді қиындатып, азаматтық-құқықтық тетіктің теориялық тұтастығын қамтамасыз ету қажеттігін айқындайды.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі күрделі әрі көпқұрамды құқықтық жүйе ретінде қорғау объектісін, қорғауды жүзеге асыратын субъектілерді, қорғаудың нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ олардың нормативтік негіздерін қамтиды. Аталған элементтердің өзара байланысы мен азаматтық-құқықтық құралдардың қолданылу шектері ғылыми әдебиетте бірізді әрі жүйелі түрде жеткілікті деңгейде анықталмаған. Демек, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін ұғымдық, құрылымдық және функционалдық тұрғыдан кешенді талдау қазіргі кезеңде ерекше ғылыми әрі тәжірибелік өзектілікке ие.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселесінің салыстырмалы-құқықтық қыры айрықша маңызға ие. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу мен қорғау жүйесін жетілдіру ұлттық құқық шеңберімен шектелмей, шет мемлекеттердегі азаматтық-құқықтық қорғау тетіктерінің қалыптасқан үлгілерін зерделеуді талап етеді. Зерттеу барысында континенттік құқық жүйесінің өкілдері ретінде Германия мен Францияның, жалпы құқық жүйесіне жататын Ұлыбритания мен АҚШ-та кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәжірибесі талданады. Аталған мемлекеттерді зерттеу олардың кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғау саласында қалыптасқан тұрақты құқықтық тетіктерімен, соттық және соттан тыс қорғау нысандарының тиімді қолданылуымен, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктерінің дамығандығымен түсіндіріледі. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы жекелеген шетелдік институттар мен рәсімдерді механикалық түрде қабылдау олардың тиімділігін тиісінше қамтамасыз етпейді, себебі мұндай тетіктер белгілі бір құқықтық дәстүрлерге, сот жүйесінің құрылымына және институционалдық ортаға тәуелді түрде қалыптасады. Сондықтан континенттік және жалпы құқық жүйелерінде орныққан кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үлгілерін салыстыра отырып, оларды ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін

ескере отырып бейімдеу қажеттігі туындайды. Мұндай тәсіл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін ғылыми тұрғыдан негізделген, жүйелі әрі тиімді үлгі ретінде қалыптастырудың өзектілігін айқындайды.

Қазіргі құқық қолдану тәжірибесі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесінің көпдеңгейлі әрі көпнұсқалы сипат алғанын көрсетеді. Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тек сот арқылы жүзеге асырылатын нысандармен шектелмей, азаматтық-құқықтық қорғаудың өзге де тетіктерін қамтиды, алайда олардың құқықтық реттелуі мен тәжірибеде қолданылуы біркелкі емес. Бұл жағдай кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың әртүрлі нысандары мен тәсілдерінің өзара байланысын, олардың тиімділігі мен қолдану шектерін ғылыми тұрғыдан кешенді талдаудың қажеттігін айқындайды. Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін тұтастай қарастыру және оны жетілдіру мәселесі қазіргі кезеңде ерекше өзекті болып табылады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы қазіргі даму үрдістері соттан тыс институционалдық тетіктердің рөлінің едәуір артқанын көрсетеді. Қазақстанда мұндай институттардың қатарына, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰКП) мен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес-омбудсмен) институты жатады. Бұл институттар кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағымдарды қарау, кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылуының алдын алу және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бағытында маңызды рөл атқарады.

Соған қарамастан, аталған институттар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәжірибесіне белсенді енгізілгенімен, олардың азаматтық-құқықтық қорғау тетігімен өзара байланысы, құқықтық табиғаты және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау нысандары жүйесіндегі орны ғылыми әдебиетте жеткілікті деңгейде тұтастай негізделмеген. Бұл жағдай кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін тек соттық қорғау құралдарымен шектемей, соттан тыс институционалдық ықпал ету тетіктерімен, соның ішінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қызметі мен бизнес-омбудсмен институттарымен өзара сабақтастықта кешенді түрде зерттеу қажеттігін айқындайды.

Зерттеу тақырыбының ғылыми қарастырылу деңгейі. Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін азаматтық-құқықтық қорғау мәселелері азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық, азаматтық іс жүргізу құқығы, сондай-ақ дауларды шешудің баламалы тәсілдері (медиация, төрелік) салаларындағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектерде кеңінен қарастырылған. Дегенмен кәсіпкердің құқықтық мәртебесі, қорғау нысандары мен тәсілдерінің (сот, соттан тыс, институционалдық) өзара сабақтастығы және оларды біртұтас азаматтық-құқықтық тетік ретінде құрылымдық-функционалдық тұрғыдан жүйелеу мәселелері әлі де кешенді талдауды қажет етеді.

Отандық зерттеушілер қатарында кәсіпкерлік қызметтің құқықтық табиғаты, кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесі, құқықсубъектілік, азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдері, сондай-ақ соттық және соттан тыс қорғау тетіктерінің мәселелерін зерттеген М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин, М.А. Аленов, С.П. Мороз, Г.А. Ильясова, С.К. Идрышева, А.С. Киздарбекова, М. Жаскайрат, Е.Ж. Хамзин, А.Е. Дуйсенова, А.А. Нурмагамбетов, А.Е. Карибаева, Ф.С. Момышева, Ж.Б. Оспанова, Э.Б. Аблаева, А.Б. Шайменова, М.Ж. Калшабаева, Ж.Ж. Ермакова, А.Р. Енсебаева, С.М. Мухтарова, С.Б. Саутбаева, М.И. Дьячук, Е.К. Даурембеков, Р.К. Тлеухан, Н.О. Сулейменова, және т.б. еңбектері маңызды ғылыми мәнге ие.

Шетелдік (соның ішінде ресейлік) авторлар ішінде кәсіпкерлердің құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау, коммерциялық және кәсіпкерлік құқық, соттық және төрелік қорғау, сондай-ақ дауларды шешудің баламалы тәсілдеріне қатысты мәселелерді зерттеген Г.Б. Зубовский, М.С. Кораблева, В.В. Витрянский, Е.А. Суханов, О.С. Иоффе, И.В. Ершова, М.Т. Иванова, В.Ф. Попондопуло, В.Ф. Яковлев, Е.П. Губин, П.Г. Лахно, С.В. Попова, Е.А. Абросимова, А. Курбатов, О.Я. Белявская, Р.Е. Карасев, М.М. Зубович, И. Uskov, А.М. Самусик, В.В. Эмих, Е.Б. Абакумова, Д.Р. Абгарян, Н.А. Агеева, А.И. Горылев, сондай-ақ салыстырмалы және халықаралық аспектілерде Р. Cortés, N. Alexander, D. Hoffman, B. Kyrdan, O. Shyrokovska, A. Sheremet, W. Broński, N. Menkel-Meadow, P. Nietanen-Kunwald, H. Нааріо және т.б. еңбектері назар аударарлық.

Қазақстанда диссертациялық зерттеулер аясында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және онымен байланысты институттар бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Атап айтқанда, Е.Ж. Хамзиннің «Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтың азаматтық-құқықтық мәртебесі» (2014) атты диссертациялық жұмысында заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтың құқықтық мәртебесінің теориялық және заңнамалық негіздері, кәсіпкерліктің нысандары және түрлері, дара кәсіпкерліктің кәсіпкерлік жүйесіндегі орны, дара кәсіпкердің қызметін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері кешенді түрде зерттелген.

А.Б. Шайменованың «Альтернативные способы разрешения гражданско-правовых споров в Республике Казахстан: теория и практика» (2021) атты диссертациялық жұмысында медиация, төрелік және партисипативтік рәсімдердің теориялық негіздері мен азаматтық іс жүргізудегі қолданылу ерекшеліктері талданады.

А.А. Нурмагамбетовтің «Гражданско-правовая защита прав и законных интересов предпринимателей» (2021) атты диссертациялық зерттеуінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін азаматтық-құқықтық қорғаудың теориялық негіздері, субъективтік азаматтық құқық пен заңды мүдде ұғымдарының арақатынасы, қорғау тәсілдері мен азаматтық-құқықтық жауапкершілік мәселелері кешенді түрде зерттелген. Сонымен қатар автор

кәсіпкерлік қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың ерекше нысаны ретінде рейдерлікке қарсы азаматтық-құқықтық іс-қимыл тетіктерін талдап, оларды кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың арнайы бағыты ретінде қарастырады.

А.К. Рахметолловтың «Деятельность правоохранительных органов по обеспечению защиты прав предпринимателей в Республике Казахстан: проблемы и перспективы» (2023) атты диссертациялық зерттеуінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құқық қорғау органдарының қызметі кешенді түрде талданған. Жұмыста прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі және ішкі істер органдарының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудағы өкілеттіктері, құқық қолдану тәжірибесіндегі жүйелі мәселелер мен оларды жетілдіру бағыттары айқындалған. Автор зерттеу нәтижелері негізінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған құқық қорғау қызметін жетілдіру жөнінде теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік ұсынымдар ұсынған.

М.Ж. Калшабаеваның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» (2024) атты диссертациялық зерттеуінде медиация институтының теориялық-құқықтық табиғаты, оны қолданудың салалық ерекшеліктері, медиаторлардың құқықтық жағдайы және медиацияны жетілдіру бағыттары кешенді түрде талданған. Аталған еңбекте медиация дауларды шешудің балама тетігі ретінде қарастырылғанымен, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі дербес, жүйелі зерттеу нысаны ретінде қойылмайды.

Н.А. Сулейменовтің «Теоретические и практические основы осуществления прокурорского надзора в сфере защиты прав предпринимателей» (2025) атты диссертациялық зерттеуінде прокурорлық қадағалаудың теориялық негіздерін дамыту және кәсіпкерлердің құқықтарын сақтауға бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, жұмыста кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз араласудың алдын алу және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру мәселесі талданған.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері жақын шетел мемлекеттерінде де диссертациялық зерттеулер деңгейінде қарастырылған. Г.Б. Зубовскийдің «Гражданско-правовая защита прав предпринимателей в Российской Федерации» (2002), М.С. Кораблеваның «Гражданско-правовые способы защиты прав предпринимателей» (2002), С.В. Попованың «Защита прав предпринимателей по российскому и германскому праву» (2006), сондай-ақ медиация тақырыбында С.И. Калашникованың «Медиация в сфере гражданской юрисдикции» (2010), Е.А. Добролюбованың «Медиация в системе способов защиты прав предпринимателей» (2012) еңбектері белгілі бір ғылыми негіз қалыптастырды. Аталған еңбектерде кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесі, құқықтарды қорғау тәсілдері, соттық және соттан тыс қорғау нысандары, сондай-ақ институционалдық тетіктер жекелеген қырларынан талданған.

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық іс жүргізу құқықтары шеңберінде, сондай-ақ дауларды шешудің баламалы институттары арқылы ғылыми әдебиетте елеулі дәрежеде зерттелгенімен, қорғаудың соттық, соттан тыс және институционалдық нысандары мен тәсілдерін кәсіпкердің құқықтық мәртебесімен өзара байланыста, біртұтас азаматтық-құқықтық тетік ретінде құрылымдық-функционалдық тұрғыдан кешенді жүйелеу жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмаған. Атап айтқанда, азаматтық-құқықтық қорғау құралдарының қолданылу шектері мен тиімділігі, сондай-ақ соттық және соттан тыс институционалдық тетіктердің (медиация, төрелік, партисипативтік рәсім, бизнес-омбудсмен, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы) азаматтық-құқықтық қорғау жүйесіндегі орны мен өзара ықпалы тұтастай ғылыми модель ретінде негізделмеген. Сонымен қатар, шетелдік құқықтық жүйелердегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың қалыптасқан модельдерін ұлттық құқықтың ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу мәселесі де арнайы кешенді зерттеуді талап етеді. Осы мән-жайлар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан терең зерделеудің, оны ұғымдық, құрылымдық және функционалдық қырларын дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу динамикасын, сот және соттан тыс қорғау нысандарының жетілдірілуін, медиация, төрелік және бизнес-омбудсмен институттарын дамытуды, сондай-ақ цифрландыру мен экономикалық процестердің кәсіпкерлік қатынастарға әсерін ескере отырып, осы диссертациялық зерттеу анықталған ғылыми олқылықтарды толтыруға және кәсіпкерлердің құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау саласындағы өзекті теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық негіздерін кешенді түрде талдау, оның құрылымы мен мазмұнын анықтау, құқық қолдану тәжірибесін зерттеу, сонымен қатар, шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан талдау негізінде аталған тетікті жетілдіруге қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу диссертациялық зерттеудің мақсаты болып табылады.

Жоғарыда анықталған мақсатқа сәйкес, жүргізіліп отырған зерттеудің негізгі кезеңдерін сипаттайтын келесідей міндеттер қалыптастырылды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің азаматтық-құқықтық мазмұнын, оның элементтері мен ерекшеліктерін анықтау арқылы оның анықтамасын тұжырымдау;

- кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің элементтерін (қорғау объектісі, субъектілері, нысандары мен тәсілдері) жүйелеу және өзара байланысын зерттеу, дара кәсіпкерлікпен айналысуға тікелей рұқсат беретін норманы заңда бекіту туралы ұсынысты негіздеу;

- кешенді теориялық және нормативтік-құқықтық талдау нәтижесінде материалдық және процессуалдық құқықтық құралдардың өзара байланысты жүйесі ретінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымына анықтама беру;

- кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан зерделеу және оны ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеу мүмкіндіктерін айқындау,

- соттан тыс институционалдық тетіктердің (Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл) кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесіндегі рөлін және олардың азаматтық-құқықтық қорғау тетігімен өзара байланысын талдау, шағын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын тәуелсіз бизнес-омбудсмен лауазымын құру қажеттігін негіздеу;

- кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс нысандары мен тәсілдерін, оларды қолдану тәжірибесін зерттеу, кәсіпкерлік дауларды реттейтін балама тәсілдерді құқықтық реттеуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау тәжірибесін талдау, негізгі мәселелерін анықтау, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексіндегі мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығын анықтауда даудың экономикалық (кәсіпкерлік) мазмұнын ескеруге мүмкіндік беретін норманы әзірлеу;

- кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау тетігін жетілдіру мақсатында Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің соттағы өкіл ретінде азаматтық іс жүргізуге қатысу тәртібін біріздендіріп, құқықтық анықтылықты қамтамасыз ететін норманы әзірлеу;

- кәсіпкерлік қызметтен туындайтын дауларды соттық нысан бойынша шешуде біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыру мүмкіндіктерін ұсыну.

Диссертациялық зерттеудің объектісі. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында қалыптасатын қоғамдық қатынастар.

Диссертациялық зерттеудің пәні. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін құқықтық реттеу жөніндегі теориялық мәселелер, құқық қолдану тәжірибесінің мәселелері.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Диссертациялық зерттеуде алға қойылған мақсат пен міндеттерге жету үшін жалпы ғылыми, арнайы құқықтық және эмпирикалық зерттеу әдістерінің жиынтығы қолданылды.

Талдау және синтез әдістері кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін құрайтын құқықтық нормалар, институттар, қорғау нысандары мен тәсілдерін жеке-дара және олардың өзара байланысында

зерттеу үшін қолданылды. Бұл әдістер аталған тетіктің құрылымын айқындауға, оның негізгі элементтерін жүйелеуге және олардың арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік берді.

Индукция және дедукция әдістері сот тәжірибесінің жекелеген мысалдары мен статистикалық деректер негізінде жалпы теориялық қорытындылар жасау, ғылыми тұжырымдарды нақты құқық қолдану жағдайларына іске асыру мақсатында пайдаланылды. Аталған әдістер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігінің тиімділігін бағалауға және құқық қолдану тәжірибесіндегі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Формальді-құқықтық әдіс Қазақстан Республикасының азаматтық және кәсіпкерлік заңнамасының нормаларын, оларды түсіндіру мен қолдану ерекшеліктерін талдау барысында қолданылды. Бұл әдіс кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігін реттейтін құқықтық нормалардың мазмұнын ашуға, олардың құқықтық маңызын анықтауға және заңнамалық актілердегі құқықтық ұғымдардың нақты мазмұнын айқындауға ықпал етті.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетіктерін шет мемлекеттердің құқықтық жүйелеріндегі ұқсас институттармен салыстыра отырып зерттеу мақсатында пайдаланылды. Атап айтқанда, Германия, Франция, АҚШ, Ұлыбритания және басқа да мемлекеттердің кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық реттеу тәжірибесі талданып, олардың негізгі ерекшеліктері мен тиімді құқықтық шешімдері айқындалды. Бұл шетелдік құқықтық тәжірибені қазақстандық құқықтық жүйеге икемдеу мүмкіндіктерін анықтауға және ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған ғылыми ұсыныстарды негіздеуге мүмкіндік туғызды.

Жүйелік-құрылымдық әдіс кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін тұтас құқықтық жүйе ретінде қарастыруға және оның құрылымы мен элементтерінің өзара байланысын анықтауға бағытталды. Бұл әдіс азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің құқықтық реттеу жүйесіндегі орнын және оның ішкі логикасын айқындауға жағдай жасады.

Формальді-логикалық әдіс құқықтық ұғымдар мен санаттардың мазмұнын нақтылау, олардың ішкі логикалық бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылды.

Құқық қолдану тәжірибесін талдау әдісі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға қатысты сот шешімдерін зерттеу арқылы құқық қолдану тәжірибесіндегі негізгі үрдістер мен мәселелерді анықтау үшін пайдаланылды. Бұл әдіс сот тәжірибесінде қалыптасқан құқықтық ұстанымдарды талдауға және қорғау тетіктерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Құқықтық модельдеу әдісі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу барысында пайдаланылды.

Статистикалық талдау әдісі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға байланысты сот істерінің саны, олардың қаралу нәтижелері, талаптардың

қанағаттандырылу деңгейі мен өзге де сандық көрсеткіштерді зерттеу үшін қолданылды. Сонымен қатар сот шешімдері мен статистикалық мәліметтерді жүйелеу, олардың негізінде қорытындылар мен ұсыныстар жасау мақсатында құқық қолдану тәжірибесін жинақтау және жалпылау әдісі қолданылды.

Аталған әдістердің жиынтығы зерттеу объектісі мен пәнін кешенді талдауға, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің құрылымын, мазмұнын және құқық қолдану тәжірибесіндегі көрінісін анықтауға, сондай-ақ осы саладағы құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі. Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін кәсіпкерлік қызметті, азаматтық-құқықтық қатынастарды және кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері құрайды. Зерттеу барысында азаматтық және кәсіпкерлік құқық доктринасы, сонымен қатар соттық және соттан тыс қорғау тетіктеріне арналған ғылыми тұжырымдамалар кешенді түрде пайдаланылды.

Сонымен қатар, шетелдік құқықтық жүйелердегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үлгілері, соттардың мамандануы, дауды шешудің баламалы тәсілдері туралы ғылыми көзқарастар ұлттық құқықтық жүйені жетілдірудің теориялық бағыттары ретінде қарастырылды.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізі. Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізін кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға қатысты сот тәжірибесінің материалдары, ресми статистикалық деректер және институционалдық құрылымдардың аналитикалық мәліметтері құрайды.

Зерттеу барысында Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының азаматтық істер бойынша қабылдаған сот шешімдері, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және құқықтық статистика органдарының ресми деректері талданды. Сонымен қатар Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілінің есептері мен жүйелі мәселелер тізілімінің материалдары пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік-құқықтық негізі. Диссертациялық зерттеудің нормативтік-құқықтық негізін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды реттейтін Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы, сондай-ақ халықаралық-құқықтық актілер құрайды. Олар: 30 тамыз 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы; 29 қазан 2015 жылғы № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі; 27 желтоқсан 1994 жылғы № 268-XIII Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім); 1 шілде 1999 жылғы № 409 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім); 31 қазан 2015 жылғы № 377-V Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі; 5 шілде 2014 жылғы № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі; 3 шілде 2014 жылғы № 226-V

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі; 23 қараша 2015 жылғы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; 28 қаңтар 2011 жылғы № 401-IV Медиация туралы Қазақстан Республикасының Заңы; 8 сәуір 2016 жылғы № 488-V Төрелік туралы Қазақстан Республикасының Заңы; 4 шілде 2013 жылғы № 129-V Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы Қазақстан Республикасының Заңы; БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен 10 желтоқсан 1948 жылғы № 217 А (III) қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы»; Халықаралық сауда құқығы жөніндегі БҰҰ Комиссиясының халықаралық коммерциялық төрелік туралы Үлгілік заңы (21 маусым 1985 жылғы); 10 маусым 2020 жылғы № 342-VI Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы; 27 ақпан 2014 жылғы № 757 Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы; Соттардың заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оналту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2 қараша 2023 жылғы № 2 Нормативтік қаулысы және т.б.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеу кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін кешенді зерттеу нәтижесінде оның ұғымдық, құрылымдық және функционалдық қырлары нақтыланып, ғылыми негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар қалыптастырылды. Зерттеу барысында кәсіпкердің құқықтық мәртебесі мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау ұғымы қолданыстағы заңнама мен құқықтық доктринаны жалпылау арқылы ғана емес, сонымен бірге азаматтық айналымдағы құқық қолданудың нақты жағдайларымен байланысты қарастырылды. Осы негізде кәсіпкердің құқықтық мәртебесіне және кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға авторлық анықтамалары ұсынылды.

Диссертациялық зерттеу аясында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі нормативтік, институционалдық және құқық қорғау элементтерінің өзара байланысты жүйесі ретінде негізделеді, ал оның құрылымдық элементтері бірыңғай логикада анықталады.

Зерттеу Қазақстан Республикасының азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік заңнамасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды реттейтін құқықтық анықтылықтың болмауына, соттылықты анықтаудағы формализмге және қорғау тетіктерінің сәйкессіздігіне ғылыми негіз береді. Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіруге бағытталған нақты заңнамалық және институционалдық ұсыныстар тұжырымдалды.

Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі тұжырымдары:

1. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде кәсіпкердің құқықтық мәртебесі анықталды: «Кәсіпкердің құқықтық мәртебесі – кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне негізделетін, азаматтық айналымда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру дерегімен нақты мазмұнға ие болатын және кәсіпкердің құқықсубъектілігін, мүліктік дербестігін, кәсіпкерлік тәуекелін, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілік режимін айқындайтын құқықтық жағдайы». Ұсынылған анықтама кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің негізгі элементтерін (құқықсубъектілік, мүліктік дербестік, кәсіпкерлік тәуекел, құқықтар мен міндеттер, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілік) өзара функционалдық байланыста қарастыруға мүмкіндік береді және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетіктерін анықтауда құқықтық анықтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жасына қатысты құқықтық реттеуді жүйелеуге, құқық қолдану тәжірибесіндегі әркелкілікті жоюға және азаматтардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудағы құқықтық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне он алты жасқа толған және заңда белгіленген тәртіппен толық әрекет қабілетті деп танылған тұлғаларға дара кәсіпкерлікпен айналысуға тікелей рұқсат беретін норманы енгізу орынды деп есептейміз. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 30-бабын келесі мазмұндағы 3-бөліммен толықтыру ұсынылады: «Он алты жасқа толған және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес толық әрекет қабілетті деп танылған тұлғалар дара кәсіпкерлік қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы».

3. Жүргізілген кешенді теориялық және нормативтік-құқықтық талдау нәтижесінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымы келесідей тұжырымдалды: «Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау - кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне тиесілі азаматтық құқықтардың қол сұғылмаушылығын қамтамасыз етуге, олардың еркін және кедергісіз жүзеге асырылуына жағдай жасауға, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың салдарын жоюға бағытталған, азаматтық заңнамаға негізделген материалдық және процессуалдық құқықтық құралдар мен тетіктердің өзара байланысты жүйесі болып табылады».

Осылайша кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі материалдық және процессуалдық құқықтық құралдардың өзара байланысты жүйесі ретінде анықталды.

4. Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы шет елдердің оң тәжірибесі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда соттан тыс институционалдық тетіктердің тиімділігі жоғары екендігін көрсетеді. Шағын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында, мамандандырылған бизнес-омбудсмен – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрамында Ұлттық бизнес уәкілі институтын құру қажет деп санаймыз. Ол билік органдарының шағын

бизнеске қатысты әрекеттеріне бақылау жасап, шағын бизнес субъектілерінің мемлекеттік атқарушы органдарының, құқық қорғау органдарының негізсіз, шамадан тыс немесе әділетсіз реттеуші іс-қимылдарына байланысты шағымдарын қарайтын болады. Сонымен қатар, кеңес беру, делдалдық және алдын алу сипатындағы функцияларды да жүзеге асырады.

Аталған институттың негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- мемлекеттік органдардың шағын бизнеске қатысты әрекеттеріне бақылау жасау;
- шағын бизнес субъектілерінің мемлекеттік органдардың реттеуші әрекеттеріне қатысты шағымдарын қарау;
- шағын бизнес субъектілеріне құқықтық және консультациялық қолдау көрсету;
- шағын бизнес субъектілері мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
- реттеуші қысымды төмендетуге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

5. Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, қолданыстағы азаматтық процестік заңнамада соттылықты анықтауда формальді субъектілік өлшемге басымдық берілуі ұқсас экономикалық мазмұндағы даулардың әртүрлі соттардың қарауына жіберілуіне алып келеді, бұл өз кезінде сот тәжірибесінің әркелкілігін туындатады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 27-бабының 1-бөлімін мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығын анықтауда даудың экономикалық (кәсіпкерлік) мазмұнын ескеруге мүмкіндік беретін жаңа редакцияда ұсынамыз: «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, басқа соттың соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын кәсіпкерлік қызметтен туындайтын мүліктік және мүліктік емес даулар, оның ішінде жеке тұлғалардың қатысуымен туындайтын даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді».

6. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетігін процестік тұрғыдан нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 58-бабының 1-бөлімін Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты өкілдерін кәсіпкерлік субъектісінің тапсырмасы бойынша сотта өкіл бола алатын тұлғалар қатарына енгізу арқылы толықтыруды ұсынамыз.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 58-бабының 1-бөлімін мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтыру қажет:

«4-2) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл;»

Аталған құқықтық норма уәкіл институтының соттағы қатысу тәртібін біріздендіріп, құқықтық анықтылықты қамтамасыз етеді.

7. Кәсіпкерлік дауларды қарау барысында құқық қолданудың әркелкілігі, ұқсас істер бойынша әртүрлі құқықтық позициялардың қалыптасуы

кәсіпкерлер үшін сот нәтижелерін алдын ала болжауды қиындатады. Сондықтан, кәсіпкерлік қызметтен туындайтын дауларды соттарда қарау тәжірибесіне жалпылама талдау жүргізіп, біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыратын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кәсіпкерлік дауларды шешу жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысын қабылдау ұсынылады.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеудің теориялық маңыздылығы тұжырымдалған теориялық ережелердің азаматтық құқық және кәсіпкерлік құқық доктринасының одан әрі дамуына үлес қосуымен анықталады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер, ұсыныстар, қорытындылар және тұжырымдар тәжірибелік маңызға ие және оларды кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру мақсатында заң шығару қызметінде; нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ реттеушілік саясатқа қатысты кеңестік және әдістемелік құжаттарды әзірлеу барысында; кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен және соттан тыс нысандарда қорғау жөніндегі құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруде, оның ішінде сот тәжірибесін талдау мен қорыту кезінде; кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктерін жетілдіру бағытында тәжірибелік қызметте; жоғары оқу орындарында азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және азаматтық процестік құқық пәндерін оқыту процесінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижесін апробациялау. Диссертациялық зерттеу нәтижелері 11 ғылыми мақалада көрініс тапқан. Олардың ішінде Scopus ғылыми деректер базасында индекстелген халықаралық рецензияланған ғылыми журналда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала, халықаралық ғылыми журналда 1 мақала, шетелдегі халықаралық және Қазақстан Республикасында өткен халықаралық конференция материалдарында 5 мақала жарияланған.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ заң факультетінің «6В04205 - Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу» (бакалавр дәрежесі), «7М04205-Жеке құқық» (магистратура дәрежесі) БББ бойынша (Қосымша А) құқықтық пәндерін оқыту процесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК Азаматтық, азаматтық іс жүргізу заңнамасы және атқарушылық іс жүргізу бөлімінің тәжірибелік қызметіне енгізілді (Қосымша Ә).

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 184 бетті құрайды.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәсіпкердің құқықтық мәртебесі

XXI ғасырда қоғамдық қатынастардың барлық салаларында, соның ішінде кәсіпкерлік қызмет саласында жүйелі әрі түбегейлі өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістердің негізгі алғышарты экономикалық, яғни кәсіпкерлік және азаматтық-құқықтық қатынастардың жаппай әрі жалпыға бірдей цифрландырылуы болып табылады. Цифрландыру кәсіпкерлік қызметтің нысандары мен мазмұнына ғана емес, сонымен қатар оны құқықтық реттеу тетіктеріне де елеулі ықпал етуде.

Қазақстан Республикасында цифрлық экономиканы дамыту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартудың, экономикалық өсуді қамтамасыз етудің және ұлттық егемендікті нығайтудың маңызды стратегиялық бағыты ретінде айқындалады. Осы жағдайларда кәсіпкерлік қызмет мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады, ал кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғау мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда.

Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау мәселесін ғылыми тұрғыдан шешу кәсіпкердің құқықтық мәртебесін айқындаудан басталуы тиіс. Себебі кәсіпкердің құқықтық мәртебесі оның құқықтары мен заңды мүдделерінің көлемін, міндеттері мен жауапкершілік шектерін, сондай-ақ мемлекетпен және өзге де құқық субъектілерімен өзара құқықтық қатынастарының сипатын белгілейді. Құқықтық мәртебе нақты айқындалмайынша, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қандай құқықтары бұзылғанын, қандай құқықтық тетіктер арқылы және қандай шектерде қорғалуы тиіс екенін анықтау мүмкін емес. Құқықты қорғау тетігі субъективтік құқықтың шегін, оны жүзеге асыру режимін және жауапкершілік өлшемін айқындауды талап етеді; бұл параметрлер кәсіпкердің құқықтық мәртебесі арқылы нақтыланады.

Осы тұрғыдан алғанда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетіктерін ғылыми тұрғыдан зерделеу кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің мазмұнын, құрылымын және ерекшеліктерін кешенді талдаумен тығыз байланысты болуы тиіс. Әсіресе цифрлық экономика жағдайында кәсіпкердің құқықтық мәртебесін нақтылау құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарды азайтуға, кәсіпкерлік қызметтің құқықтық қауіпсіздігін арттыруға және кәсіпкерлік ортаның орнықты дамуына құқықтық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкердің құқық мәртебесін зерттеу қажеттілігі, бір жағынан кәсіпкерлік қызметтің күрделенуімен, екінші жағынан, кәсіпкерлік қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйелі әрі үйлесімді

қолданылуын қамтамасыз ету талабымен байланысты. Осы тұрғыда кәсіпкердің құқықтық мәртебесі заң ғылымындағы кешенді және сан қырлы санат ретінде қарастырылады.

Кәсіпкердің құқықтық мәртебесін кешенді түрде зерделеудің алғышарты ретінде, алдымен «кәсіпкерлік қызмет» және «кәсіпкер» ұғымдарының мазмұнын анықтау қажет. Себебі кәсіпкерлердің құқық субъектілігі құқықтық табиғаты жағынан жеке тұлғалар мен коммерциялық ұйымдардың құқық субъектілігі арасындағы аралық сипатқа ие. Аталған ерекшелік кәсіпкерлерге азаматтық құқық субъектілерінің осы екі санатына тән құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі және азаматтық-құқықтық жауапкершілік элементтерін ұштастыра қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің мазмұндық және қызметтік ерекшеліктері де кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің қалыптасуына айқындаушы әсер етеді. Осы себепті мәртебені талдау ең алдымен кәсіпкерлік қызметтің заңдық белгілерін және сол белгілерден туындайтын субъектілік салдарды ашудан басталуы тиіс.

Осы орайда кәсіпкерлік қызмет дегеніміз не? Әдебиеттерде «кәсіпкерлік» және «кәсіпкер» түсініктерінің жалпымен қабылданған ұғымдары жоқ. «Кәсіпкерлік», «кәсіпкерлік қызмет» терминдері пайда табуға бағытталған бастамашыл қызмет ретінде қарастырылады. Кәсіпкерлік ұғымы мен оның мәнін айқындау мәселесі ғылыми тұрғыдан күрделі болып табылады. Кәсіпкерлерге деген көзқарас тарихи кезеңдерде әрқилы сипат алған.

Кәсіпкер феноменіне қатысты тарихи көзқарастарды қысқаша талдау қазіргі құқықтық мәртебенің доктриналық алғышарттарын түсіндіру үшін маңызды. Антикалық дәуірдің өзінде-ақ кәсіпкердің, саудагердің, көпестің қызметі «күнәлі» әрі «лайықсыз» іс ретінде бағаланған. Мәселен, Аристотель қаржылық мүдденің ықпалындағы ойлау жүйесінің үстем болуына қарсы шығып, мұндай ұстаным «табиғи» қоғамдық құрылымды бұзады деп есептеген. Ал Ф. Аквинский сауда қызметі мен көпестік кәсіп моральдық-этикалық тұрғыдан кемшін сипатқа ие деген пікірді ұстанған [6].

Алайда кәсіпкерлік феноменіне берілген моральдық баға қазіргі құқықтық мәртебені анықтайтын өлшем бола алмайды: қазіргі құқық тәртібінде кәсіпкерлік қызмет конституциялық еркіндік ретінде танылады. Сондықтан кәсіпкердің құқықтық мәртебесін талдауда бағалауыш-философиялық көзқарастан гөрі, нормативтік бекітілу мен құқықтық салдар (тәуекел, жауапкершілік, кепілдіктер) шешуші мәнге ие.

Сонымен қатар дәл осы антикалық кезеңде полис-қала-мемлекет нысанындағы мемлекеттік құрылымдардың дамуына байланысты азаматтық менталитеттің маңызды құрамдас бөліктері қалыптасты. Олардың қатарына заң алдындағы теңдік, меншікке және жеке тұлғаға құрметпен қарау қағидалары жатады. Кейіннен бұл ұстанымдар батыстық дүниетанымның либералдық негізіне айналып, кәсіпкерлік қызметке қатысты теріс көзқарасты еңсеруде айрықша рөл атқарды [6, б. 53].

ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабына сәйкес, азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [7]. Бұл анықтама үлкен тәжірибелік мәнге ие, пайда әкелетін сырттай кәсіпкерлік қызметке ұқсас қызметтерден ажыратуға мүмкіндік береді. Берілген анықтамаға сәйкес кәсіпкерлік қызметтің азаматтық-құқықтық сипатын ашатын бірқатар негізгі сипаттамалары көрсетіледі. Ең алдымен, оның негізгі мақсаты - таза табыс табу, бұл кәсіпкерліктің экономикалық мазмұнын және оның мүліктік қатынастар жүйесіндегі орнын анықтайды. Сондай-ақ, кәсіпкерлік қызмет тәуелсіз және белсенді деп сипатталады, бұл кәсіпкердің іскерлік шешімдер қабылдау еркіндігінің құқықтық негізін құрайды.

Сонымен қатар, меншік құқығына немесе басқа мүліктік құқықтарға негізделген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру жеке және мемлекеттік кәсіпкерліктің құқықтық режимдері арасында айырмашылық жасауға мүмкіндік береді. Кәсіпкердің атынан, оның тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігіне байланысты кәсіпкерлік қызметті жүргізу кәсіпкердің азаматтық жауапкершілігінің ерекше, күшейтілген сипатын көрсетеді. Бұл сипаттамалар топтасып, кәсіпкерлік қызметті азаматтық құқықтың тәуелсіз институты деп санауға мүмкіндік береді. Өйткені заңдық анықтамада кәсіпкердің «өз атынан», «тәуекелімен» және «мүліктік жауапкершілігімен» әрекет етуі көрсетіліп, бұл субъектінің мәртебелік белгілерін айқындауды талап етеді. Кәсіпкерлік қызметтің аталған белгілері оны жүзеге асыратын субъектінің – кәсіпкердің құқықтық бейнесін айқындауға мүмкіндік береді, осыған байланысты кәсіпкер ұғымын нақтылау қажеттілігі туындайды.

«Кәсіпкер» ұғымы алғаш рет XVIII ғасырда француз экономисі Р.Кантьон тарапынан енгізілді. Ол кәсіпкерліктің мазмұнын айқындауда тәуекел факторын шешуші қызметтік белгі ретінде негіздеді. Ғалымның пайымдауынша, кәсіпкердің мәні нарықтағы сұранысты ескере отырып, әртүрлі тауарлар мен игіліктерді айналымға енгізу арқылы белгісіздік жағдайында шаруашылық шешімдер қабылдауында көрініс табады [8].

Ж.Б. Сэйдің пікірінше, кәсіпкер – бұл өндіріс факторларын біріктіріп, өз есебінен және өз тәуекелімен өндірісті ұйымдастырушы субъект, ал кәсіпкердің табысы жалдамалы басқарушы алатын жай ғана жалақы емес, кәсіпкердің ұйымдастырушылық қызметі, тәжірибесі және тәуекелге негізделген қызметі үшін берілетін сыйақы болып табылады [9]. Немістік тарихи мектептің Г.Шмоллер, М.Вебер, В.Зомбарт сияқты өкілдері де кәсіпкерлік қызметтің шығармашылық, жаңашылдық тәрізді белгілеріне ерекше мән берді. В.Зомбарттың пайымдауынша, кәсіпкер – бұл жаулап алушы, яғни тәуекелге

дайын, рухани ерікті, идеялардың көптігі, еріктілік пен табандылық танытушы, ұйымдастырушы (бірлескен жұмыс үшін көптеген адамдарды біріктіре алуға қабілетті), саудагер (адамдарды өз тауарын сатып алуға көндіре алуға қабілетті, сенімге кіре алу). Кәсіпкердің негізгі көздеген мақсаты – бұл өз ісінің гүлденуі мен өсуіне қол жеткізу. Кәсіпкер неғұрлым көп пайда табуға тырысады, себебі онсыз өркендеу мүмкін емес [10].

Кәсіпкерлік табыс жалдамалы басқарушының жалақысымен теңестірілмей, кәсіпкердің бастамашылығы, инновациялық ойлауы, ұйымдастырушылық қабілеті және тәуекелді өз мойнына алуы үшін берілетін ерекше сыйақы ретінде қарастырылады. Кәсіпкердің мақсаттылығы, ерік-жігері, табандылығы және нарық субъектілерін біріктіре отырып, оларды өз идеяларын іске асыруға жұмылдыру қабілеті кәсіпкерлік қызметтің ажырамас белгілері ретінде анықталады. Сәйкесінше, аталған теориялық көзқарастар кәсіпкерді экономикалық жүйеде пайда табуға ұмтылатын ғана емес, сондай-ақ экономикалық дамудың, өндірістік және әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күші болып табылатын белсенді, жаңашыл әрі жауапкершілігі жоғары субъект ретінде тануға мүмкіндік береді.

Қазіргі құқықтық доктринада кәсіпкер – бұл кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, тәуекелді өз мойнына алатын және өз әрекеттері үшін дербес жауап беретін азаматтық құқық субъектісі ретінде танылады. Осыдан келіп кәсіпкердің құқықтық мәртебесін айқындау мәселесі туындайды.

Осыған сүйене отырып, біз кәсіпкердің құқықтық мәртебесін кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне негізделетін және азаматтық айналымда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру дерегімен нақты мазмұнға ие болатын құқықтық жағдайы ретінде түсінеміз; оның мазмұны құқықсубъектілік, мүліктік дербестік, кәсіпкерлік тәуекел, құқықтар мен міндеттер және күшейтілген азаматтық-құқықтық жауапкершілік арқылы айқындалады.

Осы ретте кәсіпкердің құқықтық мәртебесі құқықтар мен міндеттерді тізбелеумен шектелмей, өзара шартталған және бір-бірін толықтыратын элементтердің тұтас жүйесі ретінде көрінеді.

Берілген авторлық ұстанымды негіздеу үшін құқықтық мәртебе ұғымының доктриналық және түсіндірме-анықтамалық көзқарастарын қысқаша қарастыру қажет.

Құқық теориясында құқықтық мәртебе тұлғаның қоғам және мемлекетпен өзара қатынастар жүйесіндегі құқықтық жағдайын білдіретін кешенді әрі көпқырлы санат ретінде қарастырылады. С.Ю. Наумов, А.С. Мордовец, Т.В. Касаева редакциясымен жарық көрген «Теория государства и права» оқулығында құқықтық мәртебе жалпы (конституциялық), арнайы (тектік) және дара (жеке) түрлерге жіктелетіні көрсетіледі [11]. Жалпы мәртебе базалық сипатқа ие болып, өзге мәртебелер үшін бастапқы құқықтық негіз қызметін атқарады, ал арнайы және дара (жеке) мәртебелер нақты әлеуметтік рөлдер мен құқықтық жағдайларға байланысты нақтыланады. Осы жіктеу кәсіпкердің құқықтық мәртебесін конституциялық деңгейде бекітілген кәсіпкерлік

еркіндікке негізделетін, бірақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктерімен айқындалатын арнайы құқықтық режим ретінде түсіндіруге әдіснамалық мүмкіндік береді.

Құқықтық мәртебенің құрылымына қатысты доктринада кешенді көзқарас қалыптасқан. Мәселен, Н.И. Матузов құқықтық мәртебенің құрылымдық элементтері ретінде негізгі құқықтар мен міндеттерді ғана емес, заңды мүдделерді, құқықсубъектілікті, азаматтықты, заңи жауапкершілікті, құқықтық қағидаларды, мәртебені бекітетін құқық нормаларын және туындайтын құқықтық қатынастарды да көрсетеді [12]. Бұл тәсіл құқықтық мәртебені «құқықтар жиынтығы» деңгейінде шектемей, оны нақты қоғамдық қатынастарда іске асатын көпэлементті құқықтық конструкция ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Заң әдебиеттерінде «құқықтық мәртебе», «құқықтық жағдай», «заңдық мәртебе» ұғымдары өзара жақын мағынада қолданылғанымен, диссертациялық зерттеу шеңберінде негізгі ұғым ретінде «құқықтық мәртебе» санаты пайдаланылады. Сөздіктер мен оқулықтарда құқықтық мәртебе құқықтар мен міндеттердің жиынтығы ретінде анықталады.

Мәселен, М.Ю. Тихомировтың редакциясымен жарық көрген Заңдық энциклопедияда «мәртебе» ұғымы «азаматтың немесе заңды тұлғаның заңнамада көзделген құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы» ретінде анықталады [13].

А.Я. Сухарев, В.Д. Зорькин, В.Е. Крутскихтің авторлығымен жарық көрген «Большой юридический словарь» да: «Құқықтық мәртебе – бұл құқық нормаларымен белгіленген оның субъектілерінің жағдайы, олардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы» ретінде анықталады [14].

В.В. Лазаревтің редакциясымен шыққан «Общая теория права и государства» атты оқулықта автор «азаматтардың құқықтық мәртебесі тең болған жағдайда да, олардың әрқайсысының нақты құқықтық жағдайы бірдей болмайтынын» атап көрсетеді. Әрі қарай «өндірістік, коммерциялық және өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыратын әрі белгіленген тәртіппен тіркелген ұйымдар мен жеке субъектілердің құқықсубъектілігі заңды тұлғаның мәртебесімен айқындалатыны» көрсетіледі [15].

Қазақстандық ғалым М.К. Сүлейменов құқықтық мәртебені азаматтық құқық субъектілерінің құқықсубъектілігімен тығыз байланыстыра отырып, оны құқықтық нормалар арқылы бекітілген және нақты қоғамдық қатынастарда іске асырылатын құқықтық мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Заңнамалық тұрғыдан белгіленген және қабылданған жеке тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері оның құқықтық мәртебесін құрайды. Құқықтық мәртебе жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қатынастардың негізгі қағидаларының нормативтік тұрғыда көрініс табуының өзегін құрайды [16].

Кәсіпкерлік қызметін енді бастап жатқан, сондай-ақ ұзақ уақыт бойында тәжірибесі қалыптасқан кәсіпкердерді де ең алдымен, қызықтыратын

(қызықтыруға тиісті) әрі мазалайтын мәселе – олардың құқықтарының көлемі, міндеттемелерінің шектері және жауапкершілігінің деңгейі. Осылардың бәрі «кәсіпкердің мәртебесі» ұғымына шоғырланады [17].

Демек, аталған элементтердің өзара бірлігінде кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесі ұғымы айқындалып, ол кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың негізін айқындайтын, сондай-ақ оның тұрақтылығы мен құқықтық анықтылығын қамтамасыз ететін іргелі құқықтық ұғым ретінде сипатталады.

Осы тұжырым қазақстандық азаматтық-құқықтық доктринада да қолдау табады. Е.Ж. Хамзин дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесін айрықша салалық мәртебе ретінде сипаттай отырып, оның екіжақты сипатын атап көрсетіп, «дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесінің мазмұны кәдімгі азаматтың азаматтық-құқықтық мәртебесінің мазмұнынан едәуір кең көлемді болып табылады» деп тұжырымдайды [18].

Кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің маңызды белгісі оның мемлекеттік тіркеуден өтуі болып табылады. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі ҚР Азаматтық кодексінің 42-бабына [19], 17 сәуір 1995 жылғы № 2198 Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы туралы ҚР заңына сәйкес [20], ал дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 36-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тіркеудің жүзеге асырылуы кәсіпкер мәртебесін иеленудің құқықтық алғышарты болып табылады, яғни тұлғаның жалпы азаматтық құқықтар мен бостандықтардан бөлек, қосымша арнайы құқықтық режимге өтуін білдіреді. Кәсіпкердің құқықтық мәртебесі оған заңнамада бекітілген құқықтар мен міндеттердің көлемін айқындайтын өлшем ретінде көрініс табады және дәл осы шеңберде ол кәсіпкерлік қызметке тән нақты заңды әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Өз кезегінде заңды тұлға мәртебесін алу кәсіпкердің құқықтық әрекет ету сипатын өзгертеді, өйткені мұндай жағдайда ол азаматтық айналымда жеке өз атынан емес, дербес құқық субъектісі ретінде танылатын заңды тұлғаның атынан әрекет етеді, бұл оның құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ жауапкершілік шектерін айқындауға тікелей ықпал етеді.

Кәсіпкерлік қызметтің барлық субъектілері нарыққа өз тауарларымен, жұмыстарымен және қызметтерімен шығып, бір-бірімен, тұтынушылармен, сондай-ақ мемлекетпен сан алуан құқықтық қатынастарға түседі. Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтық жағдайын айқындайтын арнайы нормалармен қатар, заңнамада кәсіпкерлік қатынастардың жалпы негіздерін белгілейтін әмбебап құқықтық қағидалар мен жалпы ережелердің едәуір ауқымы бекітілгені заңды құбылыс болып табылады [21].

Мемлекеттік тіркеумен қатар, заңнамада кәсіпкерлер үшін олардың құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ жауапкершілігіне қатысты жалпы сипаттағы ережелер де көзделген, бұл кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың бірыңғай құқықтық негізін қалыптастырады.

Әрбір кәсіпкердің негізгі құқықтарының бірі – заңмен тыйым салынбаған қызмет түрлерін еркін жүзеге асыру болып табылады. Бұл құқық конституциялық деңгейде бекітіліп, ҚР Конституциясының 26-бабының 4-тармағында «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» деп нақты айқындалған.

Қолданыстағы заңнамалық реттеу кәсіпкерлердің құқықтарын шектеуге емес, керісінше, кәсіпкерлік қызметтің эволюциялық дамуына сай олардың құқықтық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Кәсіпкерліктің қалыптасуы мен орнығу жағдайында кәсіпкерлерге тән құқықтардың ауқымы ұлғайып, сәйкесінше жаңа мүліктік және мүліктік емес құқықтар кешені пайда болады. Аталған құқықтардың түрлік құрамын, құқықтық табиғатын және мазмұнын айқындау кәсіпкерліктің мәнімен, оның қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуындағы және мемлекеттің құқықтық жүйесіндегі орны мен маңызымен тікелей байланысты. Оған дәлел Қазақстан заңнамасы кәсіпкерлерге (негізінен жеке кәсіпкерлік субъектілеріне) кең көлемді құқықтар кешенін береді. Қолданыстағы заңнама кәсіпкерлерге кең көлемді құқықтық мүмкіндіктер береді. Кәсіпкерлік кодекстің 26-бабында кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі құқықтары бекітілген. Аталған нормаларды жай тізбелеу жеткіліксіз, оларды мазмұндық тұрғыдан жүйелеу кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің құрылымын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Дегенмен бұл кеңею абсолюттік сипат алмайды: ол тұтынушылардың құқықтарын қорғау, адал бәсекелестік және жария мүдде талаптарымен теңгеріледі. Сондықтан заңнама кәсіпкерлік еркіндікті «рұқсат етілген дербестік» режимінде, яғни құқықтар мен міндеттердің үйлесімінде бекітеді.

Біріншіден, бұл – экономикалық дербестікке қатысты құқықтар. Оларға кәсіпкерлік қызметтің заңмен тыйым салынбаған кез келген түрін жүзеге асыру, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарығына еркін қол жеткізу, бағаны дербес белгілеу, өнім сапасын бақылау және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру құқықтары жатады. Аталған өкілеттіктер кәсіпкердің нарықтық айналымдағы автономиясын қамтамасыз етеді және кәсіпкерлік еркіндіктің материалдық мазмұнын айқындайды.

Екіншіден, ұйымдастырушылық-институционалдық сипаттағы құқықтар көзделген. Бұған филиалдар мен өкілдіктер құру, кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне қатысу, аккредиттелген бірлестіктер арқылы сараптамалық кеңестер жұмысына араласу мүмкіндігі кіреді. Бұл құқықтар кәсіпкердің тек экономикалық субъект емес, сондай-ақ кәсіби қауымдастықтың мүшесі әрі корпоративтік құрылымдардың қатысушысы ретінде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, қорғау және процессуалдық құқықтар ерекше маңызға ие. Кәсіпкердің сотқа, төрелікке, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарға жүгіну, сондай-ақ дауларды татуласу рәсімдері арқылы шешу мүмкіндігі оның құқықтық

қауіпсіздігін қамтамасыз ететін институционалдық кепілдіктер жүйесін қалыптастырады. Бұл құқықтар кәсіпкер мәртебесінің тек экономикалық емес, құқықтық-қорғау өлшемін де айқындайды.

Төртіншіден, заңнамада кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігіне қатысты құқықтар да бекітілген. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жобаларды іске асыруға қатысу мүмкіндігі кәсіпкерлік қызметтің қоғамдық маңызын көрсетеді және кәсіпкерлік еркіндіктің әлеуметтік шектерін айқындайды.

Жіктеу өлшемі ретінде құқықтардың кәсіпкерлік еркіндікті іске асырудағы функциясы (экономикалық жүзеге асыру → ұйымдастырушылық қамтамасыз ету → құқықтық қорғау → әлеуметтік жауапкершілік) алынды.

Сонымен, аталған құқықтар кәсіпкердің азаматтық айналымдағы дербестігін қамтамасыз ете отырып, оның құқықтық мәртебесінің мазмұндық негізін құрайды.

Айта кету қажет, мемлекеттік кәсіпорындар да кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде Кәсіпкерлік кодексте көзделген құқықтарды пайдаланады. Алайда олардың құқықтық мәртебесі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету режимінің (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығы) ерекшеліктерімен және мемлекеттік тапсырмаларды орындау міндетімен айқындалады. Оның арнайы шектері 1 наурыз 2011 жылғы № 413-IV Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңының тиісті нормаларында анықталған [22]. Осыған байланысты олардың кәсіпкерлік еркіндігі жеке меншік субъектілеріне қарағанда белгілі бір жария-құқықтық шектеулермен жүзеге асырылады. Бұл ерекшелік олардың кәсіпкерлік мәртебесінің жеке-құқықтық және жария-құқықтық бастаулардың тоғысында қалыптасатынын көрсетеді.

Кәсіпкерлік қызмет еркіндігі кең көлемді құқықтармен қатар заңмен белгіленген міндеттерді орындау қажеттілігімен теңестіріледі. ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 27-бабында кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі міндеттері бекітілген. Бұл міндеттер кәсіпкерлік қызметті заңдылық, адалдық және жауапкершілік қағидалары негізінде жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған нормаларды мазмұны бойынша бірнеше өзара байланысты бағытқа біріктіруге болады. Біріншіден, кәсіпкер заңнаманы сақтауға және өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге міндетті, бұл кәсіпкерлік еркіндіктің құқықтық шектерін айқындайды. Екіншіден, кәсіпкерлік қызметтің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету, тұтынушыларға толық әрі анық ақпарат беру талаптары белгіленген, бұл кәсіпкерліктің әлеуметтік және жария маңызын көрсетеді. Үшіншіден, кәсіпкер рұқсаттық рәсімдерді сақтау, міндетті сақтандыруды жүзеге асыру, банк шоттарын пайдалану талаптарын орындау, табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану сияқты жария-құқықтық сипаттағы міндеттерді атқарады.

Осылайша, 27-бапта бекітілген міндеттер кәсіпкерлік еркіндіктің абсолютті емес екенін айқындай отырып, құқықтар мен міндеттердің теңгерімін қамтамасыз етеді. Егер 26-бап кәсіпкерлік еркіндіктің мазмұнын ашса, 27-бап

сол еркіндіктің құқықтық шектерін және қауіпсіз жүзеге асу режимін айқындайды.

Сонымен, кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттері олардың құқықтық мәртебесінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде кәсіпкерлік бостандықтың қоғамдық және мемлекеттік мүдделермен үйлесімдігін қамтамасыз етуге бағытталғаны анық. Аталған міндеттер кәсіпкерлік қызметті тиімді жүзеге асырудың заңдылық, адалдық және жауапкершілік қағидаларын нақтылай отырып, кәсіпкердің тек жеке экономикалық мүдделерін ғана емес, сондай-ақ тұтынушылардың, өзге де тұлғалардың және мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға бағдарланған құқықтық шектеулер жүйесін қалыптастырады.

ҚР КК 27-б. сәйкес берілген міндеттер кешені кәсіпкерлік қызметтің қауіпсіздігін, сапасын және ашықтығын қамтамасыз етуге, әкімшілік – рұқсаттық рәсімдерді сақтауға, азаматтық-құқықтық тәуекелдерді сақтандыру арқылы өтеуге, сондай -ақ табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған. Сондықтан, кәсіпкерлердің міндеттері нарықтық қатынастардың тұрақтылығын сақтаудың, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікті іске асырудың, сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметтің құқықтық тәртібін қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде көрініс табады.

Аталған міндеттердің сақталуы кәсіпкердің заң алдындағы жауапкершілік режимімен қамтамасыз етіледі. Кәсіпкерлер заңнама талаптарын бұзған жағдайда азаматтық, әкімшілік, ал жекелеген жағдайларда қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін [23].

Демек, кәсіпкердің құқықтық мәртебесі құқықтардың кең ауқымымен қатар, заңмен белгіленген міндеттер мен күшейтілген жауапкершілік режимі арқылы теңгерімделетін құқықтық құрылым ретінде көрінеді. Мұндай теңгерім кәсіпкерлік еркіндіктің абсолютті емес екенін, оның құқықтық тәртіп шеңберінде жүзеге асырылатынын айқындайды.

Демек кәсіпкерлердің жауапкершілігі де оның құқықтық мәртебесінің бір қыры болып саналады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мәні мен функцияларын доктринада кешенді түрде талдау кәсіпкер мәртебесіндегі жауапкершілік элементінің мазмұнын нақтылауға мүмкіндік береді. Е.А. Суханов азаматтық-құқықтық жауапкершілікті құқық бұзушыға мүліктік сипаттағы қолайсыз салдар жүктеу арқылы бұзылған мүліктік тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеу нысаны ретінде сипаттап, оның негізгі функциясы компенсаторлық-қалпына келтіруші сипатта көрінетінін атап көрсетеді [24]. О.С. Иоффе жауапкершілікті жай санкциямен теңестірмей, оны құқық бұзушылық салдарынан туындайтын және құқық бұзушы үшін мүліктік немесе жеке сипаттағы қосымша қолайсыз салдар жүктейтін ерекше құқықтық құбылыс ретінде түсіндіреді [25]. Қазақстандық цивилистикада бұл тұжырым М.К. Сулейменов еңбектерінде жалғасын тауып, азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басты мақсаты жазалау емес, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және залалды өтеу екендігі негізделеді [26].

ҚР КК 2-бабында бекітілгендей кәсіпкерлер өз қызметін жеке тәуекелімен жүзеге асырғандықтан, сол кәсіпкерлік қызметтің салдары үшін жауапты болмақ. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік тұрғысынан алатын болсақ, егер де кәсіпкер басқа тұлғаға зиян келтіретін болса немесе шарттан туындайтын міндеттемелерін тиісті түрде орындамаса, ол келтірілген залалды өтеуге міндетті. Айталық, ҚР АҚ кодесінің 10-бабына сәйкес: «Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады» деп атап көрсетілген. Сонымен қатар, ҚР КК 40-бабына сәйкес, дара кәсіпкер өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық жеке мүлкімен жауап береді, бұл азаматтық құқықтағы толық мүліктік жауапкершілік қағидасымен үндеседі. Ал заңды тұлға нысанындағы кәсіпкерлік субъектілері мысалы, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңының 2-бабына сәйкес, жауапкершілігі шектеулі серіктестік өз міндеттемелері бойынша қатысушылардың мүлкімен жауап бермейді, тек жарғылық капиталға қосқан үлестері шегінде тәуекел етеді [27]. Бұл олардың ұйымдық-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері. Алайда, қандай нысанда әрекет етуіне қарамастан, кәсіпкерлік қызмет субъектілері қолданыстағы заңнама ережелерін бұзса, оларға тиісті заңды жауапкершілік шаралары қолданылады.

Кәсіпкерлік саласында жасаған құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік көзделген. Мәселен, 5 шілде 2014 жылғы № 235-V Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 14-тарауында «Кәсіпкерлік қызмет, сондай-ақ оңалту, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» [28] үшін айыппұл салу, лицензиядан айыру сияқты әкімшілік шаралары көзделген. Ал 3 шілде 2014 жылғы № 226-V ҚР Қылмыстық кодексінің 214-бабы «Заңсыз кәсіпкерлік», 216-бап «Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау», 222-бап «Тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауды, географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын заңсыз пайдалану» [29] құрамдары үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Бұл көрініс мемлекет пен қоғам тарапынан кәсіпкерлік қызметке қойылатын негізгі талаптың бостандық пен жауапкершіліктің өзара ажырамайтын бірлік қағидасына негізделетінін, демек кәсіпкерлік бостандығы әлеуметтік, құқықтық және қоғамдық жауапкершілігімен ұштасуы тиіс екендігін көрсетеді.

Сонымен, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесі оның құқықтары мен міндеттерінің, заңды мүдделері мен жауапкершілік арақатынасының жиынтығы ретінде анықталатындығын байқауға болады. Демек, конституциялық деңгейде бекітілген кәсіпкерлік қызмет еркіндігі кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің негізі болып табылады. Сол еркіндікті жүзеге асыру тетігі ретінде арнайы қабылданған Кәсіпкерлік

кодексі кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтық жағдайын кешенді түрде реттеп отырғандығын көре аламыз, онда кәсіпкерлердің құқықтары кеңінен танылып, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жағынан олардың бұзылуына жол бермеу кепілдіктері қарастырылған, сонымен қатар, кәсіпкерлер орындауға тиісті міндеттер нақтылап көрсетілген.

Сол себепті, кәсіпкерлер үшін құқықтық мәртебе мәселесі мәнінің олардың қалыпты өмір сүруінде және аталған субъектілердің қызметінде белгілі бір маңызды орынға ие екендігін атап өткен жөн. Кәсіпкерлер өздерінің құқықтық жағдайына ғана сүйене отырып, кәсіпкерлік қызметтерін жүргізе алады.

Кәсіпкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілік көлемі оның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарай әртүрлі іске асырылады, осыған байланысты дара кәсіпкер мен коммерциялық заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктеріне тоқталу қажет.

Ұйымдық-құқықтық нысан кәсіпкердің құқықсубъектілігінің жүзеге асу тәсілін, мүліктік оқшаулану деңгейін және тәуекелді бөлу моделін айқындайды, демек кәсіпкер мәртебесінің практикалық мазмұны осы нысан арқылы нақтыланады. Сондықтан төменде негізгі нысандарға қысқаша сипаттама беру кәсіпкердің құқықтық мәртебесін «құқықтар–міндеттер–жауапкершілік» бірлігі ретінде түсіндірудің қажетті элементі болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері ұйымдастырушылық-құқықтық тұрғыдан әркелкі: кәсіпкерлік қызмет дара кәсіпкер ретінде де, коммерциялық заңды тұлға нысанында да жүзеге асырылады. Заңмен бекітілген шектерде шаруашылық, яғни кәсіпкерлік қызметпен коммерциялық емес ұйымдарда айналысуға құқылы. ҚР АҚ 34-б. 3-т. сәйкес, коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келуіне қарай ғана айналыса алады. Осы орайда, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жекелеген нысандарына байланысты құқықтық мәртебе мәселесінің ерекшеліктеріне тоқталуды жөн көрдік.

Коммерциялық заңды тұлғаның дербес құқықсубъектілігі мен мүліктік оқшаулануы кәсіпкерлік құқық теориясында іргелі белгілер ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, В.Ф. Попондопуло редакциясымен жарық көрген еңбекте коммерциялық ұйым азаматтық айналымның дербес субъектісі ретінде сипатталып, оның мүліктік жауапкершілігінің шектері ұйымдық-құқықтық нысанымен айқындалатыны көрсетіледі [30]. Мұндай құқықтық құрылым кәсіпкерлік қызметтің институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, басқару, капиталды шоғырландыру, тәуекелді бөлу және жауапкершілікті шектеу мүмкіндіктерін береді.

Коммерциялық ұйымдардың ең кең тараған нысандарының бірі – жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС). ҚР Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы заңының 2-бабына сәйкес, ЖШС құқықтық режимінің түбегейлі ерекшелігі серіктес қатысушыларының оның міндеттемелері бойынша, әдетте, серіктес капиталына қосқан үлестері

шегінде ғана тәуекел етуімен сипатталады. Бұл модель кәсіпкерлік тәуекелді шектеуге және инвестициялық белсенділікті арттыруға бағытталған. Сонымен қатар ЖШС дербес құқықсубъектілікке ие болып, шарттар жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иеленуге, талапкер және жауапкер ретінде сотта қатысуға қабілетті. Демек, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы кәсіпкердің құқықтық мәртебесі қатысушылардың жеке мүдделері мен серіктестіктің корпоративтік еркі арасындағы арақатынаста көрініс алады.

Капиталды тарту және корпоративтік басқарудың күрделі тетіктерін пайдаланумен ерекшеленетін нысан ретінде акционерлік қоғам ерекше орын алады. Акционерлік қоғамның құқықтық мәртебесі акциялар шығару және оларды айналымға енгізу арқылы капиталды шоғырландыруға негізделген, өз кезегінде бұл кәсіпкерлік қызметтің қаржылық-құқықтық инфрақұрылымымен тығыз байланысты. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 3-бабына сәйкес: «Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам (бұдан әрі - қоғам) деп танылады. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді» [31]. Акционерлер қоғамның міндеттемелері бойынша, жалпы ережеге сәйкес өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде тәуекел етеді, ал қоғамның жауапкершілігі оның дербес мүлкімен шектеледі. Бұл жағдайда кәсіпкердің құқықтық мәртебесі жеке еріктен гөрі корпоративтік басқару органдары арқылы іске асырылатын институционалдық ерік нысанында көрініс табады.

Коммерциялық ұйымдардың жауапкершілігі режимі тұрғысынан толық серіктестік ерекше мәнге ие. 2 мамыр 1995 жылғы № 2255 Шаруашылық серіктестіктері туралы ҚР Заңының 10-б. сәйкес, толық серіктестікте қатысушылар серіктестіктің міндеттемелері бойынша өз мүлкімен бірлесіп және толық көлемде жауап береді [32]. Мұндай құқықтық модель кәсіпкерлік тәуекелдің ең жоғары деңгейін көздейді және кәсіпкердің құқықтық мәртебесіндегі жауапкершілік элементінің басымдығын айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, толық серіктестік нысаны кәсіпкерлік еркіндік пен жеке мүліктік тәуекелдің тікелей байланысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Коммерциялық заңды тұлғалардың ерекше тобына мемлекеттік кәсіпорындар жатады. Олар нарықтық қатынасқа кәсіпкерлік субъектісі ретінде қатысқанымен, олардың құқықтық мәртебесі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету режимінің (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығы), сонымен қатар жария мүдде мен мемлекеттік тапсырмалардың ықпалымен айқындалады. Мемлекеттік кәсіпорындардың құқықтық мәртебесіне қатысты ережелер ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» 1 наурыз 2011 жылғы Заңымен бекітілген. Осыған орай мемлекеттік кәсіпорындардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігі жеке меншік субъектілеріне қарағанда белгілі бір дәрежеде шектелген сипатқа ие болады, бұл олардың құқықтық мәртебесінің аралас, яғни жеке және жария-құқықтық табиғатын көрсетеді.

Коммерциялық заңды тұлғалардың ерекше ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының бірі ретінде ҚР заңнамасында өндірістік кооператив танылады. 5 қазан 1995 жылғы № 2486 Өндірістік кооператив туралы ҚР Заңының 1-бабының, 1-бөліміне сәйкес, өндірістік кооператив деп азаматтардың жеке еңбектік және өзге де қатысуына, сондай-ақ оның мүшелерінің мүліктік пайлық жарналарын біріктіруге негізделген, өндірістік немесе өзге де шаруашылық қызметті бірлесіп жүзеге асыру үшін құрылған ерікті бірлестік түсініледі [33]. Өндірістік кооперативтің қызметі өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімін өндіру, қайта өңдеу және өткізу, жұмыстарды орындау, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, сондай-ақ өзге де кәсіпкерлік қызмет түрлерін қамтуы мүмкін.

Өндірістік кооперативтің құқықтық табиғаты оның, ең алдымен, капиталды емес, адамдарды біріктіруге бағытталған ұйымдық құрылым ретінде сипатталуымен айқындалады. Кооператив қызметінің негізін мүшелік қатынастар құрайды, ал бұл қатынастар кооператив мүшелерінің басқаруға қатысу құқығын және кооператив қызметінің нәтижесінде алынатын пайданы бөлуге қатысу мүмкіндігін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, өндірістік кооператив корпоративтік коммерциялық ұйым болып табылғанымен, оның қызметінде қатысушылардың жеке еңбектік үлесі басым мәнге ие болады.

Өндірістік кооперативтің құқықтық мәртебесінің маңызды ерекшеліктерінің бірі оның мүшелерінің кооператив міндеттемелері бойынша жауапкершілік режимімен байланысты. Өндірістік кооператив мүшелері кооперативтің міндеттемелері бойынша заңда және кооперативтің жарғысында белгіленген тәртіппен және мөлшерде қосымша (субсидиарлық) жауапкершілік көтереді. Бұл жағдай өндірістік кооперативке тән кәсіпкерлік тәуекелдің деңгейін арттырады және оның қатысушыларының мүліктік жауапкершілік аясын кеңейтеді.

Осылайша, өндірістік кооператив ҚР кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың өзіндік ерекшелігі бар ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны ретінде сипатталады. Оның құқықтық мәртебесі кәсіпкерлік қызмет еркіндігін, ұжымдық басқаруды және жеке еңбектік қатысуды қамтамасыз етумен қатар, кооператив мүшелері үшін күшейтілген жауапкершілік режимін көздейді. Бұл өндірістік кооперативті кәсіпкерлік қызметтің әлеуметтік-экономикалық мазмұны мен азаматтық-құқықтық жауапкершілік тетіктері айқын көрініс табатын коммерциялық ұйымның ерекше үлгісі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, коммерциялық заңды тұлғалар нысанында жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметте кәсіпкердің құқықтық мәртебесі дербес құқықсубъектілікке, мүліктік оқшаулануға және тәуекел мен жауапкершіліктің ұйымдық-құқықтық үлгі арқылы құрылымдалуына негізделеді. Бұл ерекшеліктер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәсілдерін таңдауға, жауапкершілікті айқындауға және дауларды шешу тетіктерін қолдануға тікелей әсер етеді.

Алайда, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтық мәртебесі тек корпоративтік құрылымдармен шектелмейді. ҚР заңнамасы кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асыру мүмкіндігін де таниды, бұл кәсіпкерлік қатынастар жүйесінде дара кәсіпкерлердің ерекше орнын айқындайды. Осыған байланысты кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің мазмұнын толық әрі кешенді ашу үшін дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін, оның құқықсубъектілігінің ауқымын, мүліктік жауапкершілік режимін және кәсіпкерлік тәуекелдің іске асу тетіктерін жеке қарастыру қажеттілігі туындайды.

Азамат дара кәсіпкер мәртебесіне ие болу үшін азаматтық құқық субъектісінің құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік сияқты белгілеріне ие болуы қажет.

Кәсіпкерлік қатынастарға түсе отырып және осы орайда азамат бола отырып, дара кәсіпкерлер жеке және жария құқықтың талаптарын ескере отырып, оны коммерциялық ұйымдардың құқық қабілеттілігінің жалпы және арнайы элементтерімен толықтырып, өздерінде азаматтың құқық қабілеттілігін сақтайды. Жеке тұлғаның әдеттегі азаматтық құқық қабілеттілігі дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігінің пайда болуының тікелей алғышарты болып табылады [34].

В.В. Якунинаның пайымдауынша, «дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігі азаматтың жалпы құқық қабілеттілігінің дәйекті түрде кеңейінін білдіреді. Ол, ең алдымен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін пайда болатын қосымша мүмкіндіктермен, сондай-ақ дара кәсіпкерге өз міндеттемелері бойынша көтеріңкі азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктелуімен сипатталады» [35].

Жеке тұлға кәсіпкерлік айналымға толыққанды қатысу мүмкіндігіне тек дара кәсіпкер мәртебесін алған кезден бастап ие болады. Атап айтқанда, дәл осы мәртебе оған кәсіпкерлік саласындағы шарттарға отыруға, оның ішінде тауарларды жеткізуге, азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға, мүлікті сенімгерлікпен басқару туралы шарттарға қатысуға, сонымен қатар жай серіктестік қатынастарының субъектісі болуға құқықтық негіз қалайды.

Дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігі өзінің жалпы сипатын сақтай отырып, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты қосымша құқықтар мен міндеттермен толықтырылады, сонымен қатар жоғарыда атап өткен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті көтеру мүмкіндігін қамтиды. Осыған байланысты, дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігінің мазмұны кәсіпкерлікпен айналыспайтын азаматтың құқық қабілеттілігімен салыстырғанда неғұрлым кең ауқымда көрініс табады.

Осы тұрғыдан алғанда, дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігі деп заңмен тыйым салынбаған кез келген кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыру үшін қажетті, мемлекетпен танылған және заңнамалық деңгейде бекітілген субъективтік құқықтар мен міндеттер кешенін жеке тұлғаның иелену мүмкіндігін білдіретін құқықтық жағдайы ретінде түсінгеніміз жөн.

Дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесі өз құрылымы бойынша жеке азаматқа тән құқықтық мәртебе элементтері мен коммерциялық ұйымдардың құқықтық мәртебесіне тән белгілердің ерекше үйлесуін сипаттайды. Осындай үйлесімнің барысында азаматтың да, заңды тұлғаның да құқықтық жағдайынан дербес ажыратылатын дара кәсіпкердің өзіндік құқықтық бейнесі қалыптасады.

Дара кәсіпкердің құқық субъектілігі бір мезгілде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін реттейтін нормалардың және коммерциялық ұйымдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нормалардың ықпалымен қалыптасады. Жеке тұлға бола отырып және оған тән жеке-құқықтық қасиеттерді сақтай отырып, дара кәсіпкер кәсіпкерлік қызметтің дербес субъектісі ретінде әрекет етеді. Осыған орай, егер заңнамадан, өзге де нормативтік құқықтық актілерден немесе тиісті құқықтық қатынастың мәнін өзгеше туындамаса, оған коммерциялық ұйымдарға тән құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті көтеру қабілеті қолданылады.

ҚР АҚ-нің 19-б. 3-т. сәйкес, азаматтардың заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметіне, егер заңдардан немесе құқықтық қатынастар мәнінен өзгеше нәрсе туындамайтын болса, тиісінше осы ҚР АҚ-тің коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттейтін ережелері қолданылады.

Осыған байланысты, аталған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын коммерциялық ұйымдардың құқықтық мәртебесімен ұқсастықты пайдалану жолымен дара кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесін реттеуге мүмкіндік беретін заңдық техника, заңдық үнемдеу әдістерінің қолданылатындығын көруге болады. Дегенмен, бұл жерде жеке және заңды тұлғалардың құқықтық жағдайын ажырататын заңдардың, өзге де құқықтық актілердің ережелерін, пайда болған құқықтық қатынастың мәнін, оның ішінде субъектілік құрамының, құқықтарының, міндеттерінің, қорғау шаралары мен жауапкершілігінің ерекшеліктерін ескерген жөн. Коммерциялық ұйымдардың қызметі үшін бекітілген ҚР АҚ ережелері заңнан, өзге де құқықтық актілерден немесе құқықтық қатынастың мәнінен өзгеше туындамағандықтан және дара кәсіпкер ең алдымен жеке тұлға және содан кейін ғана кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болғандықтан қолданылады.

Дара кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесінде жеке тұлғаға және коммерциялық ұйымға тән құқық қабілеттіліктің қатар қолданылуы олардың құқық қабілеттілігінің ауқымы, мазмұны мен шектері мәселесіне қатысты ғылыми доктринада әртүрлі көзқарастардың қалыптасуына негіз болды. Осы екі жақты сипат дара кәсіпкерлердің құқық субъектілігін анықтауда бірінғай ұстанымның болмауына алып келіп, оны азаматтық құқық теориясында талқылаудың дербес объектісіне айналдырды.

Заң ғылымындағы еңбектерде заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі жеке тұлғалардың құқық қабілеттілігімен салыстырғанда шектеулі сипатқа ие екендігі атап көрсетіледі. Осындай көзқарасқа сәйкес, ұжымдық құрылым

ретінде танылатын заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігінің көлемі жеке тұлғалардың құқық қабілеттілігіне қарағанда тар болып келеді. Сондай-ақ осы салыстырмалы тұрғыда барлық заңды тұлғалардың арнайы құқық қабілеттілікке ие болуы заңды деп танылады, себебі олар белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін құрылады және олардың құқықтары мен міндеттерінің ауқымы сол мақсаттармен анықталады.

Аталған көзқарас заңды тұлғаның жалпы, арнайы және айрықша құқық қабілеттілігі туралы жалпымен танылған тұжырымдамаға және заңнамаға қайшы келеді. Жеке тұлға бола тұрып, дара кәсіпкер жеке тұлға ретінде өзінің азаматтық-құқықтық мәртебесін толығымен сақтайды, алайда бір уақытта заңды тұлға ретінде коммерциялық ұйымдардың құқық субъектілігіне қатысты кейбір қосымша қасиеттерге немесе ерекшеліктерге ие болады. Осындай сапалы белгілердің өзіндік араласуы дара кәсіпкерлердің азаматтық құқық қабілеттілігі көлемінің азаматтың құқық қабілеттілігінің көлемімен салыстырғанда азаятындығын білдірмейді. Сонымен қатар, ұжымдық бірлестіктердің құқық қабілеттілігінің көлемі жеке тұлғаның құқық қабілеттілігінен едәуір аз деп те айтуға болмайды. Азаматтық құқықтың екі субъектісі де кәсіпкерлік және кәсіпкерлік емес қызметтің әр түрлі салаларында өздерін жан жақты көрсетуге мүмкіндік беретін кең көлемді азаматтық құқық қабілеттілікке ие. Әдеттегі кәсіпкер емес азаматтар кейбір ұжымдық, шарттық (кәсіпкерлік) қатынастардың қатысушысы бола алмайды, алайда коммерциялық ұйымдармен салыстырғанда өз мүліктерін өсиетпен мұраға қалдыра алады, көркем шығармалардың авторлары бола алады және т.б. Азаматтық және кәсіпкерлік заңнама тұрғысынан заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы құқық қабілеттілігі жалпы (әмбебап) сипатқа ие, себебі коммерциялық ұйымдардың құқық қабілеттілігіне теңестіріледі.

Заңнамада тікелей өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, дара кәсіпкерлер арнайы құқық қабілеттілікке ие бола алмайды. Бұл, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде және Кәсіпкерлік кодексінде дара кәсіпкерлердің мақсатты құқық қабілеттілігіне қатысты арнайы нормалардың болмауымен түсіндіріледі.

Арнайы құқық қабілеттілік азаматтық құқықта тек жекелеген коммерциялық ұйымдарға, ең алдымен мемлекеттік кәсіпорындарға тән болып табылады. Мұндай ұйымдарға мемлекет заңмен белгілі бір қоғамдық немесе әлеуметтік мәні бар міндеттер мен мақсаттарды жүктейді, соған сай олардың қызметі рұқсат етілген және шектеулі экономикалық қызмет түрлерінің аясында ғана жүзеге асырылады. Ал дара кәсіпкерлерге қатысты мемлекет осындай нысаналы міндеттер мен мақсаттарды белгілемейді, бұл олардың қызметін белгілі бір мақсатпен шектейтін құқықтық режимнің қолданылмауына алып келеді. Осыған байланысты дара кәсіпкерлер арнайы құқық қабілеттілікке ие субъектілер ретінде қарастырылмайды. Сонымен қатар азаматтық-құқықтық реттеуде қолданылатын жалпы рұқсат беру қағидасы да дара кәсіпкерлерде

арнайы құқық қабілеттіліктің бар екендігі туралы қорытынды жасауға негіз бола алмайды.

Көптеген қазіргі цивилистер мен кәсіпкерлік құқықты жақтаушылар дара кәсіпкерлердің әмбебап құқық қабілеттілігін жоққа шығармайды, дара кәсіпкерлер әрекет етуші азаматтық және кәсіпкерлік заңнама нормаларын доктриналды, тарихи, жүйелі және логикалық талдауладың негізінде заңмен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрімен айналысуға құқылы.

Дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігі адамның дүниеге келуімен пайда болады және дара кәсіпкер ретінде тіркеуден өткен сәттен бастап шынайы сипатқа ие болады.

Құқық қабілеттілік болашақ кәсіпкердің мүмкін болатын субъективті құқықтары мен заңды міндеттерін белгілейді, алайда оларға сәйкес ол әрекет қабілеттілік болған кезде ғана жеке дара әрекет етеді [17, б. 56].

Дара кәсіпкерлердің азаматтық әрекет қабілеттілігі, коммерциялық ұйымдармен ұқсастығы бойынша жеке тұлғаларды дара кәсіпкер ретінде жоғарыда атап өткеніміздей мемлекеттік тіркеген сәттен бастап пайда болады. Әрекет қабілеттілік дара кәсіпкерлерге өз әрекеттер арқылы кәсіпкерлік құқықтарға ие болуға және кәсіпкерлік міндеттерді атқаруға көмектеседі.

Дара кәсіпкерлік қызметті тек әрекетке қабілетті азаматтар ғана жүзеге асыра алуы мүмкін. Қолданыстағы заңнама олардың қатарына тек он сегіз жасқа толған азаматтарды ғана жатқызбайды, сондай-ақ жасы он алтыға жеткен еңбек шарты бойынша жұмыс жасайтын немесе оның заңды өкілдерінің рұқсатымен кәсіпкерлікпен айналысатын, сонымен қатар он сегіз жасқа жеткенге дейін некеге отырған азаматтарды да жатқызады.

ҚР АҚ 22-1-бабында көзделген нормалардың тұжырымдамалық тұрғыдан жеткілікті дәрежеде негізделмегені жөнінде қорытынды жасауға негіз бар. Шынымен де, аталған нормада белгілі бір ішкі қайшылық байқалады: бір жағынан, заңнама кәсіпкерлік қызметті тек толық әрекет қабілетті тұлғалар ғана жүзеге асыра алады деп бекітсе, екінші жағынан, он алты жасқа толған азаматтардың кәсіпкерлік қызметпен айналысу мүмкіндігін көздей отырып, оларды іс жүзінде толық әрекетке қабілетті тұлғалар ретінде тануға жол ашады.

Осыған байланысты он алты жасқа толған азаматтарға дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға рұқсат беретін тікелей норманы заңнамада нақты әрі айқын түрде бекіту қажеттілігі туындайды. Мұндай норма, өз кезегінде, аталған азаматтың заңда белгіленген тәртіппен толық әрекет қабілетті деп танылу мүмкіндігімен өзара үйлесім табуға тиіс. Аталған тұжырым азаматтық, отбасылық, еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнамаларды кешенді әрі жүйелі талдау нәтижесінде қалыптасты және кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің әрекет қабілеттілігі мәселесін құқықтық айқындық қағидасы тұрғысынан қайта қараудың қажеттігін көрсетеді. Мәселен, ҚР 5 қазан 1995 жылғы № 2486 «Өндірістік кооператив туралы» Заңының 8-б. 2-т. сәйкес, өндірістік кооперативке жасы он алтыға толған, кооператив мүшесі болғысы келетін және оның жұмысына өз жеке еңбегімен қатысуға қабілеті бар кез-

келген жеке тұлға мүше бола алады. Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 26 желтоқсан 2011жылғы № 518-IV Кодексінің 10-б. 2-т. сәйкес, дәлелді себептер болған жағдайда неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді [36]. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі, ал кодексте көзделген тәртіптерге сәйкес аталған жасқа толмағандармен де еңбек шартын жасасуға жол беріледі (ҚР ЕК 31 - бабы) [37]. Біздің мемлекетімізде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 5 шілде 2014 жылғы №235-V ҚР Кодексінің 28-б. сәйкес, әкімшілік жауапкершілікке әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі бар жеке тұлға жатады. Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық кодексі 15-б. 2-т. көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жататындығын көздейді. Бұл жерде мәселе тұлғаның «психологиялық даярлығын» бағалаудан гөрі, әртүрлі салалық кодекстердегі жас өлшемдерінің өзара үйлесімділігін қамтамасыз етуге келіп тіреледі. Сондықтан кәсіпкерлік қызметке қатысты жас шегін анықтау құқықтық анықтылық қағидасы тұрғысынан кешенді түрде негізделуі қажет. Белгілі бір жасқа жеткен азаматта құқықтық тұрғыдан екі түрлі қабілеті бір уақытта қалыптасады. Біріншіден, ол кәсіпкерлік қызмет саласында азаматтық құқықтар мен міндеттерге ие бола алады. Екіншіден, өз іс әрекеттері арқылы осы құқықтарды жүзеге асырып, жаңа құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер жүктеп, оларды орындау мүмкіндігіне ие болады. Осы екі қабілеттіліктің жиынтығы дара кәсіпкердің құқық субъектілігін анықтайды және оның кәсіпкерлік қатынастардағы дербес субъект ретінде әрекет етуіне құқықтық негіз қалайды.

Е.П. Губин мен П.Г. Лахноның редакциясымен жарық көрген еңбекте кәсіпкер кең ауқымды қатынастардың субъектісі ретінде қарастырылатыны атап өтіледі. Оған тұтынушылық, қаржылық нарық және еңбек нарығы қатынастары, сондай-ақ жария-құқық сипаттағы қатынастар да жатады. Сондықтан кәсіпкерлік құқық субъектілігі, яғни кәсіпкердің құқықтық мәртебесі өзіне элемент ретінде азаматтық, еңбектік, қаржылық, кәсіби құқық субъектілікті, сонымен қатар жария-құқықтық (әкімшілік) құқық субъектілікті біріктіреді [38].

Жоғарыда жүргізілген ғылыми зерттеулер мен кешенді талдау нәтижелері төмендегідей қорытынды жасауға негіз береді. Дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесі деп олардың азаматтық құқық субъектілігін, субъективтік азаматтық құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын, азаматтық-құқықтық қағидаларды, құқықтық кепілдіктерді және азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қамтитын, дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан туындайтын ерекшеліктерді ескере отырып айқындалатын құқықтық жағдайы деп түсіну орынды. Бұл мәртебе дара кәсіпкерлердің салалық (азаматтық-құқықтық),

арнайы әрі нақты-дара құқықтық жағдайын белгілей отырып, белгілі бір тұлғалар санатының азаматтық-құқықтық (кәсіпкерлік) қатынастар жүйесіндегі құқықтық орнын және әрекет ету шектерін анықтайды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ҚР АК және ҚР КК он алты жасқа толған және заңмен белгіленген тәртіппен толық әрекет қабілетті деп танылған, тұлғаларға дара кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат беретін норма енгізу ұсынылады.

Осы бөлімде кәсіпкердің құқықтық мәртебесі кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне негізделетін және азаматтық айналымда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында нақты мазмұнға ие болатын құқықтық жағдайы ретінде айқындалды. ҚР қолданыстағы заңнамасы кәсіпкер мәртебесін, бір жағынан, кәсіпкерлік қызметті дербес әрі тәуекелмен жүзеге асыру қағидасына, екінші жағынан, құқықтар мен міндеттердің нормативтік бекітілуіне және күшейтілген жауапкершілік режиміне сүйене отырып қалыптастыратыны көрсетілді.

Сонымен бірге кәсіпкер мәртебесінің дара кәсіпкер және коммерциялық заңды тұлға нысандарында әртүрлі іске асатыны негізделіп, бұл айырмашылықтар құқықсубъектілік көлеміне, мүліктік жауапкершілік шектеріне және құқықтарды жүзеге асыру тәртібіне тікелей әсер ететіні дәлелденді. Цифрлық экономика жағдайында мұндай мәртебелік ерекшеліктер кәсіпкерлік қатынастардың күрделенуімен ұштасып, құқықтық айқындық пен құқықтық қауіпсіздік талаптарын күшейтеді.

Осылайша кәсіпкер мәртебесінің өзегі құқықтар, міндеттер және жауапкершілік режимінің бірлігінен тұрады, ал бұл бірлік құқықтарды қорғау құралдарын таңдаудың құқықтық негізі болып табылады. Демек, кәсіпкердің құқықтық мәртебесін жүйелі түрде айқындау кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін түсіндірудің қажетті алғышарты болып табылады; осыдан келесі параграфта кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау ұғымы, оның азаматтық-құқықтық құралдары мен іске асу тетіктерін талдауға көшу қисынды.

1.2 Кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарын қорғау ұғымы мен азаматтық-құқықтық тетігінің мазмұны

Кәсіпкерлік қатынастардың тәуекелді сипаты, диспозитивтік бастаулардың басымдығы және кәсіпкердің мүліктік жауапкершілігінің жоғары деңгейі кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін арнайы әрі жүйелі түрде талдауды талап етеді.

Нарықтық қатынастардың эволюциясы аясында қалыптасқан заманауи құқықтық, саяси және әлеуметтік жағдайлар, кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне конституциялық құқықты іске асыру үдерісі, сонымен қатар осы салада туындайтын кедергілер мен құқық бұзушылықтар заң ғылымдарының, соның ішінде азаматтық және кәсіпкерлік құқықтың алдында кәсіпкерлік құқықтарды қорғаудың тәртібі мен құралдарын кешенді түрде зерделеуге бағытталған бірқатар өзекті міндеттерді алға қояды. Бүгінгі таңда ұлттық шаруашылық

жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқықты конституциялық деңгейде бекіткен мемлекет аталған құқықты тиімді қорғауды қамтамасыз ететін нысандарының, әдістер мен тәсілдердің, сонымен қатар құқықтық кепілдіктердің жеткілікті жиынтығына ие болуы тиіс. Бұл ретте қолданыстағы құқықтық қорғау тетіктерінің тиімділігін тұрақты бағалау және қажеттілігіне қарай оларды жетілдіру мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау ұғымының теориялық негіздері.

Мәселен, И.В. Ершова мен М.Т. Иванова құқықтарды қорғау тетігін адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмінің құрылымдық элементі ретінде қарастырады, яғни қорғау – дербес, оқшау институт емес, құқықты іске асыру, сақтау және қалпына келтірумен бірлікте әрекет ететін кешенді жүйенің құрамдас бөлігі [39]. Осыған сәйкес, мемлекет жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыру арқылы оларды нақты қамтамасыз ету функциясын атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үдерісі, ең алдымен, аталған құқықтар мен бостандықтардың заңнамалық тұрғыдан бекітілуінен, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар мен институттарды қалыптастырудан бастау алады.

Соңғы жиырма жыл ішінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін азаматтық-құқықтық қорғаудың ғылыми мәселелерін зерделеу заң ғылымындағы өзектілігін сақтап отырған бағыттардың бірі болып табылады. Бұл, ең алдымен, қоғам өмірінің экономикалық және әлеуметтік салаларында орын алған жүйелі өзгерістермен, нақтырақ айтқанда, Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті ұйымдастырудың әкімшілік-жоспарлы моделінен реттелетін нарықтық экономикаға көшу үдерісімен тікелей байланысты. Осы үдеріс аясында ұлттық заңнамада бұрын ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәрежеде талданбаған немесе мүлде қарастырылмаған жаңа құқықтық институттар қалыптасты, азаматтардың жеке меншік құқығы танылып, олардың кәсіпкерлік және бастамашылық қызметті жүзеге асыруға деген құқықтары нормативтік деңгейде бекітілді.

Осындай жағдайларда кәсіпкерлік қызметтің құқықтық институтының дамуы тұрғысынан оның заңнамалық деңгейде бекітілуі мен кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің белгілі бір құқықтарын танумен ғана шектелу жеткіліксіз. Аталған құқықтардың шынайы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін оларды тиімді қорғаудың пәрменді тетігін қалыптастыру ерекше маңызға ие. Кәсіпкерлік қызметтің құқықтық негізі азаматтық заңнама болып табылғандықтан, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі құралдары азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдері ретінде айқындалады. Осыған байланысты мұндай қорғаудың заңды негіздерін жетілдіру Қазақстан Республикасының құқықтық ғылымы үшін де, заң шығару

және сот органдарының қызметі үшін де өзекті әрі кешенді міндет болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасында нарықтық қатынастардың дәйекті түрде қалыптасуы және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық институтын, сондай-ақ оны іске асыру тәсілдерін одан әрі жетілдіру қажеттілігі кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нені білдіретінін айқындауға, бұл феноменге терең әрі тұтас ғылыми талдау жүргізуге жеткілікті негіз қалыптастырады.

Арнайы заңи түсіндірмелерде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау (*protection of entrepreneurs' rights*) кәсіпкерлік қызметті кәсіпкердің тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігі негізінде, өз атынан жүзеге асырылатын азаматтар мен заңды тұлғалардың бастамашылық қызметі ретінде қорғау деп айқындалады. Мұндай анықтама М.Р. Насырова мен С.П. Гуляеваның «Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалығында» берілген. Бұл ретте мемлекет тарапынан кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік беріліп, ол қолдау мен қорғау нысаны ретінде танылады [40].

Ғылыми доктринада кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері құқықтық қорғаудың дербес объектісі ретінде қарастырылады. Осы негізде аталған объектіні қорғау мәселесі субъективтік азаматтық құқықты жүзеге асыру мен оны қорғау тетіктері арқылы ашылады. А.П. Сергеевтің пайымдауынша, қорғау объектісі ретінде тек субъективтік азаматтық құқықтар ғана емес, заңмен қорғалатын мүдделер де танылады [41]. Сонымен қатар ол субъективтік құқықтың мазмұнына оны жүзеге асыру мүмкіндігімен қатар, бұзылған жағдайда қорғау мүмкіндігі де кіретінін атап көрсетеді. Қазақстандық азаматтық-құқықтық доктринада кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау субъективтік азаматтық құқықтың жүзеге асырылуымен және оны қорғау мүмкіндіктерімен тығыз байланыста қарастырылады. Демек, субъективтік құқық тек қана құқық иесіне белгілі бір мінез-құлық моделін таңдауға мүмкіндік беретін заңдық мүмкіндік емес, сонымен қатар бұзылған немесе дауланған жағдайда оны қорғау тетіктерін іске қосатын құқықтық құрал қызметін атқарады. Мұндай көзқарас кәсіпкерлік қызмет саласында ерекше маңызға ие, өйткені кәсіпкерлік тәуекел мен мүліктік жауапкершіліктің жоғары деңгейі құқықтарды қорғаудың пәрменді механизмдерінің болуын талап етеді. А.А. Нурмагамбетов субъективтік азаматтық құқықтың мазмұнын үш қырынан қарастырады. Біріншіден, ол субъективтік құқықты құқық иесінің заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған құқықтық құрал ретінде сипаттайды; екіншіден, оның мазмұнынан өзге тұлғалардан тиісті мінез-құлықты талап ету өкілеттігі туындайды; үшіншіден, субъективтік құқық құқық иесінің өзі заңмен белгіленген шектерден аспау және тиісті тәртіпте әрекет ету міндетімен ұштасады [42]. Мұндай тәсіл субъективтік құқықты тек мінез-құлық мүмкіндігі ретінде емес, мүддені іске асыру мен оны қорғауды қамтитын кешенді құқықтық категория ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, субъективтік құқықты қорғау мәселесі оны қамтамасыз ету және жүзеге асыру механизмдерімен тығыз байланысты. А.А. Деминнің пікірінше, субъективтік азаматтық құқықтарды іске асыру ең алдымен оларды құқықтық реттеу мен қамтамасыз ету тетіктері арқылы жүзеге асырылуға тиіс, ал қорғау механизмі құқық бұзылған жағдайда «іске қосылатын» резервтік құқықтық механизм ретінде қарастырылады [43].

Мұндай түсінік қорғауды құқықтық реттеудің жалпы жүйесімен байланыстыра қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Бұл тұжырымды дамыта отырып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау құқықтық режимнің дербес әрі жүйелі элементі ретінде қарастырылуы тиіс. Г.Б. Зубовскийдің пікірінше, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық тәсілдерінің жиынтығы кәсіпкерліктің заңнамамен бекітілген құқықтық режимінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады [44].

Осы теориялық модель кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін айқындауда әдіснамалық негіз бола алады, өйткені кәсіпкердің субъективтік құқығы бір мезгілде оның заңды мүдделерін іске асыруды, оларды талап ету арқылы қорғауды және заңмен белгіленген шектерді сақтауды қамтамасыз етеді.

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тек құқық бұзушылық салдарын жоюға бағытталған шаралар жиынтығы емес, кәсіпкерлік қызметті құқықтық қамтамасыз етудің ажырамас элементі ретінде қарастырылуы тиіс.

Сонымен қатар ғылыми әдебиетте қорғау тетігіне неғұрлым тар түсінік беретін көзқарастар да кездеседі.

Е.В. Иванова кәсіпкерлердің (жалпы азаматтық құқық субъектілерінің) құқықтарын қорғау тәсілдерін заңнамада көзделген материалдық-құқықтық және процесстік мәжбүрлеу сипатындағы шаралар ретінде сипаттайды. Автордың пайымдауынша, бұл шаралар бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге және құқық бұзушыға құқықтық ықпал етуге бағытталады, ал материалдық-құқықтық қорғау тәсілдерінің мазмұны құқық бұзушылықтың жағдайына, сипатына, салалық тиесілігіне, қорғалатын құқықтың түріне және субъектілік құрамына қарай сараланады [45].

Алайда, Е.В. Иванованың қорғау тәсілдерін негізінен құқық бұзушылық салдарын жоюға бағытталған мәжбүрлеу шаралары ретінде сипаттауы оларды азаматтық айналымның кейінгі кезеңімен шектейді. Мұндай көзқарас азаматтық құқықтың жалпы теориясы үшін орынды болғанымен, кәсіпкерлік қатынастар саласында қорғаудың мазмұнын толық ашпайды. Себебі кәсіпкер үшін құқықты формальді түрде қалпына келтіруден гөрі шаруашылық қызметтің үздіксіздігін, іскерлік байланыстардың сақталуын және экономикалық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету шешуші мәнге ие.

Осы жалпы теориялық ұстанымдар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық мазмұнын нақтылайтын жекелеген авторлық тұжырымдарда одан әрі дамытылады. Атап айтқанда, В.Ф. Попондопулоның

редакциясымен жарық көрген еңбекте кәсіпкерлердің бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғау заңмен бекітілген материалдық-құқықтық және процессуалдық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары арқылы жүзеге асырылатыны көрсетіледі. Мұндай шаралар құқық бұзушылықтың салдарын жоюға, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге және құқық бұзушыға ықпал етуге бағытталған. Автордың пікірінше, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары өзге құқық субъектілерінің құқықтарымен тең дәрежеде қорғалады және оларды қамтамасыз ету конституциялық, әкімшілік және азаматтық құқық нормаларының жиынтығы арқылы жүзеге асырылады, ал азаматтық-құқықтық тәсілдер бұзылған құқықтарды қалпына келтіруде шешуші рөл атқарады [46].

Дегенмен, В.Ф. Попондопуло ұсынған көзқарас қорғау тетігінің құрылымын кешенді сипаттағанымен, кәсіпкерлік қызметке тән экономикалық тәуекел мен диспозитивтік бастамалардың ықпалын екінші қатарға ысырады. Автордың тәсілінде қорғау көбіне құқық бұзылғаннан кейін іске қосылатын тетік ретінде көрініс табады. Ал кәсіпкерлік қатынастарда азаматтық-құқықтық қорғау алдын ала тұрақтандырушы және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған функцияны да атқаруы тиіс.

Попондопулоның тұжырымдамасы қорғау тетігінің нормативтік кешенін толық сипаттағанымен, оның функционалдық табиғаты көбіне құқық бұзушылықтың салдарын жоюға бағытталған сипатта қалып қояды.

Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық ерекшеліктеріне аса назар аударылады. Мәселен, М.С. Кораблева кәсіпкерлік саладағы құқықтарды қорғау азаматтардың (тұтынушылардың) құқықтарын қорғау тәсілдерімен мәні жағынан ұқсас болғанымен, мазмұны мен жүзеге асырылу тәртібі тұрғысынан біршама айрықша белгілерге ие екенін атап көрсетеді. Автордың пайымдауынша, кәсіпкерлік қатынастарда құқықтарды қорғау, ең алдымен, диспозитивтік құқықтық нормалардың басымдығына, кәсіпкерлердің қорғау тәсілін және оны іске асыру тәртібін таңдаудағы бостандығына, сонымен қатар кәсіпкерлік тәуекел мен мүліктік жауапкершіліктің жоғары деңгейіне негізделеді. Сондай-ақ азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдері кәсіпкерлік қызметтегі бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге ғана емес, құқық бұзушылықтың алдын алуға және кәсіпкерлік қызметті одан әрі жалғастыруға нақты мүмкіндік беруге бағытталған [47]. Аталған теориялық ұстаным аясында азаматтық-құқықтық қорғау кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің негізгі әрі тиімді тетігі ретінде көрініс табады.

Осы талдау кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігі азаматтық құқықтағы жалпы қорғау моделінен кеңірек екенін көрсетеді. Кәсіпкерлік қатынастарда қорғау тек құқық бұзушылық салдарын жоюмен шектелмей, экономикалық айналым тұрақтылығын қамтамасыз ететін функция атқарады.

Қазақстандық құқықтық доктринада кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселесі азаматтық құқықтарды қорғаудың жалпы тәсілдерімен және кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктерімен үйлесімділікте

қарастырылады. Мәселен, М.К. Сүлейменов азаматтық құқықтарды қорғау ұғымы мен тәсілдерін жүйелей отырып, құқықты қалпына келтіру және құқық бұзушылықтың салдарын жоюға бағытталған құралдардың азаматтық-құқықтық табиғатын айқындайды [48]. Сонымен қатар, С.П. Мороз кәсіпкерлікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін талдай отырып, құқықтық реттеудің сапасы кәсіпкерлік қызмет еркіндігін іске асырудың негізгі әрі айқындаушы шарты болып табылатынын негіздейді. Автордың пікірінше, кәсіпкерлік еркіндік тек заңнамалық түрде жарияланумен шектелмеуі тиіс, ол тиімді құқықтық механизмдермен, құқық қолданудың бірізді тәжірибесімен және кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған нақты құралдар жүйесімен қамтамасыз етілуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, С.П. Мороз құқықтық реттеудің тұрақтылығы мен болжамдылығы, азаматтық-құқықтық нормалардың айқындығы, сондай-ақ оларды іске асырудағы сот тәжірибесінің біркелкілігі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың құқықтық кепілдіктерін қалыптастыратын негізгі факторлар ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің тиімділігін арттыруда құқықтық қамтамасыз етудің кешенді сипатын айқындайды [49].

Осы тұрғыдан алғанда, құқықтық реттеудің тұрақтылығы мен болжамдылығын алға қоятын аталған көзқарастар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігінің тек қалпына келтіруші ғана емес, сонымен қатар азаматтық айналымды тұрақтандыруға бағытталған функционалдық сипатын айқындайды. Мұндай азаматтық-құқықтық қорғау кәсіпкерлік қызметтің үздіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құқықтық механизм ретінде көрініс табады.

Ал ұғымдық тұрғыдан алғанда, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау олардың құқыққа қол сұғылмаушылығын қамтамасыз етуге, еркін жүзеге асырылуына жағдай жасауға, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге және құқық бұзушылықтардың салдарын жоюға бағытталған, заңнамамен көзделген шаралар жүйесін білдіреді. Мұндай қорғау кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз ететін азаматтық-құқықтық тетіктің маңызды элементі болып табылады.

Сонымен қатар кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қызметіне бақылау және қадағалау жүргізу мәселесі қазіргі кезеңде мемлекет пен кәсіпкерлер үшін өзектілігін жоғалтпай отыр. Бұл жағдай кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру мен оларды азаматтық-құқықтық құралдар арқылы қамтамасыз етудің маңыздылығын одан әрі арттыра түседі.

Жоғарыда келтірілген нормативтік және доктриналық көзқарастарды жинақтай отырып, осы диссертацияда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау деп кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне тиесілі азаматтық құқықтардың қол сұғылмаушылығын қамтамасыз етуге, олардың еркін және кедергісіз жүзеге асырылуына жағдай жасауға, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың салдарын

жоюға бағытталған, азаматтық заңнамаға негізделген материалдық және процессуалдық құқықтық құралдар мен тетіктердің өзара байланысты жүйесін түсінеміз. Бұл жүйе қорғаудың объектісін, қорғауды жүзеге асыратын субъектілерді, қорғаудың нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ оларды іске асырудың негіздерін қамтиды.

Аталған тетік санкциялық ықпал ету шараларымен шектелмей, кәсіпкерлік қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін және құқықтық реттеудің жүйелік элементі ретінде көрініс табатын функционалдық құрылым болып табылады.

Осы анықтама кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін құрылымдық модель ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Аталған модель қорғау объектісін, қорғауды жүзеге асыратын субъектілерді, қорғаудың нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ оларды іске асырудың нормативтік негіздерін және тетіктің функционалдық бағыттылығын (қалпына келтіру, алдын алу, тұрақтандыру) қамтиды.

Сонымен қатар цивилистикалық доктринада азаматтық-құқықтық қорғау мен азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің арақатынасы мәселесі кеңінен талқыланып келеді. Осы тұрғыда В.В. Груздев азаматтық құқықта залалды өтеу, пайыз өндіріп алу, тұрақсыздық айыбын қолдану сияқты шараларды классикалық мағынадағы жауапкершілік ретінде емес, жәбірленушінің мүліктік мүддесін қалпына келтіруге бағытталған қорғау міндеттемесі аясында қарастырады. Автордың пікірінше, мұндай міндеттемелердің мазмұны жазалау функциясымен емес, бұзылған мүліктік тепе-теңдікті қалпына келтіру мақсатына негізделеді [50].

Бұл көзқарас кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық табиғатын түсіндіруде теориялық тұрғыдан аса маңызды. Қорғау шараларын жазалау емес, мүліктік тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған міндеттеме ретінде қарастыру кәсіпкерлік қатынастардың мәніне анағұрлым сәйкес келеді. Себебі кәсіпкерлік салада негізгі мақсат құқық бұзушыны санкциялау емес, экономикалық қызметті жалғастыруға мүмкіндік беретін құқықтық теңгерімді қалпына келтіру болып табылады.

Осылайша, аталған авторлық анықтама кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін ұғымдық тұрғыда айқындап, оның жекелеген құрылымдық элементтерін одан әрі нақты талдауға мүмкіндік береді.

Азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің құрылымы және элементтері.

Азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің объектісі ретінде кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қолданыстағы заңнамада берілген құқықтар мен заңды мүдделер танылады. Бұл құқықтар кәсіпкерлік қызметті еркін жүзеге асыруға, мүліктік және ұйымдастырушылық дербестікке, шарттық қатынастарға қатысуға, сондай-ақ өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот және өзге де заңды тәсілдермен қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды қамтиды.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құндылық ретінде

кәсіпкерлік қызметтің қалыпты жүзеге асырылуымен тығыз байланысты болғандықтан, олар азаматтық-құқықтық қорғаудың дербес әрі басым объектісі ретінде қарастырылуы тиіс.

Бұл ретте қорғау объектісі ретінде тек субъективтік құқықтар ғана емес, сонымен қатар заңмен қорғалатын мүліктік және мүліктік емес мүдделер де танылады. Мұндай мүдделердің қатарына, атап айтқанда, кәсіпкердің іскерлік беделі, нарықтағы орны және экономикалық тұрақтылығы жатады. Осыған сәйкес, кәсіпкерлік қызметтен туындайтын экономикалық мүдделер азаматтық құқық нормалары арқылы қамтамасыз етіліп, құқықтық қорғауға жатады. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіпкердің мүліктік мүдделері (пайда алу, капиталды сақтау және көбейту) мен онымен тығыз байланысты мүліктік емес мүдделері азаматтық-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық құралдармен қорғалады [51]. Кәсіпкерлерге заңнамамен берілген құқықтар мен заңды мүдделердің мазмұны мен ерекшеліктері осы диссертацияның 1.1-бөлімінде жеке қарастырылған.

Осы жалпы доктриналық ұстанымды нақтылай отырып, М.К. Сүлейменов азаматтық құқықтарды қорғаудың ерекше объектісі ретінде азаматтық айналым қатысушысына заңнамамен бекітілген субъективтік азаматтық құқықты көрсетеді. Автордың пікірінше, мұндай субъективтік құқықтар мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен игіліктер түрінде көрініс тауып, азаматтық-құқықтық қорғаудың тікелей объектісі болып табылады, бұл азаматтық құқықтағы қорғау объектісін нақтылауға мүмкіндік береді [52].

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері азаматтық-құқықтық қорғаудың дербес объектісі ретінде танылған жағдайда, оларды тиімді қорғау мәселесі заңды түрде қорғауды жүзеге асыратын субъектілерді айқындау қажеттілігін алға тартады. Себебі құқықтар мен заңмен қорғалатын мүдделердің нақты жүзеге асырылуы мен қалпына келтірілуі тиісті өкілеттіктерге ие субъектілердің қызметімен тікелей байланысты.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінде қорғауды жүзеге асыратын субъектілер ретінде сот органдары, уәкілетті мемлекеттік органдар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі омбудсмен, сондай-ақ ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және өзге де институттар қатысады. Аталған субъектілердің құқықтық мәртебесі мен қорғау тәсілдері диссертацияның екінші тарауында арнайы қарастырылады.

Ғылыми әдебиетте кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі құқықтық нормаларға негізделі отырып, құқық бұзылған жағдайда оны тануды немесе қалпына келтіруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ құқық бұзушыға ықпал етуге бағытталған материалдық-құқықтық және іс жүргізу шараларының жүйесі ретінде сипатталады.

Аталған тетіктің мазмұнына кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нысандары мен тәсілдері кіреді. Бұл ретте қорғау

нысандары құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың жалпы жолдарын білдірсе, қорғау тәсілдері нақты заңдық шаралар арқылы көрініс табады.

Ғылыми доктринада құқықтарды қорғау нысандары, әдетте, юрисдикциялық және юрисдикциялық емес болып бөлінеді. Юрисдикциялық қорғау нысаны бұзылған құқықты қорғау мақсатында уәкілетті мемлекеттік немесе өзге де құзыретті органдарға жүгінуді (сотқа, төрелік сотқа немесе өзге органға шағымдануды) қамтиды. Ал юрисдикциялық емес қорғау нысаны құқық иесінің өз құқықтарын заңда көзделген шектерде өз бетінше жүзеге асыратын әрекеттері, соның ішінде қажетті қорғаныс пен өзін-өзі қорғау шаралары арқылы көрініс табады.

Қорытындылай келе, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі өзара байланысты құрылымдық элементтерден тұратын күрделі құқықтық жүйе ретінде сипатталады. Төменде аталған тетіктің негізгі элементтері азаматтық-құқықтық реттеу тұрғысынан талданады.

Қорғау тәсілдерінің мазмұны және функционалдық ерекшеліктері.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің маңызды элементі қорғау тәсілдері болып табылады. Азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдері деп бұзылған немесе дауланған құқықтарды қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтың жолын кесуге және оның салдарын жоюға бағытталған, азаматтық заңнамада көзделген құқықтық құралдар жиынтығы түсініледі.

Материалдық-құқықтық қорғау тәсілдерінің ішінде кәсіпкерлік қатынастарда кеңінен қолданылатын институттардың бірі – залалды өтеу болып табылады. В.В. Груздевтің пікірінше, залалды өтеу кезінде соттың зиян мөлшерін анықтаудағы бағалау өкілеттілігі ерекше маңызға ие, өйткені бірқатар жағдайларда залалдың нақты мөлшерін дәл анықтау мүмкін болмайды немесе елеулі қиындықтар туғызады. Мұндай жағдайда сот істің нақты мән-жайларын, заңда көзделген өлшемдерді, сондай-ақ ақылға қонымдылық пен әділеттілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, залал мөлшерін барабар бағалау әдісі негізінде айқындауға құқылы. Аталған ұстаным ҚР АҚ 350-бабында бекітілген залалды өтеудің жалпы қағидаларымен үйлесіп, кәсіпкерлік дауларда бұзылған мүліктік мүдделерді тиімді қалпына келтіруге бағытталады.

Кәсіпкерлік қатынастар саласында азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдері жалпы азаматтық құқықтағы қорғау тәсілдеріне негізделгенімен, кәсіпкерлік қызметтің тәуекелді сипаты, мүліктік жауапкершіліктің жоғары деңгейі және диспозитивтік бастаулардың басымдығы оларды қолданудың белгілі бір ерекшеліктерін айқындайды. Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәсілдері тек бұзылған құқықтарды қалпына келтірумен шектелмей, кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға да бағытталады.

В.В. Витрянскийдің пікірінше, азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдері құқық бұзушылық салдарларын жоюға ғана емес, бұзылған құқықты тануға, құқықтық жағдайды қалпына келтіруге және құқық бұзушылықтың алдын алуға

бағытталған кешенді құқықтық құралдар жүйесі болып табылады. Бұл тұрғыда ол қорғау тәсілдерін материалдық-құқықтық және процессуалдық сипаттағы шаралар жиынтығы ретінде қарастырып, олардың әрқайсысы құқықты қорғаудың белгілі бір функциясын орындайтынын негіздейді. Сонымен қатар, автор азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдерінің әмбебап сипатын атап көрсете отырып, олардың кәсіпкерлік қызмет саласында да толық көлемде қолданылатынын көрсетеді. Атап айтқанда, құқықты тану, бұзылған жағдайды қалпына келтіру, құқық бұзушылықты тоқтату және залалдарды өтеу сияқты тәсілдер кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда негізгі рөл атқарады. Осы тәсілдерді қолдану кәсіпкерлік қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және экономикалық айналымның тұрақтылығын сақтауға бағытталған [53].

Қорғау тәсілдерін мазмұнына қарай шартты түрде материалдық-құқықтық және процессуалдық деп бөлуге болады.

Е.В. Иванованың жіктемесіне сәйкес, материалдық-құқықтық қорғау тәсілдері функционалдық мақсатына қарай қиюшы, қалпына келтіруші және айыппұлдық (санкциялық) түрлерге бөлінеді. Қиюшы тәсілдер құқық бұзушылықты тоқтатуға, қалпына келтіруші тәсілдер белгілі бір құқықтарын тануға және құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіруге, ал айыппұлдық тәсілдер құқық бұзушыға заңда көзделген санкцияларды қолдануға бағытталады [45, б. 238].

Біздің пайымдауымызша, кәсіпкерлердің құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау тетігін екі өзара байланысты қырынан қарастыру орынды. Біріншіден, бұл тетіктің материалдық-құқықтық аспектісі бар, өйткені кәсіпкерлік қызметтің мәні, ең алдымен, табыс (пайда) алуға бағытталған экономикалық қызметті жүзеге асырумен айқындалады. Осыған байланысты кәсіпкердің құқықтары бұзылған жағдайда азаматтық-құқықтық қатынастың материалдық мазмұнына нұқсан келтіріледі, яғни кәсіпкердің мүліктік және онымен байланысты мүліктік емес мүдделері зардап шегеді.

Екіншіден, кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын қорғау процессуалдық аспект арқылы көрініс табады. Бұл аспект құқықтарды қорғаудың нақты әдістері мен нысандарында, сондай-ақ оларды іске асыруға бағытталған белгіленген құқықтық рәсімдердің болуында көрініс табады. Аталған рәсімдер кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін соттық және соттан тыс тәртіптерді қамтиды.

Қорғаудың материалдық-құқықтық тәсілдері кәсіпкерлердің бұзылған немесе даулы құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қалпына келтіруге, құқықтық жағдайды өзгертуге немесе құқық бұзушылықтың салдарын жоюға бағытталған азаматтық-құқықтық құралдар жүйесін білдіреді. Аталған тәсілдер ҚР АҚ 9-бабында көзделген және құқық бұзылған жағдайда құқықтық ықпал етудің негізгі нысандары ретінде қолданылады. Материалдық-құқықтық қорғау тәсілдерінің басты ерекшелігі – олардың құқық бұзылған субъективтік құқықтың мазмұнына тікелей әсер етуінде. Бұл тәсілдер арқылы құқық иесінің

мүліктік немесе мүліктік емес мүдделері қалпына келтіріледі, не болмаса құқық бұзушылықтың жағымсыз салдары өтемақы төлеу арқылы теңестіріледі. Кәсіпкерлік қатынастар саласында мұндай тәсілдер кәсіпкерлік қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және азаматтық айналымдағы құқықтық тепе-теңдікті сақтау тұрғысынан ерекше маңызға ие. Азаматтық заңнамада көзделген материалдық-құқықтық қорғау тәсілдеріне, атап айтқанда, құқықты тану (ҚР АҚ 9-б.1-т.), бұзылған құқықты қалпына келтіру (ҚР АҚ 9-б. 1-т.), құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерді тоқтату (ҚР АҚ 9-ба. 1-т.), залалдарды өтеу (ҚР АҚ 9-б. 1-т., 350-бап), тұрақсыздық айыбын өндіріп алу (ҚР АҚ 9-б. 1-т., 293-б.), мәмілені жарамсыз деп тану(ҚР АҚ 9-б. 1-т., 157-б.) және оның салдарын қолдану сияқты шаралар жатады . Бұл тәсілдер кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда әмбебап сипатқа ие болып, азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің өзегін құрайды. Кәсіпкерлік қызмет саласында материалдық-құқықтық қорғау тәсілдері диспозитивтік бастаулардың басымдығымен тығыз байланысты. Тараптар шарттық қатынастар шеңберінде өз құқықтары мен міндеттерін айқындап қана қоймай, құқық бұзылған жағдайда қолданылатын қорғау тәсілдерін де алдын ала келісуге құқылы. Мұндай жағдай кәсіпкерлерге өз мүдделерін қорғаудың икемді және экономикалық тұрғыдан тиімді механизмдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар материалдық-құқықтық қорғау тәсілдері кәсіпкерлік тәуекелмен және мүліктік жауапкершіліктің жоғары деңгейімен тығыз ұштасады. Кәсіпкерлік қатынастарда залалдарды өтеу, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу немесе шарттық жауапкершіліктің өзге де нысандарын қолдану құқық бұзушылықтың салдарын өтеумен қатар, болашақта мұндай бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған превентивтік функцияны да атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, материалдық-құқықтық қорғау тәсілдері тек қалпына келтіруші ғана емес, сонымен бірге ынталандырушы және сақтандырушы рөл атқарады. Материалдық-құқықтық қорғау тәсілдерінің тиімділігі оларды тиісті процессуалдық құралдармен ұштастыра қолдануға тікелей байланысты. Құқық бұзылған жағдайда материалдық талаптардың сот немесе өзге де құзыретті орган арқылы танылуы мен орындалуы ғана кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың нақты нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы себепті материалдық-құқықтық және процессуалдық тәсілдер бірін-бірі толықтыратын, өзара тығыз байланысты элементтер ретінде азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің біртұтас жүйесін құрайды. Осылайша, материалдық-құқықтық қорғау тәсілдері кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің негізін құрай отырып, құқық бұзылған жағдайда оның салдарын жоюға, құқықтық тепе-теңдікті қалпына келтіруге және кәсіпкерлік қызметтің тұрақты жүзеге асырылуына бағытталған негізгі құқықтық құралдар ретінде сипатталады.

Қорғаудың нормативтік негіздері.

С.П. Мороз кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды азаматтық және кәсіпкерлік құқықтың негізгі қағидаттарының бірі ретінде қарастырады.

Автордың пайымдауынша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау азаматтық заңнаманың іргелі бастамаларымен тығыз байланысты, атап айтқанда азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және оларды сот арқылы қорғау қағидаттарымен негізделеді. Осыған сәйкес кәсіпкерлер жалпы азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдерін (ҚР АҚ 9-б.), сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне арналған арнайы кепілдіктерді (ҚР АҚ 10-б. 3-т.) пайдалана алады. Автор ерекше атап көрсеткендей, кәсіпкерлік қызметті негізсіз шектеуге жол бермеу, тек сот шешімімен мәжбүрлеп тоқтату, мемлекеттік органдардың заңсыз араласуы үшін мүліктік жауапкершілік белгілеу сияқты нормалар кәсіпкерлердің құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған [54].

Мұндай мүмкіндік кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне дауды шешудің өздеріне барынша қолайлы тәртібін таңдауға жол ашады. Әрбір кәсіпкерлік субъектісі өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін заңда белгіленген тәртіппен сотқа талап қоюға немесе өзге де процессуалдық өтініштермен жүгінуге құқылы. Бұл құқық ҚР Конституциясының 13-бабында бекітілген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен, оның ішінде сот арқылы қорғау құқығынан туындайды. Аталған конституциялық кепілдік Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде нақтыланып, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау құқығын тікелей бекітеді. Процессуалдық қорғау құралдары әділ сот талқылауына қол жеткізуді ғана емес, сонымен қатар сот шешімдерінің нақты орындалуын қамтамасыз етуге бағытталады, өйткені орындалмаған сот актісі құқықтық қорғаудың толық жүзеге асуын білдірмейді.

Сонымен конституциялық нормаларды талдай отырып, әрбір кәсіпкерлік қызмет субъектісінің өзіне тиесілі бостандықтарын, құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сот тәртібімен қорғауға конституциялық кепілдік берілгенін атап өтуге болады. Бұл, өз кезегінде, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттық нысаны азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің негізгі әрі әмбебап элементі болып табылатынын көрсетеді.

Сонымен бірге, кәсіпкерлердің бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғау сот тәртібімен ғана шектелмей, төрелік (арбитраж) арқылы, медиация тәртібімен, сондай-ақ келіссөздер жүргізу жолымен де жүзеге асырылуы мүмкін екендігін конституциялық қағидалар мен қолданыстағы заңнама нормаларын талдау айқындайды. Бұл қорғау нысандары кәсіпкерлік қызметтің диспозитивтік сипатына және тараптардың ерік бостандығына негізделеді.

Бұған қоса, ерекше жағдайларда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бұзылған құқықты қалпына келтіруге бағытталған тікелей іс жүзіндегі әрекеттер немесе өзін-өзі қорғау тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (ҚР АҚ 9-б.3-т.). Мұндай қорғау нысандары да конституциялық деңгейде танылған құқықтарды қорғау қағидасынан туындайды (ҚР Конституциясының 13-бабы) және азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдерінің жүйесінде қосымша, бірақ маңызды орын алады.

Азаматтық құқықтарды қорғаудың нақты тәсілдері ҚР АҚ 9-б. жүйелі түрде бекітілген. Аталған нормаға сәйкес, азаматтық құқықтарды қорғау сот немесе төрелік тәртіппен жүзеге асырылады және ол құқықтарды тану, құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру, құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттердің жолын кесу, міндеттемені заттай орындатуға ұйғарым шығару, залалдар мен тұрақсыздық айыбын өндіріп алу, мәмілелерді жарамсыз деп тану және олардың салдарын қолдану, моральдық зиянның өтемін төлету, құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңнамаға сәйкес келмейтін актілерін жарамсыз деп тану сияқты өзге де тәсілдерді қамтиды.

Аталған қорғау тәсілдері азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің мазмұнын айқындайтын әмбебап құқықтық құралдар болып табылады және олар кәсіпкерлік қызмет саласында да кәсіпкерлердің бұзылған немесе даулы құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталып қолданылады. Нәтижесінде, ҚР АҚ 9-бабы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерінің нормативтік негізін құрайды.

Бұл тұрғыда ҚР АҚ 10-бабы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін арнайы нормативтік ереже ретінде айқындалады.

Түсіндіріліп отырған нормада мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік беретіні және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ететіні бекітілген. Сонымен қатар, заңдарда тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлердің құқықтары бірқатар құқықтық кепілдіктер арқылы қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, кәсіпкерлік қызмет 16 мамыр 2014 жылғы № 202-V Рұқсаттар және хабарламалар туралы ҚР Заңында көзделген рұқсаттар мен хабарламаларды қоспағанда [55], қандай да бір өзге рұқсаттар алмай немесе хабарламалар жібермей жүзеге асырылуы мүмкін; экономиканың барлық салаларындағы кәсіпкерліктің барлық түрлерін бір ғана тіркеуші органда тіркеудің барынша қарапайым, өз бетімен жүзеге асырылатын тәртібі көзделеді; кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулер заң құжаттарымен шектеледі; кәсіпкерлік қызметті еріксіз тоқтату тек заңда көзделген негіздер бойынша шығарылған сот шешімімен ғана мүмкін болады; жеке кәсіпкерлік үшін, сондай-ақ экспорт немесе импорт үшін тыйым салынған немесе шектеу қойылған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі заң құжаттарымен айқындалады; мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, сондай-ақ өзге де тұлғалар мен ұйымдардың кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз кедергі жасағаны үшін заңдарда белгіленген мүліктік жауапкершілігі көзделеді; атқарушы бақылау және қадағалау органдарының кәсіпкерлік субъектілерімен өз функциялары шеңберінде шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады; сондай-ақ заңдарда көзделген өзге де амалдар арқылы кәсіпкерлердің құқықтары қорғалады.

Аталған кепілдіктер кәсіпкерлік қызмет еркіндігін нақты жүзеге асыруға бағытталған және кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің нормативтік негізін құрайды.

ҚР АҚ 10-б. бекітілген кепілдіктер кәсіпкерлік қызметті заңсыз шектеуге жол бермеу, кәсіпкерлік қызметті мәжбүрлеп тоқтатудың тек сот тәртібімен жүзеге асырылуы және мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттері үшін жауапкершілік белгілеу арқылы көрініс табады.

Бұл нормативтік кепілдіктердің нақты іске асуы сот тәжірибесінде айқын көрініс табады.

Мұны соттардың мемлекеттік орган актілерін құқықтық бақылау арқылы кәсіпкердің рәсімдік кепілдіктерін қорғауы дәлелдейді.

Сот тәжірибесінде қорғау тетігінің іске асуы.

Мәселен, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің мемлекеттік орган әрекеттеріне қатысты іске асуы Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 04 мамырдағы №3594-24-00-4/166 ісі бойынша шешімінде көрініс тапқан [56].

Осы іс бойынша ЖШС «Ұлар МК» талапкер ретінде, ал ҚР ҚММ КК Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жауапкер ретінде қатысып, 28.12.2023 ж. №220 тексеру нәтижелері туралы хабарламаны заңсыз деп тану және күшін жою туралы талап қойған.

Іс материалдарына сәйкес, салық органы тексеруді аяқтап, №220 құжаттық салықтық тексеру актісін жасап, сол күні нәтижелер бойынша хабарлама шығарған; нәтижесінде кәсіпорынға КПН – 141 457 065 теңге және өсімпұл 59 192 532,84 теңге, сондай-ақ ҚҚС – 85 989 100 теңге және өсімпұл 3 429 590,95 теңге есептелген.

Даудың мәні, бір жағынан, салық органы тарапынан талапкердің ЖШС «НПЦ Технология»-мен жасалған мәмілелері бойынша салық міндеттемелерін негізсіз төмендетті деген уәжге, екінші жағынан, салықтық тексеруді жүргізу мен аяқтау кезінде алдын ала актіні тапсыру және оған жазбаша қарсылық білдіру құқығын қамтамасыз ету тәртібінің сақталмауына байланысты рәсімдік талаптардың бұзылуына негізделді.

Сот бұл нормалармен қатар, тексеру кәсіпкерлік қызмет субъектісіне қатысты жүргізілетін мемлекеттік бақылау нысаны болып табылатынын көрсете отырып, ҚР КК-нің 137-бабына сілтеме жасады. Аталған бапқа сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылау және қадағалау тек заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс, ал тексеру жүргізудің тәртібі мен рәсімдері заң талаптарына қатаң сәйкес болуы қажет.

Сонымен бірге сот Кәсіпкерлік кодексте бекітілген кәсіпкердің адалдығы презумпциясы мен мемлекет пен кәсіпкер арасындағы өзара жауапкершілік қағидаттарына назар аударды (КК-нің 3-бабы – кәсіпкерлік қызмет бостандығы және адалдық қағидалары). Мемлекеттік органның әрекеттері осы қағидаттарға сәйкес келуге тиіс екені атап өтілді.

Сот сондай-ақ ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 13-бабы (Сенім құқығын қорғау), 15-бабы (анықтық презумпциясы), 129-бабының 3-бөлімі (дәлелдеу міндеті жауапкерге жүктелуі) және 156-бабының 1-бөлімі (заңсыз әкімшілік актіні жою) нормаларына сүйене отырып, рәсімдік

кепілдіктердің бұзылуы әкімшілік актінің заңсыздығына алып келетінін көрсетті [57].

Сот ең алдымен рәсімдік кепілдіктерге назар аударып, алдын ала тексеру актісін тапсыру және оған жазбаша қарсылық беру құқығы тиісінше қамтамасыз етілмегенін анықтады: алдын ала акт 27.12.2023 ж. пошта арқылы жіберілгенімен, келесі күні – 28.12.2023 ж. тексеру аяқталып, хабарлама шығарылған, бұл талапкерді қарсылық беру құқығын іске асыру мүмкіндігінен айырған.

Осы мән-жайларды ескере отырып, сот талапты қанағаттандырып, 28.12.2023 ж. №220 хабарламаны заңсыз деп танып, күшін жойды. Сонымен қатар ҚР ӘРПК-нің 122-бабы және ҚР АПК-нің 109, 113-баптарына сәйкес мемлекеттік баж және өкілдік шығындар өндірілді.

Осы шешім кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігі жария-құқықтық қатынастарда тек материалдық нормалардың дұрыс қолданылуын ғана емес, сонымен бірге ҚР Кәсіпкерлік кодексте бекітілген бақылау заңдылығы қағидасын (ҚР КК 137-бап), кәсіпкердің адалдығы презумпциясын және әкімшілік рәсімнің заңдылығын (ҚР ӘРПК 13, 15, 129, 156-баптары) қамтамасыз етуді қамтитынын айқын көрсетеді.

Демек, шешім кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігі тек материалдық салдарды жоюға ғана емес, сондай-ақ әкімшілік рәсімнің заңдылығы мен әділеттілігін қамтамасыз ететін процессуалдық кепілдіктер арқылы мемлекеттік орган өкілеттігін құқықтық шектеу функциясын да атқаратынын көрсетеді.

Кәсіпкерлік қатынастардағы азаматтық айналым ішіндегі дауларда қорғау тетігі адалдық қағидасы мен азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдері арқылы іске асады.

Мәселен, кәсіпкерлік қатынастардағы азаматтық айналым ішіндегі дауларда қорғау тетігінің іске асуы Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 15 қыркүйектегі №3514-25-00-2/3227 ісі бойынша шешімінен көрініс табады [58].

Аталған іс бойынша АО «Жезказганская распределительная электросетевая компания» талапкер ретінде, ЖШС «X NET» болған жауапкер ретінде қатысып, жауапкерді сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойған.

Іс материалдарына сәйкес, ҚР Ұлттық экономика министрінің 13 тамыз 2019 жылғы № 73 Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына [59] сәйкес өткізілген «Модернизация оборудования связи» жұмыстары бойынша ашық конкурс нәтижесінде ЖШС «X NET» 14 шілде 2025 жылғы №2025-28745 хаттамамен жеңімпаз деп танылған. Алайда 16 шілде 2025 жылғы №4038 хатпен жауапкер шартты орындаудан бас тартқан.

Сот істі қарау барысында мынадай азаматтық-құқықтық нормаларды қолданған:

ҚР АҚ-нің 272-бабы – міндеттемелерді тиісінше орындау қағидасы;

ҚР АҚ-нің 273-бабы – міндеттемеден біржақты бас тартуға жол берілмеуі;

ҚР АҚ-нің 8-бабы – азаматтық құқықтарды адал, ақылға қонымды және әділ жүзеге асыру қағидасы, құқықты теріс пайдалануға тыйым салу;

ҚР АПК-нің 72-бабы – дәлелдеу міндеті тараптарға жүктелуі [60];

ҚР АПК-нің 109-бабы – сот шығындарын бөлу.

Сот Қағидалардың 159 және 160-тармақтарына сүйене отырып, тапсырыс беруші шарт жобасын уақтылы жолдағанын және жеңімпаздың шартқа қол қоюдан бас тартуы шарт жасасудан жалтару ретінде бағаланатынын анықтады.

Сонымен қатар сот ҚР АҚ 8-бабындағы адалдық және құқықты теріс пайдалануға жол бермеу қағидатына ерекше назар аударды. Соттың пайымдауынша, конкурсқа қатысу арқылы жауапкер өз еркін білдіріп, шарт жасасу міндетін қабылдаған, ал жеңімпаз деп танылғаннан кейін одан бас тартуы адалдық қағидасына қайшы келеді.

Осы негізде сот талапты қанағаттандырып, ЖШС «Х NET»-ті жосықсыз сатып алу қатысушысы деп танып, 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіру туралы шешім шығарған.

Бұл шешім кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігінің азаматтық-құқықтық табиғатын айқын көрсетеді. Егер алдыңғы (салықтық) істе қорғау әкімшілік рәсім кепілдіктері арқылы іске асса (жария-құқықтық сала), аталған іс таза азаматтық-құқықтық қатынас аясында адалдық қағидасы мен міндеттемені тиісінше орындау қағидаты арқылы жүзеге асқан.

Осылайша, екі сот актісі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігінің дуалистік сипатын көрсетеді:

1. жария-құқықтық қатынастарда – әкімшілік рәсімдердің заңдылығын бақылау арқылы;

2. жеке-құқықтық қатынастарда – міндеттемелік құқық, адалдық және жауапкершілік қағидалары арқылы.

Жоғарыда талданған екі сот актісі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі әмбебап әрі көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетеді. Жария-құқықтық қатынастарда (салықтық бақылау саласында) қорғау ең алдымен әкімшілік рәсімнің заңдылығын қамтамасыз ету арқылы іске асады: мемлекеттік орган өкілеттігі заңмен қатаң шектеледі, ал рәсімдік кепілдіктердің бұзылуының өзі әкімшілік актіні жарамсыз деп тануға жеткілікті негіз бола алады. Бұл жерде кәсіпкер құқығын қорғау тетігі материалдық салдарды жоюдан гөрі, билік әрекетінің құқықтық шекарасын айқындау функциясын атқарады. Демек, азаматтық-құқықтық қорғау логикасы әкімшілік процесте де көрініс тауып, құқықтық сенім, адалдық презумпциясы және дәлелдеу жүктемесінің бөлінуі арқылы кәсіпкер мүддесін теңгерімді қорғауға бағытталады.

Ал жеке-құқықтық қатынастарда (шарттық және сатып алу дауларында) қорғау тетігі міндеттемені тиісінше орындау, біржақты бас тартуға жол бермеу және адалдық қағидасы негізінде жүзеге асады. Мұнда соттар ҚР АҚ-нің 8, 272,

273-баптарына сүйене отырып, тараптардың мінез-құлқын құқықты теріс пайдалану өлшемі тұрғысынан бағалайды және азаматтық айналым тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі бір жағынан – мемлекеттік билікті құқықтық шектеу құралы, екінші жағынан – азаматтық айналымдағы адал бәсекені, шарт тұрақтылығын және құқықтық айқындықты қамтамасыз ететін жүйелік институт ретінде көрінеді.

А. Курбатовтың пікірінше, қорғау амалдарында қорғауға құқықтың материалдық-құқықтық мазмұны тікелей жүзеге асырылады. Автор кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау амалдары деп құқық бұзушылықтың жолын кесуге, оның салдарын жоюға, сондай-ақ құқық бұзушыға ықпал етуге бағытталған, заңмен тыйым салынбаған шараларды түсіндіреді [61].

Осы тұрғыдан алғанда, қолданыстағы заңнамамен көзделген қорғау амалдары кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың мазмұнын айқындайтын негізгі қорғау әдістері ретінде қызмет атқарады.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін бірқатар арнайы нормативтік құқықтық актілер қолданыста бар. Олардың ішінде ҚР КК кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғаудың негізгі нысандары мен тәртібін айқындайтын базалық заңнамалық актілердің бірі болып табылады.

ҚР КК 300-бабына сәйкес әрбір кәсіпкер өз құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сот тәртібімен қорғауға құқылы. Сонымен қатар, құқықтарды қорғау тек сот рәсімдерімен шектелмейді. Даулы немесе бұзылған құқықтарды қалпына келтіру өзге де құқықтық тетіктер арқылы іске асырылуы мүмкін, атап айтқанда: төрелік талқылау, медиация рәсімдері, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қатысуы, келіссөздер жүргізу, сондай-ақ заңнамада көзделген басқа да баламалы тәсілдер. Осылайша, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау жүйесі көпдеңгейлі сипатқа ие болып, соттық және соттан тыс құралдардың үйлесімді қолданылуын көздейді.

Осы бапта кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) және лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау жолымен де жүзеге асырылатыны көзделген. Бұдан бөлек, заңдарда арнайы белгіленген жағдайларда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау бұзылған құқықты қалпына келтіруге бағытталған тікелей іс жүзіндегі немесе заңдық әрекеттер (өзін-өзі қорғау) арқылы да қамтамасыз етілуі мүмкін.

ҚР КК 301-б. кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттық нысанын нақтылай отырып, кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіну құқығын бекітеді. Аталған нормалар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін нақтылай түсіп, оның нормативтік мазмұнын толықтырады. Демек, құқықтарды қорғаудың келесі маңызды нысаны ретінде сот арқылы қорғау нысаны

айқындалады, ол бұзылған немесе даулы азаматтық құқықтарды қалпына келтірудің әмбебап және кепілдендірілген құралы болып табылады.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс нысандары ҚР Кәсіпкерлік кодексінде арнайы нормативтік түрде бекітілген. Атап айтқанда, Кодекстің 303-бабына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау төрелік тәртіпте, медиация қолдану арқылы, сондай-ақ партисипативтік рәсім тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, заңнамада көзделген жағдайларда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың өзге де соттан тыс нысандары белгіленуі мүмкін екені қарастырылған. Бұл норма кәсіпкерлік қызмет саласындағы дауларды шешудің баламалы тәсілдерін кеңінен қолдануға құқықтық негіз қалыптастырады және тараптардың ерік бостандығына, диспозитивтік қағидаларға негізделген азаматтық-құқықтық реттеудің ерекшелігін көрсетеді.

Бұдан бөлек, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету және кәсіпкерлік қызмет процесінде туындайтын келіспеушіліктерді реттеу мақсатында кәсіпкерлердің Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге (омбудсменге) жүгіну құқығы бекітілген. Аталған институт кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс тетіктерін күшейтуге бағытталған қосымша кепілдік ретінде көрініс табады. Осыған байланысты, біз құқықтық қорғау нысаны құқықтық қорғау әдістерімен тығыз байланысты деп санаймыз.

Сондықтан, жүргізілген теориялық және нормативтік талдау кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі көпқұрамды, ішкі құрылымы бар және өзара байланысты элементтерден тұратын күрделі құқықтық жүйе екенін көрсетеді. Бұл тетік кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың объектісін, қорғауды жүзеге асыратын субъектілерді, қорғаудың нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ оларды іске асырудың нормативтік негіздерін қамтиды.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау азаматтық-құқықтық тетігінің тиімділігі материалдық-құқықтық және процессуалдық қорғау тәсілдерінің өзара үйлесімді қолданылуына, сондай-ақ оларды іске асыратын уәкілетті субъектілердің құқықтық мәртебесі мен қызметінің сапасына тікелей байланысты. Осыған орай, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін субъектілердің құқықтық жағдайын, олардың өкілеттіктерін және азаматтық-құқықтық қорғау тетігін іске асыру тәжірибесін талдау қажеттілігі туындайды.

Біздің пікірімізше, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін тиімді деп тану үшін оның қалпына келтіруші мүмкіндігін ғана емес, кәсіпкерлік қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету қабілеті де ескерілуі тиіс.

Осы бөлімде қалыптастырылған теориялық тұжырымдар мен ұғымдық негіздер кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың

азаматтық-құқықтық тетігін тәжірибелік тұрғыда іске асыру мәселелерін талдауға арналған диссертацияның келесі тарауында одан әрі дамытылады.

Жоғарыда жүргізілген талдауды ескере отырып, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі теориялық тұжырымдармен, нормативтік негіздермен және сот тәжірибесімен дәлелденген жүйелі модель ретінде көрініс табады.

Сонымен қатар, аталған модельдің тиімділігі мен даму бағыттарын айқындау үшін шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды.

1.3 Шетелдік құқық жүйелеріндегі кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарын қорғау

Қазіргі кезеңде кәсіпкерлік қызмет экономикалық қатынастар жүйесінің негізгі бір элементі. Көптеген мемлекеттер инвестицияларды тарту және кәсіпкерлер үшін қолайлы бизнес ортасын қалыптастыру арқылы ұлттық экономикаларын белсенді түрде дамытуға ұмтылады. Дегенмен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда табысқа жету барысында түрлі қиындықтар мен кедергілер туындайды. Атап айтқанда, меншік құқығының, интеллектуалдық меншік құқықтарының, шарттық міндеттемелердің бұзылуы, сонымен қатар басқа да азаматтық құқықтық қатынастар саласындағы даулар кәсіпкерлер үшін едәуір тәуекелдер тудырады. Осыған байланысты қазіргі жағдайда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау мәселесі айрықша өзектілікке ие болып отыр.

Осы бөлімде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетіктері бойынша шетелдік озық тәжірибелер қарастырылады. Қазақстан Республикасының азаматтық және кәсіпкерлік құқық жүйесін жетілдіру мақсатында әртүрлі құқықтық жүйелердегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау құралдары мен институттары сараланып, басты назар заңнамалық нормаларға, сот институттары мен дауларды шешу тәжірибесіне, сонымен қатар Қазақстан үшін маңызы бар салыстырмалы құқықтық талдауға аударылады.

Роман-германдық құқықтық жүйеге жататын мемлекеттердің ішінде Германия Федеративтік Республикасы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында дамыған азаматтық-құқықтық институттарымен және орнықты сот жүйесімен ерекшеленеді. Сол себепті шетелдік тәжірибені талдау Германияның құқықтық моделінен басталады. Германия өзінің тарихи дамуы барысында экономикадағы мемлекеттің рөлін айқындайтын әлеуметтік нарықтық экономика моделін қалыптастырады. Бұл модель экономикалық өсу мен әлеуметтік әділеттілік арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Жүйенің орталығында қоғамның барлық мүшелері арасында әлеуметтік игіліктердің тең бөлінуін қамтамасыз ететін мемлекеттің кәсіпкерлігі тұр. Германияның Федералдық экономика және технологиялар министрлігінің деректеріне сәйкес, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ еркін кәсіп өкілдері (дәрігерлер, фармацевтер, адвокаттар және басқалары) елдің орта

тап негізін құрайды және неміс қоғамының әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының басты факторларының бірі. Егер жеке сектор экономикалық дамудағы кемшіліктерді немесе өзгерген қоғамдық талаптарды (мысалы, қоршаған ортаны қорғау саласында) дербес түрде шеше алмаса, мемлекет экономикалық процеске араласуы мүмкін. Бұл тұрғыда мемлекеттің араласуы нарықтық экономика қағидаларына сәйкестік негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

С.В. Попованың еңбегінде атап өтілгендей, Германиядағы кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуде тәуелсіз Германия Орталық банкі (Бундесбанк), Еуропалық Орталық банк, сонымен қатар банк заңнамасы мен банктік қадағалау жүйесі маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік органдарға түсетін әкімшілік ауыртпалықты азайту үшін кәсіпкерлікті қолдаудың бірқатар функциялары арнайы мемлекеттік-құқықтық институттарға берілген. Атап айтқанда Kreditanstalt für Wiederaufbau (Германияға арналған несие банкі), сондай-ақ қолөнершілер палаталары мен өнеркәсіптік және коммерциялық қауымдастықтар сияқты жеке кәсіпкерліктің өзін-өзі реттейтін ұйымдар [62]. Бұл институттар кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін білдірумен қатар, оларға құқықтық және кеңестік қолдау көрсету арқылы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесінде маңызды орын алады. Осы институционалдық және қаржылық-қадағалау тетіктері кәсіпкерлік қызметтегі жүйелік тәуекелдерді төмендетіп, даулардың алдын алу арқылы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың сотқа дейінгі құрамдас бөлігін күшейтеді.

Германияда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кешенді нормативтік-құқықтық негізге сүйенеді. Атап айтқанда, 1949 жылғы 23 мамырдағы Германияның Негізгі Заңы (Grundgesetz, GG) кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесін анықтайтын басты қағидаларды бекітеді. Негізгі Заңның 3-бабы барлық тұлғалардың заң алдындағы теңдігі қағидасын жариялай отырып, кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады. Сондай-ақ, 14-бап меншік және мұрагерлік құқықтарына кепілдік беріп, меншік белгілі бір әлеуметтік міндеттемелермен байланысты екенін атап көрсетеді. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тұрғысынан Негізгі Заңның «Сот төрелігі» бөлімі аса маңызға ие. Аталған бөлімде сот жүйесінің құрылымы мен сот ісін жүргізудің негізгі қағидалары айқындалады. Негізгі Заңның 97-бабы судьялардың тәуелсіздігі қағидасын бекітіп, әркімнің өз ісін заңды судьяның қарауына және әділ сот талқылауына құқығы бар екенін жариялайды [63].

Кәсіпкерлік құқықтарды қорғау саласындағы маңызды нормативтік актілердің бірі – 1878 жылғы «Сот құрылысы туралы заңы» (Gerichtsverfassungsgesetz, GVG) болып табылады. Оның 1990 жылғы редакциясы Германия Федеративтік Республикасының сот жүйесінің құрылымын егжей-тегжейлі реттейді. Заңда учаскелік соттардан (Amtsgericht) бастап Германия Федералдық Жоғарғы сотына (Bundesgerichtshof) дейінгі соттардың құзыреттері айқындалып, жекелеген санаттағы істерді қарау тәртібі белгіленген. Сонымен қатар, Германияда бірыңғай Азаматтық процессуалдық

кодекстің (Zivilprozessordnung (ZPO) әрекет етеді, оған сәйкес азаматтық және шаруашылық істер бойынша әділ сот төрелігі жүзеге асырылады.

Германияда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда жалпы сот жүйесі шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, коммерциялық сипаттағы дауларды тиімді әрі кәсіби тұрғыда қарау мақсатында жалпы соттар құрылымында мамандандырылған құрамдар көзделген. Атап айтқанда, әрбір жер соты (Landgericht) жанында Коммерциялық істер жөніндегі палата (Kammer für Handelssachen) құрылады. Аталған палатаның құрамына бір кәсіби судья және кәсіпкерлік қызмет саласында тәжірибесі бар екі коммерциялық судья (сауда өкілдері) кіреді [64]. Бұл құрам істерді қарау барысында құқықтық бағалаумен қатар, кәсіпкерлік айналымның ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Коммерциялық істер жөніндегі палаталардың құзыретіне, әдетте, екі тарап та кәсіпкер болып табылатын шарттардан туындайтын даулар, вексельдер мен чектерге байланысты талаптар, серіктестік қатысушылары арасындағы даулар, фирмалық атауды пайдалану, тауар белгілерін қорғау, сондай-ақ адал емес бәсекеге қатысты істер жатады. Германиядағы коммерциялық дауларды қараудың процессуалдық ерекшеліктері бар. Яғни, талап қоюшы істің Коммерциялық істер жөніндегі палатада (Kammer für Handelssachen) қаралуын қаласа, бұл туралы талап арызында тікелей көзделуі тиіс. Сонымен қатар, жалпы азаматтық алқадағы істі жауапкер Коммерциялық істер жөніндегі палатаға беру туралы өтініш білдіретін болса, іс осы палатада қаралуы мүмкін.

2020 жылдары Германия халықаралық коммерциялық дауларды тарту мақсатында сот жүйесін әрі қарай жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыра бастады. Соның бірі 2025 жылы Франкфурт қаласында ағылшын тілінде іс жүргізетін арнайы Жоғарғы Аймақтық сотта Коммерциялық соттар мен Аймақтық соттарда коммерциялық палаталардың құрылуын атауға болады [65].

Бұл шетелдік кәсіпкерлер үшін сот төрелігіне қолжетімділікті арттыруға, сонымен қатар Франкфуртты халықаралық іскерлік дауларды шешудің беделді орталықтарының біріне айналдыруға бағытталған. Жалпы алғанда, Германия соттары коммерциялық істерді қарау барысында жеделдік пен тиімділік қағидаларына басымдық береді. Процесте судьялар тараптарды татуластыруға және өзара келісімге келтіруге ұмтылады, ол өз кезегінде кәсіпкерлер арасындағы іскерлік қатынастарды сақтауға және ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастықты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сауда қатынастары саласында көмекші мәнге ие өзге де нормативтік актілер қатарында компаниялар туралы заңдар, айналымдағы құжаттар туралы заңдар, авторлық құқық және бәсекелестік туралы заңдар, тауар белгілері мен өнеркәсіптік үлгілерге қатысты актілер, сондай-ақ халықаралық жеке құқық нормалары орын алады. Оған қоса, 1972 жылғы 19 сәуірдегі судьялар туралы заңы, 1975 жылғы 25 желтоқсандағы сот шығындары туралы заң, 1959 жылғы 1 тамыздағы адвокаттар туралы заң және басқа да нормативтік актілер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық негізін толықтырады.

Германияның Азаматтық кодексінің 1 тарауының § 14-тармағында кәсіпкер коммерциялық немесе дербес кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында азаматтық-құқықтық мәмілелер жасайтын құқық қабілетті субъект ретінде айқындалады [66]. Бұл норма кәсіпкерді тұтынушыдан нақты ажыратып, кәсіпкерлік қызметтің азаматтық айналымдағы ерекше құқықтық режимін белгілейді. ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабына сәйкес, кәсіпкер ұғымы дербес тәуекелге негізделген, жүйелі түрде пайда табуға бағытталған қызмет ретінде сипатталады, алайда онда кәсіпкердің мәртебесі кәсіпкерлік қызметтің мазмұны арқылы ашылады. Осы тұрғыдан алғанда, неміс құқығында кәсіпкер ұғымының мәміле жасау сәтіндегі функциялық өлшем арқылы айқындалуы құқықтық айқындықты күшейтеді. Ал ҚР АҚ-сі мен ҚР КК-де кәсіпкерлік қызметтің экономикалық мақсаты мен тәуекел сипатына басымдық беріледі. Мұндай айырмашылықтар кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттерін анықтау және оларды қорғау тетіктерін қолдану барысында салыстырмалы-құқықтық талдаудың маңызын көрсетеді.

Сонымен қатар, Германияның Азаматтық кодексімен бір мезгілде, 1 қаңтар 1896 жылы сауда құқығы мен шаруашылық ұйымдар құқығы саласына арналған арнайы заң, атап айтқанда 10 мамыр 1897 жылғы Сауда кодексі күшіне енді. Аталған нормативтік-құқықтық актілерді талдау Германияда кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау екі негізгі нысанда жүзеге асырылатынын көрсетті: біріншіден, дауларды соттан тыс тәртіппен реттеу тетіктерін қолдану арқылы; бұзылған құқықтарды қорғауда сот рәсімдерін пайдалану арқылы.

Экономикалық даулар мен корпоративтік қақтығыстарды соттан тыс реттеу тәсілдері «дауларды шешудің баламалы тәсілдері» (alternative dispute resolution) ұғымымен қамтылады. Бұл тәсілдерге төрелік соттарда дауларды қарау, құқықтарды нотариаттық қорғау, құқықтарды өзін-өзі қорғау, медиация, сондай-ақ сотқа дейінгі татуластыру рәсімдері жатады.

Германияның азаматтық құқық жүйесіндегі өзін-өзі қорғау институты (§§ 859, 864 BGB) иеленуді қорғаудың заңмен шектелген әрі пропорционалдық қағидасына негізделген ерекше тетік ретінде орныққан. Неміс азаматтық құқық доктринасында бұл институт құқықтық тәртіпке қарсы әрекет ретінде емес, керісінше иеленуді заңсыз бұзудан қорғау арқылы бұзылған құқықтық тепе-теңдікті жедел қалпына келтіруге бағытталған қажетті құқықтық құрал ретінде бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда, герман құқықтық тәжірибесінде қалыптасқан тәсілдер ҚР АҚ 9-б. бекітілген өзін-өзі қорғау институтын теориялық тұрғыда тереңдету мен оның кәсіпкерлік қатынастардағы қолданылу шектерін нақтылау үшін әдіснамалық маңызға ие.

Сонымен, ГФР-да кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесі дамыған нормативтік базамен, мамандандырылған сот құрылымымен және тиімді баламалы дауларды шешу тетіктерімен қамтамасыз етілген. Кәсіпкерлік дауларды қараудың мамандандырылған тәртібі мен сот тәуелсіздігі қағидасы құқық қолдану практикасының тұрақтылығы мен

болжамдылығын қалыптастырады. Бұл Германия моделін еуропалық құқықтық кеңістіктегі орнықты әрі институционалдық тұрғыдан жетілген үлгілердің бірі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік құқықтарды қорғаудың еуропалық тәжірибесі Германиямен ғана шектелмейді. Роман-германдық құқықтық дәстүр аясында қалыптасқан Францияның құқық жүйесі де кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың өзіндік институционалдық және процестік ерекшеліктерімен сипатталады. Әсіресе Франциядағы тарихи қалыптасқан коммерциялық соттар жүйесі, олардың дербес ұйымдастырылуы және коммерциялық дауларды қарастырудағы арнайы тәсілдері салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан ерекше назар аудартады. Осы орайда төменде Франция Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың негізгі тетіктері мен коммерциялық юрисдикцияның ерекшеліктері қарастырылады.

Франция Республикасында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесі азаматтық-құқықтық дәстүрге негізделгенімен, соңғы жылдары ол халықаралық коммерциялық айналым талаптарына бейімделу бағытында елеулі институционалдық өзгерістерге ұшырады. Әсіресе трансшекаралық коммерциялық даулардың көбеюі, жаһандану үдерістері және халықаралық бизнестің құқықтық болжамдылыққа деген сұранысы Франция сот жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігін күн тәртібіне шығарды. Осы тұрғыда 2018 жылдан бастап Париж қаласында халықаралық коммерциялық дауларды қарауға бағытталған арнайы сот құрылымдарының іске қосылуы француз құқық жүйесіндегі маңызды жаңашылдықтардың бірі ретінде бағаланады [67]. Аталған реформалардың алғышарттарының бірі Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуы (Brexit) болды. Бұл жағдай Еуропада халықаралық коммерциялық дауларды қараудың жетекші орталығы ретінде Лондонның болашағына қатысты белгісіздіктер туғызып, өзге мемлекеттер үшін баламалы құқықтық форумдар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Франция осы ахуалды Парижді халықаралық коммерциялық дауларды шешудің тартымды орталығы ретінде ілгерілету мақсатында пайдалануға ұмтылды. Алайда А. Viard еңбектерінде атап өтілгендей, Франциядағы халықаралық коммерциялық соттардың құрылуы тек Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуымен байланысты реакция емес, керісінше француз сот жүйесін ұзақ мерзімді перспективада жаһандану талаптарына бейімдеуге бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесі болып табылады.

Осы реформалар аясында Париж Апелляциялық соты жанынан Халықаралық коммерциялық палата (Chambre commerciale internationale de la Cour d'appel de Paris), сондай-ақ Париж Коммерциялық сотының жанынан Халықаралық және еуропалық палата (Chambre internationale et européenne) құрылды. Бұл палаталар халықаралық сипаттағы коммерциялық дауларды қарауға мамандандырылған және олардың қызметі арнайы қабылданған процестік хаттамалармен реттеледі. Аталған хаттамалар істі қарау барысында қолданылатын тілге, дәлелдемелерді ұсыну тәртібіне, тыңдауларды

ұйымдастыруға және сот актілерін рәсімдеуге қатысты бірқатар икемді ережелерді көздейді.

Франциядағы халықаралық коммерциялық соттардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – іс жүргізуде ағылшын тілін шектеулі түрде қолдану мүмкіндігі. Француз Конституциясына сәйкес сот ісін жүргізудің ресми тілі француз тілі болып қала береді, алайда жаңа палаталарда дәлелдемелерді ағылшын тілінде ұсынуға, тараптардың өкілдері мен куәлардың ағылшын тілінде сөйлеуіне жол беріледі. Сонымен қатар, сот шешімдері француз тілінде қабылданғанымен, олардың ресми ағылшын тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Бұл тәсіл шетелдік кәсіпкерлер үшін сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға және сот шешімдерін өзге юрисдикцияларда орындауды жеңілдетуге бағытталған.

Процестік тұрғыдан алғанда, Франциядағы халықаралық коммерциялық палаталарда дәлелдемелерді жинау мен тыңдауларды өткізу тәртібі де біршама жаңғыртылған. Атап айтқанда, сот отырыстарының ұзақтығы арттырылып, куәлар мен сарапшыларды тыңдауға кеңірек мүмкіндік беріледі. Бұл белгілі бір дәрежеде жалпы құқық (common law) жүйесіне тән элементтердің шектеулі түрде қабылдануын білдіреді. Алайда француз заңшығарушысы мен құқық қолдану тәжірибесі түбегейлі реформалардан бас тартқаны байқалады. Оның орнына қолданыстағы Азаматтық процестік кодекстің әлеуетін барынша тиімді пайдалану басым бағыт ретінде таңдалған. Осы себепті ғылыми әдебиетте бұл өзгерістер «революция емес, инновация» ретінде сипатталады.

Сонымен қатар, Франциядағы халықаралық коммерциялық соттарды құру жалпы сот жүйесіне ықтимал әсері тұрғысынан да ғылыми пікірталас тудырып отыр. Кейбір зерттеушілер бұл соттар француз сот жүйесінде сапалы әрі жедел сот төрелігін жүзеге асырудың үлгісіне айналып, өзге соттарға да оң ықпал етуі мүмкін екенін атап өтеді. Ал басқа көзқарас өкілдері халықаралық коммерциялық соттардың қалыптасуы «екі деңгейлі сот төрелігі» қаупін туындатуы мүмкін деп есептейді, яғни ірі халықаралық бизнес үшін жоғары сапалы сот қызметі ұсынылып, ал ішкі дауларды қарайтын жалпы соттар ресурстық шектеулерге тап болуы ықтимал.

Жалпы алғанда, Франция Республикасындағы халықаралық коммерциялық соттар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды жетілдіруге бағытталған заманауи институционалдық тетік ретінде қалыптасып келеді. Бұл модель кәсіпкерлік дауларды қарауда жеделдік, кәсібилік және халықаралық қолжетімділік қағидаларын ұштастыруға ұмтылады. Сонымен бірге, ол азаматтық-құқықтық дәстүрді сақтай отырып, халықаралық іскерлік айналымның талаптарына бейімделудің үлгісі ретінде салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан елеулі ғылыми қызығушылық тудырады.

ҚР кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады және ол, ең алдымен, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың құзыретіне жатады.

Бұл соттардың қызметі ҚР Конституциясының 75-бабында бекітілген сот билігін жүзеге асыру қағидаларына, сондай-ақ ҚР АПК-нің 27-бабында айқындалған соттылық ережелеріне негізделеді. Аталған нормаларға сәйкес, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын даулары экономикалық соттарда қаралады.

Сонымен қатар, сот жүйесінің құрылымы мен мамандандырылуы Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР 25 желтоқсан 2000 жылғы № 132 Конституциялық заңының нормаларымен айқындалады. Осы заңның 3-б. 3-т. 3-1 тармақшасына сәйкес, мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен ҚР Президенті құрады, оның ішінде экономикалық соттар құрылуы мүмкін [68].

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау Қазақстанда жалпы юрисдикция соттары шеңберінде, бірақ мамандандырылған экономикалық соттар арқылы институционалдық түрде жүзеге асырылады.

Алайда Қазақстандағы жалпы сот жүйесі шеңберінде халықаралық коммерциялық дауларды қарауға арналған арнайы тілдік және процестік икемділік тетіктері Франциядағыдай деңгейде институционалдандырылмаған. Осы тұрғыдан алғанда, француз тәжірибесі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың ұлттық моделін жетілдіру мәселесінде салыстырмалы-құқықтық талдау үшін маңызды бағдар бола алады.

Қазіргі ғылыми әдебиетте G. Rühl еңбегінде Франциядағы халықаралық коммерциялық соттардың дамуы континенттік Еуропадағы кеңірек үрдістер аясында қарастырылады. Зерттеушілер соңғы онжылдықта Германия, Франция және Нидерланд сияқты мемлекеттердің халықаралық коммерциялық дауларды қарауға бағытталған арнайы сот құрылымдарын қалыптастыруға ұмтылғанын атап өтеді. Бұл бастамалар, ең алдымен, халықаралық іскерлік дауларды шешу нарығындағы бәсекелестіктің күшеюімен және Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуынан кейін пайда болған институционалдық мүмкіндіктермен байланыстырылады.

Сонымен бірге, бірқатар авторлар Франциядағы және өзге континенттік еуропалық елдердегі халықаралық коммерциялық палаталардың мүмкіндіктерін шектеулі деп бағалайды. Олардың пікірінше, бұл соттар, бір жағынан, ағылшын тілін қолдану және процестік икемділік сияқты халықаралық стандарттарға жақындауға ұмтылғанымен, екінші жағынан, ұлттық азаматтық процестік заңнаманың шеңберінен толық шыға алмайды. Атап айтқанда, сот шешімдерінің француз тілінде қабылдануы, процестік реформалардың заң деңгейінде емес, көбінесе ведомстволық немесе келісімдік хаттамалар арқылы енгізілуі Франциядағы халықаралық коммерциялық соттардың бәсекеге қабілеттілігін белгілі бір дәрежеде шектейді.

Осы тұрғыдан алғанда, Франциядағы халықаралық коммерциялық соттар түбегейлі институционалдық жаңғырудан гөрі, ұлттық сот жүйесінің шеңберінде халықаралық дауларды қараудың қолданыстағы үлгілерін бейімдеуге бағытталған эволюциялық қадам ретінде сипатталады. Мұндай тәсіл

халықаралық кәсіпкерлер үшін сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік бергенімен, Лондон коммерциялық соты немесе Азия мен Таяу Шығыстағы халықаралық коммерциялық соттармен толыққанды бәсекелесуге әлі де шектеулер қояды [69].

Институционалдық және процесік жаңғыртулармен қатар, Францияда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың іргетасы азаматтық-құқықтық реттеуде қаланып отыр. Франция Республикасында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық негізі Францияның Азаматтық кодексі (*Code civil*) бекіткен жалпы қағидалардан туындайды. Азаматтық кодексі (*Code civil*) кәсіпкерді дербес құқық субъектісі ретінде арнайы бөліп көрсетпегенімен, азаматтық құқық субъектілерінің теңдігі, құқықтарды сот арқылы қорғаудың міндеттілігі және құқықтарды жүзеге асыру мен қорғауда адалдық (*bonne foi*) қағидасы кәсіпкерлік қатынастарға толық көлемде қолданылады.

Атап айтқанда, соттың құқықты қорғаудан бас тартуына тыйым салу қағидасы (*Code civil*, art. 4) кәсіпкерлер үшін ерекше маңызға ие. Судья заңның олқылығы, түсініксіздігі немесе жеткіліксіздігі себепті істі қараудан бас тарта алмайды, бұл кәсіпкерлік даулар бойынша сот қорғауының кепілді сипатын айқындайды. Аталған ереже кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарын қорғау тетігінің үздіксіздігін қамтамасыз етіп, экономикалық айналымда құқықтық анықтылықты сақтауға бағытталған.

Сонымен қатар, шарт еркіндігі қағидасы қоғамдық тәртіп пен императивтік нормалармен шектеледі (*Code civil*, art. 6). Бұл тәсіл кәсіпкерлер арасындағы шарттық қатынастарда тек формальді теңдікті ғана емес, сонымен қатар экономикалық айналымның тұрақтылығын және әлсіз тараптың қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық теңгерімді қалыптастырады.

Франция азаматтық құқығында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тек бұзылған құқықтарды қалпына келтірумен шектелмей, құқық бұзушылықтың алдын алу және оны тоқтату құралдарын да қамтиды. Судьяға заңсыз әрекеттерді тоқтатуға немесе олардың алдын алуға бағытталған шараларды қолдану өкілеттігінің берілуі кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласудан қорғаудың тиімді механизмі ретінде қарастырылады (*Code civil*, art. 1240–1241) [70].

Осы жалпы азаматтық-құқықтық қағидалар Францияның Коммерциялық кодексі (*Code de commerce*) нормаларымен нақтылауды табады. Коммерциялық кодекс коммерсанттың құқықтық мәртебесін, коммерциялық мәмілелердің ерекшеліктерін, дәлелдеу еркіндігін, талап қою мерзімдерін және кәсіпкерлік қызметті жария есепке алу институттарын белгілей отырып, кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың арнайы тетіктерін қалыптастырады [71].

Осылайша, Францияда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау арнайы «кәсіпкерлік құқықтар туралы» кешенді институт арқылы емес, азаматтық құқықтың әмбебап қағидаларын коммерциялық құқық нормаларымен үйлестіру

арқылы жүзеге асырылады. Мұндай модель кәсіпкерлік қызметті азаматтық айналымның ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда соттық қорғаудың жалпы, тең және болжамды кепілдіктерін қамтамасыз етеді.

Француз зерттеушісі R. Blazy атап өткендей, Франциядағы коммерциялық соттардың кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы рөлі тек нормативтік-құқықтық реттеу шеңберімен шектелмей, банкроттық рәсімдерінің нәтижелеріне ықпал ететін институционалдық факторлар арқылы да көрініс табады. Атап айтқанда, Париж коммерциялық сотының банкроттық істері бойынша деректерге негізделген эмпирикалық зерттеу коммерциялық судьяның кәсіби профилі мен қайта ұйымдастыру рәсімінің қолданылу ықтималдығы арасында статистикалық байланыс бар екенін көрсетеді. Бұл жағдай кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау тиімділігін бағалау барысында соттың адамдық және институционалдық факторларын ескерудің әдіснамалық маңызын айқындайды [72].

Франциядағы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғаудың институционалдық ерекшелігі коммерциялық дауларды қарауда бейкәсіби судьялардың дәстүрлі түрде қолданылуымен сипатталады. Бұл дәстүрдің түпкі идеясы – «саудагерлер арасындағы дауларды саудагерлердің өздері шешуі тиіс» қағидасына негізделеді; бүгінгі күні Францияда банкроттық істерін қарайтын коммерциялық соттар толығымен коммерциялық судьялардан (*lay justice*) құралатын модельдің айқын көрінісі ретінде бағаланады.

Осы тұрғыда, Францияда Париж Коммерциялық сотының халықаралық және еуропалық палатасын, сондай-ақ Париж Апелляциялық сотының халықаралық коммерциялық палатасын құру арқылы халықаралық дауларды қарау сапасын арттыруға бағытталған шаралар (тілдік және процестік икемділік, халықаралық стандарттарға жақындау) дәстүрлі коммерциялық лейк-судьялар моделін халықаралық бизнес талаптарына бейімдеудің институционалдық жалғасы ретінде түсіндіріледі.

Сонымен бірге, азаматтық сот төрелігінде арнайы сала бойынша заңгер емес сарапшыларды (*expert lay judges*), мысалы, экономикалық немесе техникалық білімі бар сарапшыларды қатыстыру тетігі Еуропа тәжірибесінде, әсіресе коммерциялық және интеллектуалдық меншік істерінде, кең таралғаны және оның күрделі экономикалық бағалауларды (залалды есептеу, тиімділік, нарықтық талдау) жүргізуде процестік тиімділік пен қабылданатын шешімдердің дәлдігін арттыру әлеуеті бар екені ғылыми әдебиетте атап өтіледі.

Осыдан шығатын қорытынды: Францияның коммерциялық соттарындағы коммерциялық судьялар, сауда соттарының судьялары (*juges consulaires*) дәстүрі кәсіпкерлік айналымның ішкі логикасын ескеруге мүмкіндік берсе, халықаралық палаталар форматы осы институтты халықаралық даулар контекстінде сапалық тұрғыдан күшейтуге бағытталған эволюциялық қадам ретінде бағалануы мүмкін [73]. Сонымен, аталған институционалдық және

процестік шешімдердің жиынтығы Франция моделін формальді қатаңдыққа емес, қызметтік тиімділікке бағдарланған құқықтық жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Германия мен Франция тәжірибесін салыстырмалы талдау континенталды құқықтық жүйелерде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау негізінен мамандандырылған сот құрылымдары мен процестік бейімделу арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Алайда кәсіпкерлік құқықтарды қорғаудың өзге логикасы жалпы құқық (common law) жүйесіне жататын мемлекеттерде қалыптасқан. Осыған байланысты келесі бөлімде Ұлыбритания мен АҚШ тәжірибесі қарастырылады.

Англия Үкіметі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында кәсіпкерлікті дамытуға және адам құқықтарының сақталуына ерекше көңіл бөледі. Жеке кәсіпкерлік, өнеркәсіп пен сауданың мемлекеттің экономикалық табысының негізгі кепілі екенін түсіне отырып, билік органдары британдық компаниялардың табысты дамуы мен өркендеуіне жәрдемдесу үшін, ең алдымен, заңнамалық шаралар арқылы қажетті күш-жігер жұмсайды.

Негізгі басымдық ашықтыққа, тиісті басқаруға және заң үстемдігі қағидасына беріледі. Демократиялық бостандықтар, меншік құқығын құрметтеу және оны сақтау жалпы жеке сектордың, әсіресе кәсіпкерлік қызметтің табысты дамуы үшін қажетті алғышарттарды қалыптастырады, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мен сақталуына ықпал етеді.

Ғылыми әдебиетте, атап айтқанда Е.Ш. Агеева еңбегінде, Англияда адам құқықтарын іскерлік қызметке ықпалдастыру мәселелерінде жетекші ұстанымға ие кәсіпкерлік орта өкілдері мен жекелеген жеке компаниялардың бар екенін атап өткен жөн. Бұл жағдай кәсіпорындардың экономиканың және қоғамның дамуына оң әсер ету қабілетін ескерсек, айрықша маңызды болып табылады [74]. Аталған құндылықтар мен кәсіби өзін-өзі реттеу тетіктері кәсіпкерлік дауларды формальді сот талқылауына жеткізбей шешуге ұмтылуды күшейтіп, Англияда соттан тыс дауларды шешу баламалы тәсілдерінің (ADR) институционалдық дамуына негіз қалады.

Британ Үкіметі Бизнес және адам құқықтары мәселелері жөніндегі БҰҰ-ның Басшылық қағидаларына [75] айрықша мән береді әрі олардың халықаралық деңгейде кеңінен таралуына және іс жүзінде іске асырылуына жәрдемдеседі. Адам құқықтары жөніндегі кеңес 16 маусым 2011 жылғы 17/4 қарарында мақұлданған Басшылық қағидалары тұтастай әрі жүйелі сипатқа ие болып, мемлекеттің адам құқықтарын, оның ішінде кәсіпкерлік қызмет барысында да, қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне; корпорациялардың адам құқықтарын сақтауға деген жауапкершілігіне; сондай-ақ құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге негізделеді. Басшылық қағидалар негізінде лауазымды тұлғаларға арналған өзіндік нұсқаулық - бизнес пен адам құқықтары мәселелері жөніндегі тактикалық құралдар жиынтығы әзірленді. Аталған құралдар жиынтығы кәсіпкерлік қызмет саласында тәжірибеде кеңінен қолданылып келеді.

Ерекше назар соттық қорғауға да, сондай-ақ мүдделі тараптардың өзара іс-қимылына негізделген соттан тыс тетіктерге де аударылады (компаниялардың ішкі шағымдану рәсімдері немесе төрелік арқылы, дауларды жеке-дара шешу, делдалдық және т.б.). Соттан тыс тетіктер келесі қызметтерді пайдалану мүмкіндігін көздейді:

- дауларды шешу жөніндегі тәуелсіз компаниялар;
- омбудсмен;
- Азаматтарға кеңес беру бюросы;
- мемлекеттік қызметкерлер мен кеңесшілер;
- татуластыру және төрелік қызметтері.

Сонымен қатар Ұлттық үйлестіру бюросының (NCP) қызметін атап өткен жөн, ол британдық компаниялардың көпұлтты кәсіпорындарға арналған ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаларын сақтамауына қатысты өтініштерді қарайды.

Англияда кәсіпкерлік қызметті қорғау мәселелері тәжірибеде анағұрлым тиімді жүзеге асырылады. Бұл, ең алдымен, ағылшын компанияларының басым көпшілігі, сондай-ақ кәсіпкерлер мен халыққа ақылы қызмет көрсететін мамандар кәсіби қауымдастықтарға мүшелігін ескере отырып, белгілі бір кәсіби стандарттарға және қауымдастық мүшелері үшін белгіленген арнайы «мінез-құлық кодексiне» сәйкестігі тұрғысынан тұрақты түрде тексеріліп отыруымен байланысты [76].

Іс жүзінде бұл кез келген уақытта қауымдастық мүшесінің кәсіби қызмет стандарттарын болжамды түрде сақтамауына байланысты тиісті қауымдастыққа шағым түсіру мүмкіндігін білдіреді. Мұндай даулар туындаған жағдайда қауымдастықтың жарғысы оларды шешудің арнайы рәсімдерін көздейді. Бұл рәсімдер қақтығысушы тараптарды татуластыруға талпыныс жасаудан (мысалы, медиация тәртібімен) бастап, шағымды мәні бойынша «кәсіби этика» қағидалары тұрғысынан қарау арқылы шешім қабылдауға дейінгі кезеңдерді қамтиды. Өз кезегінде қауымдастық мүшелері «ішкі кәсіби соттың» шешімдеріне бағынуға міндетті, өйткені оған бағынбау немесе әріптестер сотының шешімдерін орындамау компанияның немесе маманның кәсіби қауымдастықтағы мүшелігінен айырылу қаупін туындатады, ал бұл кәсіби беделге және «кәсіби этика» мәселелеріне ерекше мән берілетін елде бизнесті жүргізу мүмкіндігінен айырылуға әкеп соғуы ықтимал. Талапкер үшін кейіннен сотқа жүгінуіне қарамастан, өз талаптарын алдымен кәсіби қауымдастық шеңберінде «сынақтан өткізуге» деген ерекше тәжірибелік мүдде айқындаушы мәнге ие. Бұл жолды таңдаған әлеуетті азаматтық талапкер коммерциялық тәжірибеде қабылданған стандарттар мен тәсілдерді өз тәжірибесі арқылы тереңірек түсінуге мүмкіндік алады, ал олардың сақталуына кепіл болуға тиіс орган ретінде, негізінен, кәсіби қауымдастық танылады.

Мұндай жағдайда, егер талапкер жауапкердің қалыпты коммерциялық тәжірибе мен «кәсіби этика» шеңберінен шыққанын дәлелдей алса, өз бұзылған құқығын сотта қорғау айтарлықтай жеңілдейді. Тиісінше, егер кәсіби

қауымдастық нақты мән-жайларға байланысты жауапкерге қатысты кәсіби талаптардың жоқ екенін растаса, соңғысының негізсіз талап-арыздардан сотта қорғану мүмкіндігі едәуір нығаяды.

Сонымен қатар, Англия мен Уэльсте азаматтық дауларды шешуде балама тәсілдерді (ADR) белсенді қолдану XX ғасырдың соңында Лорд Вулфтың баяндамаларынан және 1998 жылғы Азаматтық іс жүргізу ережелерінен (Civil Procedure Rules – CPR) бастау алады [77]. Бұл құжаттар бойынша тараптар сот талқылауына дейін міндетті түрде дауларды шешудің балама тәсілдерінің мүмкіндіктерін қарастыруға тиіс.

Мұндай саясат тек тараптардың жеке мүддесіне (дауды тез әрі аз шығынмен шешу) ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік мақсаттарға - соттардың жүктемесін азайтуға және бюджет шығындарын қысқартуға бағытталған. Р. Cortéstiң талдауына, ағылшын азаматтық іс жүргізу ережелерінің (Civil Procedure Rules) нормаларына сәйкес, тараптар сотқа дейінгі кезеңде де балама тәсілдерді қолдану мүмкіндігін қарастыруға міндетті, ал бұл талаптарды сақтамау сот шығындарын өтеуден бас тартуға әкеп соғуы мүмкін [78].

Англия құқық жүйесінде кәсіпкерлер арасындағы дауларды реттеу бірнеше кезеңде жүзеге асырылады: сотқа дейінгі міндетті әрекеттер, талап қабылданғаннан кейінгі медиация және іс жүргізу барысында соттың бастамасымен қолданылатын дауды шешудің балама тәсілдері рәсімдері. Мұндай көпсатылы модель кәсіпкерлік дауларды ерте кезеңде шешуге бағытталған.

Сонымен бірге, іс жүргізу барысында соттар тараптарды медиацияға немесе өзге де балама тәсілдер рәсімдеріне қатысуға шақыруға құқылы. Алайда тәжірибеде судьялар тараптарды белсенді түрде келісімге келуге мәжбүрлей бермейді, тек негізсіз бас тартқан жағдайда шығындар бойынша санкциялар қолданылуы мүмкін.

Бұл жағдай дауды шешудің балама тәсілдерін іс жүзінде міндетті құралға айналдырады.

Цифрлық сот әділеттілігі аясында Англияда кәсіпкерлердің шағын талаптары бойынша медиация автоматты түрде ұсынылатын рәсімге айналууда. Мұндай модель кәсіпкерлер үшін шығындарды азайтуға мүмкіндік бергенімен, процессуалдық кепілдіктердің сақталуын ерекше бақылауды талап етеді. Дауды шешудің балама тәсілдерін кеңінен енгізу кәсіпкерлік дауларды шешудің тиімділігін арттырғанымен, тараптар арасындағы экономикалық және ұйымдастырушылық теңсіздік жағдайында ол құқықты қорғауға жанама кедергі келтіруі мүмкін.

Осылайша, соттан тыс тетіктердің дамуы Англияда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық көпдеңгейлі моделін қалыптастырады.

Англия тәжірибесі Қазақстан үшін кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда дауды шешудің балама тәсілдерін сот жүйесіне кезең-кезеңімен интеграциялау

мүмкіндігін көрсетеді, алайда мұндай реформалар кәсіпкердің сотқа қол жеткізу құқығын шектемеуі тиіс.

Сонымен қатар, Ұлыбританияда Қаржылық омбудсмен кәсіпкерлер тап болатын экономикалық мәселелерді соттан тыс тәртіпте реттеуді жүзеге асырады.

Осы тұрғыдан алғанда, өкілеттіктері заңмен бекітілген омбудсмендер таза «қоғамдық негізде» қызмет атқаратын делдалдармен салыстырғанда ерекше жағдайда болады. Омбудсмендердің шарттық негізде әрекет ететін делдалдардан айырмашылығы олардың дауларды қарау рәсімдерінің өзіндік ерекшеліктері арқылы айқындалады. Процестік тәртіпке сәйкес омбудсменге шағымданатын кез келген азамат алдымен шағым берілетін ұйымның ішкі рәсімдері шеңберінде қақтығысты шешудің барлық мүмкіндіктерін толық пайдаланып шығуға тиіс. Өз кезегінде, омбудсмен қадағалауындағы ұйымға қатысты шағымды қарауға қабылдаған кезде, ол шешім шығару үшін жеткілікті түрде кең өкілеттіктерге ие болады. Егер шағымдар омбудсмен тарапынан негізді деп танылса, ол кінәлі тараптан келтірілген залалдың толық мөлшерін өндіруге құқылы.

Бұдан бөлек, нақты жағдайларда омбудсмен кінәлі тараптан талап қоюшыға келтірілген «қолайсыздық» пен «жайсыздық» үшін қосымша өтемақы сомаларын өндіріп алу туралы шешім қабылдай алады, бұл дәстүрлі ағылшын сот тәжірибесіне тән емес. Сонымен қатар, шағымданушы азамат омбудсменнің шешімі оны қанағаттандыра ма, жоқ па деген мәселені өзі айқындайды, өйткені талапкердің жалпы юрисдикция сотында дауды жалғастыру мүмкіндігі сақталады. Ал қадағалаудағы ұйым үшін омбудсменнің шешімі түпкілікті болып табылады және міндетті түрде орындалуға тиіс. Бұл жағдай ұйымдар мен кәсіпкерлердің тиісті схемаға мүшелік ету шарттарымен алдын ала айқындалады. Омбудсмен қызметі жауапкершіліктің жоғары стандарттарын көздейді. Алайда өз іскерлік беделін сақтау мақсатында кәсіпкерлер заңнамалық талаптарды қатаң сақтауға ұмтылады [79].

Осылайша, Англияда халықаралық коммерциялық мәмілелер барысында туындайтын дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде омбудсмендік схемалар кеңінен қолданылады. Омбудсмен арқылы дауларды реттеу тетігі — белгілі бір салада қажеттілікке байланысты қалыптасқан, заңға тікелей негізделмеген ерікті рәсім болып табылады.

Сонымен қатар, Ұлыбританияда кәсіпкерлік және мүліктік сипаттағы дауларды қарау Англия мен Уэльстің бизнес және меншік соттары (Business and Property Courts of England and Wales) шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл соттар мамандандырылған азаматтық юрисдикция ретінде істердің күрделілігі мен халықаралық құрамын ескере отырып, процестік шоғырландыру мен институционалдық тиімділікті қамтамасыз етеді [80].

Англия тәжірибесін талдау кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда соттық және соттан тыс тетіктердің үйлесімді моделін көрсетеді. Ал Америка Құрама Штаттарында кәсіпкерлік құқықтарды қорғау өзге құқықтық логикаға — сот

прецедентінің басымдығына және тараптардың жоғары процессуалдық белсенділігіне негізделеді. Осыған байланысты әрі қарайғы кезең АҚШ тәжірибесін талдауға арналады.

АҚШ-тың құқықтық жүйесі түп негізі жағынан ағылшынның жалпы құқық (common law) дәстүріне сүйенгенімен, оның дамуы федерализм қағидасына байланысты өзіндік сипатқа ие. Кәсіпкерлік қызметті реттеу федералдық деңгейде де, жекелеген штаттардың заңнамасы арқылы да жүзеге асырылады, бұл ретте олардың өзара арақатынасы тарихи түрде қалыптасқан. Азаматтық құқықтың базалық институттары ағылшын құқығынан бастау алғанымен, уақыт өте келе әр штат өз сот тәжірибесін және нормативтік реттеу тетіктерін дербес түрде жетілдірді.

А.С. Комаровтың жалпы редакциясымен дайындалған ұжымдық еңбекте көрсетілгендей, шарттық құқық пен деликт құқығы негізінен штаттардың юрисдикциясында болғанымен, олардың мазмұнында елеулі алшақтықтар жоқ, өйткені бұл салалар ортақ қағидалар мен қалыптасқан сот доктринасына сүйенеді. Осыған байланысты 1950-жылдардан бастап АҚШ-та коммерциялық құқықты бірыңғайландыруға бағытталған жүйелі үрдіс қалыптасты. 1952 жылы әзірленген Бірыңғай коммерциялық кодекс (Uniform Commercial Code) жобасы бастапқы кезеңде елеулі сынға ұшырап, бірнеше жыл бойы мазмұндық тұрғыдан қайта қаралды. 1958 жылдан бастап штаттардың заң шығарушы органдары аталған жобаны штат заңы ретінде талқылау мен қабылдауға кірісті. Кейінгі он жыл ішінде Бірыңғай коммерциялық кодекс (Uniform Commercial Code) штаттардың басым көпшілігінде заң күші бар актіге айналды; бұл кезеңде оны қабылдамағандар қатарында Вирджиния штаты, Колумбия федералдық округі және Луизиана штаты болды. Луизиана штатында азаматтық-құқықтық дәстүрдің сақталуына байланысты Кодекстің жекелеген бөлімдері ғана қабылданды [81].

1952 жылы әзірленген Бірыңғай коммерциялық кодекс (UCC) коммерциялық құқықтың ортақ реттеуші базасын қамтамасыз етеді, бұл штатаралық сауда жасайтын кәсіпкерлер үшін құқықтық ортақтық пен құқық қолданудың болжамдылығын күшейтеді, соған сәйкес шарттық тәуекелдер төмендеп, бұзылған құқықтарды сот тәртібімен қорғаудың тиімділігі артады. Сонымен қатар, әр штат Бірыңғай коммерциялық кодексті өз заңнамасына енгізу барысында жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып өзгерістер енгізуі мүмкін, осыған байланысты оның нақты қолданылуы жекелеген штаттарда белгілі бір айырмашылықтармен сипатталады [82]. Бұл тәжірибе кәсіпкерлердің азаматтық айналымдағы мінез-құлқын стандарттауға ықпал етіп, құқықтық анықтылық арқылы жеке автономия мен нарықтық тұрақтылықты қамтамасыз ететін тиімді тетік ретінде көрініс табады.

Коммерциялық құқықтың материалдық нормаларының бірізденуі сот жүйесінің институционалдық дамуына тікелей ықпал етті, бұл АҚШ-та кәсіпкерлік дауларды қарайтын мамандандырылған сот құрылымдарының қалыптасуынан айқын көрінеді.

АҚШ сот жүйесі өзара тығыз байланысқан, сот төрелігін жүзеге асыратын және сот органдарын басқаруды қамтамасыз ететін сот және әкімшілік билік органдарының жүйесін білдіреді. АҚШ-та сот жүйесі екі буынды: федералдық соттар және штат соттары [83]. АҚШ-та штат соттарының өз ішінде мамандандырылған құрылымдарының болуы күрделі бизнес дауларын тиімді қарауға бағытталған. Атап айтқанда, Делавэр штатында корпоративтік заңнама саласында ерекше беделге ие Канцлерлік сот (Court of Chancery) жұмыс істейді. Бұл сот әділдік пен адалдық (equity) қағидаларына, яғни құқық нормаларын тек сөзбе-сөз қолданумен шектелмей, істің мән-жайын ескере отырып әділ шешім қабылдауға бағытталған құқықтық реттеу жүйесіне негізделген. Канцлерлік сот алқабилерсіз әрекет етеді және корпоративтік басқару, акционерлер мен кәсіпкерлер арасындағы дауларды, сондай-ақ фидуциарлық міндеттерден туындайтын құқықтық қатынастарды шешуге маманданған. Соңғы жылдары Делавэр Канцлерлік сотының құзыреті фидуциарлық міндеттерден (сенімге негізделген құқықтық қатынастарда өкілетті тұлғаның өзіне сенім білдірген тұлғаның мүддесін адал әрі ұқыпты түрде қорғауға міндетті екендігін білдіретін ерекше құқықтық міндет) туындайтын даулармен ғана шектелмей, статуттық басқару нормаларын қолдану, келісімшарттық басқару қатынастарын түсіндіру, сондай-ақ кәсіпкерлер арасындағы коммерциялық сипаттағы (non-governance) дауларды қарауды қамтитын кең ауқымды бизнес-сот моделіне қарай эволюцияланды [84]. Сол сияқты, Калифорния, Иллинойс сияқты бірқатар штаттарда күрделі коммерциялық дауларды (complex commercial/business disputes) қарауға маманданған сот бөлімшелері қалыптасты. АҚШ-та мұндай «Бизнес соттары» қозғалысы әсіресе 1990-жылдардан бастап кеңейе түсті: штаттар күрделі бизнес дауларын қарауды жеделдету, іс жүргізуді кәсібилендіру және осы санаттағы істер бойынша судьялардың тәжірибесін шоғырландыру мақсатында мамандандырылған юрисдикциялар мен кешенді іс жүргізу бағдарламаларын енгізді [85].

АҚШ-та кәсіпкерлердің, әсіресе шағын бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында мамандандырылған бизнес-омбудсмендер жүйесі қалыптасқан. Ғылыми әдебиетте атап көрсетілгендей, АҚШ-тағы бизнес-омбудсмендер негізінен жария билік саласында, атқарушы билік органдарының құрылымында қызмет атқарады және федералдық реттеуші органдардың шағын бизнеске қатысты әрекеттеріне бақылау жасауға бағытталған. Атап айтқанда, АҚШ Шағын бизнес әкімшілігі (Small Business Administration, SBA) құрамында әрекет ететін Ұлттық бизнес-омбудсмен шағын бизнес субъектілерінің федералдық агенттіктердің негізсіз, шамадан тыс немесе әділетсіз реттеуші іс-қимылдарына байланысты шағымдарын қарайды.

АҚШ-тағы бизнес-омбудсмендер институтының ерекшелігі - олардың классикалық парламенттік омбудсмендерден айырмашылығы, атқарушы билік жүйесіне енгізілуі. Олар, әдетте, тиісті атқарушы органның құрамында құрылып, сол органның немесе онымен функционалдық тұрғыда байланысты өзге ведомстволардың қызметіне қатысты бақылау жүргізеді. Мұндай модель

бизнес-омбудсмендерді «атқарушы» немесе «гибридтік» омбудсмендер қатарына жатқызуға негіз береді. Сонымен қатар, бизнес-омбудсмендердің атқарушы билік құрылымына институционалдық тәуелділігі олардың толық дербестігі мен бейтараптығына қатысты белгілі бір тәуекелдерді де туындатуы мүмкін. Сонымен қатар, АҚШ-тағы бизнес-омбудсмендер тек шағымдарды қараумен шектелмей, кеңес беру, делдалдық және алдын алу сипатындағы функцияларды да жүзеге асырады. Ол шағын бизнес субъектілеріне федералдық талаптарды түсіндіру, реттеуші органдармен коммуникация орнату, сондай-ақ реттеуші қысымды төмендетуге бағытталған ұсынымдар әзірлеу арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін неғұрлым қолайлы құқықтық орта қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, АҚШ-тағы бизнес-омбудсмен институты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс, институционалдық және превентивтік (реттеуші қысымды алдын ала төмендету) тетігі ретінде сипатталады [86].

Осылайша, АҚШ-та кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау федералдық және штаттық деңгейлердің өзара әрекеттесуіне негізделген көпдеңгейлі азаматтық-құқықтық жүйе шеңберінде жүзеге асырылады. Коммерциялық құқықты Бірыңғай коммерциялық кодекс арқылы біріздендіру кәсіпкерлік айналымда құқықтық ортақтық пен болжамдылықты қамтамасыз етсе, штаттар деңгейінде дамыған мамандандырылған бизнес соттары мен соттан тыс институционалдық тетіктер құқықтарды қорғаудың тәжірибелік тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған бизнес-омбудсмендер институтының атқарушы билік жүйесіне кіруі реттеуші қысымды алдын ала төмендетуге мүмкіндік бергенімен, мұндай модель олардың дербестігі мен бейтараптығын қамтамасыз ету қажеттігін өзекті мәселе ретінде алға тартады. Жалпы алғанда, АҚШ тәжірибесі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда құқықтық біріздендіру мен институционалдық әртараптандыруды үйлестіретін икемді модельдің қалыптасқанын көрсетеді және оны өзге құқықтық жүйелермен салыстырмалы түрде бағалау қажеттігін айқындайды.

Осы орайда, шағын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында, мәселен, мамандандырылған бизнес-омбудсмен – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрамында Ұлттық бизнес уәкілі институтын құру қажет деп санаймыз. Ол билік органдарының шағын бизнеске қатысты әрекеттеріне бақылау жасап, шағын бизнес субъектілерінің мемлекеттік атқарушы органдарының, құқық қорғау органдарының негізсіз, шамадан тыс немесе әділетсіз реттеуші іс-қимылдарына байланысты шағымдарын қарайтын болады. Сонымен қатар, кеңес беру, делдалдық және алдын алу сипатындағы функцияларды да жүзеге асырады. Олар шағын бизнес субъектілеріне мемлекеттік талаптарды түсіндіру, мемлекеттік органдармен коммуникация орнату, сондай-ақ реттеуші қысымды төмендетуге бағытталған ұсынымдар әзірлеу арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін неғұрлым қолайлы құқықтық орта қалыптастыруға ықпал

етеді. Салыстырмалы талдаудың тәжірибелік маңызын елдердің халықаралық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері де жанама түрде айқындайды. Атап айтқанда, Әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингі (IMD World Competitiveness Ranking) 2025 жылғы деректеріне сәйкес Қазақстан 69 елдің ішінде 34-орынды иеленсе [87], Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы Есеп 2019 (Global Competitiveness Index 2019) көрсеткіштері бойынша Қазақстан 55-орында (62,9 балл) орналасқан [88]. Бұл деректер институционалдық даму деңгейінің, соның ішінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау сапасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде бизнес ортаның жалпы тиімділігімен тікелей байланысты екенін көрсетеді және сот төрелігінің тиімділігін, құқықтық болжамдылықты әрі институционалдық тұрақтылықты арттыруға бағытталған жүйелі реформалардың өзектілігін растайды.

Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда сипатталған құқықтық тетіктердің тиімділігі бизнес ортаның институционалдық сапасымен ұштасатыны байқалады, ал шетелдік модельдердің негізгі элементтері төмендегі кестеде жүйеленді.

Кесте 1 – Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың шетелдік модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы.

Ел	Нормативтік -құқықтық негіз (негізгі актілер)	Соттық қорғау тетіктері	Соттан тыс (ADR, институционалдық) тетіктер	Институционалдық шектеулер мен тәуекелдер	Қазақстан үшін әдіснамалық маңызы
1	2	3	4	5	6
Германия	Grundgesetz (GG); BGB; GVG; ZPO; HGB	Жалпы сот жүйесі; Landgericht жанындағы Kammer für Handelssachen; судья + коммерциялық судьялар	Медиация; төрелік; өзін-өзі қорғау (§§ 859, 864 BGB); палаталар мен кәсіби ұйымдар	Процестік күрделілік; жоғары институционалдық жүктеме	Сот мамандануы мен өзін-өзі қорғау институтын кәсіпкерлік қатынастарға бейімдеу
Франция	Code civil; Code de commerce; Code de procédure civile	Коммерциялық соттар; lay judges (саудагер-судьялар, juges consulaires); халықаралық коммерциялық палаталар	Медиация; татуластыру; сотқа дейінгі рәсімдер	«Екі деңгейлі сот төрелігі» қаупі; реформалардың ведомстволық сипаты	Халықаралық дауларға бейімделудің эволюциялық моделін қолдану

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Ұлыбритания	Common law; Civil Procedure Rules (CPR); UNGPs	Business and Property Courts; соттың ADR-ді ынталандыруы	Кәсіби қауымдастықтар; медиация; омбудсмендер; NCP	ADR тараптар теңсіздігі жағдайында сотқа қолжетімділікті шектеуі мүмкін	ADR-ді процессуалдық ынталандыру мен кезең-кезеңімен енгізу
АҚШ	UCC; штаттық азаматтық заңдар; федералдық актілер	Федералдық және штаттық соттар; Delaware Court of Chancery; бизнес соттары	Business Ombudsman (SBA); медиация; реттеуші превентивтік тетіктер	Омбудсмендердің атқарушы билікке тәуелділігі	Құқықты қорғаудың көпдеңгейлі, икемді моделін қалыптастыру

Кестеде әр елде қорғау тетігінің «ядросы» (материалдық құқық + сот мамандануы) ұқсас болғанымен, соттан тыс институттардың рөлі мен институционалдық тәуекелдердің табиғаты әртүрлі екені көрінеді.

Кестелік салыстыру әр құқықтық жүйеде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың өзегі бір ғана сот рәсіміне тірелмейтінін көрсетеді: тиімді модель, әдетте, материалдық-құқықтық айқындықты, сот мамандануын және соттан тыс тетіктердің (ADR, омбудсмендік/кәсіби өзін-өзі реттеу, реттеуші қысымды алдын ала төмендету құралдары) өзара үйлесімін талап етеді. Бұл ретте институттардың тиімділігі көбіне олардың дербестігі, процестік қолжетімділігі және тараптар теңдігі кепілдіктерімен анықталады.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру үшін шетелдік тәжірибеден мынадай әдіснамалық бағыттарды бөліп көрсету орынды:

Сот мамандануы: кәсіпкерлік/коммерциялық даулар бойынша мамандандырылған құрамдарды (немесе мамандандырылған санаттар бойынша тұрақты судьялық мамандану) кезең-кезеңімен дамыту;

Дауларды шешудің баламалы жүйесін (ADR) процессуалдық ынталандыру: сотқа дейінгі келіссөздер, медиация және өзге балама рәсімдерді қолдануды шығындарды бөлу, мерзімдер мен процестік басқару құралдары арқылы ынталандыру, бірақ сотқа қолжетімділік құқығын шектемей;

Превентивтік (реттеуші қысымды алдын ала төмендету) және соттан тыс институционалдық қорғау: кәсіпкерлердің шағымдарын қараудың тиімді әкімшілік/омбудсмендік тетіктерін күшейту кезінде олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығын құқықтық кепілдендіру;

Өзін-өзі қорғау шектерін нақтылау: өзін-өзі қорғау құралдарын пропорционалдық, дереулік және қажеттілік талаптарымен шектей отырып,

кәсіпкерлік қатынастарда қолданудың заңнамалық/түсіндірмелік өлшемдерін айқындау.

Сонымен бірге, аталған тәсілдерді механикалық көшіру емес, оларды Қазақстанның құқықтық жүйесінің құрылымына, сот жүктемесіне, кәсіпкерлік ортадағы тәуекелдерге және құқық қолдану мәдениетіне сәйкес бейімдеу басым мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, 1.3-бөлімде қарастырылған салыстырмалы материал кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетігін жетілдірудің бағыттарын негіздеуге және ұлттық модельдің ішкі қисынын нақтылауға қызмет етеді.

2 КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАНДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ НЫСАНДАРЫ

2.1 Кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау

Қазіргі құқықтық жағдайда кәсіпкерлердің мемлекетпен өзара қатынастары белгілі бір институционалдық өзара іс-қимыл жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Аталған жүйенің негізгі мақсаты – жеке және жария мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету арқылы өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. Кәсіпкерлер мен жария билік органдары арасындағы өзара әрекеттесу тетіктерін айқындайтын іргелі бағыт адам мен азаматтың, соның ішінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және тиімді қорғау қағидасымен байланысты.

ҚР Конституциясының 1-бабында бекітілген құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мемлекеттің міндетін тек бұзылған құқықты қалпына келтірумен шектемей, сонымен қатар құқық бұзушылық салдарынан келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттің кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған тиімді құқықтық тетіктерді қалыптастыруы мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілері арасындағы өзара іс-қимылдың ажырамас әрі қажетті элементі ретінде көрініс табады.

Осыған байланысты адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылатын қазіргі қоғамда сот арқылы қорғау құқығы құқықтық мемлекеттің негізін құрайтын конституциялық кепілдіктердің бірі болып табылады. ҚР Конституциясының 13-бабында әркімге өз құқықтары мен бостандықтарын сот тәртібімен қорғау құқығына кепілдік берілуі бұл қағиданың мызғымастығын айқындайды. Ұқсас құқықтық ұстанымдар халықаралық деңгейде де орныққан: атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 10 желтоқсан 1948 жылғы қабылданған № 217 А (III) Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында тиімді құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізу құқығы бекітілген [89].

Кәсіпкерлік қызмет дербес бастамаға негізделетін, тәуекелмен жүзеге асырылатын және тұрақты табыс алуға бағытталған экономикалық белсенділіктің ерекше түрі ретінде танылады. Мұндай қызмет ҚР Конституциясы бекіткен конституциялық негіздер аясында жүзеге асырылып, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың маңызды тетіктерінің бірі ретінде көрініс табады. Осыған байланысты кәсіпкерлік қызметті дамыту мемлекеттің экономикалық және құқықтық саясатының басым бағыттарының қатарынан орын алады. Мұны мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауларында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға тұрақты түрде ерекше мән беруі айқын дәлелдейді. Атап айтқанда, «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 1 қыркүйек 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпкерлікті дамытудың тиісті кепілдіктерін қалыптастыру, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін

қорғауды қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі ретінде белгіленген [90].

Бұл мәселе ғылыми әдебиетте де жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, А.Р. Акчурина кәсіпкерлік қызметтің экономикалық табиғатына назар аудара отырып, оның табыс алуға бағдарлануы кәсіпкерден уақыт пен шығындарды күтілетін нәтижемен үнемі салыстырып отыруды талап ететінін көрсетеді. Осы ерекшелік кәсіпкерлік қызметтің екіжақты сипатын айқындайды: бір жағынан, кәсіпкерлердің жауапкершілігі мен оларға қойылатын талаптар күшейеді, ал екінші жағынан, олардың еркін әрекет етуіне мүмкіндік беретін және икемділігі жоғары құқықтық орта қалыптастыру қажеттігі туындайды. Осыған байланысты кәсіпкерлік құқықтарды қорғау жүйесі күрделі әрі ұзақ рәсімдерге емес, керісінше, қолжетімді, жедел және нәтижеге бағдарланған құқықтық құралдар мен тетіктерге негізделуі тиіс [91].

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арналған құқықтық тәсілдердің жиынтығы ҚР Конституциясында, Азаматтық және Кәсіпкерлік кодекстерінде, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітілген кәсіпкерлік қызметтің құқықтық режимінің құрамдас элементі болып табылады. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың жекелеген тәсілдері дербес құқықтық институттар шеңберінде көрініс тауып, олардың нормалары кәсіпкерлік қызмет саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

ҚР кәсіпкерлік қызмет экономиканың маңызды әрі стратегиялық салаларының бірі ретінде танылады. Кәсіпкерліктің тұрақты және қолайлы дамуы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және оның тиімді жұмыс істеуінің негізгі алғышарттарының бірі болып табылады.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау тұрақты әрі ашық кәсіпкерлік ортаны қалыптастырудың іргелі алғышарттарының бірі болып табылады. Кәсіпкерлер үшін сот арқылы қорғау тетігі тек туындаған дауларды шешу құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар құқық бұзушылықтардың алдын алу, кәсіпкерлік қызметке жеке және заңды тұлғалар тарапынан, сондай-ақ мемлекеттік органдардың заңсыз араласуынан қорғау тәсілі ретінде де маңызды мәнге ие.

Дамушы құқықтық жүйеге ие мемлекет ретінде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын сот арқылы қорғауды тиімді қамтамасыз ету үдерісі бірқатар жүйелік және тәжірибелік қиындықтармен қатар жүреді. Осы зерттеу аясында аталған мәселелерді айқындау, олардың туындау себептерін талдау және кәсіпкерлердің құқықтарын соттық қорғауды жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу негізгі назарға алынады. Осы тұрғыда Қазақстандағы кәсіпкерлік құқықтарды сот арқылы қорғаудың басты ерекшеліктері мен мәселелік қырлары кешенді түрде қарастырылады.

Осы бөлім аясында ҚР-дағы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғаудың негізгі құқықтық және тәжірибелік қырлары талданып, қолданыстағы сот тәжірибесінің тиімділігі бағаланады.

Сот арқылы қорғау – бұзылған не даулы құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған юрисдикциялық нысан; оның мазмұны тұлғаның сотқа жүгінуі және сот актісі арқылы құқықтық нәтижеге қол жеткізуімен айқындалады.

Соттық қорғау жүйесінің негізгі әрі іргелі элементтерінің бірі соттардың және сот төрелігінің тәуелсіздігі қағидасы болып табылады. Аталған қағида кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдардың немесе өзге де билік субъектілерінің негізсіз араласуынан қорғаудың институционалдық кепілі ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі үздіксіз даму және жетілдіру үдерісінде болғанына қарамастан, кәсіпкерлердің сот органдарында өз құқықтарын іске асыру барысында бірқатар құқықтық және процессуалдық қиындықтарға тап болатынын да ескеру қажет.

Көрсетілгендей, кәсіпкерлік қызмет субъектілері өз құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған немесе дауға түскен жағдайда, оларды қорғау және қалпына келтіру, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында сотқа жүгіну құқығына ие. Бұл құқық азаматтық іс жүргізу заңнамасында айқындалып, тиісті рәсімдер арқылы іске асырылады. Сонымен бірге, ҚР Азаматтық процесілік кодексі және басқа да нормативтік құқықтық актілер егер белгілі бір санаттағы дауларды қараудың арнайы тәртібі белгіленбесе, соттар азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде бұзылған не даулы құқықтарды, бостандықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерді қорғауға қатысты істерді қарайтынын бекітеді.

Азаматтық құқықтарды қорғау нысандарының ішінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің ең кең таралған әрі әмбебап тәсілі ретінде сотқа жүгіну институты ерекшеленеді. Сот тәртібімен қорғау тетігі мемлекет тарапынан кепілдендірілетін құқықтық қорғаныс жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың тиімді құралдарының бірі ретінде көрініс табады.

Осы орайда О.Я. Белявскаяның сот арқылы қорғауды адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғаудың дербес әдісі ретінде сипаттап, оны арнайы уәкілетті органдар – соттар жүзеге асыратын мемлекеттің қызметінің өзіндік бағыты деп бағалауы орынды деп санаймыз [92].

Ұқсас көзқарасты Ю.О. Столярова да қолдай отырып, сот қорғау институтын қазіргі заманғы конституциялық кепілдіктер жүйесінің маңызды элементі ретінде айқындайды, ол тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын нақты іске асырудың институционалдық негізін құрайды [93]. Бұл тәсілдер сотқа жүгіну құқығын декларативтік нормадан нақты құқықтық нәтиже беретін рәсімдік механизм деңгейіне көтеретінін көрсетеді.

Сот арқылы қорғау жүйесінің іргелі алғышарттарының бірі соттардың және судьялардың тәуелсіздігі қағидасы болып табылады, бұл кәсіпкерлердің мүдделерін мемлекеттік органдардың немесе өзге де ықпал ету субъектілерінің заңсыз араласуынан қорғауға бағытталған институционалдық кепілдік ретінде көрініс табады. Алайда, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі үздіксіз жетілдіріліп отырғанына қарамастан, кәсіпкерлердің сот арқылы өз құқықтарын іске асыру барысында бірқатар тәжірибелік және институционалдық қиындықтарға тап болатынын да ескеру қажет.

Осындай тәсілдердің ішіндегі негізгі әрі әмбебап нысандарының бірі ретінде кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау институты танылады, ол осы зерттеу жұмысының басты талдау нысаны болып табылады.

Сот арқылы қорғау құқықтарды қамтамасыз етудің арнайы қалыптасқан және кең қолданылатын әмбебап тетігі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, құқық теориясында субъективті құқықтарды қорғау нысандары оларды жүзеге асыратын субъектінің құқықтық мәртебесіне байланысты сараланатыны атап өтіледі. Мәселен, М.К. Сүлейменов субъективті азаматтық құқықтарды қорғауды бірнеше негізгі нысанға бөледі: юрисдикциялық нысан (жалпы тәртіпте жүзеге асырылатын соттық қорғау), әкімшілік нысан (арнайы рәсімдер арқылы), сондай-ақ юрисдикциялық емес нысан ретінде құқықтарды өзін-өзі қорғау [94]. Бұл қатарға азаматтық құқықтарды, оның ішінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда қолданылатын медиация, төрелік сияқты балама тәсілдерді де жатқызуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, кейбір шетелдік құқықтық жүйелермен салыстырғанда, ҚР сот жүйесін реформалау мен дауларды шешудің баламалы әдістерін дамыту бағытында белгілі бір институционалдық қадамдар жасалып отырғанын атап өткен жөн.

Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды реттейтін негізгі ережелер ҚР Конституциясында (13-бап), ҚР АҚ (9-бап), ҚР КК (300-бап, 301-бап), ҚР АПК, сондай-ақ өзге де НҚА-да бекітілген.

ҚР КК-нің 300-бабына сәйкес, әрбір кәсіпкерлік қызмет субъектісіне өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғау құқығы кепілдендіріледі. Осыған байланысты кәсіпкерлер бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын не заңды мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Белгілі бір мемлекетте сот төрелігін жүзеге асырудың әртүрлі ұйымдық нысандарының қалыптасуы сот жүйесінің көпдеңгейлі әрі көпсалалы құрылымын туындатады. Мұндай даму, ең алдымен, соттардың жекелеген санаттағы дауларды қарауда терең мамандануымен, сондай-ақ дауларды олардың құқықтық табиғаты мен қоғам өміріндегі маңыздылығына қарай саралап бөлумен сипатталады. Бұл үрдіс экономикалық қатынастары дамыған және соған сәйкес құқықтық жүйесі қалыптасқан көптеген мемлекеттерге тән құбылыс болып табылады.

Осы тұрғыда В.Ф. Яковлевтің жалпы және мамандандырылған соттарды құруды жалпыеуропалық стандарттарға сәйкес келетін демократиялық сот жүйесін қалыптастырудың қажетті шарты ретінде бағалауы кездейсоқ емес [95]. Ғалымның пікірінше, судьялардың істердің жекелеген санаттары бойынша мамандануы мұндай даулардың жалпы юрисдикция соттарымен салыстырғанда кәсіби деңгейі анағұрлым жоғары соттарда қаралуына мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде сот төрелігінің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан, соттардың мамандануы тек институционалдық құрылыммен шектелмей, жекелеген судьялардың да нақты құқықтық қатынастар саласында арнайы білімге және практикалық тәжірибеге ие болуын талап етеді.

Осылайша, соттардың мамандануы туралы жалпыеуропалық көзқарастар Қазақстанда кәсіпкерлік дауларды сот арқылы қорғау тетіктерін дамыту қажеттігін теориялық тұрғыда негіздеп, сот төрелігінің тиімділігі мен болжамдылығын арттырудың алғышарты ретінде көрініс табады.

Кәсіпкерлік даулардың күрделілігі мен дәлелдемелік базасының ерекшелігі сот төрелігінің сапасын көбіне мамандану деңгейімен айқындайды, сондықтан кәсіпкерлер үшін сот арқылы қорғаудың басты өзегін мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрайды. Мамандандырылған соттарды құру туралы шешім елдің нарықтық экономикаға көшуімен тікелей байланысты болды. Нарықтық экономиканың қалыптасуы мен шаруашылық айналымының күрделенуі шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы дауларды қарауға мамандандырылған дербес сот құрылымдарын қалыптастыруды объективті түрде талап етті. Аталған кезеңде мемлекеттің түрлі салаларындағы құқықтық реттеу елеулі өзгерістерге ұшырап, соның аясында соттардың азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы маңызы айтарлықтай артты. Бұл үдеріс сотта қаралатын істердің мазмұны мен құрылымының күрделенуіне әкеліп, жекелеген құқық салалары бойынша арнайы білім мен терең кәсіби мамандануды талап ететін даулардың көбеюімен сипатталды. Тарихи тұрғыдан алғанда, мамандандырылған экономикалық соттардың қалыптасуы мен дамуы кездейсоқ құбылыс емес. Олардың пайда болуында бастапқыдан-ақ сот билігінің шетелдік және отандық инвесторлардың, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін неғұрлым тиімді қорғаудағы рөлін күшейтуге деген ұмтылыс жатқанын байқауға болады. Осылайша, мамандандырылған экономикалық соттардың институционалдық қалыптасуы бастапқы кезеңнен-ақ инвестициялық климатты қамтамасыз ету және кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын тиімді соттық қорғауға бағытталған мақсатты құқықтық саясаттың көрінісі болды.

Бұл жағдай судьялардан заңнаманың кең ауқымын ғана емес, сондай-ақ құқықтың нақты салаларының теориялық негіздерін және оларды қолданудың практикалық аспектілерін терең білуді қажет ететін күрделі құқық қолдану процесін қалыптастырды.

Осы тұрғыда заң шығарушы кәсіпкерлік қызметке байланысты дауларды қараудың тиімділігін арттыру мақсатында арнайы сот құрылымдарын қалыптастыруға назар аударды. Атап айтқанда, заңды тұлға құрмай қызмет ететін азаматтар (дара кәсіпкерлер), сондай-ақ заңды тұлғалар қатысатын мүліктік және мүліктік емес сипаттағы дауларды қарау үшін мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды. Мұндай соттардың енгізілуі кәсіпкерлік дауларды неғұрлым жедел әрі кәсіби деңгейде шешуге бағытталды. Экономикалық соттарды құру қажеттілігі мемлекеттік саясат деңгейінде де негізделген. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қарашадағы №95 Өкімі бұл бағыттағы нақты қадамдардың бірі ретінде шетелдік инвесторлар кеңесінің ұсынымдарын іске асыру шеңберінде экономикалық соттарды қалыптастырудың маңыздылығын айқындаған [96]. Осыған байланысты Алматы қаласында және Қарағанды облысында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құру туралы ҚР Президентінің 16 қаңтар 2001 жылғы № 535 Жарлығымен тәжірибелік-сынақ тәртібінде Алматы және Қарағанды қалаларында ауданаралық мамандандырылған экономикалық соттар құрылды [97]. 2001 жылы маусым айында өткен Қазақстан судьяларының үшінші съезінде Республика Тұңғыш Президенті мамандандырылған соттар жүйесін, ең алдымен экономикалық және әкімшілік соттарды кезең-кезеңімен қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажеттігін атап көрсетті. Бұл міндет сот төрелігінің тиімділігін арттыру және күрделі жария-құқықтық әрі экономикалық дауларды кәсіби деңгейде қарауды қамтамасыз ету мақсатымен байланысты қойылды. Байқап көру тәртібінде құрылған экономикалық соттардың 2001 жылғы қызмет нәтижелерін талдау олардың тиімділігін көрсетіп, республика аумағында, соның ішінде барлық облыстарда және Астана қаласында экономикалық соттарды құрудың мақсатқа сай екенін дәлелдеді. Осыған сәйкес, ҚР Президентінің 9 ақпан 2002 жылғы «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы» № 803 Жарлығына [98] сай Астана қаласында, сондай-ақ Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қолданыстағы заңнамаға сәйкес экономикалық дауларды қарауға уәкілетті мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың енгізілуі кәсіпкерлік қызмет субъектілері арасындағы дауларды қараудың өзіндік процессуалдық ерекшеліктерін қалыптастырумен қатар, олардың құзыретін нақты белгілеу қажеттігін туындатты. Бұл өз кезегінде экономикалық дауларды қараудың тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталды.

Қазіргі кезеңде экономикалық соттардың тұрақты қызметін қамтамасыз ететін құқықтық негіз біртіндеп қалыптасты. Атап айтқанда, ҚР Азаматтық іс жүргізу заңнамасы аясында жүргізілген өзгерістер мен толықтырулар

нәтижесінде аталған соттардың қарауына жататын істердің санаттары нақтыланып, олардың құзырет шегі айқындалды [99].

ҚР АПК мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың құзыреті арнайы айқындалған. Атап айтқанда, ҚР АПК-нің 27-б. сәйкес, Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, заңда өзге соттардың қарауына жатқызылған істерді қоспағанда, кәсіпкерлік қызмет субъектілері арасындағы дауларды қарауға құзыретті. Атап айтқанда, мұндай соттар тараптары дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес сипаттағы дауларды, сондай-ақ корпоративтік қатынастардан туындайтын дауларды қарайды және шешеді. Аталған бапта корпоративтік даулардың ауқымы егжей-тегжейлі айқындалып, заңды тұлғаны құру, қайта ұйымдастыру және тарату, акциялар мен қатысу үлестеріне құқықтарды жүзеге асыру, басқару органдарының шешімдеріне дау айту, мәмілелерді жарамсыз деп тану, залалдарды өтеу, бағалы қағаздар эмиссиясы және өзге де кәсіпкерлік қатынастардан туындайтын даулар экономикалық соттардың соттылығына жатқызылған.

Сонымен қатар, ҚР АПК-нің 27-бабының 1-1 және 1-2-бөлімдері экономикалық соттардың құзыретін банкроттық, оңалту, берешекті қайта құрылымдау, сондай-ақ инвестициялық даулар саласына дейін кеңейтіп, кәсіпкерлік қызметке байланысты күрделі және көпқырлы құқықтық қатынастарды қарауда олардың орталық институционалдық рөлін бекітеді.

ҚР Жоғарғы Сотының 2 қараша 2023 жылғы № 2 нормативтік қаулысының 2-т. сәйкес, оңалту және банкроттық рәсімдерін қолдану туралы істер, сондай-ақ осы рәсімдер шеңберінде туындайтын даулар облыстардың, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарында қаралады [100].

Осылайша, даулы құқықтық қатынастардың сипаты мен мазмұны, ең алдымен тараптардың субъектілік құрамы соттылықты айқындайтын негізгі өлшем ретінде қалыптасады. Сонымен қатар, заңнамада өзге соттардың соттылығына жатқызылған істердің бар екендігін де ескеру қажет. 27-баптың мазмұны мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарды кәсіпкерлік және корпоративтік дауларды қараудың кездейсоқ емес, заңнамалық тұрғыдан мақсатты түрде қалыптастырылған орталық юрисдикциялық институты ретінде бекітеді. Төменде талданатын № 3089, № 3000 және № 4287 істері субъектілік құрам мен даудың экономикалық табиғаты тұрғысынан дәл осы 27-бапта бекітілген соттылық өлшемдерінің тәжірибеде қалай іске асатынын көрсетуге мүмкіндік береді.

ҚР АПК-те экономикалық дауларды қараудың жалпы қағидаларымен қатар, кәсіпкерлер үшін маңызды процессуалдық кепілдіктер де бекітілген. Олардың қатарына тараптардың тең құқықтылығы мен жарыспалылығы, дәлелдемелерді ұсыну және зерттеу еркіндігі, істі ақылға қонымды мерзімде қарау қағидасы, сондай-ақ сот актілеріне шағымдану мүмкіндігі жатады. Аталған кепілдіктер кәсіпкерлердің сот арқылы құқықтарын қорғаудың

тиімділігін арттыруға және сот төрелігінің болжамдылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар, процестік нормалар экономикалық соттарда істерді қараудың кәсіби сипатын күшейтуге бағдарланған. Судьялардың экономикалық және кәсіпкерлік дауларға мамандануы, дәлелдеу стандарттарының айқындығы және процестік тәртіптің регламенттелуі кәсіпкерлер үшін сотқа жүгінудің тәуекелдерін төмендетіп, құқықтық айқындықты арттыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Азаматтық процестік кодексі нормалары экономикалық соттардың негізгі мақсатын нақты процессуалдық мазмұнмен толықтырады.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар уақыт өте келе өздеріне жүктелген міндеттерді жалпы алғанда тиімді орындап келе жатқанын көрсетіп отыр. Олардың тар бейінді сипаты судьяларға өзге санаттағы істерге алаңдамай, экономикалық даулардың мәні мен құқықтық ерекшеліктерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Мұндай мамандану сот тәжірибесінің сапасына да оң ықпалын тигізіп, республика деңгейінде экономикалық дауларды қарау барысында қабылданатын шешімдердің негізділігі мен бірізділігін арттыруға жағдай жасайды.

Алайда институционалдық мамандану өздігінен сапа кепілі емес: істер ағынының өсуі, судьялардың салалық құзыреттерінің әркелкілігі және процессуалдық менеджменттің әлсіздігі істі қарау мерзіміне де, құқық қолдану бірізділігіне де әсер етуі мүмкін. Сондықтан тиімділікті бағалау тек сандық көрсеткіштермен емес, тәжірибедегі дәлелдеу стандарттары мен болжамдылық деңгейі арқылы өлшенуі тиіс.

Экономикалық соттарды құру ҚР-да мамандандырылған соттар жүйесін қалыптастыру жолындағы алғашқы қадам және сот мамандануы қағидасын орнықтырудың негізі болды. Осыған байланысты қазіргі кезеңде аталған соттар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыруында айрықша рөл атқарады, өйткені олардың қалыптасу тарихы, қазіргі қызметі және болашақ даму бағыттары экономиканың және әлеуметтік өмірдің стратегиялық мақсаттарымен тікелей байланысты.

Жоғарғы Соттың 2011–2018 жылдар қорытындылары бойынша арнайы (мамандандырылған) соттардың қызметін талдау олардың істерді қарау және шешу сапасының артқанын көрсетеді. Мамандандырылған соттардың жұмысына қатысты статистикалық деректер бұл соттарға түсетін істер санының ұлғайғанын да растайды. Атап айтқанда, екі республикалық қаладағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың 2016–2018 жылдардағы көрсеткіштерін қарастырсақ, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2016 жылы 7 778 іс (өтініш), 2017 жылы 8 415, 2018 жылы 10 389 іс түскен. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында да ұқсас динамика байқалады: 2016 жылы 6 653 іс (өтініш), 2017 жылы 8 043, 2018 жылы 8 700 іс тіркелген [101].

Сонымен қатар, халықаралық рейтингтік көрсеткіштер бойынша Қазақстан бірқатар посткеңестік елдерден (Ресей, Молдова, Қырғызстан, Тәжікстан) озып, бизнес жүргізудің жеңілдігі рейтингінде 28-орынға ие болғаны көрсетіледі. Шарттардың орындалуын қамтамасыз ету индикаторы бойынша (коммерциялық дауды шешуге кететін уақыт пен қаржылық шығындар, сондай-ақ сот өндірісінің сапасы өлшенетін көрсеткіш) Қазақстан 6-орыннан 4-орынға көтерілген. Дегенмен аталған индикаторлар, сондай-ақ 2018 жылы заң үстемдігі бойынша 65-орын және экономикалық бәсекеге қабілеттілік бойынша 59-орын сияқты көрсеткіштер мамандандырылған соттарға халықтың сенім деңгейін толық әрі тікелей айқындауға жеткіліксіз екені атап өтіледі [102].

Осылайша, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың қызметін сипаттайтын оң статистикалық көрсеткіштер сот төрелігінің сандық тиімділігін айғақтағанымен, олар кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың сапалық қырларын толық ашып бере алмайды. Осыған байланысты біз сандық көрсеткіштерді экономикалық соттардың тиімділігін бағалаудың жеткілікті шарты ретінде қарастыру дұрыс емес деп есептейміз. Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың нақты деңгейі сот шешімдерінің мазмұны, дәлелдемелерді бағалау тәсілдері және тараптардың процессуалдық мінез-құлқына берілген құқықтық баға арқылы ғана айқындалады. Бұл мән-жай сот тәжірибесін тек сандық емес, мазмұндық және процессуалдық өлшемдер тұрғысынан талдаудың қажеттігін негіздейді.

Сонымен бірге, экономикалық соттардың қызметінде белгілі бір жүйелік мәселелер де орын алуда, олардың ішіндегі өзектілерінің бірі — соттылықты айқындауға қатысты қиындықтар. Қолданыстағы сот тәжірибесіне сәйкес, экономикалық дауды мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың қарауы үшін дау кәсіпкерлік қызмет субъектілері арасында немесе кәсіпкер мен ұйым арасында туындауы қажет. Егер дауға кемінде бір тарап ретінде кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға қатысса, мұндай іс экономикалық соттың соттылығына жатпайды және аумақтылығы бойынша аудандық сотқа беріледі.

Бұл тәртіп іс жүргізу барысында уақыт шығындарының артуына, материалдарды бір соттан екіншісіне беру қажеттілігіне және қосымша әкімшілік кедергілердің туындауына алып келеді, нәтижесінде кәсіпкерлердің сот арқылы құқықтарын қорғаудың жеделдігі мен тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Осы процессуалдық және институционалдық алғышарттардың нақты іске асырылу деңгейі экономикалық соттардың құқық қолдану тәжірибесін талдау арқылы айқындалады. Осыған байланысты төменде мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың жекелеген сот шешімдері негізінде кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың тәжірибелік қырлары қарастырылады. Таңдап алынған істер кәсіпкерлік қатынастардың әртүрлі түрлерін — мәміленің жарамдылығын, шарттық міндеттемелерді орындауды және жауапкершілік шараларын қолдануды — қамти отырып, соттардың құқық қолданудағы тәсілдерін кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Төмендегі істер кәсіпкерлік дауларда соттардың қандай құқық қолдану модельдерін басым қолданатынын анықтауға бағытталған.

Мәміленің жарамдылығына байланысты кәсіпкерлік дауларды қарау тәжірибесін талдау мақсатында Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 3514-25-00-2/3089 азаматтық ісі назарға алынды [103].

Аталған іс бойынша талапкер ретінде «Т» ЖШС, ал жауапкер ретінде «N университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы танылған. Дау кәсіпкерлік қызмет шеңберінде жасалған азаматтық-құқықтық шартқа қатысты туындап, мүліктік сипатқа ие болған.

Талапкер сотқа 2022 жылғы 25 тамызда жасалған № 19.4ю/1074-22 ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шартты жарамсыз деп тану туралы талап арызбен жүгінген. Талап қоюдың негізгі уәжі ретінде шарттың талапкердің еркін білдіруінсіз жасалғаны, сондай-ақ мәміленің шынайы құқықтық салдар туындатуға бағытталмағаны көрсетілген.

Талапкердің пайымдауынша, даулы шартқа қол қойған тұлға -А. - шарт жасалған кезеңде «Т» ЖШС-нің заңды атқарушы органы болып табылмаған және серіктестіктің атынан мәміле жасауға тиісті өкілеттігі болмаған. Бұл мән-жай талапкер тарапынан мәміле жасасуға еркін әрі саналы түрде келісім берілмегенін дәлелдейтін негізгі фактор ретінде көрсетілген.

Талапты негіздеу үшін талапкер сотқа келесі дәлелдемелерді ұсынған:

- шарттың мәтінін;
- шартқа қол қойған тұлғаның құқықтық мәртебесіне қатысты алдыңғы сот актілерін;
- заңды күшіне енген шешімдермен расталған корпоративтік басқаруға байланысты құжаттарды;
- сондай-ақ шарт бойынша төлемдердің талапкер емес, үшінші тұлға тарапынан жүзеге асырылғанын дәлелдейтін төлем құжаттарын ұсынған.

Атап айтқанда, сотта зерттелген дәлелдемелер бойынша шарт бойынша ақшалай төлемдерді «Т» ЖШС емес, өзге заңды тұлға — «Обуховский горно-обогатительный комбинат» ЖШС жүзеге асырғаны анықталған. Бұл жағдай ҚР АҚ 683-бабында көзделген ақылы қызмет көрсету шартының диспозициясына сәйкес келмей, талапкердің пікірінше, мәміленің жалған сипатта болғанын айқындайды [104].

Сонымен қатар, талапкер шарт бойынша білім алған тұлғаның «Т» ЖШС-мен еңбек қатынастарында болмағанын және талапкер тарапынан мұндай қызмет көрсетуге тапсырыс берілмегенін алға тартқан. Осы мән-жайлар жиынтығы талапкердің мәмілені ҚР АҚ 157, 158 және 160-баптарына сәйкес жарамсыз деп тану туралы талабын негіздеу үшін пайдаланылған.

Осылайша, аталған іс бойынша талаптың негізі корпоративтік басқарудағы заңсыздықтармен, мәміле тараптарының еркін білдіруінің болмауымен және шарттың нақты экономикалық мазмұны мен оның құқықтық

рәсімделуі арасындағы қайшылықтармен байланысты қалыптасқанын көрсетеді.

Егер аталған істе сот даудың өзегін мәміле еркін білдіруі мен өкілеттілік мәселелері арқылы айқындаса, келесі іс шартты орындаудың сапасына байланысты дау туған жағдайда кәсіпкердің қорғау тәсілін дұрыс таңдауы мен дәлелдемелік міндетті орындауы шешуші мәнге ие болатынын көрсетеді.

Шартты орындау барысында туындайтын сапаға қатысты дауларда кәсіпкердің құқықтарын қорғау ерекшеліктерін айқындау үшін Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 2 қазандағы № 3514-25-00-2/3000 азаматтық ісі қарастырылды [105].

Аталған іс бойынша талапкер ретінде «М Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ал жауапкер ретінде «М-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі танылған. Дау кәсіпкерлік қызмет шеңберінде жасалған сатып алу-сату шартына байланысты туындап, мүліктік сипатқа ие болған.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 2 мамырда тараптар арасында № 632 сатып алу-сату шарты жасалып, оның пәні ретінде навесное жабдықтары бар AOLITE BL105-25 маркалы экскаватор-тиегіш көрсетілген. Шарттың жалпы құны 29 182 000 теңгені құраған. Талапкер шартта көзделген ақшалай соманы толық көлемде төлеп, техника 2024 жылғы 3 мамырда акт бойынша қабылданған.

Талапкер сотқа шартты бұзу және төленген соманы өндіріп алу туралы талап арызбен жүгініп, талапты жеткізілген техниканың сапасыздығымен және пайдалану барысында тұрақты ақаулардың орын алуымен негіздеген. Атап айтқанда, талапкер экскаватордың пайдалануға берілгеннен кейін қысқа мерзім ішінде бірнеше рет істен шыққанын, соның салдарынан кәсіпкерлік қызметке елеулі кедергі келтірілгенін алға тартқан.

Жауапкер талапты мойындамай, өз позициясын шарт бойынша міндеттемелердің толық әрі тиісінше орындалғанымен негіздеген. Оның пікірінше, техника қабылдау-тапсыру актісінде техникалық тұрғыдан жарамды деп танылған, ал кейін туындаған ақаулар кепілдік қызмет көрсету шеңберінде жойылған. Сонымен қатар, жауапкер талапкерге бірнеше рет техниканы жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты баламалы ұсыныстар жасағанын көрсеткен.

Сот істі қарау барысында тараптар арасындағы шарттық қатынастарды, ұсынылған дәлелдемелерді, кепілдік жөндеу құжаттарын, тараптардың өзара хат алмасуын және Азаматтық кодекстің сатып алу-сату шартына қатысты нормаларын жан-жақты зерттеген. Сот, әсіресе, талапкердің ҚР АҚ-нің 428-б. көзделген құқықтарын нақты іске асыру тәсілін таңдаған-таңдамағанына назар аударған.

Соттың пайымдауынша, талапкер техниканың кемшіліктері анықталған кезде шартты біржақты бұзу жолын емес, сатушы тарапынан кемшіліктерді жоюды қабылдаған, яғни өз әрекеттерімен тауардың кемшіліктерін жою тәсілін таңдаған. Сонымен қатар, талапкер тауар кемшіліктерінің тауарды беру сәтіне

дейін болғанын немесе сатушының кінәсінен туындағанын дәлелдейтін тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Осы мән-жайларды ескере отырып, сот сатып алу-сату шартын бұзу және төленген соманы қайтару туралы талаптарды қанағаттандыруға құқықтық негіздер жоқ деген қорытындыға келген. Нәтижесінде талапкердің талап арызы толық көлемде қанағаттандырылмай қалдырылған.

Осы іс шеңберінде сот кәсіпкердің шарттан туындайтын құқықтарын іске асыру тәсілін таңдаудағы мінез-құлқына, сондай-ақ дәлелдемелік жүктемені тиісінше орындау қажеттілігіне назар аударып, кәсіпкерлік тәуекел қағидасын айқын көрсеткен.

Сапа дауларында сот кәсіпкердің әрекеті арқылы қалыптасқан құқықтық позициясын және дәлелдемелердің жеткіліктілігін алдыңғы қатарға шығарса, міндеттемені мерзімінде орындамауға қатысты дауларда соттың назары көбіне жауапкершілік мөлшерін есептеу стандартына, шартты түсіндіру тәсілдеріне және пропорционалдық қағидасына ауысады.

Міндеттемелерді орындау мерзімін бұзуға байланысты шарттық жауапкершілікті қолдану тәжірибесін талдау мақсатында Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 19 қарашадағы № 3514-25-00-2/4287 азаматтық ісі қарастырылды [106].

Аталған іс бойынша талапкер ретінде «K Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ал жауапкер ретінде «M 5» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі танылған. Дау кәсіпкерлік қызмет аясында жасалған тауар жеткізу шартының орындалуына байланысты туындап, мүліктік сипатқа ие болған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында 16 қаңтар 2024 жылы № P2100009325 тауар жеткізу шарты жасалып, оның шеңберінде жауапкер талапкерге дизель отынын жеткізуге міндеттенген. Шартқа қосымша спецификацияларға сәйкес жеткізу мерзімі тапсырыс алынған сәттен бастап 5 күн болып белгіленген.

Талапкер сотқа жеткізу мерзімін бұзуға байланысты шарттық айыппұлды өндіру туралы талап арызбен жүгініп, жауапкердің тауарды 3 күнге кешіктіріп жеткізгенін алға тартқан. Осыған байланысты талапкер шартта көзделген 1 % мөлшеріндегі күнделікті айыппұлды есептеп, оны өндіріп алуды сұраған.

Жауапкер талапты ішінара мойындап, алайда айыппұл есептеу кезеңімен келіспейтінін білдірген.

Істі қарау барысында сот тараптар ұсынған дәлелдемелерді, шарт талаптарын, электрондық хат алмасуды, жеткізу құжаттарын және ҚР АҚ міндеттемелерді орындау (ҚР АҚ 272-277-баптар), тауар жеткізу (ҚР АҚ 458–466-баптар) және жауапкершілік (ҚР АҚ 349–359-баптар) туралы нормаларын жан-жақты зерттеген.

Сот шартты сөзбе-сөз және жүйелі түсіндіру қағидаларын басшылыққа ала отырып, жеткізу мерзімінің бұзылғанын растағанымен, талапкер көрсеткен тұрақсыздық айыбын (ҚР АҚ 293-298-баптар) есептеу тәсілін дұрыс емес деп

таныған. Нәтижесінде сот нақты 3 күндік кешігу кезеңін ескере отырып, айыппұл мөлшерін 383 510 теңге деп айқындаған.

Осы мән-жайларды ескере отырып, сот талапты ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдап, жауапкерден талапкердің пайдасына айыппұл мен мемлекеттік бажды өндірген.

Осылайша, келтірілген сот істерін талдау мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауда процестік талаптарды ғана емес, тараптардың нақты мінез-құлқын, дәлелдемелерді ұсыну белсенділігін және шарттан туындайтын құқықтарды іске асыру тәсілін кешенді түрде бағалайтынын көрсетеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарда қаралатын істерді саралау барысында кәсіпкерлердің өз құқықтарын сот арқылы қорғау процесінде бірқатар жүйелік мәселелерге тап болатыны анықталды. Солардың бірі - сот процестерінің ұзақтығы. Экономикалық дауларды қараудың орташа мерзімінің ақылға қонымды уақыт шегінен асып кетуі кәсіпкерлер үшін қосымша қаржылық және ұйымдастырушылық шығындардың туындауына әкеледі.

Сот тәжірибесі кәсіпкерлер үшін шарттық қатынастарда құқықтарды қорғаудың тиімділігі көбіне талап қою стратегиясының дұрыстығына, дәлелдемелік жүктемені тиісінше орындауға және таңдалған құқықтық қорғау тәсілінің уақтылығына байланысты екенін айқындайды. Бұл жағдай кәсіпкерлік тәуекел қағидасының сот төрелігінде нақты мазмұнмен толығып, кәсіпкерлердің құқықтық мінез-құлқына тікелей ықпал ететінін көрсетеді.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау тәжірибесін жүйелі талдау нәтижелері төмендегі кестеде жинақталып көрсетілген.

Кесте 2- Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәжірибесі (таңдамалы істер негізінде)

№	Сот ісі	Даудың негізгі мәселесі	Соттың құқықтық позициясы	Ғылыми-теориялық мәні
1	2	3	4	5
1	Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 3514-25-00-2/3089 ісі	Кәсіпкерлік шарттың жарамдылығы; өкілеттігі жоқ тұлғаның мәміле жасауы; тараптардың еркін білдіруінің болмауы	Сот мәміленің формальді белгілерін ғана емес, оның нақты экономикалық мазмұнын, шартты орындау тәртібін және тараптардың нақты мінез-құлқын бағалаудың маңызын көрсетті	Мәміленің жарамдылығын бағалауда кәсіпкерлік қатынастарда еркін білдіру, өкілеттілік және экономикалық шынайылық қағидаларының басымдығын айқындайды

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2	Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 2 қазандағы № 3514-25-00-2/3000 ісі	Сапасыз тауар жеткізу; шартты бұзу және төленген соманы қайтару; құқықты қорғау тәсілін таңдау	Сот талапкердің тауар кемшіліктері анықталған сәтте шартты бұзу емес, кемшіліктерді жоюды таңдағанын ескеріп, кейінгі талапты қанағаттандыруда н бас тартты	Кәсіпкердің қорғау тәсілін таңдаудағы мінез-құлқы мен дәлелдемелік жүктемені орындау сот арқылы қорғаудың нәтижесіне тікелей әсер ететінін көрсетеді
3	Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 19 қарашадағы № 3514-25-00-2/4287 ісі	Тауар жеткізу мерзімін бұзу; шарттық айыппұлды есептеу тәртібі	Сот жеткізу мерзімінің бұзылғанын растағанымен, айыппұлды есептеуде пропорционалдық қағидасын қолдана отырып, талапты ішінара қанағаттандырды	Шарттық жауапкершілікті қолдануда әділдік, пропорционалдық және сөзбе-сөз әрі жүйелі түсіндіру қағидаларының сот тәжірибесіне орныққанын дәлелдейді

Біздің пайымдауымызша, аталған істер экономикалық соттардың кәсіпкерлік дауларда құқықты тану емес, құқықты процессуалдық түрде дәлелдеп іске асыру үлгісін басым қолданатынын көрсетеді.

Жоғарыда талданған сот істері негізінде мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда формальді құқықтық нормаларды қолданумен шектелмей, тараптардың нақты мінез-құлқын, шарттан туындайтын құқықтарды іске асыру тәсілін және дәлелдемелік белсенділігін кешенді түрде бағалайтыны айқындалады. Бұл жағдай сот арқылы қорғауды тек декларативтік құқық ретінде емес, нақты процессуалдық әрекеттер арқылы іске асырылатын құқықтық механизм ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғаудың нақты тиімділігі соттардың мамандануымен қатар, талап қою стратегиясының сапасы, дәлелдемелік белсенділік және соттың пропорционалдыққа негізделген құқық қолдану стандарты түйісетін процессуалдық экожүйемен айқындалады

Аталған тәжірибеден байқалатыны, кәсіпкерлер үшін сот арқылы қорғаудың нәтижелілігі көп жағдайда талап қоюдың мазмұнына емес, таңдалған құқықтық қорғау тәсілінің уақтылығына және дәйектілігіне байланысты. Мәселен, сатып алу-сату шартынан туындаған дауларда соттар кәсіпкердің шартта көзделген балама құқықтарды қалай пайдаланғанын, оның

ішінде кемшіліктерді жоюды талап ету, шартты бұзу немесе айыппұл өндіріп алу сияқты тәсілдердің қайсысы нақты таңдалғанын және ол таңдау тараптың кейінгі талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін ескереді. Бұл сот тәжірибесі диспозитивтілік қағидасының кәсіпкерлік дауларда нақты мазмұнмен толығып, тараптың өз әрекеттері арқылы құқықтық позициясын қалыптастыратынын көрсетеді.

Сонымен қатар, талданған істер дәлелдемелік жүктеменің кәсіпкерлер үшін ерекше маңызға ие екенін айқындайды. Экономикалық соттарда талапкер өз талаптарының негізділігін тек шарт талаптарына сілтеме жасау арқылы емес, тауар кемшіліктерінің немесе міндеттемелерді бұзудың нақты сәтін, себептерін және салдарын дәлелдеуі тиіс. Бұл ретте соттар дәлелдемелерді жинау мен ұсыну бастамасының тараптарға тиесілі екенін қатаң сақтайды, ал дәлелдемелердің жеткіліксіздігі талаптың қанағаттандырылмауына алып келуі мүмкін. Осылайша, кәсіпкерлік тәуекел қағидасы сот төрелігінде дәлелдемелік тәуекел арқылы нақты көрініс табады.

Айыппұлдар мен шарттық жауапкершілікке қатысты дауларды қарау барысында соттардың пропорционалдық және әділдік қағидаларын басшылыққа алуы ерекше назар аудартады. Соттар шартта көзделген жауапкершілік мөлшерін автоматты түрде қолданбай, оның нақты бұзушылыққа сәйкестігін, мерзімнің ұзақтығын және тараптардың мінез-құлқын бағалай отырып, талаптарды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды. Бұл тәсіл кәсіпкерлер үшін шарттық жауапкершіліктің алдын ала есептелетін, бірақ сонымен бірге соттық бақылауға бағынатын құқықтық құрал екенін көрсетеді.

Сонымен бірге, талданған тәжірибе кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың белгілі бір шектеулерін де айқындайды. Дауларды қараудың ұзақтығы, процестік шығындар, дәлелдемелерді жинаудың күрделілігі және шешімнің орындалуына байланысты тәуекелдер сотқа жүгінуді әрдайым ең тиімді қорғау тәсілі ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейді. Бұл әсіресе шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін өзекті болып табылады, себебі олардың ресурстық мүмкіндіктері ірі контрагенттермен салыстырғанда шектеулі болуы мүмкін.

Осы мәселелер кәсіпкерлік ортада сот тәжірибесінің қабылдануына да тікелей әсер етеді, бұл құқықтық блогтар мен практикалық сараптамалық жарияланымдарда көрініс табады.

Кәсіпкерлердің коммерциялық даулар бойынша сот тәжірибесін қабылдауы көбіне кәсіби-құқықтық емес, қолданбалы-тәжірибелік сипаттағы дереккөздер арқылы қалыптасатынын құқықтық блогтар мен сараптамалық жарияланымдар да көрсетеді. Мәселен, Қазақстандық заңгерлік қауымдастықта кең таралған Femida Justice құқықтық блогында коммерциялық даулар бойынша жарияланған шолуда шарттық міндеттемелерді бұзу, берешекті өндіріп алу, корпоративтік келіспеушіліктер және жеткізу мерзімдерін сақтамау сияқты даулардың кәсіпкерлік ортада ең жиі кездесетіні атап өтіледі. Мұндай

жарияланымдарда соттардың, әдетте, шарт талаптарының анықтығына, дәлелдемелердің толықтығына және тараптардың процесік тәртібін сақтауға ерекше мән беретіні көрсетіледі. Бұл деректер ғылыми сот тәжірибесін алмастырмайды, алайда кәсіпкерлердің сот арқылы қорғау тетіктерін қалай қабылдайтынын және қандай тәуекелдерді басым деп санайтынын айқындауға мүмкіндік береді [107].

Сонымен қатар, ТМД мүше елдерде жүргізілген бірқатар зерттеулерде кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығы факторына ерекше назар аударылатынын атап өткен жөн. Аталған жұмыстарда кәсіпкерлердің өз құқықтарын және оларды қорғаудың құқықтық тетіктерін жеткілікті деңгейде бағаламауы тиімді сот қорғауын жүзеге асыруға кедергі келтіретін негізгі себептердің бірі ретінде көрсетіледі. Қазақстан бойынша жүргізілген зерттеулерде де осы үрдіс байқалады: авторлардың пікірінше, кәсіпкерлердің сотқа көбіне тек соңғы шара ретінде жүгінуі, алдын ала құқықтық стратегияның болмауы олардың процессуалдық жағдайын әлсіретіп, дауды тиімді шешу мүмкіндігін төмендетеді. Сонымен қатар, көптеген салыстырмалы зерттеулерде соттардың шамадан тыс жүктелуі ТМД елдеріндегі сот жүйесінің жүйелік проблемасы ретінде танылады. Экономикалық дауларды қараудың ұзаққа созылуы кәсіпкерлер үшін қосымша қаржылық шығындарға әкеліп қана қоймай, сот жүйесіне деген сенім деңгейін төмендетеді. Әдеби дереккөздерде сот шешімдерін орындаудағы қиындықтар, істерді қараудың ұзақ мерзімдері және процесік кідірістер ТМД елдерінің көпшілігіне ортақ құбылыс екені көрсетіледі. Дегенмен, аталған мәселелер тек судьялар санын арттыру болмаса, сот инфрақұрылымын кеңейту арқылы шешу жеткіліксіз деген ұстаным басым. Сонымен қатар, дауларды реттеудің баламалы тетіктерін кеңінен қолдану соттарға түсетін жүктемені жеңілдетудің және кәсіпкерлік дауларды неғұрлым жедел қарауды қамтамасыз етудің тиімді жолдарының бірі ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан алғанда, дауларды шешудің балама тетіктері белсенді дамып келе жатқан Қазақстан Республикасының тәжірибесі мұндай құралдарды қолдану кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау процесін жеделдетуге және сот жүйесінің тиімділігін арттыруға нақты ықпал ете алатынын растайды.

Субъективті азаматтық құқықтарды қорғау тетіктерін жетілдіру мақсатында Қазақстанда азаматтық сот ісін жүргізуді кезең-кезеңімен жаңғырту үрдісі жүзеге асырылып келеді. Бұл ретте сот қызметіне цифрлық технологияларды енгізу және электрондық сот төрелігін дамыту құқықтарды қорғаудың қолжетімділігі мен жеделдігін арттыруға оң әсерін тигізуде. Аталған өзгерістердің құқықтық негізі ретінде Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 10 маусымдағы №342-VI Заңы қабылданып, оның аясында соттардың жұмысын заманауи форматқа көшіру, артық рәсімдер мен шығындарды қысқарту бағытында бірқатар маңызды түзетулер енгізілді. [108]. Кәсіпкерлік қызмет аясында туындайтын, әсіресе мүліктік сипаттағы азаматтық-құқықтық дауларды жедел әрі тиімді қарау қажеттілігі ескерілгенде, жүргізілген

заңнамалық жаңартулардың маңызы айқын көрінеді. Бұл өзгерістер сот отырыстарында техникалық құралдарды кеңінен қолдануға, сонымен қатар тараптардың теңдігі мен соттың бейтараптығы қағидаларын сақтай отырып, процестік үнемділікті қамтамасыз етуге бағытталған [109].

Осы орайда, Қазақстан Республикасындағы сот төрелігінің жай-күйі мен азаматтық құқықтарды қорғаудың тиімділігіне қатысты сындарлы пікірлердің қалыптасуына ықпал еткен факторлардың бірі сот ісін қараудың ұзаққа созылуы болып табылады. Аталған мәселе азаматтық сот ісін жүргізуді оңтайландыруға бағытталған бірқатар заңнамалық өзгерістерге қарамастан, толықтай шешімін тапқан жоқ.

Атап айтқанда, ҚР АПК-не соттардың қызметін заманауи форматтарға бейімдеу, артық рәсімдер мен процестік шығындарды қысқарту мақсатында енгізілген 10 маусым 2020 жылғы № 342-VI ҚРЗ көзделген өзгерістер (ҚР АПК-нің 150-бабы) азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғаудың жеделдігіне қатысты бірқатар даулы салдарларға алып келді.

С.К. Идрышева еңбектерінде көрсетілгендей, татуластыру рәсімдерінің қолданылу мерзімін бұрынғы 5 күннен 10 жұмыс күніне дейін ұлғайту, сондай-ақ талап қоюды қабылдау туралы ұйғарымды тек осы рәсімдер нәтиже бермегеннен кейін ғана шығару тәртібін енгізу сотқа жүгіну үдерісінің ұзақтығына ықпал ететін фактор ретінде бағаланады. Бұл өзгерістердің мақсаты дауларды сотқа дейін реттеуді ынталандыру болғанымен, іс жүзінде олар белгілі бір дәрежеде процестің созылуына әкелуі мүмкін. Талдау тұрғысынан алғанда, мұндай құқықтық реттеу екіұшты әсерге ие. Бір жағынан, татуластыру рәсімдерін кеңейту дауларды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік беріп, сот жүктемесін азайтуға бағытталған. Екінші жағынан, бұл рәсімдердің міндетті сипат алуы және олардың мерзімдерінің ұзаруы сотқа жүгінудің жеделдігін төмендетіп, әсіресе жедел құқықтық қорғауды қажет ететін жағдайларда тиімсіздік туындатуы ықтимал. Осыған байланысты, мұндай регламенттеу сот төрелігінің қолжетімділігі мен жеделдігі қағидаларының толық іске асырылуына белгілі бір деңгейде кедергі келтіруі мүмкін, сондай-ақ сот жүйесіне деген сенімге де жанама түрде әсер етуі ықтимал деген қорытынды жасауға болады [110].

Осы мәселені салыстырмалы-құқықтық қырынан қарау сотқа дейінгі және сот ішіндегі татуластыру рәсімдерінің процессуалдық ұйымдастырылуы сот төрелігінің жеделдігіне тікелей ықпал ететінін көрсетеді. Бұл тұжырым 1-тарауда жүргізілген Германия мен Франция тәжірибесін талдау нәтижелерімен расталады. Атап айтқанда, теориялық бөлімде көрсетілгендей, Германияда татуластыру рәсімдері, әдетте, сот өндірісін бастауға кедергі келтіретін дербес кезең ретінде емес, істі қараудың бастапқы сатысында судьяның белсенді рөлі арқылы іске асырылады. Мұндай тәсіл тараптарды бітімге келуге ынталандыра отырып, істі қараудың жалпы мерзімін жасанды түрде ұзартпауға мүмкіндік береді. Франция тәжірибесінде де белгілі бір санаттағы істер бойынша татуластыру немесе медиация рәсімдері көзделгенімен, заңнама сот қорғауына

қол жеткізуді шектемейтін икемді модельді ұстанады. Бұл тұрғыда татуластыру рәсімдерінің тиімсіздігі сотқа тікелей жүгінуге кедергі келтірмейді, бұл сот төрелігінің қолжетімділігі қағидасымен үйлеседі. Осылайша, 1.3 бөлімінде жасалған салыстырмалы-құқықтық қорытындылар Қазақстан Республикасында татуластыру рәсімдерін қолдану мерзімдері мен тәртібін қайта қараудың ғылыми және тәжірибелік өзектілігін негіздей түседі.

Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың тиімділігіне сот актілерін орындау сатысындағы проблемалар да елеулі ықпал етеді. Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, жекелеген жағдайларда кәсіпкерлердің пайдасына қабылданған сот актілері дер кезінде орындалмайды немесе оларды орындау барысында әртүрлі әкімшілік тосқауылдар туындайды. Мұндай жағдайлар сот арқылы қорғаудың нақты нәтижелілігін әлсіретіп, кәсіпкерлердің өз құқықтарын іс жүзінде толық жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектейді.

Ильясова Г.А. мен Асетова Г.Б. өз еңбектерінде тағы бір өзекті мәселені кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының жеткіліксіз деңгейімен байланыстырады. Көптеген кәсіпкерлік қызмет субъектілері өздерінің құқықтары мен оларды қорғау тәсілдерін толық көлемде білмеуі салдарынан мемлекеттік органдардың немесе өзге тұлғалардың құқық бұзушылықтарына уақтылы және тиімді қарсы тұра алмайды. Бұл фактор сот арқылы қорғау механизмдерін пайдаланудың белсенділігі мен сапасына тікелей әсер етеді. Сонымен бірге, соттардың шамадан тыс жүктемесі де кәсіпкерлік дауларды қараудың тиімділігіне теріс ықпал ететін жүйелік факторлардың бірі болып табылады. Соттарда істердің көп шоғырлануы сот талқылауының сапасын төмендетіп, процестің ұзаққа созылуына әкелуі мүмкін. Жүргізілген бақылаулар мен талдаулар аталған мәселелердің жүйелі сипатқа ие екенін көрсетіп, оларды шешу сот жүйесін институционалдық тұрғыдан жетілдірумен қатар, кәсіпкерлерге арналған құқықтық ағарту және білім беру бағдарламаларын дамытуға бағытталған кешенді тәсілді талап ететінін айқындайды [111].

Осылайша, жүргізілген кешенді талдау кәсіпкерлердің құқықтарын сот тәртібімен қорғау Қазақстан Республикасында нормативтік және институционалдық тұрғыдан орныққанымен, оның нақты нәтижелілігі бірқатар факторларға тікелей тәуелді екенін көрсетеді. Атап айтқанда, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар кәсіпкерлік дауларды қарауда формальді құқық қолданумен шектелмей, тараптардың нақты мінез-құлқын, дәлелдемелік белсенділігін және шарттан туындайтын құқықтарды іске асыру тәсілдерін кешенді түрде бағалайды. Біздің пайымдауымызша, бұл сот арқылы қорғауды кәсіпкерлер үшін тек құқықтық кепілдік ретінде емес, сонымен қатар саналы процессуалдық стратегияны, дәлелдемелерді уақтылы жинауды және тәуекелдерді басқаруды талап ететін күрделі құқықтық механизм ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сот процестерінің ұзақтығы, соттылықты айқындаудағы қиындықтар, дәлелдемелік

жүктеменің ауырлығы және сот актілерін орындау сатысындағы кедергілер кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың тиімділігін шектейтін жүйелік факторлар ретінде көрініс табады.

Осы бөлімде айқындалған жүйелік және процессуалдық қиындықтар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда сот тәртібінің әмбебап әрі жалғыз тиімді құрал емес екенін көрсетеді. Осыған байланысты сот арқылы қорғауды толықтыратын, оның жүктемесін азайтатын құқықтық тетіктердің рөлін талдауды қажет деп санаймыз. Осындай құралдардың қатарында дауларды сотқа дейін және баламалы тәсілдер арқылы реттеу нысандары ерекше орын алады. Осыған байланысты келесі бөлімде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс және баламалы құқықтық тетіктері қарастырылып, олардың мазмұны, қолданылу ерекшеліктері мен тиімділігіне құқықтық тұрғыдан талдау жасалады.

2.2 Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс нысандары

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесі сот арқылы қорғаумен ғана шектелмейді. Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, кәсіпкерлік қызмет саласында туындайтын даулардың барлығын сот тәртібімен шешу әрдайым жедел, тиімді және экономикалық тұрғыдан оңтайлы бола бермейді. Осыған байланысты қазіргі құқықтық жүйеде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс нысандары маңызды орын алады.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс нысандары ҚР КК 303-б. тікелей көзделген. Атап айтқанда, әрекет етуші заңнамаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау төрелік тәртібімен (ҚР КК 304-б.), медиация қолдану арқылы (ҚР КК 305-б.) және партисипативтік рәсім (ҚР КК 306-бабы), шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен бірге, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету және кәсіпкерлік қызмет барысында туындайтын дауларды реттеу мақсатында олар заңнамада көзделген тәртіппен арнайы институттарға жүгіну мүмкіндігіне ие. Атап айтқанда, ҚР КК 307-б. сәйкес кәсіпкерлер өз құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге (омбудсменге) жүгінуге құқылы.

Аталған тетіктер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттырып қана қоймай, сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға, дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Соттан тыс қорғаудың басты мәні – дауларды бейбіт жолмен, жылдам әрі икемді шешу, сот талқылауына кететін уақыт пен шығынды азайту, сондай-ақ кәсіпкерлер арасындағы іскерлік қатынастарды сақтап қалу болып табылады.

Қазіргі кезеңде төрелік, тараптарға дәстүрлі сот ісін жүргізуден тыс, дауларды неғұрлым икемді әрі тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін баламалы құқықтық тетік ретінде қалыптасты. Қазақстан Республикасында ол

кәсіпкерлік және коммерциялық дауларды реттеуде кеңінен қолданылатын соттан тыс қорғау нысандарының бірі болып табылады.

Заң ғылымында «төрелік» ұғымының мазмұнына қатысты бірыңғай көзқарас қалыптаспаған, бұл төреліктің кемінде екі мағынада қолданылуымен түсіндіріледі. Атап айтқанда, төрелік бір жағынан дауларды шешудің дербес тәсілі ретінде қарастырылса, екінші жағынан, нақты дауды қарайтын органды немесе институтты білдіреді. Төреліктің құқықтық табиғатын айқындау мәселесі ресейлік және шетелдік құқықтанушылардың еңбектерінде кеңінен талданған. Мәселен, ресейлік авторлар Т.Е. Абова, С.А. Авакьян, Г.Д. Алексеев және А.Я. Сухарев төрелікті азаматтық құқықтарды қорғаудың баламалы тәсілі ретінде қарастырып, оның тараптардың еркін келісіміне негізделетінін атап өтеді [112]. Ал шетелдік ғылыми доктринада, атап айтқанда Ф. Фушард, Э. Гайард, Б. Гольдман, Дж. Саваж, сондай-ақ А. Редферн тараптардың келісіміне негізделетін (consensual) тәсіл, дауды мемлекеттік соттарға жүгінбей, жеке шешім қабылдаушыға беру, шешімі тараптар үшін міндетті және түпкілікті болатын институт ретінде сипаттайтын болса [113], Г. Кауфманн-Кохлер және А. Ригоззи еңбектерінде төреліктің жеке-құқықтық сипаты мен тараптардың автономиясы негізгі анықтаушы белгі ретінде көрсетіледі [114]. А. Редферн, Г. Кауфманн-Кохлер және А. Ригоззи төрелікті тараптардың келісіміне негізделетін, дауды мемлекеттік соттардың юрисдикциясынан тыс қарайтын жеке әдіс ретінде сипаттайды.

Сонымен қатар, ресейлік ғалым П.И. Кудрявцев төрелікті экономикалық сипаттағы дауларды шешудің құқықтық тәсілі ретінде қарастырып, «аралық (третейлік) сотты» мемлекеттік емес орган, ал «төрелік сотты» кәсіпкерлік және өзге де экономикалық дауларды қарайтын мемлекеттік сот органы ретінде ажыратады. Ұқсас ұстанымды М. Moser мен Т. Cheng де қолдап, төрелік сотты экономикалық даулар бойынша мамандандырылған мемлекеттік сот ретінде сипаттайды. Басқа бір ресейлік ғалым О.Е. Кутафин, сондай-ақ француз зерттеушісі Ch. Jarrosson төрелікті, әдетте, кәсіпкерлер арасында туындайтын коммерциялық дауларды шешуге уәкілетті орган немесе мекеме ретінде анықтайды. Ал Дж. Lew төрелікке әмбебап анықтама берудің мүмкін еместігін көрсете отырып, оның негізгі белгілерін сипаттаумен шектеледі. Ғалымның пікірінше, төреліктің мәні даулардың тәуелсіз төрешілер арқылы шешілуінде, төрелік шешімнің түпкілікті әрі тараптар үшін міндетті күшке ие болуында, сондай-ақ мемлекеттік соттардың төрелік процеске тек заңда көзделген шектеулі жағдайларда ғана араласуында көрініс табады. Аталған көзқарастар төрелікті азаматтық құқықтарды қорғаудың дербес әрі күрделі соттан тыс тетігі ретінде қарастыруға негіз береді.

Ал Қазақстандық құқық доктринасында төрелік сотты азаматтық құқықтарды қорғаудың дербес әрі заңды нысаны ретінде сақтау қажеттігі ертерек көтерілген. Бұл мәселе М.С. Сүлейменов пен Ю.Г. Басиннің «Быть или не быть третейскому суду в Казахстане?» атты ашық хатында жан-жақты негізделеді. Авторлар төрелік сотты тараптардың еркін келісімімен құрылатын

және азаматтық құқықтарды қорғауға бағытталған баламалы құқықтық тетік ретінде сипаттайды [115].

Ғалымдардың пікірінше, төрелік соттың мәні тек дауды қараумен шектелмей, оның шешімдерінің міндетті әрі қажет болған жағдайда мәжбүрлеп орындалу мүмкіндігімен айқындалады. Осы тұрғыда авторлар Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында төрелік сот шешімдерін орындаудың нақты тетіктерінің болмауы құқықтық қайшылық тудырғанын атап көрсетеді. Бұл жағдайды ҚР Конституциялық Кеңесі де мойындап, қолданыстағы заңнамада төрелік сот шешімдерін орындаудың тиімді механизмдері көзделмегенін көрсеткен.

М.С. Сүлейменов пен Ю.Г. Басин төрелік соттардың қызметін шектеу азаматтық айналым қатысушыларының шарттық еркіндігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, шетелдік инвесторлардың қазақстандық құқықтық жүйеге деген сенімін төмендететінін негіздейді. Зерттеушілердің пікірінше, төрелік шешімдердің мәжбүрлеп орындалу мүмкіндігі болмаған жағдайда, олардың құқықтық мәні әлсіреп, іс жүзінде тек моральдық сипаттағы міндеттеме деңгейінде қалып қоюы ықтимал. Осыған байланысты авторлар төрелікті азаматтық құқықтарды қорғаудың тиімді соттан тыс құралы ретінде сақтаудың маңыздылығын атап өтіп, оның шешімдерін орындауды процессуалдық тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттігін алға тартады.

Сонымен қатар, Қазақстандық құқық ғылымында төреліктің құқықтық табиғаты мен оның мемлекеттік соттармен арақатынасы мәселесі арнайы зерттелген. М.К. Сүлейменов пен А.Е. Дүйсенованың пікірінше, төрелікті мемлекеттік сотпен теңестіруге болмайды, себебі ол жеке-құқықтық сипаттағы дауларды шешуге бағытталған мемлекеттік емес институт болып табылады. Авторлар мемлекеттің төрелік талқылауға келісімі сот иммунитетінен толық бас тартуды білдірмейтінін атап өтеді. Алайда мұндай келісім төрелік шешімді мәжбүрлеп орындауға мемлекеттің келісім беруін білдіреді. Осы ұстаным ҚР АПК-де бекітілген (ҚР АПК-нің 253-бабы): егер мемлекет төрелік келісімге жазбаша түрде қосылса, ол төрелік шешімді орындауға байланысты мемлекеттік соттардың функцияларын жүзеге асыруына келісім берді деп есептеледі. Бұл тәсіл төрелікті азаматтық құқықтарды қорғаудың тиімді соттан тыс тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және мемлекеттік соттардың төрелік шешімдерді қайта қарау арқылы емес, оларды тану мен орындау арқылы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуі қажет екенін көрсетеді. Аталған ғылыми ұстаным Қазақстан Республикасында төрелікті дамытуға бағытталған заңнамалық реформалардың теориялық негізін құрайды [116]. Осылайша, жоғарыда қарастырылған қазақстандық ғылыми ұстанымдар төрелікті азаматтық құқықтарды қорғаудың дербес әрі тиімді тетігі ретінде танудың теориялық негізін қалыптастырды. Аталған көзқарастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында да өз көрінісін тауып, төреліктің құқықтық мәртебесі мен оның мемлекеттік соттармен арақатынасы нормативтік деңгейде бекітілді.

Қазіргі кезеңде төрелік мемлекеттік сотқа дауларды шешудің балама тетігі ретінде көптеген мемлекеттердің құқықтық жүйесінде оң бағаланады. Бұл, ең алдымен, азаматтық айналым қатысушылары арасындағы дауларды шешу саласында мемлекеттік соттарға түсетін жүктемені азайтуға және құқықтарды қорғаудың неғұрлым икемді нысандарын дамытуға мүмкіндік беруімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, халықаралық коммерциялық төрелік сыртқы экономикалық қатынастар саласында дауларды тиімді реттеудің құралы ретінде халықаралық ынтымақтастықтың дамуына ықпал ететін маңызды институттардың бірі болып табылады.

Коммерциялық дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде төрелік Қазақстан Республикасында жиырма жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Осы салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде төрелік бірнеше даму кезеңінен өтті. Атап айтқанда, оның қалыптасуы мен бастапқы дамуы кезеңдерімен қатар, жекелеген уақыт аралықтарында төрелік соттардың қызметін шектеуге немесе оларды іс жүзінде жоюға бағытталған жасырын әрі ашық үрдістер де орын алды. Кейіннен төреліктің құқықтық негізін қалыптастыру мақсатында алғашқы арнайы заңдар қабылданып, одан әрі бұл саладағы құқықтық реттеу тұрақтандырылып, жүйеленді.

Қазіргі уақытта ҚР қолданыстағы заңнамасында осы институтты белгілеу үшін «төрелік» термині қолданылады.

Алайда мұндай терминологиялық бірізділік әрдайым бола бермеген. 2004 жылы Қазақстанда төрелік талқылау саласын құқықтық реттеуге бағытталған екі жеке заң қабылданды: «Халықаралық төрелік туралы» және «Аралық соттар туралы». Осы заңнамалық бөлініске сәйкес, ел ішіндегі дауларды шешуде «аралық сот» ұғымы қолданылса, ал халықаралық коммерциялық сипаттағы даулар үшін «төрелік» институты пайдаланылды. Сонымен қатар, халықаралық төрелікке қатысты құқықтық реттеу ЮНСИТРАЛ әзірлеген 1985 жылғы Үлгілік заң қағидаларына негізделіп қалыптасты, бұл Қазақстанның төрелік жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік берді [117].

8 сәуір 2016 жылғы ҚР «Төрелік туралы» Заңы қабылданып [118], бұрынғы екі заң біріктірілді және ішкі мен халықаралық төрелік арасындағы дуализм жойылды. Нәтижесінде төрелік Қазақстан Республикасында біртұтас институт ретінде танылып, оған қатысты бірыңғай құқықтық режим белгіленді. ҚР «Төрелік туралы» Заңының 1-б. сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, төрелік жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен туындайтын азаматтық-құқықтық қатынастардан шыққан дауларды шешуге қолданылады. Бұл ретте дау субъектілерінің Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тысқары жерде орналасуына (тұрғылықты жеріне) қарамастан, төреліктің құзыреті қамтамасыз етіледі. Яғни, бұрын дербес реттелген ішкі аралық соттар мен халықаралық коммерциялық төреліктер бірыңғай «төрелік» институты ретінде біріктірілді.

Төреліктің құқықтық табиғаты және құқықтық дауларды шешу жүйесіндегі орны азаматтық-құқықтық дауларды қарау барысында төрелік

соттың, сондай-ақ іске қатысушы тұлғалардың қызметінің қалай ұйымдастырылғанына және қандай құқықтық нормалармен реттелетініне байланысты айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, төреліктің қызметі мемлекеттік соттан ерекшеленетін дербес процессуалдық нысан ретінде сипатталады.

Төрелік – бұл нақты азаматтық-құқықтық дауды қарау және шешу мақсатында тараптардың келісімі негізінде құрылған немесе тұрақты негізде қызмет атқаратын, мемлекеттік емес сот органы болып табылады. Төреліктің негізгі ерекшелігі – оның мемлекеттік сот жүйесіне кірмей, тараптардың еркін білдіруі арқылы әрекет етуінде.

ҚР «Төрелік туралы» Заңының 4-б. сәйкес, төреліктер ұйымдастырушылық нысанына қарай тұрақты жұмыс істейтін (институционалдық) төреліктерге және нақты дауды қарау үшін құрылған оқшауланған төреліктерге (ad hoc) бөлінеді.

Тұрақты жұмыс істейтін (институционалдық) төреліктер жеке және (немесе) заңды тұлғалар тарапынан құрылуы мүмкін және өз қызметін бекітілген регламенттер негізінде жүзеге асырады. Мұндай төреліктер төрелік рәсімнің тәртібін айқындайды, төрелік істерді қарайтын төрешілердің тізілімін қалыптастырады және төрелік талқылаудың институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Ал нақты азаматтық-құқықтық дауды шешу үшін арнайы құрылған оқшауланған төрелік (ad hoc) тараптардың өзара келісімімен құрылады және тек сол дауды шешуге бағытталған уақытша сипатқа ие болады (ҚР «Төрелік туралы» Заңының 4-б.). Мұндай жағдайда тараптарға төрелік талқылаудың негізгі шарттарын өзара келісім арқылы айқындау мүмкіндігі беріледі. Атап айтқанда, олар талқылау өтетін орынды, төрешілерді таңдау және тағайындау тәртібін, сондай-ақ рәсімнің жүргізілу қағидаларын дербес белгілей алады. Сонымен бірге, оқшауланған (ad hoc) төрелік әдетте нақты дауды қарау үшін құрылады және сол дауды шешумен шектеледі не тараптар оны мемлекеттік соттың қарауына беру туралы шешім қабылдағанға дейін ғана қызмет етеді.

Осылайша, институционалдық төрелік пен нақты дауды шешу үшін құрылатын (ad hoc) төреліктің айырмашылығын айқындау төрелік институтының ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын жүйелеуге мүмкіндік береді. Мұндай жіктеу оның азаматтық құқықтарды қорғау тетіктері жүйесіндегі орны мен маңызын неғұрлым толық ашуға жағдай жасайды.

Төрелік талқылауды ұйымдастыру барысында тараптар төрелік рәсімнің ережелерін өзара келісім арқылы айқындайды. Бұл ретте төрелік рәсімдер БҰҰ қамқорлығымен әзірленген, қосымшалық сипатқа ие үлгілік төрелік регламенттерге негізделуі мүмкін. Мұндай регламенттер, егер тараптар өз төрелік келісімінде оларды немесе өзге де төрелік институттарының регламенттерін қолдануға сілтеме жасаса, қолданылады. Атап айтқанда, халықаралық тәжірибеде келесі үлгілік регламенттер кеңінен пайдаланылады:

20 қаңтар 1966 жылғы Еуропа үшін БҰҰ Экономикалық комиссиясының төрелік регламенті [119], сондай-ақ ЮНСИТРАЛ төрелік регламенті.

Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, оқшауланған (ad hoc) төрелік, яғни нақты азаматтық-құқықтық дауды шешу үшін арнайы құрылған төрелік, істің нақты мән-жайларымен тығыз байланысты дауларды қарау барысында неғұрлым тиімді болып табылады. Мұндай дауларға, мысалы, тауардың сапасын айқындау (ҚР АҚ (ЕБ) 422-б.), оның бағасын белгілеу (ҚР АҚ 385-б., 406-б.), шарт талаптарының орындалу (ҚР АҚ 272-б., 273-б.) ерекшеліктеріне қатысты келіспеушіліктер жатады. Бұл жағдайда тараптардың рәсімдік еркіндігі дауды жедел әрі икемді шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде тұрақты жұмыс істейтін (институционалдық) төреліктердің саны тұрақты түрде артып келеді. Халықаралық тәжірибеде кеңінен танылған мұндай төреліктердің қатарына Халықаралық сауда палатасының халықаралық арбитраждық соты ((Париж); International Chamber of Commerce Arbitration Court), Лондондық халықаралық төрелік сот (London Court of International Arbitration), Американдық төрелік ассоциация ((Нью-Йорк) American Arbitration Association), Стокгольмдік сауда палатасының Төрелік Институты (Arbitration Institute of the Stockholm Chamber of Commerce), сондай-ақ РФ Сауда-өнеркәсіп палатасының жанындағы Халықаралық коммерциялық төрелік соты (International Commercial Arbitration Court at the Chamber of Commerce and Industry of the Russian Federation) жатады. ҚР институционалдық төреліктер қалыптасып, олардың ішінде Қазақстандық Халықаралық Арбитражы (ҚХА) мен «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төрелік орталығы және аралық сотта талқылау орталығы қызмет атқарады [120].

Аталған институционалдық төреліктердің қызметі төрелік рәсімдердің алдын ала белгіленген регламенттер негізінде жүзеге асырылуымен, төрешілер құрамының тұрақтылығымен және төрелік талқылаудың институционалдық кепілдіктерінің болуымен сипатталады. Бұл өз кезегінде төрелікті кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың сенімді әрі болжамды соттан тыс тетігі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Дауды төреліктің қарауына беру тек тараптар арасында тиісті төрелік келісім жасалған жағдайда ғана мүмкін болады. Мұндай келісім төрелік талқылаудың негізгі құқықтық алғышарты болып табылады және онсыз төрелік істі қарау мүмкін емес.

Сонымен қатар, процессуалдық тұрғыдан төрелік келісімнің маңызы бұнымен шектелмейді. Ол белгілі бір жағдайларда даудың мемлекеттік сотта қаралуына кедергі келтіруі мүмкін. Атап айтқанда, егер іс сот өндірісінде болса, тараптар сот шешімі қабылданғанға дейін өзара келісімге келіп, дауды төрелік қарауына беру туралы шешім қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда сот талап қоюды (өтінішті) қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығаруы мүмкін (ҚР «Төрелік туралы» Заңының 8-б. 3-т.). Бұл ереже төреліктің сотпен дауларды

шешу балама тетігі ретіндегі сипатын көрсетумен қатар, тараптардың дау шешу тәсілін таңдау еркіндігін де айқындайды.

Төрелік келісімнің нысаны оның жарамдылығы мен орындалуының өзегін құрайды. ҚР «Төрелік туралы» заңының 9-б. төрелік келісімнің міндетті түрде жазбаша нысанда жасалуын талап етеді, бұл төрелік шешімнің танылуы мен орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Төрелік келісімнің автономиясы ерекше маңызға ие. Кең тараған тәсіл бойынша негізгі шарттың жарамсыздығы төрелік ескертпенің автоматты түрде жарамсыз болуына әкеп соқпайды, өйткені төрелік келісім дербес процессуалдық келісім ретінде қарастырылады. Ал талап ету құқығын беру (цессия) жағдайында төрелік ескертпенің жаңа кредиторға өту-өтпеуі доктринада даулы мәселе болып қала береді. М.К. Сулейменов пен А.Е. Дуйсенованың пайымдаулары бойынша, автономды келісім ретінде төрелік ескертпе цессионардың жеке келісімін талап етеді; өзге тәсілде төрелік ескертпе шарттан туындайтын құқықтарды жүзеге асыру шарты ретінде жаңа кредиторға бірге өтеді деп есептеледі. Құқық қолдану тәжірибесінде көбіне «жаңа кредитор төрелік ескертпенің барын білді немесе білуге тиіс еді» деген презумпция басшылыққа алынады, бұл дауларды болжамды әрі тұрақты шешуге мүмкіндік береді [121].

Төрелік келісімнің субъектілік шекарасы да нақты айқындалады: төрелік келісімге қосылмаған тұлға төрелік талқылауға міндетті түрде тартылмайды. Сондықтан кепілдік, кепілгерлік сияқты бөлек шарттарда төрелік ескертпе көзделмеген жағдайда, үшінші тұлғаға талап қою мемлекеттік сот тәртібімен дербес қаралуы мүмкін. Бұл қағида тараптардың келісім еркіндігімен қатар, келісімге қатыспаған тұлғалардың құқықтық қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

Төрелік келісімді дұрыс қалыптастыру төрелік талқылаудың тиімділігі мен құқықтық айқындығын қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылады. Осы тұрғыда тәжірибеде ҚХА ұсынатын үлгі төрелік ескертпелер кеңінен қолданылады. Мұндай ескертпелер, әдетте, тараптар арасындағы шарттан туындайтын немесе онымен байланысты барлық дауларды ҚХА Регламентіне сәйкес түпкілікті шешу туралы ережені қамтиды. Сонымен қатар тараптарға төрелік құрамын, төрелік талқылау өтетін орынды және іс жүргізу тілін нақтылау ұсынылады.

2005 жылы қаңтар айында Алматы қаласында құрылған ҚХА Регламентінде төрелік ескертпемен қатар қолданылатын құқықты тараптардың өзара келісімі арқылы алдын ала айқындаудың маңыздылығы ерекше атап өтіледі [122]. Қолданылатын құқық алдын ала айқындалмаған жағдайда, оны белгілеу төрелік тәжірибеде едәуір күрделілік туындатады. Осындай жағдайларда құқықты анықтау үшін әдетте қалыптасқан тәсілдерге жүгініледі: көбіне соттың орналасқан елінің құқығы (*lex fori*) немесе төрелік талқылау өткізілетін жердің құқығы (*lex arbitri*) негізге алынады. Алайда бұл ретте төрелік орналасқан мемлекеттің материалдық құқығы емес, сол елдің

коллизиялық құқық нормалары басшылыққа алынады, ал олар өз кезегінде өзге мемлекеттің материалдық құқығын қолдануға алып келуі мүмкін.

Нақты дауды шешу үшін құрылған төрелік (Ad hoc) жағдайында қолданылатын құқықты анықтау одан әрі күрделене түседі, өйткені мұндай төрелікте нақты институционалдық байланыс пен тұрақты орналасқан жер болмауы ықтимал. Осы себепті төрешілер коллизиялық нормаларды өздері айқындайды; тәжірибеде көбіне төрелік талқылау қарау жүргізіліп жатқан елдің коллизиялық құқығы, ал төрешілер әртүрлі мемлекеттерден болған жағдайда – төрелік құрамының төрағасы тұратын жердің коллизиялық құқығы негізге алынады.

Осылайша, төрелік келісім төреліктің іске қосылуының құқықтық негізі ғана емес, оның сот жүйесімен өзара байланысын, рәсімнің айқындылығын және төрелік шешімдердің орындалу әлеуетін айқындайтын түйінді институт болып табылады. Қазіргі кезеңде төрелік келісімнің сыртқы экономикалық шарттарда кеңінен қолданылуы халықаралық коммерциялық қатынастарда дауларды шешудің бейтарап әрі тиімді тетіктеріне деген сұраныстың артқанын көрсетеді.

Төрелік келісімнің құқықтық табиғаты мен мазмұнын талдау оның төрелікті іске қосудағы шешуші рөлін айқындайды. Алайда келісімнің нормативтік тұрғыда дұрыс рәсімделуі оның тәжірибеде қаншалықты тиімді қолданылатынын өздігінен кепілдей бермейді. Осыған байланысты төреліктің кәсіпкерлік дауларды шешудегі нақты жұмыс істеу тетігін және оның сұраныс деңгейін құқық қолдану тәжірибесі арқылы бағалау қажеттілігі туындайды.

Кәсіпкерлік дауларды шешудегі төреліктің тәжірибелік рөлі (ҚХА деректері негізінде).

Қазақстандағы төреліктің тәжірибелік қолданылуын бағалау үшін институционалдық арбитраждардың нақты қызмет нәтижелеріне жүгіну маңызды. Осы тұрғыда Қазақстандық халықаралық төреліктің (ҚХА) қызметіне қатысты 2014–2017 жылдар аралығындағы статистикалық деректері төреліктің кәсіпкерлік дауларды шешудегі нақты орны мен сұранысын айқын көрсетеді. Аталған кезеңде ҚХА-ға жыл сайын орта есеппен 50–60 талап арыз түскен. Олардың белгілі бір бөлігі төрелік келісімде көзделмеген төрелікке талап қоюға байланысты қайтарылған, ал кейбір істер тіркеу және төрелік алымдарының төленбеуіне байланысты қозғалыссыз қалдырылған. Бұл деректер тараптардың төрелік келісімді дұрыс қалыптастыруының тәжірибелік маңызын және рәсімдік талаптардың сақталуы төрелікке жүгінудің алғышарты екенін көрсетеді. Талдау көрсеткендей, қаралатын істердің негізгі бөлігі заңды тұлғалардың қатысуымен өтеді (шамамен 97%), ал жеке тұлғалар, оның ішінде дара кәсіпкерлер, төрелік талқылауда айтарлықтай үлеске ие емес. Бұл жағдай төреліктің қалыптасуында оның басым түрде кәсіпкерлік және корпоративтік дауларды шешуге бағытталған институт ретінде орныққанын аңғартады. Даулардың құрылымы бойынша ішкі (қазақстандық заңды тұлғалар арасындағы) даулар шамамен үштен бір бөлігін ғана құраса, істердің негізгі

бөлігі шетелдік заңды тұлғалардың қатысуымен туындаған халықаралық дауларға тиесілі. Бұл төреліктің Қазақстанда сыртқы экономикалық қатынастар саласында бейтарап әрі қолайлы дауларды шешу тетігі ретінде кеңінен қолданылып отырғанын көрсетеді. Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, даулардың едәуір бөлігі алқалы құрамда, яғни үш төрешіден тұратын төрелікпен қаралады. Бұл тараптардың күрделі әрі ірі экономикалық дауларды шешуде ұжымдық талқылауға басымдық беретінін, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің негізділігі мен болжамдылығына ерекше мән беретінін білдіреді. Қаралған талаптардың бағасы елеулі айырмашылыққа ие болып, ең төменгі шегі бірнеше ондаған мың АҚШ долларын, ал ең жоғарысы бірнеше миллион АҚШ долларын құраған. Істерді қарау мерзімі, әдетте, төрелік құрам қалыптастырылған сәттен бастап екі айдан бастап, күрделі істер бойынша он–он екі айға дейін созылған. Бұл көрсеткіштер төреліктің салыстырмалы түрде жедел, сонымен қатар күрделі дауларды да қарауға бейімделген рәсім екенін дәлелдейді [123].

Осылайша, статистикалық деректер төреліктің Қазақстанда кәсіпкерлер үшін тек формальді балама емес, нақты жұмыс істеп тұрған, әсіресе халықаралық коммерциялық дауларды шешуде сұранысқа ие құқықтық институтқа айналғанын көрсетеді және оны кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді соттан тыс тетігі ретінде бағалауға негіз береді.

Жоғарыда қарастырылған заңнамалық реттеу мен құқық қолдану тәжірибесін зерделеу төрелік институтының артықшылықтары мен шектеулеріне қатысты белгілі бір қорытындылар жасауға негіз береді. Қазақстан жағдайында төреліктің кең таралуы, ең алдымен, оның кәсіпкерлік дауларды шешу барысында тиімділігімен және тәжірибеде дәлелденген бірқатар артықшылықтарымен байланысты екендігін көрсетеді.

Біріншіден, төреліктің басты басымдығы тараптардың процессуалдық автономиясына негізделеді. Кәсіпкерлер дауды қарайтын төрелік органы, төрешілер құрамын, істі қарау тілін, орны мен қолданылатын құқықты өзара келісім арқылы айқындай алады. Бұл дауларды шешу рәсімін тараптардың іскерлік мүдделеріне барынша бейімдеуге және стандартталған сот процедураларымен салыстырғанда икемдірек модель қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, төреліктің жеделдігі мен рәсімдік икемділігі оның маңызды артықшылықтарының бірі болып табылады. Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, төрелік істердің едәуір бөлігі бірнеше ай ішінде қаралады, ал күрделі даулардың өзі мемлекеттік сот өндірісімен салыстырғанда қысқа мерзімде аяқталады. Бұл кәсіпкерлер үшін уақыттық және қаржылық шығындарды азайтуға, сондай-ақ даудың бизнес-процестерге теріс әсерін барынша шектеуге жағдай жасайды.

Үшіншіден, төрелік құпиялық қағидасына негізделеді. Төрелік талқылаудың жабық түрде жүргізілуі коммерциялық құпияны, іскерлік беделді және тараптардың стратегиялық ақпаратын қорғауға мүмкіндік береді. Бұл

ерекшелік, әсіресе, корпоративтік және халықаралық коммерциялық дауларда төреліктің тартымдылығын арттырады.

Сонымен қатар, төрелік шешімдерінің түпкілікті сипаты да оның маңызды артықшылығы болып табылады. Төрелік шешім, әдетте, қайта қарауға жатпайды, бұл дауды ұзаққа созбай, құқықтық айқындықты қамтамасыз етеді. Халықаралық деңгейде төрелік шешімдердің танылуы мен орындалуы Нью-Йорк конвенциясы сияқты халықаралық-құқықтық құралдар арқылы қамтамасыз етілуі де төреліктің тәжірибелік маңызын одан әрі күшейтеді.

Сонымен қатар, төреліктің артықшылықтарымен бірге оның белгілі бір шектеулері мен тәуекелдері де бар екенін ескерген жөн. Ең алдымен, төрелік толықтай тараптардың ерік білдіруіне және өзара келісіміне тәуелді. Егер жарамды төрелік келісім болмаса, дауды төрелік тәртібімен қарау мүмкін болмайды, ал мұндай келісімдегі рәсімдік олқылықтар істің қаралмауына не кейіннен қабылданған төрелік шешімнің күшін жоюға әкелуі ықтимал.

Екінші шектеу – төреліктің мәжбүрлеу өкілеттіктерінің шектеулілігімен байланысты. Төрелік мемлекеттік билік өкілеттіктеріне ие болмағандықтан, үшінші тұлғаларды мәжбүрлеп тарту, куәларды күштеп шақыру немесе дәлелдемелерді талап ету мәселелерінде мемлекеттік соттардың көмегіне жүгінуге мәжбүр болады. Бұл кейбір санаттағы дауларда төреліктің тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Үшіншіден, төрелік шешімдердің түпкілікті сипаты бір жағынан артықшылық болғанымен, екінші жағынан тәуекел факторы ретінде көрінеді. Төрешілер жіберген құқықтық немесе фактілік қателіктерді түзету мүмкіндігінің шектеулілігі тараптардан төрешілерді таңдауға және төрелік келісімді қалыптастыруға ерекше жауапкершілік талап етеді.

Сонымен қатар, төрелік барлық дауларға бірдей қолданылатын әмбебап құрал емес. Қоғамдық мүддені қозғайтын, үшінші тұлғалардың құқықтары кең көлемде әсер ететін немесе заңнама бойынша төрелікке жатпайтын даулар төреліктің құзыретіне кірмейді. Бұл оның қолданылу аясын объективті түрде шектейді.

Осылайша, төрелік Қазақстанда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді әрі сұранысқа ие соттан тыс тетігі бола отырып, оны қолдану тараптардан жоғары құқықтық мәдениетті, келісімдерді сауатты қалыптастыруды және процестік тәуекелдерді алдын ала бағалауды талап етеді. Төреліктің артықшылықтары мен шектеулерінің үйлесімді арақатынасы оны кәсіпкерлік дауларды шешудің әмбебап емес, бірақ мақсатты әрі тиімді институты ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген теориялық, заңнамалық және тәжірибелік талдау нәтижелері төрелікті кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді құралы ретінде қолдану белгілі бір тәжірибелік талаптарды сақтауды қажет ететінін көрсетеді. Осыған байланысты кәсіпкерлер үшін төмендегідей тәжірибелік ұсынымдар тұжырымдауға болады.

Біріншіден, төрелік келісімді сауатты әрі дәл қалыптастыру ерекше маңызға ие. Кәсіпкерлер шарттарға төрелік ескертпені енгізу кезінде оның жазбаша нысанын, даудың нақты немесе ықтимал сипатын, қолданылатын төрелік органды, істі қарау тілін және орнын айқын көрсетуі қажет. Төрелік келісімдегі рәсімдік кемшіліктер істің төрелікте қаралмауына немесе кейіннен төрелік шешімнің күшін жоюына алып келуі мүмкін екені тәжірибеде бірнеше рет дәлелденген.

Екіншіден, төрелік институтын таңдауға жауапкершілікпен қарау ұсынылады. Тұрақты әрекет ететін төреліктердің регламенті, беделі, тәжірибесі және төрешілер құрамының кәсіби деңгейі алдын ала бағалануы тиіс. Ірі және күрделі экономикалық даулар бойынша институционалдық төреліктерді таңдаудың артықшылықтары бар, ал жекелеген техникалық немесе нақты мән-жайларға байланысты дауларда нақты дауды шешу үшін құрылған (*ad hoc*) төрелікті қолдану ұтымды болуы мүмкін.

Үшіншіден, төрешілерді таңдауға ерекше назар аудару қажет. Төрелік шешімнің түпкілікті сипатын ескере отырып, кәсіпкерлер төрешілердің салалық біліктілігін, тәжірибесін, бейтараптығын және тәуелсіздігін мұқият тексеруі тиіс. Бұл төреліктің негізгі тәуекелдерінің бірі – қателіктерді түзету мүмкіндігінің шектеулілігін азайтуға бағытталған алдын алу шарасы болып табылады.

Төртіншіден, кәсіпкерлер төреліктің шектеулі мәжбүрлеу өкілеттіктерін ескеруі қажет. Үшінші тұлғалардың қатысуы ықтимал, дәлелдемелерді мәжбүрлеп жинау қажеттілігі туындайтын немесе мемлекеттік органдардың қатысуын талап ететін дауларда төрелікті қолданудың орындылығы алдын ала бағалануы тиіс. Мұндай жағдайларда мемлекеттік сотпен өзара іс-қимыл тетіктерін дұрыс жоспарлау маңызды.

Бесіншіден, қолданылатын құқық пен процессуалдық ережелерді алдын ала айқындау ұсынылады. Тараптардың қолданылатын құқық туралы келісімі болмаған жағдайда, төрелік коллизиялық нормаларға сүйеніп шешім қабылдайды, бұл кейбір жағдайларда болжамсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан кәсіпкерлер шарттық қатынастарда қолданылатын құқықты нақты бекіту арқылы құқықтық айқындықты арттыра алады.

Алтыншыдан, халықаралық коммерциялық қатынастарда төреліктің халықаралық деңгейде танылуы мен орындалу мүмкіндігін кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың стратегиялық артықшылығы ретінде қарастыру ұсынылады.

Осылайша, төрелікті тиімді пайдалану кәсіпкерлерден тек құқықтық құралды таңдауды ғана емес, сонымен қатар келісімдерді кәсіби деңгейде әзірлеуді, тәуекелдерді алдын ала бағалауды және дауды шешудің баламалы тетіктерін стратегиялық жоспарлауды талап етеді. Мұндай кешенді көзқарас төрелікті кәсіпкерлік қызметті құқықтық қамтамасыз етудің сенімді құралына айналдыруға мүмкіндік береді.

Төрелікті кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді соттан тыс тетігі ретінде талдау оның дауларды шешу жүйесіндегі маңызды орнын айқындауға мүмкіндік береді. Алайда құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, төрелік барлық жағдайларда әмбебап құрал бола бермейді және белгілі бір процестік, институционалдық әрі экономикалық шектеулерге ие. Осыған байланысты қазіргі құқықтық жүйеде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың өзге де соттан тыс нысандары қатар дамып келеді.

Солардың ішінде медиация дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде ерекше назар аудартады. Егер төрелік дауды үшінші тұлға - төреші арқылы түпкілікті шешуге бағытталса, медиация тараптардың өзара келісімге келуіне жәрдемдесетін келіссөздік рәсім ретінде сипатталады. Бұл айырмашылық медиацияның құқықтық табиғатын, оның қолданылу аясын және кәсіпкерлер үшін тәжірибелік маңызын айқындайды.

Кәсіпкерлік қатынастарда туындайтын даулардың елеулі бөлігі құқықтық нормалардың бұзылуынан гөрі, экономикалық, ұйымдастырушылық немесе іскерлік мүдделердің қайшылығынан туындайтыны белгілі. Мұндай жағдайларда тараптар үшін дауды «ұту» емес, іскерлік қатынастарды сақтау, іскерлік беделге келетін ықтимал зиянды азайту және қаржылық шығындарды төмендету басым мәнге ие болады. Дәл осы факторлар медиацияны кәсіпкерлер үшін тартымды құқықтық тетікке айналдырады.

Сонымен қатар, медиация рәсімі өзінің икемділігімен, құпиялылығымен және тараптардың еріктілігіне негізделуімен ерекшеленеді. Бұл қасиеттер оны сот талқылауына немесе төрелікке дейінгі, сондай-ақ олармен қатар қолданылатын тиімді құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, медиация кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесінде төрелікті толықтыратын, ал жекелеген жағдайларда оны алмастыратын баламалы тетік ретінде қызмет етеді.

Қазіргі халықаралық тәжірибеде медиация төрелікті алмастыратын рәсім ретінде емес, оны функционалдық тұрғыдан толықтыратын баламалы құқықтық тетік ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным ЮНСИТРАЛ-дың 2018 жылғы «Халықаралық коммерциялық медиация және медиация нәтижесінде жасалатын халықаралық келісімдер туралы» Үлгілік заңында көрініс тапқан. Аталған акт медиацияны еріктілік, құпиялық және тараптардың процесті бақылауы қағидаларына негізделген дербес құқықтық институт ретінде бекітіп, оны халықаралық коммерциялық дауларды шешуде төрелікпен қатар қолданылатын баламалы нысан ретінде айқындайды [124]. Осы қағидалар медиацияның құқықтық табиғатын сот немесе төрелік сияқты шешім шығаруға негізделген үлгіден ажыратып, оны тараптардың келісімге келуіне бағытталған өзара әрекеттесу рәсімі ретінде сипаттайды.

Халықаралық құқықтық актілерде медиация шешім шығаруға негізделген дауларды шешу тетіктеріне балама ретінде емес, тараптардың ерікті келісіміне негізделген, мүдделерді үйлестіруге бағытталған рәсім ретінде айқындалады. Атап айтқанда, Нью-Йорк, 2018 жылғы «Медиация нәтижесінде қол жеткізілген

халықаралық бітімгершілік келісімдер туралы» («Медиация туралы Сингапур конвенциясы») БҰҰ конвенциясына (United Nations Convention on International Settlement Agreements Resulting from Mediation (New York, 2018) (the "Singapore Convention on Mediation")) сәйкес, медиатор дауды тараптардың орнына шешпейді, ал келісімге қол жеткізу толығымен олардың еркіне тәуелді. Осыған байланысты медиация дауды құқықтық тұрғыдан «шешуден» гөрі, тараптардың экономикалық және іскерлік мүдделерін сақтауға бағытталған мүддеге негізделген дауларды реттеу тетігі ретінде сипатталады [125].

Аталған тәсіл ресейлік құқық доктринасында да кеңінен қолдау тапқан. Мәселен, Е.А. Добролюбованың зерттеуінде медиация кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың дербес тәсілі ретінде қарастырылып, оның мәні дауды құқықтық тұрғыдан шешуде емес, тараптардың мүдделерін келіссөздер арқылы үйлестіруде екені көрсетіледі. Автордың пікірінше, медиатор құқықтық дауға баға бермейді және кінәлі тарапты анықтамайды, ал медиация шешім шығаруға негізделген модельден айырмашылығы — құқықтық бағалауға емес, келісімге қол жеткізуге бағытталуымен сипатталады [126].

Сонымен қатар, С.И. Калашникованың еңбектерінде медиация дербес юрисдикциядан тыс рәсім ретінде негізделіп, оның басты мақсаты тараптардың дауды құқықтық тұрғыдан «шешуі» емес, бейтарап медиатордың жәрдемімен келіссөздер жүргізу арқылы өзара тиімді келісімге келуі екені көрсетіледі. Автор медиацияны сотқа қарсы қоймай, керісінше, оны құқықтарды қорғаудың юрисдикциялық және юрисдикциялық емес нысандарын біріктіретін бірыңғай жүйенің элементі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, медиация міндетті шешім шығаруға бағытталған рәсім емес, тараптардың мүдделерін үйлестіруге бағдарланған келіссөздік тетік болып табылады [127].

Ғылыми зерттеулерде медиация кәсіпкерлік дауларды шешудің тиімді құқықтық және әлеуметтік құралы ретінде қарастырылады. Дельцова Н.В., Кавкаева Ю. А. «Медиация как способ защиты прав предпринимателей» мақаласында медиация кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесінде құқықтық қорғаныс пен экономикалық тұрақтылықты өзара байланыстыратын аралық институт ретінде сипатталады [128]. Авторлар медиация сот процесін алмастырмайтынын, бірақ сотқа дейінгі және соттан тыс тәртіпте дауларды бейбіт жолмен реттеудің пәрменді құралы бола алатынын атап өтеді. Бұл ұстаным кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс механизмдерін дамыту қажеттілігімен ұштасады.

Медиацияның кәсіпкерлік мәдениет пен құқықтық санаға әсерін зерттеген Rahmana F., Sudjatmoko A., Farmania A. еңбегінде кооперативтік медиацияның кәсіпкерлік белсенділікке және құқықтық сананың дамуына ықпалы эмпирикалық түрде дәлелденген [129]. Олардың зерттеуінде медиация тәжірибелі кәсіпкерлердің іскерлік этика қағидаларын сақтай отырып шешім қабылдауына және құқықтық қақтығыстардың шиеленісуін болдырмауға мүмкіндік беретіні анықталған. Бұл қорытынды медиацияның құқық

бұзушылықтарға жауап қайтарушы ғана емес, алдын алу функциясын да атқаратынын көрсетеді.

Дауларды шешудің баламалы жүйесі (ADR) шеңберінде медиацияның орны туралы Anirudh Gundumi (University of York) зерттеуінде медиация шағын және орта кәсіпорындардың құқықтарын қорғауда соттық бюрократияны азайтып, іскерлік белсенділікті арттыратын тиімді құқықтық модель ретінде қарастырылған. Зерттеуші дауларды шешудің баламалы жүйесі (ADR) арқылы сот жүктемесінің азайып, кәсіпкерлерге жедел, құпия және келісімге негізделген шешім қабылдау мүмкіндігі берілетінін атап өтеді [130]. Бұл тұжырым медиацияның экономикалық тиімділігін және бизнестің құқықтық ортасын жетілдірудегі маңызын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Кәсіпкерлердің медиацияға деген сенімі де оның тиімділігін анықтайтын маңызды фактор болып табылады. W. Broński «Utrecht Law Review» журналында жарияланған зерттеуінде медиаторға сенім деңгейі жоғары болған сайын даудың бейбіт шешілу ықтималдығының артатынын дәлелдеген [131]. Автордың пікірінше, медиация тек құқықтық рәсім емес, келісім мен өзара түсіністікке негізделген әлеуметтік институт ретінде құқықтық мәдениетті нығайтады және кәсіпкерлер арасында келісім мәдениетін қалыптастырады.

Жоғарыда талданған шетелдік ғылыми еңбектер медиацияның кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда жүйелі, икемді және әлеуметтік бағдарланған құқықтық тетік екенін айқын көрсетеді. Медиация сот жүйесін толық алмастырмайды, алайда ол кәсіпкерлік дауларды шешуде уақыттық, экономикалық және репутациялық тәуекелдерді айтарлықтай азайтады. Медиация институтының тиімді қызмет етуі құқықтық инфрақұрылымның дамуымен қатар, іскерлік этика мен өзара сенім мәдениетінің қалыптасуына да тікелей байланысты. Аталған зерттеулердің нәтижелері медиацияны кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс жүйесінің дербес әрі стратегиялық элементі ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, медиацияны кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың қосалқы емес, дербес институционалдық тетігі ретінде бағалау ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан негізделген болып табылады.

Қазақстандық құқықтық ғылымда да медиация азаматтық-құқықтық дауларды реттеудің баламалы әрі дамушы тетігі ретінде бағаланады. М.И. Дьячуктың зерттеуінде медиация институтының құқықтық реттелуі мен оны азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде қолдану тәжірибесі талдана отырып, оның тиімділігі тараптардың жоғары деңгейдегі автономиясына және өзара тиімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін рәсімдік кепілдіктердің үйлесуімен негізделеді. Сонымен қатар автор Қазақстанда медиацияны қолдану барысында ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар мәселелердің бар екенін атап өтіп, оларды еңсерудің маңызды шарты ретінде медиаторларды даярлау сапасын арттыруды және медиацияны кәсіби қызметтің дербес түрі ретінде институционалдық тұрғыдан нығайтуды ұсынады [132].

Сондай-ақ қазақстандық авторлар медиацияны азаматтық-құқықтық дауларды реттеудің келіссөздік сипаты басым тетігі ретінде сипаттайды. Мәселен, Ф.С. Момышева мен Ж.Б. Оспанова медиацияның мәнін дауды құқықтық тұрғыдан шешуде емес, тараптардың өзара келісімге келуіне жәрдемдесуде деп айқындайды. Авторлардың пікірінше, медиатор тараптардың дәлелдеріне құқықтық баға бермейді және шешім қабылдамайды, оның рөлі - бейтарап үшінші тұлға ретінде келіссөз процесін ұйымдастыру және тараптардың мүдделерін үйлестіруге ықпал ету. Осы тұрғыдан алғанда, медиация еріктілікке және тараптардың автономиясына негізделіп, өзара тиімді нәтижеге қол жеткізуге бағытталған баламалы тетік ретінде сипатталады [133].

М. Жасқайраттың пікірінше, медиация келіспеушілікке жауап беру және қақтығысты өткеру тәсілі болып табылады; ол жанжалдың теріс салдарын барынша азайтып қана қоймай, белгілі бір жағдайларда оның дамуын ұтымды арнаға бағыттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге автор медиацияның дауды тараптардың бірін «жеңілген» ретінде қалдырмай, өзара қолайлы келісім арқылы реттеуге бағдарланғанын атап өтеді [134].

Жоғарыда келтірілген доктриналық ұстанымдарды ескере отырып, медиацияны кәсіпкерлік дауларда тараптардың ерікті келісіміне сүйенетін, бейтарап медиатордың қатысуымен жүргізілетін және міндетті шешім шығаруға емес, іскерлік қатынастарды сақтай отырып өзара тиімді келісімге қол жеткізуге бағытталған соттан тыс келіссөздік тетік ретінде сипаттауға болады.

Жоғарыда талданған доктриналық ұстанымдар медиация институтының құқықтық табиғаты мен функцияларын айқындағанымен, оның тиімді жүзеге асырылуы міндетті түрде нормативтік бекітілуімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасында медиацияның құқықтық негіздерін айқындау және оның қолданылу аясын нақтылау мақсатында арнайы заң қабылдау объективті қажеттілікке айналды. Нәтижесінде медиация институты Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы арқылы азаматтық айналым субъектілерінің құқықтарын қорғаудың баламалы нысаны ретінде заңнамалық түрде бекітілді.

28 қаңтар 2011 жылғы № 401-IV Медиация туралы ҚРЗ 2-б. 5-т. медиацияны тараптардың ерікті келісіміне негізделетін және олардың өзара қолайлы шешімге келуін көздейтін, медиатордың (немесе медиаторлардың) жәрдемімен жүзеге асырылатын дауды реттеу рәсімі ретінде айқындайды [135].

Аталған заңнамалық анықтама медиацияның дауды құқықтық тұрғыдан шешуге емес, тараптардың өзара келісімге келуіне бағытталған рәсім екенін айқындап, оны сот пен төреліктен құқықтық табиғаты бойынша ажыратады.

Медиацияның құқықтық табиғаты мен тәжірибелік тиімділігі ең алдымен оның қағидалар жүйесімен айқындалады. Дәл осы қағидалар медиация рәсімінің еріктілігін, тараптардың теңдігін, медиатордың бейтараптығын, рәсімнің құпиялылығын және рәсімдік теңгерімділігін қамтамасыз етеді. Әрекет етуші заңнама ұлттық деңгейде медиация қағидаларын

институционалдық тұрғыда бекітіп, сотқа дейінгі және соттан тыс дауларды шешудің баламалы рәсімі ретінде танылуын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, халықаралық құқықтық тәжірибе мен шетелдік ғылыми зерттеулер медиация қағидаларының әмбебап сипатын ашып, оларды ұлттық құқықтық жүйелермен үйлестірудің теориялық және тәжірибелік негіздерін айқындауға мүмкіндік береді.

ҚР «Медиация туралы» Заңы 4-бабына сәйкес, медиация рәсімін жүргізудің негізгі қағидалары айқындалады. Оларға: еріктілік; тараптардың теңдігі; медиатордың бейтараптығы мен тәуелсіздігі; құпиялық; медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидалары жатады.

Бұл қағидалар медиацияның тек рәсімдік негізін ғана емес, сонымен бірге тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық-этикалық стандарттарды қалыптастырады. М.Ж. Калшабаева, С.А. Сартаев, А.И. Горылевтің пікірінше, медиация қағидаларының тиімді жүзеге асуы медиатордың кәсіби дайындығына, сондай-ақ қоғамдағы құқықтық мәдениет деңгейіне тікелей тәуелді [136].

Қазақстандық тәжірибеде медиация қағидаларының заңмен бекітілуі бұл институтты азаматтық айналымның дербес құқықтық тетігі ретінде орнықтыруға мүмкіндік берді және оны кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың пәрменді құралына айналдырды.

Медиация қағидаларының ерекшелігі – олардың тек құқықтық нормалар жиынтығы емес, сонымен қатар кәсіби этика мен әлеуметтік жауапкершілік элементтерін қамтуында. Америкалық зерттеуші David A. Hoffman медиаторлар қызметінің этикалық негіздерін талдай отырып, адалдық, бейтараптық, әділдік және мүдделер қақтығысынан бас тарту қағидаларын медиацияның өзегін құрайтын элементтер ретінде сипаттайды [137].

Автордың тұжырымдауынша, медиация рәсімінің нәтижелілігі тараптардың медиаторға деген сенім деңгейімен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, медиация қағидалары құқық пен моральдың тоғысында орналасқан, яғни олар құқықтық реттеу тетігі болумен қатар, кәсіби-этикалық мінез-құлық стандарты қызметін де атқарады.

Шетелдік ғылыми әдебиеттерде медиация қағидаларының әмбебап сипаты ерекше атап көрсетіледі. Kyrdan B.V. және Shyrovkova O.O. халықаралық стандарттарды талдай отырып, еріктілік, құпиялық, тараптардың теңдігі және медиатордың бейтараптығы қағидаларының көптеген құқықтық жүйелерге ортақ екенін дәлелдейді [138].

Бұл қағидалар жоғарыда атап өтілген халықаралық құжаттарда бекітілген. Халықаралық актілерде медиация қағидалары құқықтық мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, тараптардың автономиясы мен рәсімнің әділдігін қамтамасыз ететін әмбебап стандарт ретінде қарастырылады.

А. Шеремет, Т. Блащук және С. Ищук зерттеулерінде медиация қағидаларының азаматтық қоғамды нығайтудағы маңызы айқындалады.

Авторлар медиацияны тек құқықтық дау шешу құралы емес, әлеуметтік диалог пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін институт ретінде бағалайды [139].

Бұл тұрғыда сенім, өзара құрмет және бейбіт келісім қағидалары қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және құқықтық қақтығыстардың алдын алуға ықпал етеді.

Bortnyk N. және әріптестері медиация қағидаларын адам мен азамат құқықтарын қорғаудың пәрменді тетігі ретінде сипаттайды. Авторлардың пікірінше, еріктілік пен теңдік қағидалары тараптардың мәжбүрлеусіз келісімге келуін қамтамасыз етіп, құқық бұзушылық салдарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді [140].

Осылайша, медиация құқық үстемдігі қағидасын іске асырудың баламалы жолы ретінде көрініс табады.

Латвиялық ғалым Viktors Gžibovskis медиацияны құқық пен адамгершілікті үйлестіретін әлеуметтік-құқықтық институт ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, медиация қағидалары жеке автономия мен қоғамдық мүдде арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған [141].

Бұл тұжырым Қазақстан үшін де өзекті, себебі ұлттық медиация институты халықаралық стандарттарды қабылдай отырып, азаматтық-құқықтық дауларды шешудің бейбіт мәдениетін қалыптастыруға бағдарланған.

Жүргізілген нормативтік және доктриналық талдау медиация қағидаларының кешенді сипатын айқындауға мүмкіндік береді, бұл олардың құқықтық реттеу шеңберінен шығып, әлеуметтік-этикалық өлшемге ие институт ретінде қалыптасуын түсіндіреді.

ҚР «Медиация туралы» Заңы бұл қағидаларды ұлттық құқық жүйесіне институционалдық түрде енгізсе, халықаралық құқықтық актілер мен шетелдік ғылыми зерттеулер олардың әмбебап әрі көпқырлы сипатын дәлелдейді.

Медиация қағидалары:

- құқық үстемдігін қамтамасыз етеді;
- сот жүйесіне балама бейбіт тетік ұсынады;
- азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттырады;
- қоғамдағы сенім мен келісім мәдениетін нығайтады.

Осылайша, медиация қағидалары құқықтық нормалар шеңберінен шығып, құқықтық мәдениет пен әлеуметтік этиканың іргелі элементі ретінде қалыптасады.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінде медиация институтының орны ҚР Кәсіпкерлік кодексінде де тікелей бекітілген. Атап айтқанда, Кодекстің 305-б. сәйкес кәсіпкерлік субъектілері арасында медиация жүргізу тараптардың өзара келісімі бойынша және медиация туралы шарт жасалған кезде жүзеге асырылады.

ҚР КК-тің 305-бабында медиацияны қолданудың алғышарты ретінде тараптардың өзара келісімі мен медиация туралы шарттың жасалуы көзделген. Бұл талап медиацияның мәжбүрлеусіз, келісімге негізделген құқықтық тетік

екенін көрсетіп, кәсіпкерлердің дауды шешу тәсілін дербес таңдау құқығын қамтамасыз етеді. Медиация туралы шарт пен медиативтік келісім тараптардың өзара еркін білдіруінің құқықтық нысаны болып табылады және кәсіпкерлік дауда қол жеткізілген уағдаластықтың құқықтық салдарын бекітеді. Осы арқылы медиация кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың диспозитивті әрі икемді тетігі ретінде көрініс табады.

«Медиация туралы» ҚР Заңының 21-б. сәйкес, медиация тараптар мен медиатор арасында жасалатын жазбаша медиативтік шарт негізінде жүзеге асырылады. Аталған шарт медиация рәсімін қолданудың құқықтық алғышарты болып табылады және тараптардың дауды соттан тыс реттеуге деген еркін білдіруін бекітеді.

Кәсіпкерлік дауларда медиативтік шарттың жасалуы тараптардың келіссөздік рәсімді таңдағанын көрсетіп қана қоймай, олардың сотқа немесе төрелікке жүгінуден уақытша бас тартуын да білдіреді. Осы арқылы медиативтік шарт кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың диспозитивті тетігі ретінде қызмет атқарады.

Сонымен қатар, медиативтік шарттың жасалуы талап қою мерзімінің өтуіне ықпал етіп, тараптардың құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша кепілдік ретінде көрініс табады. Бұл медиацияның кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда құқықтық тұрғыдан салмақты және сенімді тетік екенін көрсетеді.

Медиативтік шарт пен тараптардың келісімі медиацияны кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың дербес соттан тыс тетігі ретінде айқындайды. Алайда аталған тетіктің толыққанды іске асырылуы азаматтық процестік заңнамада көзделген рәсімдермен тығыз байланысты. Осыған байланысты келесі бөлімде азаматтық процестік кодексте медиация институтының орны мен оның кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудағы рөлі қарастырылады.

Медиация азаматтық процесте дауларды реттеудің тетігі ретінде тараптардың, ең алдымен кәсіпкерлердің, өз құқықтары мен заңды мүдделерін келіссөздер арқылы қорғауына бағытталған. Бұл институт құқықтық қатынастардағы шиеленісті азайтып, өзара қолайлы шешімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы процестің нәтижесінде сот жүйесіне түсетін жүктеме де объективті түрде қысқарады.

ҚР «Медиация туралы» Заңы медиацияны ұйымдастыру мен жүргізудің құқықтық негіздерін айқындап, оны азаматтық процестік қатынастарға енгізудің заңдық мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, ҚР АПК 17-тарауында дауларды реттеу рәсімдерінің түрі ретінде медиация, партисипативтік рәсім және бітімгершілік келісім бекітілген.

Медиация институты азаматтық процестік құқық шеңберінде татуласу рәсімдерінің бірі ретінде қарастырылады. АПК-ның нормалары мен «Медиация туралы» Заңның ережелері медиация рәсімін сотқа дейін де, сот барысында да қолдануға мүмкіндік береді.

Медиацияның құқықтық ерекшелігі – ол азаматтық процестегі шешім шығаруға дейінгі бейбіт реттеу нысаны. Дауды тараптар өзара келісім арқылы шешеді, ал медиатор тек бейтарап делдал рөлін атқарады. Бұл тәсіл тараптардың құқықтарын тең негізде қорғауға, сот төрелігін жеңілдетуге және бейбіт құқықтық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сотқа дейінгі медиация азаматтық дауларды алдын ала, сотқа жүгінбей шешу рәсімі ретінде қарастырылады. Қазақстандық ғалымдар медиацияның сотқа дейінгі кезеңде қолданылуын азаматтық құқықты қорғаудың тиімді баламалы құралы деп таниды [142]. Зерттеушілердің пікірінше, бұл тәсіл тараптар арасындағы сенімділікті нығайтып, даулардың сотқа дейін шешілу үлесін арттырады.

Тәжірибелік тұрғыда сотқа дейінгі медиация тәуелсіз медиаторлар арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, «Атамекен» ҰКП-ның жанындағы медиация орталықтары бизнес субъектілері арасындағы келісімдерді сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік беріп отыр [143].

Сот талқылауы барысындағы медиация — тараптар арасындағы дау сотта қаралып жатқан сәтте іске қосылатын татуласу рәсімі. ҚР АПК-нің 179-бабында тараптар сот барысында дауды бейбіт жолмен реттеу туралы өтініш білдіре алатыны және соттың істі қарауды тоқтатып, медиация жүргізуге мүмкіндік беретіні нақты көрсетілген.

Аблаева Э.Б. өз зерттеуінде медиацияны «құқықтық саясаттағы гуманизация және татуласу мәдениетін қалыптастырудың нысаны» деп сипаттайды [144].

Зерттеулер медиацияның азаматтық процестегі тиімділігін кешенді түрде дәлелдейді. Атап айтқанда, медиация сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға, дауларды шешу мерзімін қысқартуға, тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін бейбіт жолмен қорғауға, сондай-ақ құқықтық мәдениетті арттыруға және тараптар арасындағы әлеуметтік байланыстарды сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Н.О. Сулейменова Қазақстандық тәжірибеде әлі де шешімін таппаған мәселелер бар екенін атап өтеді:

- медиаторлардың кәсіби деңгейі мен дайындығының жеткіліксіздігі;
- тараптардың құқықтық сауаттылығының төмендігі;
- заңнамалық реттеу тетіктерінің нақтылауды қажет етуі [145].

Аталған факторлар жиынтығы медиация институтының азаматтық процесте толыққанды іске асуына кедергі келтіріп, оның кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудағы әлеуетін шектейтін жүйелі проблемалар ретінде көрініс табады.

Бұл мәселелерді шешу үшін ғалымдар «судья-медиатор» институтын жетілдіру, азаматтық процестегі медиация рәсімдерін нақтылау және қоғамдық түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін ұсынады.

Медиация азаматтық процесте тек құқықтық құрал ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік институт ретінде де маңызға ие.

Ол азаматтар мен ұйымдар арасындағы шиеленістерді сот шешімінсіз шешуге мүмкіндік беріп, қоғамдық келісім мен құқықтық мәдениетті қалыптастырады.

М.А. Аленов медиацияны азаматтық сот өндірісіндегі дауларды бейбіт жолмен реттеуге мүмкіндік беретін және сот жүктемесін азайтуға бағытталған құқықтық механизм ретінде бағалайды [146]. Осы тұрғыда медиация азаматтық процесте дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде сот төрелігінің жаңа парадигмасының қалыптасуына ықпал етеді.

Азаматтық процестік заңнамадағы медиация институты – дауларды шешудің гибридік әрі прогрессивтік тетігі, ол құқықтық және әлеуметтік маңызы бар институт ретінде танылған.

Медиацияның сотқа дейінгі және сот талқылауы барысындағы қолданылуы:

- азаматтардың құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді;
- сот жүйесінің тиімділігін арттырады;
- құқықтық мәдениетті дамытуға және бейбіт реттеу тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстандық құқықтық тәжірибеде медиацияның дамуы азаматтық сот төрелігінің сапасын арттырудың және құқықтық жүйені гуманизациялаудың маңызды бағыты болып табылады.

Медиация институтының нормативтік бекітілуі оның кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда қолданылуының құқықтық алғышарттарын қалыптастырғанымен, бұл тетіктің нақты тиімділігі кәсіпкерлік даулардың ерекшеліктеріне қаншалықты бейімделгенімен айқындалады. Осыған байланысты медиацияның шарттық қатынастарда, ұзақ мерзімді іскерлік байланыстарды сақтауда және репутациялық тәуекелдерді азайтуда қолданылу ерекшеліктерін талдау қажет.

Кәсіпкерлік қатынастардың негізгі өзегі шарттық міндеттемелер болып табылады. Дәстүрлі сот өндірісі жағдайында дауды шешу көбіне тараптар арасындағы іскерлік байланыстардың тоқтатылуына алып келсе, медиация келісімге және өзара түсіністікке негізделген тетік ретінде шарттық қатынастарды сақтауға және оларды жалғастыруға құқықтық алғышарттар қалыптастырады. Зерттеулер шарттық дауларды медиация арқылы реттеу барысында тараптардың тең қатысуы, рәсімнің құпиялылығы және дауды жылдам шешу мүмкіндігі қамтамасыз етілетінін көрсетеді [147]. Бұл ретте медиация тараптардың қатаң құқықтық позицияларын қарсы қоюға емес, олардың ортақ мүдделерін айқындауға және өзара қолайлы әрі іскерлік мүдделерді ескеретін шешімге қол жеткізуге бағытталған.

Халықаралық коммерциялық шарттар контекстінде Alexander және Tunkel медиацияның төрелік пен сот ісіне қарағанда тараптардың коммерциялық мүдделеріне көбірек бағдарланатын, процестік икемді әрі уақыт пен шығын тұрғысынан тиімді тетік екенін көрсетеді; бұл ретте шешім

қабылдау құзыреті толықтай тараптардың өзінде сақталады. Ұзақ мерзімді шарттық қатынастар жағдайында мұндай тәсіл құқықтық дауды шешумен қатар, іскерлік серіктестікті, репутациялық капиталды және болашақ экономикалық ынтымақтастықты сақтауға мүмкіндік береді [148]. Бұл тұжырым ҚР кәсіпкерлік дауларды реттеуде татуластыру рәсімдері мен медиацияны дамытуға бағытталған заңнамалық үрдістермен, яғни соттан тыс қорғау нысандарын кеңейтуге бағытталған саясатпен өзара сәйкес келеді. Бұл үрдіс кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын соттан тыс қорғау нысандарын айқындайтын ҚР Кәсіпкерлік кодексінің нормаларымен (ҚР КК 303, 304, 305-баптары), сондай-ақ ҚР АПК 17-тарауында көзделген татуластыру рәсімдерімен өзара сабақтас.

Сонымен қатар, медиацияны тек даулар туындағаннан кейін ғана қолданылатын құқықтық тетік ретінде емес, шарттық қатынастар шеңберінде даулардың алдын алуға бағытталған құрал ретінде қарастыру орынды. Бұл көзқарас Nietanen-Kunwald және Нааріо негіздеген «proactive law» (проактивті құқықтық тәсіл) тұжырымдамасымен негізделеді, оған сәйкес келісімшарттар тараптардың өзара іс-қимылын реттейтін консенсуалды рәсімдермен, соның ішінде келіссөздер жүргізу тәртібімен және ерте араласу тетіктерімен алдын ала құрылымдалуы мүмкін [149].

Медиацияның маңызды стратегиялық қызметтерінің бірі – бизнестегі ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды қорғау. Сот процесі әдетте «жеңімпаз – жеңілген» үлгісінде аяқталса, медиация тараптардың өзара келісіміне негізделе отырып, іскерлік серіктестікті сақтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері АҚШ-та медиация мен дауларды шешудің өзге де баламалы тетіктерінің корпоративтік дауларды реттеу тәжірибесіне терең енгенін, ал Қазақстанда бұл бағыттың институционалдық тұрғыдан қалыптасу кезеңінде тұрғанын көрсетеді. Авторлар мемлекеттік қолдау мен кәсіби медиаторлар институтын дамыту аталған тетіктердің тиімділігін арттырудың маңызды алғышарттары екенін атап өтеді [150].

Сонымен қатар, медиацияның ұзақ мерзімді қатынастардағы ықпалы халықаралық деңгейде де расталады. N. Alexandrova халықаралық бизнесте мәдени және құқықтық әртүрліліктен туындайтын қақтығыс тәуекелін басқаруда медиацияның мүдделерді үйлестіруге және өзара түсіністікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін тетік екенін атап көрсетеді [151].

Шартты және серіктестікті сақтау факторының жалғасы ретінде медиация кәсіпкерлік тәуекелдердің үшінші деңгейі – іскерлік бедел тәуекелдерімен де тікелей байланысты. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері үшін іскерлік бедел – қаржылық активтен де маңызды капитал. Соттағы даулар жиі жария сипатқа ие болып, компанияның беделіне нұқсан келтіреді. Медиацияның құпиялылық қағидасы бұл тәуекелдерді едәуір азайтады.

Сонымен қатар, коммерциялық дауларды шешу тәсілін таңдау кәсіпкер үшін тек процессуалдық емес, стратегиялық мәнге ие. Kharkivska K. атап өткендей, медиация ресурстарды үнемдеу, тәуекелдерді басқару және іскерлік

беделді қорғау тұрғысынан сот ісіне қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие, әсіресе ұзақ мерзімді іскерлік қатынастар жағдайында. Автор медиацияның құпия және консенсуалды сипаты компанияның жауапты әрі этикалық әріптес ретіндегі қабылдануына ықпал ететінін атап өтеді. Халықаралық сауда палатасының (ICC) сауалнамасына сәйкес, бизнес өкілдерінің 72%-ы медиацияны бренд құндылығын және корпоративтік тұтастықты қорғау мақсатында таңдаған, бұл медиацияның іскерлік беделді қорғаудағы артықшылықтарын нақты деректермен дәлелдейді [152].

Заманауи ақпараттық қоғамда беделге нұқсан келтіру, қоғамдық сын тәрізді «беделдік салдарлар» құқықтық санкциялармен тең әсер етеді. Сондықтан да медиация іскерлік бедел тәуекелдерін психологиялық және коммуникациялық деңгейде шешудің тиімді құралы болып саналады.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми еңбектерді талдау медиацияның кәсіпкерлік дауларды шешудегі заманауи әрі тиімді тетік ретінде орныққанын көрсетеді. Шарттық қатынастар шеңберінде медиация тараптардың тең қатысуына, рәсімнің құпиялығына және мүдделерді үйлестіруге мүмкіндік беріп, дауды тек құқықтық тұрғыдан ғана емес, іскерлік мүдделер тұрғысынан да реттеуге жағдай жасайды. Әсіресе ұзақ мерзімді іскерлік байланыстар жағдайында медиация сенімге негізделген серіктестік мәдениетін сақтауға және дамытуға ықпал ететін құрал ретінде айқындалады. Сонымен қатар, жария сот талқылауымен салыстырғанда медиация іскерлік тәуекелдерді басқаруда іскерлік беделді қорғауға бағытталған әлдеқайда қауіпсіз тәсіл болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасында медиация институтының тиімді дамуы кәсіби медиаторлар корпусын қалыптастырумен және кәсіпкерлік ортада құқықтық мәдениетті арттырумен тығыз байланысты.

Алайда медиацияның шарттық дауларды реттеудегі, іскерлік байланыстарды сақтаудағы және іскерлік беделдегі тәуекелдерді азайтудағы мүмкіндіктеріне қарамастан, Қазақстандағы құқық қолдану тәжірибесі бұл тетіктің кеңінен орнығуына кедергі келтіретін бірқатар жүйелі факторлардың бар екенін көрсетеді. Атап айтқанда, медиация мәдениетінің жеткіліксіз дамуы, кәсіби медиаторлар институтының әлсіздігі және медиативтік келісімдердің орындалуына қатысты мәселелер кәсіпкерлердің медиацияға деген сеніміне және оның тиімді қолданылуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты медиация институтының тәжірибедегі негізгі мәселелерін талдаған жөн.

Медиация мәдениетінің әлсіздігі Қазақстандағы құқықтық жүйенің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. М.Ж. Калшабаеваның диссертациялық зерттеуінде медиация институтының баяу дамуы қоғамдағы құқықтық мәдениеттің жеткіліксіз деңгейімен және азаматтардың, соның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық сауатының төмендігімен тығыз байланыста қарастырылады. Осы факторлар кәсіпкерлік қатынастардан туындайтын дауларда тараптардың медиация рәсіміне жүгінбеуінің негізгі себептерінің бірі ретінде бағаланады [153].

М.Ж. Калшабаева атап өткендей, Қазақстандағы медиативтік процестерге сенімнің төмен болуы кәсіпкерлердің дауларды шешуде сот арқылы қорғауды жиі таңдауының маңызды факторына айналып отыр. Бұл бизнес үшін уақыттық шығындардың артуына және іскерлік беделге нұқсан келтіру қаупінің күшеюіне әкеледі.

Бұл қорытындыны эмпирикалық деректер де жанама түрде қуаттайды. Мәселен, К. Зейдиннің зерттеуінде 2022 жылы медиация арқылы аяқталған істер саны шамамен 30% артқаны көрсетілгенімен, дауды шешудің балама тәсілдерінің кең таралуын тежейтін кедергілердің қатарында медиативтік келісімдердің орындалуына қатысты құқықтық айқындықтың жеткіліксіздігі және соған байланысты сенім факторы атап өтіледі.

Құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, медиацияның кеңінен қолданылуы оны регламенттейтін нормалардың көлеміне емес, кәсіпкерлер үшін рәсімнің құқықтық айқын әрі түсінікті болуына тікелей байланысты. Аталған жағдай кәсіпкерлік дауларда тараптардың медиация рәсіміне жүгіну ниетіне кері әсер етіп, дауды шешудің нәтижесіне деген сенімді әлсіретуі мүмкін [154].

Кәсіби медиаторлардың жеткіліксіз институционалдық орнықтылығы мен олардың әлеуметтік беделінің әлсіздігі медиация рәсімдерінің сапасы мен тиімділігіне әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. З. Аюпова, Д. Құсайынов және У. Наган (2018) өз еңбектерінде қазіргі медиация институтын дәстүрлі «билер кеңесі» институтымен салыстыра отырып, қазіргі медиаторлардың моральдық салмағы мен қоғамдық беделінің төмендеуін атап өтеді [155].

Медиатордың әлеуметтік беделі мен құқықтық тұрғыдан танылуы оның кәсіби даярлығымен тығыз байланысты. Осыған байланысты, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғау саласында медиаторлардың кәсіби даярлығы мен біліктілік деңгейіне қатысты мәселелер медиация институтының тиімді қолданылуына ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады.

К. Зейдин дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің кең таралуына кедергі факторлардың бірі ретінде медиативтік нәтижелердің орындалуына қатысты құқықтық айқындықтың жеткіліксіздігін атап, медиативтік бітімдердің тікелей орындалуын қамтамасыз ететін азаматтық іс жүргізу нормаларын жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге бағытталған медиативтік қызметтерді дамыту үшін мемлекеттік қолдау шаралары мен кәсіби оқыту бағдарламаларының жеткіліксіздігін дауды шешудің балама институтының кең таралуын тежейтін институционалдық кедергі ретінде атап өтеді. Осы аталған факторлар жиынтығы кәсіпкерлік даулар саласында медиацияның сенімді және болжамды құқықтық құрал ретінде қабылдануына кедергі келтіріп, кәсіпкерлердің соттық қорғауға басымдық беру үрдісін сақтап отыр.

Бұл өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелдерді басқаруда медиацияның әлеуетін шектеп, ұзақ мерзімді шарттық қатынастар мен іскерлік

серіктестіктерді сақтауға бағытталған құқықтық тетіктердің жеткіліксіз қолданылуына алып келеді.

Жүргізілген ғылыми әдебиеттерді талдау медиация институтының Қазақстанда әлі де қалыптасу сатысында екенін көрсетеді. Медиация мәдениетінің жеткілікті деңгейде орнықтауы, құқықтық мәдениет пен тараптардың сенім деңгейінің төмендігі, сондай-ақ кәсіби медиаторлар институтының әлсіз дамуы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауға елеулі кедергі келтіріп отыр. Сонымен қатар, медиациялық келісімдердің орындалуына қатысты құқықтық тетіктердің айқын еместігі және олардың тиімді орындалуына деген сенімнің жеткіліксіздігі бизнес субъектілерінің медиацияны дауларды шешудің сенімді құралы ретінде қабылдауын тежейді. Осыған байланысты медиацияны кәсіпкерлік-құқықтық қатынастар саласына жүйелі түрде интеграциялау және медиациялық келісімдердің орындалуын қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктерді нақтылау Қазақстандағы медиация институтының тиімді дамуының негізгі алғышарттарының бірі болып табылады.

Осылайша, жүргізілген нормативтік және доктриналық талдау медиацияның кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың икемді, диспозитивті және келісімге негізделген соттан тыс тетігі екенін көрсетті. Медиация шарттық қатынастарды сақтауға, ұзақ мерзімді іскерлік байланыстарды қорғауға және репутациялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік бере отырып, кәсіпкерлік дауларды шешудің заманауи моделін қалыптастырады. Сонымен қатар, құқық қолдану тәжірибесі медиацияның тиімділігі оны реттейтін нормалардың санымен емес, кәсіпкерлер үшін рәсімнің құқықтық айқындығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету деңгейімен айқындалатынын көрсетеді. Осыған байланысты медиация институтының әлеуетін толық іске асыру оны қолданудың тәжірибелік мәселелерін жүйелі талдауды және медиациялық келісімдердің орындалуын қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді одан әрі жетілдіру қажеттігін негіздейді.

Медиация кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың келісімге негізделген тиімді соттан тыс тетігі ретінде маңызды орын алғанымен, ол барлық кәсіпкерлік дауларды реттеудің әмбебап құралы бола бермейді. Тәжірибе көрсеткендей, кейбір жағдайларда тараптар үшін дауды бейбіт жолмен реттеумен қатар, кәсіби құқықтық ұстанымды сақтай отырып келіссөздер жүргізу қажеттілігі туындайды. Осындай жағдайларда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың өзге де татуластыру рәсімдері, соның ішінде партисипативтік рәсім, айрықша тәжірибелік маңызға ие.

Партисипативтік рәсім - сот төрелігіне балама, бірақ құқықтық келісімге негізделген нысан. Бұл рәсім тараптардың өзара тең құқықты келіссөздер жүргізуі арқылы сотқа дейін немесе соттан тыс тәртіпте дау-дамайды шешуге бағытталған. Партисипативтік рәсімнің басты ерекшелігі - қатысушылардың кәсіби өкілдері (адвокаттар) белсенді түрде қатысып, қабылданған келісімнің заңды салдары болуы.

Ғылыми әдебиетте Maria Antonietta Foddaі атап өткендей, Еуропа мен Америкада қалыптасып келе жатқан партисипативтік әділет (participatory justice) моделі дауларды шешуде тараптардың ерікті, құпия және тең негізде белсенді қатысуына сүйенеді. Автор бұл тәсілді мемлекеттік-соттық шешім қабылдауға балама тетік ретінде ғана емес, әділдікке қол жеткізудің жаңа моделі ретінде қарастырады, онда қақтығысты үшінші тұлға шешпей, тараптардың өздері бірлесіп басқарады. Мұндай модель тараптар арасындағы диалог пен ынтымақтастықты күшейту арқылы классикалық сот әділетінің жүктемесін төмендетуге, сонымен қатар азаматтардың әділетті жүзеге асыру процесіне белсенді қатысуы арқылы өзара сенім мен жауапкершілікке негізделген құқықтық қатынастарды қалыптастыруға бағытталған [156].

Партисипативтік рәсімнің басты ерекшелігі адвокаттардың кәсіби және тең қатысуымен сипатталады. Бұл рәсімде адвокат медиатордың функциясын атқармай, тараптардың құқықтық өкілі ретінде әрекет етеді, олардың құқықтық позициясын қалыптастырады, дәлелді аргументтер ұсынады және қол жеткізілетін келісімнің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, кейбір авторлар адвокаттардың белсенді қатысуы тараптар арасындағы қақтығысты ушықтыруы мүмкін деп санайды. Алайда бұл қауіп адвокаттардың кәсіби этикамен қатар, келісімнің заңдылығы мен орындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағдарлануымен шектеледі.

Бұл тәсіл адвокаттың дәстүрлі жарыспалы өкіл ретіндегі рөлін қайта пайымдауға және оның келісімге бағытталған кәсіби функциясын теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда К. Менкель-Мидоу «Ethics and Professionalism in Non-Adversarial Lawyering» атты еңбегінде адвокаттың тек қарсылас тараптың өкілі емес, дауларды бейбіт жолмен реттеуге, мүдделерді үйлестіруге және әділетті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған көпқырлы кәсіби рөлін негіздейді [157]. Автордың талдауынан жарыспалы емес (non-adversarial), келісім мен ынтымақтастыққа негізделген құқықтық қызмет адвокаттың қоғамдағы әділет пен келісімге ықпал ететін әлеуметтік миссиясын айқындайтыны туындайды.

Бұл тұжырым партисипативтік рәсімдегі адвокаттың белсенді құқықтық өкіл ретіндегі функциясымен теориялық тұрғыдан үндеседі. Аталған бағыттың қолданбалы маңызын С. Демченконың Украинадағы соғыс жағдайында жүргізілген зерттеуі де растайды: автор соттан тыс дауларды шешу тетіктерінің, соның ішінде медиация мен партисипативтік рәсімдердің, адвокаттарға құқықтық жүйеге түсетін жүктемені азайта отырып, тараптардың мүдделерін неғұрлым бейбіт және тиімді қорғауға мүмкіндік беретінін көрсетеді [158].

Осы тұрғыдан, партисипативтік рәсім адвокаттың келіссөз жүргізу және құқықтық позицияны дәлелдеуге негізделген кәсіби өкілдік дағдыларын талап етеді; бұл дағдылардың тәжірибелік қалыптасуының маңызын заң клиникалары туралы М.С. Трофимованың зерттеуінде де жанама түрде атап өтіледі [159].

Партисипативтік рәсім мен медиация ұқсас мақсаттарға ие болғанымен, олардың құқықтық және құрылымдық табиғаты айтарлықтай өзгеше.

Біріншіден, медиацияда тәуелсіз медиатор қатысады, ол тараптар арасындағы эмоционалдық тепе-теңдікті сақтай отырып бейтарап рөл атқарады. Ал партисипативтік рәсімде медиатор болмайды, келіссөздерді тараптардың адвокаттары өздері жүргізеді.

Екіншіден, медиация көбінесе психологиялық үйлесімділікке бағытталса, партисипативтік рәсімде құқықтық аргумент пен келісімнің заңдылығы басты орында болады.

Осы айырмашылықтар ғылыми әдебиеттерде де жан-жақты негізделеді. Атап айтқанда, Т.В. Худойкина мен С.А. Ильин соттық татуластыру мен медиация рәсімдерін салыстыра отырып, медиацияда бейтарап делдалдың эмоционалдық теңгерімді қамтамасыз етуі басым болса, кәсіби заңгер қатысатын рәсімдерде құқықтық позиция мен келісімнің мазмұндық дәлдігі алдыңғы орынға шығатынын көрсетеді. Авторлардың бұл тұжырымы партисипативтік рәсімнің құқықтық дәлелдерге негізделген табиғатын теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді [160].

Осылайша, партисипативтік рәсім кәсіпкерлік дауларды реттеуде құқықтық аргументке, кәсіби өкілдікке және келісімнің заңды салдарын қамтамасыз етуге бағдарланған соттан тыс тетік ретінде сипатталады. Мұндай рәсімнің теориялық негізделуі мен шетелдік тәжірибеде қалыптасқан модельдері оның тек доктриналық құбылыс емес, нақты құқықтық реттеуді талап ететін институт екенін көрсетеді.

Француз құқықтық тәжірибесіне негізделген партисипативтік рәсім моделі кейін Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына енгізілді. Бұл ұқсастықтар, ең алдымен, үшінші бейтарап тұлғаның қатыспауы, адвокаттардың міндетті қатысуы және келісімнің сотта бекітілу мүмкіндігі арқылы көрініс табады. Т.С. Таранова атап өткендей, бұл рәсім тараптардың адвокаттарының қатысуымен, үшінші бейтарап тұлғаның қатысуынсыз жүргізілетін келіссөздерге негізделеді және оның нәтижесінде жасалған келісім сотта бекітілген жағдайда татуласу келісім тәртібімен орындалады [161].

Қазақстанда партисипативтік рәсімнің азаматтық процестік заңнамаға енгізілуі халықаралық, әсіресе француз құқықтық тәжірибесіне негізделген модельдердің ықпалымен жүзеге асқанымен, оның тәжірибеде қолданылу деңгейі әлі де төмен болып отыр. Бұл жағдай жаңа татуластыру институттарына деген сенімнің жеткіліксіздігімен және құқықтық хабардарлықтың төмендігімен түсіндіріледі, ал рәсімнің тиімділігін арттыру оны нормативтік бекітумен қатар құқықтық мәдениетті қалыптастыру қажеттілігімен байланыстырылады [162].

Осыған байланысты партисипативтік рәсімнің Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасындағы нормативтік бекітілуі, оның процессуалдық мәртебесі және қолданылу ерекшеліктерін талдаған жөн.

Партисипативтік рәсім ҚР АПК 181-б. көзделген татуластыру рәсімдерінің бір түрі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – сот процесін жеңілдету және тараптардың өзара келісімге келуіне жағдай жасау.

Бұл рәсімнің басты ерекшелігі – даудың судьяның қатысуынсыз, тараптардың кәсіби өкілдері арқылы шешілуі. Осылайша, партисипативтік рәсім бейтарап үшінші тұлғаның қатысуынсыз, бірақ кәсіби құқықтық қамтамасыз етуімен өтеді.

ҚР АПК-нің 181-бабында партисипативтік рәсімнің тәртібі бекітілген. Онда тараптардың адвокаттар қатысуымен келіссөздер жүргізу тәртібі, келісімнің еріктілік сипаты мен құқықтық салдары айқындалған.

Сонымен қатар, ғылыми әдебиетте партисипативтік рәсімнің құқықтық реттелуінің жеткіліктілігі мәселесі көтерілуде. Атап айтқанда, И.Н. Полещук процессуалдық заңнамада партисипативтік рәсімнің дербес ұғымының болмауы оны қолдану тәжірибесін күрделендіретінін атап өтеді. Автордың пікірінше, ҚР Азаматтық процесілік кодексінде бұл рәсімнің тек негізгі белгілері ғана бекітілген, ал оның мазмұны, қолданылу кезеңдері мен шектері доктриналық және әдістемелік деңгейде нақтылауды қажет етеді. Осы олқылықты толтыру мақсатында адвокаттардың қатысуымен жүргізілетін партисипативтік рәсімге қатысты арнайы әдістемелік ұсынымдар қабылданған, онда рәсімді сотқа дейін, сот талқылауы барысында, сондай-ақ сот шешімі шығарылғаннан кейін қолдану мүмкіндігі көзделген [163].

Партисипативтік рәсім Қазақстан Республикасында медиация сияқты сотқа дейінгі және сот талқылауы барысындағы нысандарда қолданылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі партисипативтік рәсім шеңберінде тараптар өз еркімен дауды сотқа жеткізбей шешу мақсатында адвокаттар немесе заң консультанттарының көмегіне жүгінеді. Мұндай тәртіп дауды өзара келісім негізінде реттеуге бағытталған. Егер партисипативтік рәсім нәтижесінде дауды реттеу туралы келісім жасалса, оған азаматтық заңнамада мәмілелерге қатысты белгіленген жалпы қағидалар қолданылады. Себебі мұндай келісім өзінің құқықтық мәні жағынан тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтық-құқықтық мәміле ретінде қарастырылады.

А.Б. Шайменова партисипативтік рәсімді татуластыру рәсімдерінің дербес түрі ретінде қарастырып, оның басты ерекшелігі ретінде судьяның қатыспауын және тараптардың кәсіби өкілдерінің - адвокаттар немесе заң консультанттарының міндетті қатысуын атап көрсетеді. Автордың пікірінше, аталған рәсім келіссөздер нысанында жүзеге асырылады және тараптардың құқықтық ұстанымдарын кәсіби деңгейде үйлестіру арқылы дауды өзара тиімді негізде реттеуге бағытталады. [164].

Партисипативтік рәсімнің қай кезеңдерде қолданылуы айқындалғанымен, оның нақты қалай жүзеге асырылатыны, тараптар мен адвокаттардың әрекет

ету алгоритмі және келіссөздердің ұйымдастырылу тәртібі арнайы әдістемелік регламенттеуді талап етеді.

Партисипативтік рәсімді жүргізудің нақты тәртібі адвокаттарға арналған 11 наурыз 2016 жылғы Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы мақұлдаған адвокат Б.А. Райсова әзірлеген әдістемелік ұсынымдарда (№12 хаттама) егжей-тегжейлі регламенттелген [165]. Аталған құжат партисипативтік рәсімді келіссөздерге негізделген, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын құқықтық процедура ретінде қарастырады және оның жүргізілуінің ұйымдастырушылық, процессуалдық әрі этикалық аспектілерін айқындайды.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, партисипативтік рәсім тараптардың өзара ерікті келісімі негізінде басталады. Мұндай ерік білдіру адвокатпен жасалатын жазбаша шартта, сондай-ақ сот өндірісінде тұрған іс бойынша тараптардың тиісті өтінішінде көрініс табады. Рәсімге қатысу тараптар үшін міндетті емес және олар келіссөздерден кез келген кезеңде бас тартуға құқылы, бұл партисипативтік рәсімнің еріктілік қағидасын нақтылайды. Партисипативтік рәсім тараптардың таңдауы бойынша сотқа дейінгі, сот талқылауы барысындағы немесе сот шешімі шығарылғаннан кейінгі кезеңде жүргізілуі мүмкін. Рәсім судьяның қатысуынсыз жүзеге асырылады, ал келіссөздер тараптардың адвокаттарының міндетті қатысуымен жүргізіледі. Бұл ерекшелік партисипативтік рәсімді медиациядан ажыратып, оның кәсіби-құқықтық сипатын айқындайды.

Әдістемелік ұсынымдарда партисипативтік рәсімнің кезеңдік құрылымы белгіленген. Атап айтқанда, рәсім үш негізгі кезеңнен тұрады: тараптардың ұстанымдары мен талаптарын айқындау және ұсыныстарды білдіру; ықтимал баламаларды әзірлеу және құқықтық тұрғыдан бағалау; тараптар үшін қолайлы нұсқаны таңдау және келісімге қол жеткізу. Келіссөздер барысында адвокаттар өздерінің сенім білдірушілерінің мүдделерін білдіре отырып, құқықтық дәлелдер ұсынады, келісім шарттарының заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді және болашақ келісімнің құқықтық салдарын түсіндіреді.

Сонымен қатар, адвокаттар кәсіби этика талаптарын сақтауға және келіссөздердің тәуелсіз әрі тең жағдайда өтуіне жауапты. Әдістемелік ұсынымдар партисипативтік рәсімнің уақыты мен мерзіміне де нақты талаптар қояды. Егер рәсім азаматтық іс жүргізу шеңберінде жүзеге асырылса, ол, әдетте, он жұмыс күнінен аспауы тиіс. Ал соттан тыс жағдайда рәсімнің жалпы ұзақтығы тараптардың келісімімен айқындалады, бірақ оны негізсіз созуға жол берілмейді. Партисипативтік рәсімнің нәтижесі ретінде тараптар жазбаша түрде партисипативтік келісім жасайды.

Мұндай келісім азаматтық-құқықтық мәміле ретінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді, олардың орындалу мерзімдері мен тәсілдерін айқындайды. Егер келісім сот өндірісі аясында жасалса, ол сотқа ұсынылып, бекітілуі мүмкін, ал бекітілген жағдайда мәжбүрлеп орындату тетіктері қолданылады. Осылайша, әдістемелік ұсынымдар партисипативтік рәсімді тек формальді келіссөздер жиынтығы ретінде емес, құқықтық салдары

бар, құрылымданған және кәсіби деңгейде жүргізілетін соттан тыс тетік ретінде айқындап, ҚР Азаматтық процестік кодексінде көзделген нормалардың тәжірибелік жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Партисипативтік рәсімді жүргізудің процессуалдық тәртібі ҚР Азаматтық процестік кодексімен айқындалса (ҚР АПК-нің 181-б.), оның кәсіпкерлік дауларды реттеудегі дербес соттан тыс тетік ретіндегі қолданылу аясы арнайы материалдық-құқықтық регламентацияны талап етеді.

ҚР АПК-нің 181-б. мен ҚР КК-нің 306-б. партисипативтік рәсімді реттеуде өзара функционалдық байланыста әрекет ететін нормалар жүйесін құрайды. Егер АПК-нің 181-б. партисипативтік рәсімді азаматтық іс жүргізу шеңберінде татуластыру рәсімі ретінде бекітіп, оның жүргізілу тәртібін және процессуалдық салдарын айқындаса, ҚР КК 306-б. бұл рәсімді кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғаудың дербес соттан тыс тетігі ретінде таниды. Осылайша, АПК нормалары партисипативтік рәсімнің процессуалдық механизмін қамтамасыз етсе, ҚР КК оның материалдық-құқықтық қолданылу аясын нақтылайды.

Кәсіпкерлік дауларды шешу саласында партисипативтік рәсімнің құқықтық негізі ҚР КК-нің 306-б. бекітілген. 306-баптың мазмұнына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілері партисипативтік рәсім арқылы дауды реттеу туралы келісім жасай алады; рәсім екі тарап адвокаттарының қатысуымен, судьяның қатысуынсыз өткізіледі; рәсімнің өткізу тәртібі мен шарттары ҚР АПК 181, 182-баптарымен реттеледі.

Бұл бап ҚР КК алғаш рет партисипативтік рәсімді жеке құқықтық институт ретінде таныды. Ол кәсіпкерлерге дауларды соттан тыс кәсіби құқықтық келіссөз арқылы шешу мүмкіндігін береді.

Мұндай тәсіл дауларды шешудің баламалы жүйесіне тән және іскерлік бедел мен серіктестік қатынастарды сақтауға бағытталған.

Партисипативтік рәсімнің түпкі нәтижесі ретінде тараптар арасында тиісті келісім жасалады. Бұл келісім құқықтық мәні жағынан даудың мәні, оны шешу тәсілдері мен шарттары бойынша тараптардың өзара келісілген ерік білдіруін көрсететін азаматтық-құқықтық мәміле ретінде қарастырылады.

Партисипативтік келісім жазбаша түрде жасалып, тараптардың адвокаттарының міндетті қатысуымен рәсімделеді, бұл келісімнің құқықтық айқындылығы мен заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Процессуалдық тұрғыдан алғанда, партисипативтік келісім жасалуы азаматтық іс жүргізудің тоқтатылуына негіз бола алады, ал келісім толық орындалған жағдайда тараптар сол даудың нысанасы бойынша қайтадан талап қою құқығынан айырылады.

Осы мағынада партисипативтік рәсім сот шешімін алмастырмайтын, алайда дауды құқықтық салдары бар келісім арқылы реттеуге мүмкіндік беретін соттан тыс баламалы тетік ретінде әрекет етеді.

Партисипативтік рәсім аясында жасалған келісім тараптар үшін міндетті сипатқа ие. Бұл тұрғыда Т.С. Таранова партисипативтік рәсім бойынша қол

жеткізілген келісімнің сотта бекітілуі оның орындалуын қамтамасыз ететін процессуалдық кепілдік болып табылатынын атап көрсетеді. Егер мұндай келісім сотта бекітілсе, ол сот актісіне тең заңдық күшке ие болады және орындалмаған жағдайда мәжбүрлеп орындату тетіктері қолданылуы мүмкін.

Бұл механизм азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға және қоғамда құқықтық мәдениет пен татуластыру қағидаларын нығайтуға ықпал етеді.

Алайда, партисипативтік рәсімнің нормативтік тұрғыда бекітілуі оның кәсіпкерлік дауларды реттеу тәжірибесінде кеңінен қолданылуын автоматты түрде білдірмейді. Осыған байланысты оның нақты қолданылу деңгейін бағалау үшін сот статистикасына жүгіну орынды.

2024-2025 жылдардағы ресми сот статистикасы (Форма №2, Таблица А) кәсіпкерлік айналымға тән дауларда соттан тыс аяқтаудың негізгі құралы ретінде медиацияның басым екенін көрсетеді. Бұл ретте кәсіпкерлік даулар сот статистикасында дербес санат ретінде бөлінбегендіктен, талдау мазмұндық-функционалдық іріктеу негізінде, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын шарттық, корпоративтік, зияткерлік меншікке, сондай-ақ кәсіпкерлікпен байланысты салық және кеден даулары бойынша жүргізілді.

Республика деңгейінде 2024 жылы іс жүргізуді тоқтатудың 87,07%-ы, ал 2025 жылы 89,40%-ы медиация тәртібімен жасалған келісімдерге тиесілі болды. Қарағанды облысында медиацияның үлесі одан да жоғары болып, 2024 жылы 93,63%, 2025 жылы 95,26% деңгейінде қалыптасты.

Ал партисипативтік рәсімнің қолданылуы барлық деңгейде статистикалық тұрғыда төмен деңгейде байқалады: республика бойынша 2024 жылы 74, 2025 жылы 63 жағдай ғана тіркелсе, Қарағанды облысында тиісінше 3 және 1 жағдаймен шектелген. Бұл көрсеткіштер партисипативтік рәсімнің үлесі іс бойынша іс жүргізуді тоқтатулар ішінде де, қозғалған істер ішінде де айтарлықтай маңызға ие болмағанын дәлелдейді (мысалы, республика бойынша қозғалған істердің ішінде оның үлесі 2024 жылы 0,026%, 2025 жылы 0,0175%; Қарағанды облысында тиісінше 0,0229% және 0,0057%) (Қосымша Б) [166].

Осылайша, партисипативтік рәсім нормативтік тұрғыда бекітілгеніне қарамастан, кәсіпкерлік дауларды реттеу тәжірибесінде эпизодтық сипатта ғана қолданылып отыр, ал медиация кең таралған әрі тиімді соттан тыс тетік ретінде орныққан. Қосымша Б-де ұсынылған диаграмма аталған үрдістің динамикасын көрнекі түрде растайды.

Осы тұжырымды нақтылау мақсатында төменде салыстырмалы кесте ұсынылады.

Кесте 3 - Кәсіпкерлік дауларды соттан тыс аяқтау нысандары (Қазақстан Республикасы және Қарағанды облысы, 2024–2025 жж.)

Аймақ /жыл	Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату,барлығы	Медиация, %	Татуласу келісімі, %	Партисипативтік рәсім, %
Қазақстан Республикасы, 2024	70 911	87,07	9,91	0,10
Қазақстан Республикасы, 2025	92 372	89,40	7,47	0,07
Қарағанды облысы, 2024	4 444	93,63	4,16	0,07
Қарағанды облысы, 2025	4 683	95,26	3,46	0,02

Осы деректер партисипативтік рәсімнің Қазақстанда нормативтік тұрғыдан бекітілгеніне қарамастан, кәсіпкерлік дауларды реттеу тәжірибесінде жүйелі құралға айналмай, қолданылу деңгейінің төмендігі сақталып отырғанын көрсетеді.

Кәсіпкерлердің құқықтарын соттан тыс қорғаудың заңнамада бекітілген нысандарынан басқа да түрлерін атап өтуге болады. Солардың бірі АҚШ және Ұлыбритания елдерінде жиі қолданылатын «мини-талқылау» (mini-trial). Ол кәсіпкерлік дауларды шешуде кеңінен қолданылады. *Мини-талқылау* деген атауын сот рәсіміне сырттай ұқсастығына байланысты алған және ол корпорация басшыларының, заңгерлердің және істі қарауды жүргізетін үшінші, тәуелсіз тұлғаның қатысуымен дауды реттеу рәсімін білдіреді [167].

Бұл институт алғаш рет 1977 жылы АҚШ-та Telecredit–TRW патент дауы кезінде қолданылған. Даудың тараптары сот процесін жалғастырудың орнына, қысқаша тыңдау өткізіп, дәлелдер мен аргументтерді бейтарап кеңесшінің алдында ұсынған. Нәтижесінде тараптар қысқа уақыт ішінде келісімге келген [168].

Осы тәжірибе кейін коммерциялық дауларды шешуде кеңінен таралған.

W.K. Моог-дың пікірінше, *мини-талқылау* (mini-trial)– шын мәнінде «шағын сот процесі» емес, керісінше құрылымданған келіссөз жүргізу процедурасы болып табылады. Оның негізгі мақсаты – тараптарға судья алдында өз позицияларын қысқаша ұсыну арқылы даудың ықтимал нәтижесін алдын ала бағалау мүмкіндігін беру [168, б. 198].

Мини-талқылау бейтарап тұлғаның (көбінесе судьяның) қатысуы, еріктілік және құпиялылық қағидасына негізделуі, рәсімнің икемділігі және судья пікірінің міндетті күшінің болмауы сияқты негізгі белгілермен ерекшеленеді. Сондықтан бұл рәсім медиация мен төреліктің кейбір

элементтерін біріктіретін дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің аралас тетігі болып табылады. Дегенмен бұл рәсімнің куәлардың сенімділігін бағалау маңызды болған істерде, күрделі құқықтық мәселерде, тек құқық ноомаларын түсіндіруге байланысты дауларда тиімді болмайтынын да ескерген жөн. Сол себепті мини-талқылау коммерциялық және құрылыс даулары, шарттық міндеттемелер, еңбек даулары сияқты істерде тиімді қолданылады.

W.K. Moore «мини-талқылау» (mini-trial) рәсмін азаматтық сот ісін жүргізудегі тиімді балама тетік ретінде қарастырады. Бұл процедура тараптарға: даудың ықтимал нәтижесін алдын ала бағалауға, келіссөз жүргізуге, сот талқылауына кететін уақыт пен шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан автор mini-trial рәсмін ұзақ әрі күрделі сот істерінде міндетті түрде қарастыруды ұсынады.

Сонымен қатар, зерттеуші Belinda Cheney-дің пікірінше, «мини-талқылау» (mini-trial) – келіссөздерді құрылымдауға арналған гибридік рәсім болып табылады, ол келіссөз, медиация және сот талқысының элементтерін біріктіреді. Бұл рәсімнің мәні тараптардың өз дәлелдері мен құқықтық аргументтерін қысқаша ұсынуынан көрінеді. Іс әдетте компания басшылары немесе дауды шешу құқығына ие өкілдер алдында қаралады, ал кейбір жағдайларда бейтарап кеңесші қатысуы мүмкін. Рәсімнің қорытындысында тараптар келіссөздер жүргізу арқылы өзара тиімді шешімге келеді. Осылайша, «мини-талқылау» (mini-trial) дәстүрлі сот процесін іскерлік келіссөз форматына трансформациялауға бағытталған рәсім ретінде сипатталады [169].

Рәсім шеңберінде істер бірнеше күндер ішінде шешіледі. Мысалы, TRW және Automatic Radio арасындағы дау 5 жылға созылған, бірақ mini-trial арқылы 3 күнде шешілген [169, б. 170]. Сот процесіне қарағанда бірнеше ай немесе жыл үнемделеді. Ең маңызды ерекшелік — істі компанияның жоғары деңгейдегі басқарушылары тыңдайды және келісімге келу құқығы болады.

Бұл процестегі негізгі тұлғалардың бірі – *«бейтарап кеңесші»*, ол туындаған жағдайды жан-жақты бағалап, мүмкіндігінше дауды бейбіт жолмен шешуге ықпал етуі тиіс. Бейтарап кеңесші ретінде заңгер, қызметін тоқтатқан судья немесе даулы мәселелер саласында құзыретті кез келген өзге тұлға бола алады. Рәсім барысында әрбір тарап өз ұстанымын білдіріп, оны негіздейді, содан кейін дауды шешу үшін қажетті өкілеттіктерге ие жауапты лауазымды тұлғалардың міндетті қатысуымен келісім шарттары талқыланады. Тараптарға өз заңгерлерімен кеңесу үшін белгілі бір мерзім беріледі. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін және келісімге қол жеткізілмеген жағдайда процесс аяқталады. Әдетте, бұл рәсімде куәлар қатыспайды, алайда техникалық мәселелерді түсіндіру үшін сарапшының қатысуы мүмкін. Мини-талқылау бейтарап тұлғаның және жоғары лауазымды тұлғалардың қатысуымен жүзеге асырылатын, тараптардың өзара бәсекелесіп пікір білдіруі арқылы келісімге келуге және туындаған коммерциялық келіспеушіліктерді шешуге бағытталған рәсім болып табылады. Бұл ірі компаниялар мен корпорациялар үшін қолайлы,

өйткені оларға медиацияға немесе сот отырысына қатысқаннан гөрі өз кеңсесінде талқылау жүргізу анағұрлым ыңғайлы.

Қорыта айтқанда, мини-талқылау рәсімін ҚР заңнамасына енгізу ірі кәсіпкерлік субъектілері арасындағы коммерциялық дауларды тиімді шешудің қосымша тетігі ретінде негізді болып табылады.

Кәсіпкерлік дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің тағы бір түрі татуласу. Көп жағдайда заңгерлік тәжірибеде «делдалдық» пен «татуласу» ұғымдары өзара жақын, кейде тіпті синоним ретінде қабылданады. Алайда олардың мазмұнында белгілі бір айырмашылықтар бар. Татуласу рәсімі делдалдыққа ұқсас болғанымен, оның ерекшелігі - татуластырушы дауды шешудің ықтимал жолдарын айқындап, тараптарға неғұрлым әділ әрі тиімді нұсқаларды ұсынуға бейім болады. Татуластырушы ұсынған шешім міндетті сипатқа ие емес: ол тек ұсыныс ретінде беріледі және тараптар оны қабылдауға немесе одан әрі келіссөздер жүргізуге негіз ретінде пайдалануға ерікті. Ал делдалдың рөлі басқаша сипатта көрінеді - ол тараптар арасындағы келіссөздерді ұйымдастыруға, олардың өзара диалогын қолдауға және өзара қолайлы шешімге келуіне ықпал етуге бағытталады, бірақ дауды шешудің нақты нұсқасын өзі ұсынбайды. Осылайша, делдал келіссөз процесін жүргізуге және тараптардың өз бетінше келісімге келуіне жағдай жасаса, татуластырушы даудың мәнін бағалап, оны шешудің мүмкін жолдарын ұсынып, белгілі бір дәрежеде мазмұндық бағдар береді.

Бұл рәсімнің негізгі мақсаты – тараптар арасындағы дауды өзара келісім негізінде шешу және ұзақ әрі күрделі сот процедураларын болдырмау. Татуласу тараптардың өзара тиімді шешімге келуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың арасындағы экономикалық және іскерлік қатынастарды сақтауға да ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, татуласу рәсімі дауды жылдам әрі тиімді реттеудің құралы ретінде қарастырылады. Бұл жөнінде Л. Оwein мен А. Hussein татуласу коммерциялық дауларды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік беретін тиімді құқықтық механизм екенін, оның тараптар арасындағы экономикалық байланыстарды сақтауға және дауларды жедел әрі икемді түрде реттеуге ықпал ететінін атап көрсетеді [170].

Германия, Италия, Франция, Ұлыбритания, Нидерланд және өзге де елдердің тәжірибесінде қолданылатын, дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің бірі - *сараптамалық анықтама*. Бұл рәсім техникалық сипаттағы немесе арнайы білімді талап ететін даулы мән-жайларды шешу барысында пайдаланылады. Мәселен, компания мүлкінің құнын, активтердің бағасын немесе келтірілген залалдың мөлшерін анықтау кезінде қолданылады .

Сараптамалық анықтаманың негізгі ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1. Субъект – сарапшы. Сарапшы арнайы білімге (техникалық, қаржылық және т.б.) ие тәуелсіз әрі бейтарап үшінші тұлға болып табылады.
2. Шарттық негіз. Сараптамалық анықтама шартта көзделген тиісті ескертпе негізінде немесе тараптардың нақты даулы мәселені сарапшының қарауына беру туралы жеке келісімі арқылы жүзеге асырылады.

3. Құпиялылық қағидасы. Дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің басым көпшілігі сияқты, сараптамалық анықтама да құпиялылық қағидасына негізделеді. Бұл қағида кәсіпорынның коммерциялық құпиясын немесе өзге де маңызды ақпаратын сақтауға мүмкіндік береді.

4. Жеңілдетілген тәртіп. Рәсім қарапайым жазбаша нысанда жүзеге асырылады және куәларды жауап алу, тараптардың жарыссөзі сияқты сот процесіне тән күрделі іс жүргізу әрекеттерін талап етпейді.

5. Сарапшы қорытындысының міндеттілігі. Сарапшының қорытындысы тараптар үшін міндетті сипатқа ие болады. Алайда, егер тараптардың ешқайсысы белгілі бір мерзім ішінде сотта шешімге дау айтпаса ғана міндетті күшіке ие болады.

Халықаралық тәжірибеде сараптамалық анықтама рәсімін ұйымдастыруда институционалдық қолдау көрсететін құрылымдардың бірі - Халықаралық сауда палатасының жанында сараптамалық мәселелермен айналысатын Сараптамалық орталық (ICC Expertise Centre). Халықаралық сауда палатасы ұсынатын бұл тетік тараптарға сарапшылар мен бейтарап тұлғаларды ұсыну, оларды тағайындау және сарапшылардың қатысуымен жүргізілетін рәсімдерді әкімшілендіру қызметтерін қамтиды. Сарапшының немесе бейтарап тұлғаның ұсынысы тек дауларды шешумен шектелмейтін түрлі мақсаттарда қызмет ете алады. Тараптар әдеттегі іскерлік қызмет аясында маңызды мәселеге қатысты сараптамалық қорытынды алғысы немесе келіссөздерге жәрдемдесу үшін бейтарап тұлғаға жүгінгісі келуі мүмкін. Сонымен қатар, сарапшы төрелікте немесе басқада рәсімдерде әлеуетті сарапшы ретінде талап етілуі мүмкін. Келіспеушіліктер немесе даулар туындаған ретте тараптар сарапшыдан нақты мәселе бойынша қорытынды талап ете алады. Орталықтың қатысуы сараптамалық рәсімнің ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге, тараптар мен сарапшы арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіруге және рәсімнің тиімді жүзеге асырылуына мүмкіндік береді [171].

Қазақстанда сараптамалық анықтама дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде дербес құқықтық реттелуі көрініс таппаған, алайда қолданылуы мүмкін, себебі қолданыстағы заңнамада бекітілген шарт еркіндігі қағидасына сәйкес, егер тараптар шартқа заңға қайшы келмейтін қандай да бір ережені енгізсе, онда ол тараптар үшін міндетті болып табылады.

Қазақстанда сараптамалық анықтама бағалау қызметі саласында қолданылуы мүмкін. Мәселен, Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы 10 қаңтар 2018 жылғы № 133-VI ҚР Заңының 11-б. 1-т. сәйкес, егер бағалау нәтижелерінің дұрыстығына күмән туындаса, мысалы есепте көрсетілген нарықтық немесе өзге құн негізді көрінбесе не сол объекті бойынша басқа бағалау есептерімен қайшылықтар болса, мұндай жағдайда бағалау есебін қосымша сараптамадан өткізу қажеттілігі туындауы мүмкін [172].

Бұл норма бағалау нәтижелерінің негізділігін тексеру мақсатында тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен сараптамалық бағалау жүргізуге

мүмкіндік береді. Осыған сәйкес, бағалау туралы есептің сараптамасы сараптамалық анықтама элементтеріне ұқсас құқықтық тетік ретінде қарастырылуы мүмкін.

Дегемен, қазіргі уақытта біздің елде сараптамалық анықтаманы дауларды шешудің баламалы тәсілінің дербес түрі деп қорытынды жасауға әлі ерте.

Қорыта келгенде, мини-талқылау, татуласу және сараптамалық анықтама сияқты баламалы рәсімдер халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылып, коммерциялық дауларды реттеудің тиімді құралдары ретінде қалыптасқан. Бұл институттар тараптарға сотқа жүгінбей-ақ дауды өзара келісім негізінде шешуге, уақыт пен шығындарды азайтуға, сондай-ақ іскерлік қатынастарды сақтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты шетелдік тәжірибені назарға ала отырып, баламалы құқықтық тетіктерді Қазақстан заңнамасында одан әрі жетілдіру кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға және оның тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бөлімде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс нысандары ретінде төрелік, медиация және партисипативтік рәсімнің құқықтық табиғаты мен қолданылу ерекшеліктері кешенді түрде талданды. Нормативтік деңгейде аталған тетіктер кәсіпкерлік дауларды жедел әрі икемді реттеуге бағытталғанымен, олардың тәжірибелік тиімділігі құқықтық айқындыққа, рәсімдік мәдениетке және институционалдық инфрақұрылымның дамуына тікелей тәуелді екені анықталды.

Төрелік тараптардың дербестігіне, құпиялылыққа және шешімнің түпкіліктілігіне негізделген тетік ретінде сипатталды. Оны қолданудың нәтижелі болуы төрелік келісімнің сапасына және процесстік тәуекелдерді алдын ала бағалауға байланысты екені негізделді. Медиация мүддеге негізделген келіссөздік рәсім ретінде шарттық қатынастарды, серіктестікті және іскерлік беделді сақтауға бағытталатыны айқындалды. Дегенмен, медиаторлар институтының тұрақтылығы мен медиативтік келісімдердің орындалу кепілдіктерінің жеткіліксіздігі оның тиімділік деңгейін шектеуі мүмкін екені көрсетілді.

Партисипативтік рәсім құқықтық келіссөзге және кәсіби өкілдікке сүйенетін аралық үлгі ретінде айқындалып, оның процессуалдық реттелуі болғанымен, құқық қолдану тәжірибесінде жүйелі құралға айналмағаны статистикалық деректермен нақтыланды. Демек, соттан тыс қорғау нысандарының тиімді дамуы тек олардың нормативтік бекітілуімен ғана емес, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттырумен, рәсімдердің орындалу кепілдіктерін нақтылаумен және оларды қолданудың құқықтық-ұйымдастырушылық тетіктерін нығайтумен айқындалады.

3 КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТЕТІГІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктері

Кәсіпкерлік қызмет мемлекеттің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін басым бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты елдегі кәсіпкерлік қызметтің орнықты дамуы, ең алдымен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің тиімді қорғалуына, сондай-ақ бұзылған құқықтардың уақтылы қалпына келтірілуіне тікелей тәуелді.

Осы бөлімде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс институционалдық нысандары қарастырылады. Өйткені кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тек сот және соттан тыс нысандармен шектелмей, құқықтарды іске асыруға жағдай жасайтын қоғамдық-институционалдық кепілдіктерді де қамтиды. Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудағы ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің алатын рөліне талдау жасалады.

В.В. Герасимова сауда-өнеркәсіп палаталарын кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда институционалдық кепілдік функциясын атқаратын субъектілер ретінде қарастырады [173]. Осы тұрғыдан алғанда, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметі де кәсіпкерлердің құқықтарын тікелей қалпына келтіруден гөрі, олардың бұзылуының алдын алуға және құқықтық-экономикалық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған.

Осыған байланысты ғылыми әдебиетте Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қоғамдық мониторинг жүргізудегі айрықша институционалдық рөлі атап өтіледі. Атап айтқанда, С.И. Климкин мен А.Г. Қазбаева нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг жүргізу құзыретінің заңнамада Ұлттық кәсіпкерлер палатасына бекітілуі нәтижесінде бұл салада Палатаның ерекше мәртебесі қалыптасатынын көрсетеді. Авторлар сондай-ақ «қоғамдық мониторинг» ұғымының өзге қоғамдық бақылау нысандарымен ара-жігін заңнамалық деңгейде нақтылау қажеттігін негіздейді [174].

Аталған доктриналық тұжырымдар ҰКП-нің қалыптасуын кездейсоқ институционалдық шешім ретінде емес, мемлекеттің кәсіпкерлікті жүйелі қолдау мен бизнес пен билік арасындағы тұрақты өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған ұзақмерзімді саяси-экономикалық көзқарасының нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

14 желтоқсан 2012 жылғы ҚР Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында отандық кәсіпкерліктің жаңа экономикалық саясаттың қозғаушы күші ретіндегі рөлін айқындады. Жолдауда халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, кәсіпкерлердің палаталарға топтасуы экономиканың тиімділігін арттырудың маңызды факторы екені атап өтіліп,

«мықты бизнес – мықты мемлекет» қағидасын іске асырудың институционалдық негізі ретінде Кәсіпкерлердің ұлттық палатасын қалыптастыру қажеттігі негізделді. Осы тұрғыдан алғанда, Үкімет пен «Атамекен» одағының бірлескен бастамасы кәсіпкерлікті кешенді қолдауға, соның ішінде кәсіби-техникалық білім беру, ауылдық аумақтар мен моноқалалардағы шағын бизнесті сервистік сүйемелдеу, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызмет салаларындағы бірқатар функцияларды жаңа институционалдық құрылымға беру арқылы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жүйелі тетігін қалыптастыруға бағытталды.

Бизнес пен биліктің тиімді әріптестігіне негізделген кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру мақсатында ҚР Үкіметі мен Атамекен» одағының бірлескен шешімімен 9 қыркүйек 2013 жылы ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылды. Кейіннен, 27 наурыз 2015 жылы «Атамекен» ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ретінде ресми түрде қайта тіркелді, бұл шешім Палатаның 27 қаңтар 2015 жылғы кезектен тыс II Съезінде қабылданды.

«Атамекен» ҚР ҰКП құру кезінде бизнес-қоғамдастықтарды ұйымдастырудың континенталдық (еуропалық) моделі негізге алынды. Палатаның кәсіпкерлер үшін жалпыға бірдей міндетті мүшелікке негізделген институционалдық құрылымы дәл осы континенталдық модельдің қағидаларына сәйкес қалыптастырылған. Аталған модель Франция мен Германияда әзірленіп, қазіргі уақытта Еуропаның бірқатар жетекші мемлекеттерінде тиімді қолданылып келеді [175].

4 шілде 2013 жылы кәсіпкерлік ортадағы қатынастарды жүйелеуге бағытталған «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Заң қабылданды. Аталған заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және өзара тиімді әріптестікті дамыту үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар қалыптастыру мақсатында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Сонымен қатар, Ұлттық палата дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қауымдастықтар (одақтар) түріндегі бірлестіктерінің қызметін ынталандыруға және қолдауға бағытталған кәсіпкерлік субъектілерінің бірыңғай өкілдік институты ретінде әрекет етеді [176].

ҚР ҰКП туралы заңының 9-б. сәйкес, олардың негізгі қызметтеріне кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; өңірлерде кәсіпкерлік қызметке жасалған жағдайлар мен кәсіпкерлік белсенділікке қоғамдық мониторинг жүргізу; кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысу; отандық өндіріске қолдау көрсету және ұйымдардың сатып алуларында жергілікті қамту үлесін арттыру; мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, оларды сертификаттау мен аттестаттау, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту; кәсіпкерлік

субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін ынталандыру; инвестиция тарту және экономиканы әртараптандыру жатады.

ҚР ҰКП мақсаттары, міндеттері мен қызмет бағыттары «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Жарғысында (құрылтайшылардың 4 қыркүйек 2013 жылғы бірлескен шешімімен бекітілген, 07.11.2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) егжей-тегжейлі айқындалған [177].

Осы қызмет бағыттары арқылы ҰКП заңнамада көзделген мақсаттары мен міндеттері іске асырылады, бұл Палатаның кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы институционалдық рөлін сипаттайды.

Аталған басты қызметтерінің ішіндегі кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кәсіпкерлер Палатасының жанынан құрылатын «Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес» арқылы жүзеге асырылады, оның отырыстарында кәсіпкерлердің қатысуымен нақты заңдық шиеленістерді қарастырады. Аталған институт Қазақстанда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелерді жедел әрі жүйелі түрде шешуге, сондай-ақ осы бағыттағы қызметті кеңінен насихаттауға бағытталып құрылған. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі Кеңестің отырыстарында Кеңес мүшелері кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты нақты жағдайлардың оң шешімін табуға әрекет жасайды, оған кәсіпкерлердің өздері және уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қатысады. Бизнес өкілдері лауазымды тұлғалармен тікелей әңгімелесіп, оларға өз мәселелері туралы сауалдар қоюға мүмкіндік алады. Кеңес отырысы соңында қатысушылар шешімдер қабылдап, оның негізінде ҰКП қандай да бір кәсіпкерді қорғау және туындаған жүйелі мәселелерді шешу үшін тиісті қадамдар жасайды.

ҰКП-ның кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы тәжірибелік қызметінің нәтижелілігі Палатаның жыл сайынғы есептерінде көрініс табады. Атап айтқанда, 2023 жылы ҰКП-на кәсіпкерлерден 3 711 өтініш (шағым) келіп түскен, олардың 1 623-і немесе 44%-ы оң шешімін тапқан, ал 498 өтініш бойынша (13%) құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Қаралған істер бойынша кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері 134,1 млрд теңге сомасында қорғалған, оның ішінде айыппұлдар мен өсімпұлдар жойылып, шарттық міндеттемелер орындалып, мүлік қайтарылған, мүлікке салынған тыйымдар мен уәкілетті органдардың заңсыз хабарламаларының күші жойылған [178] (Қосымша В).

Аталған қызмет бағыты 2024 жылы да жүйелі түрде жалғасын тапқан. Атап айтқанда, 2024 жылдың алғашқы 9 айында Палатаға кәсіпкерлерден 2 465 өтініш (шағым) келіп түскен, олардың 967-сі немесе 39%-ы оң шешілген, ал 616 өтініш бойынша (25%) құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Қаралған істердің нәтижесінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері 16,3 млрд теңге сомасында қорғалған [179].

Салыстырмалы түрде алғанда, 2023 жылы 3 711 өтініш қаралса, 2024 жылдың алғашқы 9 айында олардың саны 2 465-ті құраған, бұл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетіктерінің тұрақты түрде қолданылып отырғанын көрсетеді.

ҰКП жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестердің қазіргі қызмет нәтижелерін толық түсіну үшін олардың өңірлік деңгейде алғаш қалыптасқан кезеңіндегі тәжірибесіне назар аударған жөн.

ҰКП жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестердің өңірлік деңгейдегі қызметі нақты тәжірибелік нәтижелермен сипатталады. Мысалы, Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы жанындағы Кеңестің 2016 жылғы қызметі туралы есепке сәйкес, бір жыл ішінде 13 отырыс өткізіліп, 37 мәселе қаралған, олардың елеулі бөлігі жүйелі сипатқа ие болған. Кеңес бастамаларының нәтижесінде мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттері тоқтатылып, кәсіпкерлердің құқықтары елеулі қаржылық көлемде қорғалған, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге қатысты ұсыныстар уәкілетті органдарға жолданған.

Аталған қорытындылар Кеңес қызметінің жекелеген істер бойынша да тиімділігін көрсетеді. Атап айтқанда, мемлекеттік сатып алу саласында Кеңес араласуының нәтижесінде тапсырыс берушілер тарапынан жол берілген заң бұзушылықтар анықталып, заңсыз қабылданған сатып алу қорытындыларының күші жойылған (ЖШС «AsiaBell», ДК Буторина). Сонымен қатар, Кеңестің қатысуымен ЖШС «Жарык-Т» және ЖШС «Марганец» ұйымдарының мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша тапсырыс берушілер тарапынан төленбей келген берешектерін өндіріп алу мәселелері оң шешіліп, кәсіпкерлердің мүліктік құқықтары шамамен 16 млн теңге сомасында қалпына келтірілген.

Кеңес қызметінің жүйелі сипат алғанын Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің кейінгі жылдардағы қызмет нәтижелері де дәлелдейді. 2017–2018 жылдары және 2019 жылдың 9 айында Кеңестің 34 отырысы өткізіліп, онда 94 мәселе қаралған, олардың елеулі бөлігі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға байланысты жеке және жүйелі сипаттағы дауларды қамтыған. Кеңес отырыстарында мемлекеттік сатып алу, жер қатынастары, салық салу, кедендік реттеу, сәулет және қала құрылысы, әкімшілік және қылмыстық қудалау тәжірибесі салаларындағы даулы мәселелер талқыланған.

Кеңес қызметінің нәтижесінде бірқатар мәселелер оң шешімін тауып, уәкілетті органдарға жолданған ұсыныстар негізінде заңсыз әрекеттердің жолы кесілген, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын бұзуға жол берген 9 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылған [180]. Келтірілген мәліметтер аталған Кеңестің өңірлік деңгейде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді соттан тыс институционалдық тетігі ретінде қалыптасқанын аңғартады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың мұндай тетіктері іс жүзінде Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің нақты істерді қарау тәжірибесінде көрініс табады. Мәселен, 2025 жылы Кеңестің қарауына Қарағанды облысында жер қатынастары саласында туындаған ЖШС «REAL» кәсіпорнының ісі шығарылған. Аталған іс бойынша кәсіпкер заңды негізде жеке меншікке алған жер учаскесінде шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында барлық қажетті рұқсат құжаттарын алған. Алайда жергілікті атқарушы органдардың ауызша нұсқаулары негізінде құрылыс-монтаж жұмыстары тоқтатылып, бұрын берілген рұқсаттар кері қайтарылған. Кейіннен жергілікті атқарушы органдар жобалық-жоспарлау құжаттамасына өзгерістер енгізу арқылы кәсіпкердің жер учаскесін нысаналы пайдалану мүмкіндігін шектеп, оны мәжбүрлеп алып қою туралы талаптар қойған [181].

Кеңес жүргізген талдау нәтижесінде жергілікті атқарушы органдардың әрекеттері жер заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтіні, сондай-ақ әкімшілік сипаттағы шектеу және тыйым салу шаралары кәсіпкердің меншік құқығын негізсіз шектеуге әкелгені анықталған. Осыған байланысты Кеңес өз шешімінде уәкілетті мемлекеттік органдарға кәсіпкердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге байланысты қабылданған заңсыз шешімдердің күшін жою, сондай-ақ жер қатынастары саласында орын алып отырған нормативтік коллизиялар мен әкімшілік кедергілерді жоюға бағытталған нақты ұсынымдар берген [182]. Аталған шешім ҰКП-ның жер қатынастары саласында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған соттан тыс институционалдық ықпал ету тетіктерінің тиімді жұмыс істейтінін және олардың тәжірибелік мәнінің жоғары екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, мұндай тетіктердің нәтижелілігі мемлекеттік сатып алу саласындағы құқық қолдану тәжірибесін талдау барысында да байқалады. Мәселен, 2025 жылы ҚР ҰКП жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңесте жаңа «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңнаманы қолдану мәселелері қаралып, осы бағыттағы өзекті проблемалар талқыланды. Кеңеске ұсынылған материалдарда мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің жеделдеуі мен цифрлануы бизнес үшін оң әсер бергенімен, бірқатар мәселелердің сақталып отырғаны көрсетілген [183].

Тапсырыс беруші мен жеткізуші арасындағы құқықтар мен жауапкершіліктің тең дәрежеде реттелмеуі, келісу комиссиялары қызметіне бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі, электрондық жүйелердегі техникалық шектеулер, сондай-ақ рейтингтік-балдық модельдің кемшіліктері кәсіпкерлердің мемлекеттік сатып алуларға қолжетімділігін шектеуге әкелетіні анықталған. Бұл жағдайлар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну санының өсуімен ұштасып отыр.

Осыған байланысты Кеңес қабылдаған шешімде уәкілетті мемлекеттік органдарға мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы және оған тәуелді нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруге бағытталған нақты ұсынымдар берілген. Яғни, жеткізушілерге қойылатын шектеулерді қайта қарау, тапсырыс берушілердің шарттық міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілігін күшейту, келісу комиссияларының ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ электрондық сатып алу жүйелеріндегі техникалық тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралар ұсынылған. Бұл шешім ҰКП-ның мемлекеттік сатып алу саласында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы институционалдық ықпал етуін көрсетеді [184].

ҚР ҰКП құрылған сәттен бастап кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу фактілерін тіркеумен ғана шектелмей, сондай-ақ мұндай құқық бұзушылықтардың туындау жағдайлары мен себептерін айқындауға бағытталған жүйелі қызметті жүзеге асырып келеді. Бұл тұжырым жоғарыда келтірілген деректер мен тәжірибелік мысалдармен негізделеді.

Қазіргі уақытта ҚР ҰКП кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінде маңызды өкілеттіктерге ие институт ретінде әрекет етеді. Атап айтқанда, Палата қолданыстағы заңнаманы талдау арқылы ондағы олқылықтарды айқындауға бағытталған қызметті жүзеге асырады. Сонымен бірге, ол өз құзыреті шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды сараптамадан өткізуге қатысады. Бұдан бөлек, кәсіпкерлікке қатысты халықаралық шарттар мен Қазақстан қатысуды жоспарлайтын келісімдердің жобаларын дайындау және талдау процесіне де тартылады. Осы өкілеттіктер Палатаның тек құқықтарды қорғау саласында ғана емес, сонымен қатар құқық бұзушылықтардың алдын алу мен бұзылған құқықтарды қалпына келтіру бағытында да елеулі институционалдық рөл атқаратынын айғақтайды.

Осылайша, ҚР ҰКП кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінде соттан тыс институционалдық тетік ретінде қызмет атқарады. Палатаның қызметі кәсіпкерлердің жекелеген құқық бұзушылықтар бойынша өтініштерін қараумен ғана шектелмей, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы құқықтық және институционалдық ортаны қалыптастыруға бағытталған жүйелік функцияларды да қамтиды. Бұл, өз кезегінде, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда мемлекеттік органдар мен бизнес-қоғамдастық арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етудің қосымша кепілдігі ретінде ҰКП-ның рөлін айқындайды. Аталған институттың қызметі кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғаумен қатар, құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды туындататын әкімшілік және құқықтық кедергілерді айқындау тұрғысынан да маңызды болып табылады.

Жүргізілген талдау ҰКП-ның кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда соттан тыс институционалдық тетік ретінде қызмет атқаратынын көрсетеді. Палата қызметінде құқық бұзушылық фактілерін есепке алумен қатар, олардың пайда болу себептері мен жағдайларын талдауға,

сондай-ақ тәжірибеде анықталатын құқықтық мәселелерді жүйелеуге назар аударылады. Бұл ҰКП кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесіндегі орнын сипаттауға негіз береді.

Осылайша, ҰКП кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда соттан тыс институционалдық тетік ретінде маңызды рөл атқарғанымен, оның құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктерінің сипаты мемлекеттік билік жүйесімен институционалдық байланысы бар арнайы уәкіл — бизнес-омбудсмен институтынан өзгеше болып табылады.

ҚР бизнес-омбудсмен институтының құқықтық мәртебесі конституциялық-құқықтық реттеу аясында айқындалып, ол кәсіпкерлік қызмет еркіндігін қорғауға арналған соттан тыс тетіктердің бірі ретінде қалыптасқан. Д.А. Сальникова көрсеткендей, бизнес-омбудсмен мемлекеттік билік жүйесімен институционалдық байланыста әрекет ететін уәкіл болып табылады, алайда оның қызметін ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге үкіметтік емес құрылымдар, соның ішінде ҰКП қатысады. Осындай институционалдық модель мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың өзара сабақтастығын қамтамасыз етіп, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жалпы тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді [185].

О.В. Batanov пен Т.О. Goloyadova ғылыми еңбектерінде бизнес-омбудсмен институты кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған дербес институционалдық тетік ретінде сипатталады. Зерттеушілер бұл институттың қалыптасуын мемлекет пен бизнес арасындағы өзара қатынастардың күрделенуімен, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті әкімшілік-құқықтық реттеу ауқымының кеңеюімен байланыстырады [186].

Steblianko A.V. мен Wilson O. өз зерттеулерінде бизнес-омбудсмен институтының өзектілігін кәсіпкерлердің құқық қорғау органдары тарапынан негізсіз қысым мен өкілеттіктерді теріс пайдалану жағдайларына жиі ұшырауымен түсіндіреді. Авторлардың пайымдауынша, мұндай тәжірибе құқық үстемдігі қағидаларына қайшы келіп қана қоймай, бизнес ортаның тұрақтылығына және инвестициялық сенімге теріс әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Бизнес-омбудсмен кеңесі (Business Ombudsman Council) кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы қатынастарда заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған, соттан тыс сипаттағы тиімді құқық қорғау тетігі ретінде бағаланады [187].

Сонымен қатар аталған еңбекте бизнес-омбудсмен қызметінің классикалық омбудсмен институтынан туындайтыны, алайда оның нақты бір әлеуметтік топтың — кәсіпкерлердің мүдделеріне бейімделгені атап өтіледі. Бұл институт, әдетте, мәжбүрлеуші өкілеттіктерге ие болмай, медиациялық және ұсынымдық құралдар арқылы әрекет етеді, сол арқылы сот билігінің немесе өзге мемлекеттік бақылау органдарының функцияларын қайталамай, құқықтарды қорғаудың қосымша әрі алдын алу сипатындағы тетігі ретінде көрініс табады.

Шетелдік елдердің тәжірибесін салыстырмалы талдау бизнес-омбудсмен институтының әмбебап, барлық мемлекеттерге бірдей үлгісі қалыптаспағанын көрсетеді. Соған қарамастан, бұл институттың қызметінде ортақ мазмұндық және функционалдық сипаттар байқалады. А.М. Самусиктің пікірінше, әр мемлекетте бизнес-омбудсменнің атауы, ұйымдық мәртебесі мен өкілеттіктер көлемі әртүрлі болғанымен, олардың қызметі, негізінен, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге және мемлекет пен бизнес арасындағы келіспеушіліктерді соттан тыс тәртіпте реттеуге бағытталған. Автор атап өткендей, көптеген елдерде бизнес-омбудсмендер атқарушы билік жүйесімен белгілі бір институционалды байланыста болады және мәжбүрлеу сипатындағы өкілеттіктерге ие емес. Осыған байланысты олардың негізгі қызметі медиация жүргізу, ұсынымдар беру және мемлекеттік органдардың назарын кәсіпкерлер үшін өзекті проблемаларға аудару арқылы іске асырылады. Мұндай ерекшеліктер бизнес-омбудсмен институтын кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың икемді әрі қосымша тетігі ретінде сипаттай отырып, оның тиімділігі көбіне институционалды тәуелсіздік деңгейі мен берілген өкілеттіктер ауқымына тәуелді екенін айқындайды [188].

Сонымен қатар, шетелдік тәжірибені жинақтай отырып, Эмих В.В. кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған омбудсмендік модельдердің айтарлықтай әркелкі екенін көрсетеді. Автордың пайымдауынша, бірқатар мемлекеттерде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау омбудсменнің жалпы құзыреті шеңберінде жүзеге асырылса, басқа елдерде бұл функция арнайы мамандандырылған омбудсмендерге жүктеледі. Мұндай мамандандыру көбіне даулы қатынастардың сипатына, атап айтқанда салықтық, лицензиялық немесе мемлекеттік сатып алулар саласындағы мәселелерге байланысты қалыптасады. Сонымен қатар, зерттеуде бизнес-омбудсмендердің көп жағдайда атқарушы билік жүйесіне институционалды тұрғыдан кіргені, олардың өкілеттіктері негізінен ұсынымдық және медиациялық сипатта болатыны атап өтіледі. Осы ерекшеліктер бизнес-омбудсмен институтын кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың дербес әрі икемді тетігі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді, алайда оның тиімділігі тікелей тәуелсіздік деңгейіне және нақты айқындалған құзырет шектеріне байланысты екені көрсетіледі [189].

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (OECD) Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы бизнес-омбудсмен институттарына арналған зерттеуі бұл тетіктің кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда соттан тыс құрал ретінде орнығып келе жатқанын сипаттайды. Баяндаманың өзегі – Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Украина және Өзбекстан тәжірибесін салыстыра отырып, бизнес-омбудсмендердің қызметін екі бағытта көрсету: нақты шағымдарды қарау және реттеушілік/әкімшілік тәжірибені талдау арқылы жүйелік ұсынымдар әзірлеу. Сонымен бірге құжатта институционалды модельдер әртүрлі болғанымен, жұмыс тәсілдерінде медиацияға сүйену, ұсыным беру, сондай-ақ мәселелерді жүйелік деңгейде белгілеу сияқты ортақ

белгілер басым екені атап өтіледі [190]. Осы логикада тиімділік мәселесі де тек өкілеттікпен шектелмей, тәуелсіздік кепілдіктері, ашықтық пен есептілік тетіктері және мемлекеттік органдардың ұсынымдарға реакциясы сияқты факторлармен байланыстырылып қарастырылады.

Осылайша, бизнес-омбудсмен институтының теориялық алғышарттары мен шетелдік тәжірибесі оның кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы маңызын көрсетеді. Дегенмен бұл институттың нақты құқықтық мазмұны мен тәжірибелік мүмкіндіктері оны ұлттық құқықтық жүйеде қалай және қандай нормалар арқылы бекітілгенін талдау барысында анықталады.

27 ақпан 2014 жылғы «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» ҚР Президентінің жарлығына сәйкес, Үкіметке Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рөлін арттыруға, оның ішінде «Кәсіпкерлер құқықтары жөніндегі уәкіл» институтын енгізу арқылы күшейту қарастырылған заң жобасын әзірлеу туралы тапсырма берілді [191]. Осы орайда 29 желтоқсан 2014 жылы «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» заңы Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі, тағайындау тәртібі және міндеттері, сондай-ақ оның қызметін ұйымдастыру туралы нормалармен толықтырылды. Ал, 29 қазан 2015 жылғы № 375-V ҚР КК қабылдануымен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі түпкілікті анықталды.

ҚР бизнес-омбудсмен институтының қалыптасуы мен дамуы кәсіпкерлік қызметті қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ж.Ж. Ермекова атап өткендей, Қазақстанда бұл институттың енгізілуі шағын және орта бизнесті қолдау тетіктерін күшейту қажеттілігімен, сондай-ақ мемлекеттік органдар тарапынан кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің жиі бұзылуымен байланысты болды. Автор бизнес-омбудсмен қызметінің бастапқы кезеңде ҰКП арқылы жүзеге асырылғанын көрсетіп, оның кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етудегі рөлін атап өтеді. Сонымен қатар зерттеуде бизнес-омбудсмен институтын нығайту кәсіпкерлердің өтініштерін жедел қарауға, соттан тыс қорғау құралдарын кеңейтуге және мемлекеттік басқару жүйесінде кәсіпкерлік мүдделерді есепке алу деңгейін арттыруға бағытталғаны көрсетіледі [192].

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес-омбудсмен) – Қазақстан үшін жаңа институт. Оның жоғары мәртебесі мен кең өкілеттілігі қазақстандық бизнестің жүйелілік мәселелерімен, мемлекеттік органдардың әкімшілік үстемдігі мен заңнаманың олқы және жетілдірілмеген тұстарымен тиімді күресуге мүмкіндік береді.

ҚР ҰКП туралы заңының 26-1-б. сәйкес: «Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалады». ҚР КК-нің 307-бабында, «Мемлекеттік органдарда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен

заңды мүдделеріне өкілдік ету, оларды қамтамасыз ету және қорғау мақсатында, сол сияқты кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін қорғау үшін ҚР Президентінің өкімімен лауазымға тағайындалатын адам Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл болып табылады», деп айқындалған.

ҚР кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі оның қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы кепілдіктер жүйесі арқылы айқындалады. Уәкіл өз қызметі бойынша ҚР Президентіне есеп береді және оған қолданыстағы заңнамада көзделмеген қандай да бір функцияларды жүктеуге жол берілмейді. ҚР КК 307-б., 2-т., уәкілдің қызметіне заңсыз араласуға тыйым сала отырып, оның өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында институционалдық дербестігін бекітеді.

Сонымен қатар, уәкілдің саяси бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында оның өкілеттік мерзімі ішінде саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердегі мүшелігі тоқтатылады және саяси қызметпен айналысуына жол берілмейді. Уәкілдің экономикалық тәуелсіздігі мен мүдделер қақтығысының алдын алу үшін заңнамада оның коммерциялық ұйымдардағы үлестерін, акцияларын және табыс әкелетін өзге де мүлкін қызмет атқару кезеңінде сенімгерлік басқаруға беру міндеті көзделген. Бұл ретте кейбір қаржы құралдарына қатысты ерекшеліктер белгіленіп, уәкілге сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен кіріс алуға және тұрғын үйді мүліктік жалға беруге рұқсат етіледі.

Бұдан бөлек, ҚР КК 307-б. 6-т. сәйкес, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, өзге ұйымдарда ақы төленетін қызмет атқаруға жол берілмейді. Мұндай шектеулер уәкіл қызметінің тәуелсіздігін, бейтараптығын және кәсіби деңгейде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық кепілдіктер ретінде бағаланады, сондай-ақ оның негізгі назарын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға шоғырландыруға мүмкіндік береді.

ҚР КК 308-б. сай, Қазақстандағы бизнес-омбудсмен өз қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықты сақтау, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығын қамтамасыз ету, сондай-ақ объективтілік пен жариялылық қағидаларын басшылыққа алады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, оларды қамтамасыз ету және қорғау, сондай-ақ жалпы кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін ілгерілету мақсатында кең көлемдегі өкілеттіктерді іске асырады.

ҚР КК 309-б. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің функциялары қарастырылған, олар бизнес-омбудсменнің өкілеттіктері өкілдік ету, ұсынымдық ықпал ету, құқық бұзушылыққа ден қою және процестік құралдарды пайдалану сияқты өзара байланысты төрт негізгі бағытқа топтастырылады. Мұндай құрылым бизнес-омбудсмен институтының тек

консультативтік орган емес, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың көпдеңгейлі, институционалдық және квазисоттық тетігі екенін көрсетеді.

Осылайша, ҚР КК-нің 309-б. мазмұнын талдау бизнес-омбудсмен институтының кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда квазисоттық әрі институционалдық кепілдік тетігі ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Оның өкілеттіктері тек консультативтік сипатпен шектелмей, мемлекеттік органдарға міндетті қаралуға жататын ұсынымдар енгізу, прокуратура органдарына өтінішхат жолдау, нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұру туралы бастама көтеру және сотқа жүгіну құқығын қамтиды. Бұл бизнес-омбудсменді кәсіпкерлер мен мемлекет арасындағы құқықтық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін аралық қорғау институты ретінде айқындайды және кәсіпкерлік қызметке әкімшілік ықпал ету шектерін құқықтық бақылауда ұстауға бағытталған жүйелі құрал ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесінде бизнес-омбудсменге жүгіну соттан тыс ықпал ету тетіктерінің бірі ретінде қолданылады. Е.С. Плахова атап өткендей, уәкілге жолданатын өтініштер кәсіпкерлерге мемлекеттік органдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне құқықтық баға беруге және бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жолдарын айқындауға мүмкіндік береді. Автордың пайымдауынша, өтініш беру тетігінің қолжетімділігі, соның ішінде жазбаша және электрондық нысандардың болуы, бизнес-омбудсмен институтының тәжірибелік тиімділігін арттырып, кәсіпкерлер үшін қосымша құқықтық кепілдік қалыптастырады. Сонымен қатар зерттеуде уәкілдің өтініштермен жұмыс істеуі жеке құқықтарды қорғаумен қатар, әкімшілік тәжірибеде қалыптасқан жүйелік мәселелерді анықтауға ықпал ететіні көрсетіледі [193].

ҚР КК 310-б. сәйкес, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында ҚР Конституциясы мен қолданыстағы заңнаманың талаптарын қатаң сақтауға міндетті. Ол кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау үшін қажетті шараларды қабылдап, өтініштерді қарау кезінде объективтілік пен бейтараптық қағидаларын басшылыққа алуы тиіс. Сонымен қатар, уәкіл өзіне жүгінген тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл өз қызметінің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді, ал бұл есеп кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Мұндай есептілік тетігі уәкіл қызметінің ашықтығы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге, уәкіл өз құзыреті шегінде кәсіпкерлік субъектілерінен түскен өтініштерді қарайды, оларды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жолдайды және қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы

өтініш берушілерді хабардар етіп отырады. Мұндай ақпараттық өзара іс-қимыл тетігі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау рәсімдерінің айқындылығын арттыруға және уәкіл институтына деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстандық бизнес-омбудсмен кәсіпкерлік субъектілерінен келіп түскен өтініштерді алдымен заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Осы мақсатта келіп түскен өтініштер алдымен күнтізбелік он күн ішінде алдын ала қараудан өткізіледі. Егер олар белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, өтініш қараусыз қалдырылып, бұл туралы өтініш иесіне жазбаша түрде хабарланады.

Заң талаптарына сай қабылданған өтініштер, әдетте, күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады. Қажет болған жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, алайда мұндай жағдайда өтініш берушіге қарау барысы мен жүргізіліп жатқан шаралар туралы міндетті түрде ақпарат беріледі. Қарау нәтижелері бойынша кәсіпкерлік субъектісіне уәкілдің құзыреті шегінде өтініштің мәні бойынша негізделген жауап жолданады. Сонымен қатар, өтініштерді қарау мерзімдерін ұзарту, оларды уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жолдау және өтініш иелерін қарау барысы туралы хабардар ету тәртібі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің ішкі регламентімен айқындалады.

18 қаңтар 2017 жылғы «Атамекен» ҚР ҰКП Орталық аппаратында және өңірлік палаталарда құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас регламентіне сәйкес, Бизнес-омбудсменге жолданатын өтініштерді қараудың рәсімдік тәртібі нақтыланған. Сонымен қатар регламентте өтініштерді қарау барысында өтініш берушіні аралық және қорытынды нәтижелер туралы хабардар ету, өтінішті өзге уәкілетті органдарға жолдау, сондай-ақ белгіленген мерзімдерді негізсіз бұзған лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі көзделген. Мұндай рәсімдік регламентация бизнес-омбудсмен институтының қызметін айқын, болжамды және кәсіпкерлер үшін қолжетімді етуге бағытталған процессуалдық кепілдіктердің маңызды элементі болып табылады [194].

Қазақстандық бизнес-омбудсмен институты салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде қызмет атқарып келе жатқанына қарамастан, оның кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы тиімділігі біртіндеп қалыптасып, тәжірибе арқылы көрініс табууда. Қазіргі кезеңдегі тәжірибе бизнес-омбудсмен аппаратының кәсіпкерлік субъектілерінен келіп түсетін өтініштерді қабылдау және қарау, қоғамдық және құқықтық сараптамалар жүргізу, сондай-ақ өңірлік деңгейде мемлекеттік органдармен, оның ішінде салалық министрліктермен өзара іс-қимылды жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асырып отырғанын көрсетеді.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтының қызметі жекелеген кәсіпкерлердің шағымдарын қараумен ғана шектелмей, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы құқықтық және институционалдық ортаны қалыптастыруға бағытталған кең ауқымды міндеттерді де қамтиды. Уәкілдің қызметіне қатысты тұжырымдамалық

көзқарастарда кәсіпкерлік бастаманың еркін дамуына кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды қысқарту, мемлекеттік органдар тарапынан туындайтын құқықтық және құқық қолдану тәуекелдерін төмендету, сондай-ақ мемлекет пен бизнес арасындағы өзара іс-қимылды медиациялық тетіктер арқылы жетілдіру негізгі басым бағыттар ретінде белгіленеді. Осы тұрғыдан алғанда, бизнес-омбудсмен институты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға реактивті түрде жауап беретін құрылым ғана емес, алдын алу және жүйелік сипаттағы функцияларды орындайтын маңызды институционалдық тетік ретінде бағаланады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің негізгі функцияларының бірі бизнес субъектілерінің жеке өтініштері мен шағымдарын қарау болып табылады. 2024 жылдың жұмыс нәтижелері бойынша Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің ҚР Президентіне берген жыл сайынғы баяндамасына сәйкес, «Бизнесті құқықтық қорғау» бөлігінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мен құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша нақты нәтижелер мен көрсеткіштер берілген. Баяндамадан көрініп тұрғандай, осы бағыттағы уәкілдің қызметі кәсіпкерлердің өтініштеріне жедел ден қоюға, анықталған бұзушылықтарды жоюға, сондай-ақ үлгілік шағымдардың негізінде жатқан себептерді анықтауға және жүйелеуге бағытталған.

2024 жылы Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің атына кәсіпкерлік субъектілерінен 3 275 өтініш келіп түсті. Аталған өтініштерде көбінесе мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), салықтық әкімшілендіру мен фискалдық жүктемеге, жер қатынастары мен сәулет-қала құрылысы саласындағы реттеуге, заңсыз тексерулер жүргізуге, мемлекеттік сатып алуға қол жеткізудегі кедергілерге, сондай-ақ сот даулары мен әкімшілік шағымдарға байланысты мәселелер көтерілген. Сондай-ақ шарттарды қайта жіктеуге, шоттарды бұғаттауға, мәмілелерді тіркеуден бас тартуға және бизнеске негізсіз міндеттемелер жүктеуге байланысты шағымдар санының артуы да атап өтілді.

Өтініштерді қарау қорытындысы бойынша олардың 1 759-ы оң шешілген, бұл жалпы санның 53,7 %-ын құрайды. Оң нәтижелерге мемлекеттік органдардың заңсыз актілері мен нұсқамаларының күшін жою, кәсіпкерлердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін қалпына келтіру, бизнес субъектілерін мәжбүрлеп тексеруге арналған тізбелерден алып тастау, келтірілген залалдарды өтеу немесе қате есептелген сомаларды қайтару, сондай-ақ уәкілдің араласуынан кейін мемлекеттік органдардың сот талаптарынан бас тартуы жатады. 2024 жылы уәкілдің араласуының негізінде бизнестің қалпына келтірілген құқықтары мен алдын алынған қаржылық шығындарының жиынтық көлемі 20,451 млрд теңгеден асты. Бұл деректер есептік материалдар негізінде қалыптастырылғанын ескере отырып, олар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы жалпы үрдістерді сипаттайды.

және нақты әрбір істің құқықтық нәтижелерін толық қамтымайды [195] (Қосымша Г).

Уәкілдің қолдауымен қаралған азаматтық-құқықтық сипаттағы істердің ішінде мемлекеттік органдармен жасалған шарттық міндеттемелерді орындауға қатысты даулар ерекше назар аударады. ЖШС «Partners Realty» ісі мемлекеттік органмен жасалған шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қорғауға қатысты маңызды азаматтық-құқықтық прецедент болып табылады. Кәсіпкердің орындалған жұмыстарды растайтын барлық құжаттары бола тұра, төменгі сот сатылары талапты қанағаттандырмаған. Уәкілдің қолдауымен іс Жоғарғы Сотта қайта қаралып, орындалған жұмыстар актісі жарамды деп танылып, кәсіпкердің пайдасына 304,9 млн теңге көлемінде берешек өндірілген. Бұл жағдай мемлекеттік органның азаматтық айналымда шарттық қатынастардың тең қатысушысы ретінде жауапкершілік көтеруге тиіс екендігін айқын көрсетеді.

Сонымен қатар, ЖШС «Аксу Авто Алматы» ісі мемлекеттік сатып алу шарты бойынша тауарды қабылдаудан негізсіз бас тарту және шартты біржақты бұзу мәселелерін қамтыды. Апелляциялық сатыда Бизнес-омбудсмен өкілінің қатысуымен мемлекеттік органның әрекеттері заңсыз деп танылып, тауарды қабылдау міндеті жүктелді. Аталған іс шарттық міндеттемелерді нақты орындауға мәжбүрлеу тетігінің тиімділігін дәлелдейді.

Ал И.А. Пчелков ісі кәсіпкердің құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан келтірілген залалды азаматтық-құқықтық тәртіпте өтеу мәселесін көрсетеді. Негізсіз қылмыстық қудалаудан кейін кәсіпкерге реабилитация құқығы беріліп, мемлекеттен жоғалтылған бизнеске, жіберілген пайдаға және моральдық зиянға өтемақы өндірілген. Бұл кейс мемлекеттің деликттік жауапкершілігінің нақты іске асу мысалы болып табылады. Аталған жағдайлар Бизнес-омбудсмен институтының кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарын қорғауда сотқа дейінгі және сот барысындағы құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын тиімді тетік екенін дәлелдейді.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің 2024 жылғы баяндамасын талдау кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарын қорғау тетіктерін одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, мемлекеттік органдардың азаматтық айналымға қатысушы ретінде шарттық қатынастардағы жауапкершілігін нақтылау, азаматтық-құқықтық сипаттағы дауларды қылмыстық қудалау тетіктеріне негізсіз көшіруді болдырмау, сондай-ақ Бизнес-омбудсмен институтының сотқа дейінгі және сот талқылауы барысында құқықтық ықпал ету мүмкіндіктерін институционалдық деңгейде бекіту өзекті бағыттар ретінде айқындалады (Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің 2024 жылғы ҚР Президентіне ұсынған жыл сайынғы баяндамасы негізінде).

Тағы да бір ескере кететін жағдай, Ресей Федерациясында бизнес-омбудсмен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында сот және әкімшілік өндірістерге қатысу мүмкіндігіне ие. Арбитраждық процесте бизнес-омбудсмен

талапкер немесе жауапкер жағында дербес талап қоймайтын үшінші тұлға ретінде іске қатысып, сот актілеріне шағым жасау құқығын пайдалана алады. Сонымен қатар, 2022 жылы Ресей Федерациясының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде ол қорғаушы ретінде қатысып, іс материалдарымен танысуға, дәлелдемелер ұсынуға, өтініштер білдіруге және сот шешімдеріне шағым жасауға құқылы. Мұндай процессуалдық өкілеттіктер кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қосымша кепілдігі ретінде қарастырылады [196].

Осы жүргізілген талдаулар бизнес-омбудсмен институтының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда сотқа дейінгі тетік ретінде ғана емес, жекелеген жағдайларда сот талқылауы барысында да қатысып отырғанын көрсетеді. Алайда ҚР АПК 58-бабының 1-бөлігінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты өкілдерінің соттағы процессуалдық мәртебесі дербес көрсетілмеге. Қолданыстағы реттеу олардың қатысуын жалпы өкілдік институтының шеңберінде жүзеге асыруға мүмкіндік бергенімен, бұл жағдай бизнес-омбудсмен институтының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың арнайы институционалдық тетігі ретіндегі ерекшелігін толық ашпайды және құқық қолдану тәжірибесінде біркелкіліктің болмауына әкелуі мүмкін.

Соттағы өкілдік азаматтық процесте тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған құқықтық қызмет. Мәселен, Г.А. Ильясова мен С. Жамбурбаева өкілдің азаматтық процестегі негізгі мақсаты сенім білдіруші үшін барынша қолайлы нәтижеге қол жеткізу, оның құқықтарының бұзылуына жол бермеу және соттың азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруына жәрдемдесу екенін атап өтеді [197].

Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетігін процессуалдық тұрғыдан нақтылау мақсатында ҚР АПК-нің 58-бабының 1-бөлімін мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтыру орынды болып табылады:

«4-2) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының өкілдері – кәсіпкерлік субъектісінің тапсырмасы бойынша».

Мұндай толықтыру уәкіл аппараты өкілдерінің соттағы қатысу тәртібін біріздендіріп, олардың өкілеттіктерін 58-баптың 2-бөліміне сәйкес сенімхат негізінде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, сонымен қатар уәкіл институтының адвокаттық немесе прокурорлық өкілеттіктермен ара-жігін нақты айқындайды.

Болашақта Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес-омбудсмен) қызметінің мазмұны жекелеген шағымдарға ден қоюмен ғана шектелмей, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін әкімшілік және құқықтық тәуекелдерді алдын ала айқындау, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесін жүйелеу арқылы қолайлы құқықтық және институционалдық ортаны қалыптастыруға бағытталған жүйелік функциялармен толықтырылуы тиіс.

Сонымен, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың соттан тыс институционалдық жүйесі Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қоғамдық-институционалдық ықпал ету тетіктері мен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтының уәкілдік және медиациялық өкілеттіктерін өзара толықтыру арқылы жүзеге асырылып, кәсіпкерлік қызмет үшін қолайлы құқықтық ортаны қалыптастыруға бағытталған көпдеңгейлі қорғау моделін сипаттайды.

3.2 Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру мәселелері

Осы бөлімде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру мәселелері құқықтық анықтылық қағидасы, сот және соттан тыс қорғау нысандарының өзара үйлесімділігі, сот тәжірибесінің бірізділігі, сондай-ақ институционалдық қолдау тетіктерінің (Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы) рөлі тұрғысынан кешенді түрде талданады. Зерттеу барысында құқықтық реттеудің жүйелілігін арттыруға, құқық қолдану тәжірибесіндегі олқылықтарды жоюға және кәсіпкерлер үшін болжамды әрі тиімді құқықтық қорғау тетігін қалыптастыруға бағытталған тұжырымдар мен ұсыныстар негізделеді.

Нарықтық экономика жағдайында мүліктік айналымға қатысушылардың, әсіресе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету азаматтық-құқықтық тетіктің тиімділігін арттырумен тығыз байланысты өзекті мәселе болып табылады.

Кәсіпкерлердің өз құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау тетіктерін қолданбауы немесе оларды тиімді пайдалана алмауы жекелеген азаматтық айналым қатысушыларының мүдделеріне зиян келтіріп қана қоймай, жалпы алғанда ұлттық экономиканың макроэкономикалық даму көрсеткіштеріне теріс әсерін тигізетіні құқық қолдану тәжірибесінде байқалады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімділігі азаматтық-құқықтық құралдар мен құқықтық тетіктердің жүйелілігіне тікелей байланысты. Е.Б. Абакумованың еңбегінде кәсіпкерлік қызметті қорғау жекелеген құқық қорғау нормаларының жиынтығы ретінде емес, азаматтық-құқықтық және мемлекеттік-құқықтық тетіктердің өзара үйлескен кешенді жүйесі ретінде қарастырылады. Мұндай жүйе азаматтық құқық нормаларын, сот арқылы қорғау нысандарын және азаматтық процестік тетіктерді қамтиды. Ол бір жағынан бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, екінші жағынан мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерін шектеуге бағытталады.

Сондықтан азаматтық-құқықтық қорғау кәсіпкердің субъективтік құқықтарын іске асырудың негізгі құралы ретінде танылса, мемлекеттік-құқықтық тетіктер аталған құқықтарды жария биліктің заңсыз ықпалынан қорғаудың қосымша кепілі ретінде қызмет атқарады [198].

Аталған тұжырым ҚР азаматтық заңнамасында бекітілген кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау қағидаларымен өзара сабақтасып, азаматтық-құқықтық тетіктің дербес маңызын айқындайды.

Экономикалық субъектілердің құқықтарын қорғау заңнамалық тетіктерін жетілдіру кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз ету мен нарықтық қатынастарда құқықтық тепе-теңдікті орнату үшін маңызды.

Қазақстандық құқық ғылымында кәсіпкерлердің құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау мәселесі кешенді түрде зерттелген. Атап айтқанда, А.А. Нурмагамбетов азаматтық-құқықтық қорғауды жетілдіруді материалдық құқық нормаларын нақтылау, құқықты теріс пайдалану институтын дербес құқықтық құбылыс ретінде айқындау және «заңды мүдде» санатын біріздендіру арқылы жүзеге асыру қажеттігін негіздейді. Автор азаматтық заңнамаға нақты өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар бере отырып, қорғау тетігінің нормативтік негіздерін күшейтуге басымдық береді. Бұл тәсіл азаматтық заңнаманы жүйелеуге бағытталғанымен, қорғау механизмінің процестік және институционалдық аспектілерін кешенді түрде қарастыру қажеттігін жоққа шығармайды.

Демек, нормативтік негізді нақтылау жөніндегі ұсыныстармен қатар, кәсіпкерлер үшін құқықтық салдарлардың болжамдылығын қамтамасыз ететін құқықтық анықтылық қағидасын күшейту де тетікті жетілдірудің түйінді бағыты болып табылады.

Сонымен қатар, қазақстандық доктринада кәсіпкерлік қатынастардың құқықтық айқындылығын қамтамасыз ету үшін заңнамалық дефиницияларды нақтылау мәселесі де көтерілген. Мәселен, Е.Ж. Хамзин дара кәсіпкер мәртебесін айқындауда «таза табыс» санатының мазмұнын және азаматтық пен кәсіпкерлік заңнамадағы ұғымдардың өзара үйлесімділігін талдай отырып, құқықтық реттеуді жүйелеу қажеттігін негіздейді. Автордың бұл көзқарасы кәсіпкердің құқықтық жағдайын нақтылаумен шектелмей, оның құқықтары мен міндеттерінің айқындалуын және құқық қолданудың бірізділігін күшейтуді көздейді.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғаудың негізгі алғышарттарының бірі құқықтық анықтылық қағидасының сақталуы болып табылады. Құқықтық анықтылық азаматтық айналым субъектілеріне өз мінез-құлқын құқықтық нормаларға сәйкес алдын ала бағдарлауға, құқықтық салдарларды болжамдауға және тәуекелдерді саналы түрде бағалауға мүмкіндік береді. Бұл қағиданың маңызы кәсіпкерлік қызмет саласында ерекше, өйткені кәсіпкерлік тәуекел, шарттық еркіндік және экономикалық бастама дәл құқықтық тұрақтылық пен болжамдылыққа сүйенеді.

Алайда Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі құқықтық айқындық тұрғысынан бірқатар жүйелік қиындықтармен сипатталады. Біріншіден, азаматтық және кәсіпкерлік заңнаманың реттеуші массиві фрагментарлық сипатқа ие. Кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттері Азаматтық кодексте, Кәсіпкерлік

кодексте, салалық заңдарда және ведомстволық актілерде шашыраңқы түрде бекітілген. Мұндай көпқабатты реттеу кәсіпкерлер үшін қолданылатын қорғау тетіктерін біртұтас жүйе ретінде қабылдауды қиындатады және құқық қолдану тәжірибесінде әркелкілікке әкелуі мүмкін.

Екіншіден, кәсіпкер ұғымының құқықтық анықталу тәсілі қорғау тетіктерін қолдану барысында белгілі бір қиындықтар туындатады. ҚР КК-де кәсіпкерлік қызмет дербес тәуекелге негізделген, жүйелі түрде пайда табуға бағытталған қызмет ретінде сипатталғанымен, кәсіпкердің құқықтық мәртебесі мәміле жасау сәтіндегі функциялық өлшем арқылы нақты ашылмайды. Бұл жағдай кәсіпкерлік және тұтынушылық қатынастарды ажыратуда, сондай-ақ кәсіпкерге арнайы қорғау немесе жауапкершілік режимдерін қолдануда құқықтық белгісіздікке әкелуі ықтимал.

Салыстырмалы-құқықтық талдау көрсеткендей, бірқатар шетелдік құқықтық жүйелерде бұл мәселе өзге тәсілдер арқылы шешілген. Мәселен, Германияның Азаматтық кодексінде (§ 14 BGB) кәсіпкер мәміле жасасу кезінде коммерциялық немесе дербес кәсіби қызмет аясында әрекет ететін тұлға ретінде функциялық өлшем арқылы айқындалады. Мұндай тәсіл кәсіпкер мәртебесін нақты құқықтық жағдаймен байланыстырып, қорғау тетіктерін қолдануда жоғары деңгейдегі құқықтық айқындықты қамтамасыз етеді. Сол сияқты, АҚШ-та Бірыңғай коммерциялық кодекс шеңберінде коммерциялық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлқы стандартталған қағидалар арқылы реттеліп, құқық қолданудың болжамдылығы күшейтілген.

Үшіншіден, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетіктерінің өзара байланысы мен сатыланған логикасының жеткіліксіздігі құқықтық айқындықтың әлсіреуіне әсер етеді. Қолданыстағы құқықтық реттеуде құқықтарды қорғау көбіне тек бұзылған құқықты қалпына келтіру құралы ретінде қарастырылады, ал құқық бұзушылықтың алдын алу, ерте реттеу немесе дауды сотқа жеткізбей шешу механизмдері жүйелі түрде біріктірілмеген. Сондықтан кәсіпкерлер үшін құқықтарды қорғаудың қай тәсілі қандай жағдайда қолданылатыны әрдайым түсінікті бола бермейді.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру дауларды ерте кезеңде реттеу құралдарын жүйелеумен байланысты. Мұндай құралдардың ішінде келіссөздер ерекше орын алады.

Келіссөздер кәсіпкерлік дауларды шешудің кең таралған соттан тыс тәсілдерінің бірі. Олар тараптардың өзара тікелей қатысуына негізделетін, үшінші тұлғаның қатысуын талап етпейтін және ерікті келісім арқылы жүзеге асырылатын дауды реттеу тетігі ретінде сипатталады. Келіссөздердің маңызды артықшылықтары ретінде олардың жеделдігі, рәсімдік икемділігі, салыстырмалы түрде төмен қаржылық шығындарды талап етуі және тараптар арасындағы іскерлік қатынастарды сақтауға мүмкіндік беруі болып табылады [199]. Сонымен бірге келіссөздердің тиімділігі әрдайым бірдей деңгейде қамтамасыз етіле бермейді. Кәсіпкерлік шарттардың көпшілігінде дауды алдымен келіссөздер арқылы реттеу міндеті көзделгенімен, тәжірибеде мұндай

ережелер көбіне декларативтік сипатта қалып қояды. Бұл, ең алдымен, келіссөз жүргізудің нақты рәсімінің заңнамалық немесе шарттық деңгейде айқындалмауымен байланысты. Келіссөздерді тек іскерлік әдет-ғұрыптар деңгейінде реттеу кәсіпкерлік қатынастарға қатысушылардың құқықтарын қорғау үшін жеткілікті кепілдіктерді қамтамасыз ете бермейді және келіссөз рәсімдерін құқықтық тұрғыдан одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді [200].

Мысалы, Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесі (Тапсырыс беруші) мен «А-П» ЖШС (Мердігер) арасында жасалған құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартының «Даулы мәселелерді шешу» ережесіне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігер шарттан туындайтын немесе соған байланысты барлық келіспеушіліктерді ең алдымен өзара тікелей келіссөздер арқылы шешу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Сонымен қатар, егер келіссөздер нәтиже бермей, тараптар дауды өзара реттей алмаса, олардың кез келгені мәселені Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қарауға ұсынуға құқылы [201]. Алайда мұндай шарттық ережелерде келіссөз жүргізудің нақты тәртібі, мерзімі немесе рәсімдік кезеңдері белгіленбегендіктен, олар көбіне декларативтік сипатта қалып қояды және дауды сотқа дейін тиімді реттеу құралы ретінде толық іске аспайды.

Оған дәлел, осы шарт бойынша тараптар арасындағы туындаған даудың тәжірибеде сот тәртібімен шешілуі келіссөз рәсімдерінің жеткілікті институционалданбағанын көрсетеді. Нақтырақ айтатын болсақ, шартты орындау барысында тараптар арасында міндеттемелерді тиісінше орындамауға байланысты дау туындап, Тапсырыс беруші мердігерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талаппен Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүгінген [202]. Істі қарау барысында сот мердігер шартта белгіленген мерзімде жұмыстарды толық аяқтамағанын, атап айтқанда витраждарды орнату (105 м²) және керме төбелерді орнату (801 м²) бойынша жұмыстар орындалмай қалғанын анықтады. Дауды шешу кезінде сот ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-б., сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілік мәселелерін реттейтін ҚР АҚ-нің 298, 359 және 297-б. ережелерін басшылыққа алған. Нәтижесінде сот ҚР АПК-нің 223–226, 229-б. басшылыққа ала отырып, Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесінің «А-П» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын ішінара қанағаттандырды. «А-П» ЖШС жергілікті бюджет кірісіне 130 000 (жүз отыз мың) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 3 900 (үш мың тоғыз жүз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірді. «А-П» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбының қалған бөлігін өндіру туралы талап қанағаттандырудан бас тартты. Бұл жағдай кәсіпкерлік қатынастарда дауларды келіссөздер арқылы реттеудің

нақты рәсімі көзделмеген кезде тараптардың көбіне бірден соттық қорғануға жүгінетінін көрсетеді.

Келіссөздер кәсіпкерлік дауларды шешудің бастапқы және неғұрлым икемді тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Америкалық ғалым Howard Raiffa келіссөздерді тараптар арасындағы келіспеушіліктерді өзара тиімді келісім арқылы реттеуге бағытталған процесс ретінде сипаттай отырып, көптеген даулар келіссөз жүргізу дағдылары тиімді қолданылған жағдайда анағұрлым нәтижелі шешілуі мүмкін екенін атап көрсетеді. Автордың пікірінше: *“Agreements often are not made when they could have been made to the advantage of all disputants. It is my belief that many disputes could be more efficiently reconciled if the negotiators were more skillful”* (яғни, барлық тараптарға тиімді болуы мүмкін келісімдер әрдайым жасала бермейді, ал келіссөз жүргізушілердің дағдылары жоғары болған жағдайда көптеген даулар анағұрлым тиімді шешілуі мүмкін) [203].

Мұндай тұжырым келіссөздердің кәсіпкерлік дауларды шешуде маңызды рөл атқаратынын және тараптардың өзара мүдделерін үйлестіруге бағытталған тетіктерді дамыту қажеттігін көрсетеді.

Кәсіпкерлік қатынастарда келіссөздер дауларды бастапқы кезеңде реттеудің тиімді құралы ретінде, оларды шарттық және құқықтық деңгейде нақты рәсімдеу кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты кәсіпкерлік шарттарда дауларды сотқа дейін реттеудің міндетті кезеңі ретінде келіссөз жүргізу тәртібін нақты айқындау орынды деп санаймыз. Демек, шартта келіссөздерді жүргізу мерзімдері, тараптардың өзара талаптарын жазбаша түрде білдіру тәртібі, келіссөздердің нәтижелерін рәсімдеу нысаны және келіссөздер сәтсіз аяқталған жағдайда дауды одан әрі медиацияға немесе сотқа беру мүмкіндігі белгіленуі тиіс. Мұндай шарттық тетіктер тараптарға дауды бастапқы кезеңде тиімді реттеуге мүмкіндік береді.

Шетелдік доктринада дауларды шешудің сатыланған моделі William L. Ury, Jeanne M. Brett және Stephen B. Goldberg ұсынған Interests–Rights–Power тұжырымдамасында көрініс табады. Аталған модельде дауларды шешудің үш негізгі тәсілі ажыратылады: мүдделерді келісу (interests), құқық арқылы анықтау (rights) және күш арқылы айқындау (power). Авторлар дауларды шешу тәсілдерін транзакциялық шығындар, тараптардың қанағаттану деңгейі, қатынастарға әсері және даулардың қайталану ықтималдығы тұрғысынан салыстыра отырып, мүдделерге негізделген тәсілдің анағұрлым тиімді екенін негіздейді [204]

Interests-based approach тараптардың құқықтық позицияларына емес, олардың underlying interests – нақты экономикалық және ұйымдастырушылық мүдделеріне назар аударуды көздейді. Бұл жағдайда келіссөздер дауды «кім дұрыс?» немесе «кім күштірек?» деген өлшемдер арқылы емес, тараптардың нақты қажеттіліктерін үйлестіру арқылы шешуге бағытталады. Авторлар

көрсеткендей, мұндай тәсіл соттық немесе күштік шешімдерге қарағанда транзакциялық шығындарды азайтып, өзара қанағаттануды арттырады және қатынастардың сақталуына мүмкіндік береді.

Авторлар транзакциялық шығындарға дауды шешуге жұмсалатын уақытты, қаржылық шығындарды, эмоционалдық ресурстарды және жіберілген мүмкіндіктерді жатқызады.

Сондықтан келіссөздер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінде дауларды ерте кезеңде реттеудің базалық құралы ретінде қарастырылуы тиіс. Келіссөздер құқыққа немесе мәжбүрлеуге жүгінуді болдырмай, тараптардың өзара келісіміне негізделген нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Авторлар тиімді дауларды шешу жүйесінде көпшілік даулар мүдделерді келісу арқылы шешілуі тиіс екенін, ал құқық пен күш тәсілдері соңғы құрал ретінде қолданылуы қажет екенін атап көрсетеді.

Төртіншіден, құқықтық айқындықтың жеткіліксіздігі сот тәжірибесінде де көрініс табады. Кәсіпкерлік дауларды қарау барысында құқық қолданудың әркелкілігі, ұқсас істер бойынша әртүрлі құқықтық позициялардың қалыптасуы кәсіпкерлер үшін сот нәтижелерін алдын ала болжауды қиындатады. Бұл жағдай кәсіпкерлік тәуекелдерді арттырып, сотқа жүгінуді құқықтарды қорғаудың соңғы емес, кейде тиімсіз құралы ретінде қабылдауға итермелеуі мүмкін.

Сонымен қатар, құқықтық анықтылықтың әлсіздігі соттан тыс қорғау тетіктерін қолдануға да әсер етеді. Медиация, төрелік немесе омбудсмендік рәсімдердің құқықтық табиғаты мен олардың сот қорғауымен арақатынасының жеткілікті деңгейде айқындалмауы кәсіпкерлер арасында бұл құралдарға деген сенімнің төмендеуіне алып келуі ықтимал. Шетелдік тәжірибеде, керісінше, құқықтық айқындық дәл осы соттан тыс тетіктердің алдын алу және ерте реттеу функцияларын күшейту арқылы қамтамасыз етіледі.

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру мәселесін талдауда құқықтық анықтылық мәселесі түйінді орын алады. Құқықтық нормалардың жүйелілігі, кәсіпкер мәртебесінің анық айқындалуы, қорғау тетіктерінің өзара байланысы мен болжамдылығы кәсіпкерлік қызмет үшін тұрақты құқықтық ортаны қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Д.Р. Абгарянның пікірінше, экономикалық субъектілердің құқықтарын қорғаудың заңнамалық тетіктерін жетілдіру кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етудің және нарықтық қатынастарда құқықтық тепе-теңдікті сақтаудың негізгі шарты болып табылады [205].

Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерде құқықтық қорғаудың жүйелі тетігі ретінде дауларды шешудің соттан тыс нысандары да маңызды орын алады. Н. Александрдың пікірінше, өзара келісім, татуластыру, медиация және аралық сот (арбитраж) институттары дәстүрлі сот қорғауын толықтыратын, кәсіпкерлік

дауларды қысқа мерзімде және аз шығынмен шешуге мүмкіндік беретін тиімді құралдар болып табылады [206].

Осы тұрғыда соттан тыс қорғау нысандарының әрқайсысының құқықтық табиғаты мен функционалдық ерекшеліктерін жеке-жеке қарастыру қажеттілігі туындайды.

Азаматтық-құқықтық тетіктер кешені құқықтық нормаларды жүйелеуді, қорғаудың түрлі нысандарын (сот және соттан тыс) үйлестіруді және құқық қолдану тәжірибесіне негізделген жаңа тәсілдерді енгізуді талап етеді.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында сот және соттан тыс қорғау нысандарын қарсы қою емес, оларды өзара толықтыратын тетіктер ретінде қарастыру ғылыми әдебиетте кең қолдау тапқан. Медиация кәсіпкерлік дауларды тез әрі икемді түрде, құпиялылықты сақтай отырып және тараптардың іскерлік қатынастарын бұзбай, олардың мүдделерін барынша ескеруге мүмкіндік беретін тиімді әдіс ретінде танылған [207].

Медиация кәсіпкерлік дауларды сотқа жеткізбей, тараптардың өзара келісімі негізінде шешуге мүмкіндік беретін және іскерлік қатынастардың сақталуын қамтамасыз ететін тиімді соттан тыс құқықтық тетік болып табылады. Ал аралық сот (арбитраж) коммерциялық қатынастарда дауларды шешудің дербес, рәсімдік икемділігі жоғары және азаматтық-құқықтық салдары міндетті болып табылатын баламалы нысаны ретінде қарастырылады [208].

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру сот және соттан тыс нысандарды қарсы қою арқылы емес, оларды өзара үйлестірілген бірыңғай, көпдеңгейлі құқықтық механизм ретінде дамыту арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Медиацияны жетілдіру кәсіпкерлік даулар үшін оны бастапқы реттеу тетігі ретінде кеңінен қолданумен байланысты. Медиацияны сотқа дейінгі кезеңде белсенді қолдану сот жүктемесін азайтып қана қоймай, кәсіпкерлер үшін уақыт пен қаржылық шығындарды едәуір қысқартады. Осыған байланысты медиаторлардың кәсіби даярлығын күшейту медиация институтын жетілдірудің басым бағыттары ретінде қарастырылуы тиіс.

Төрелікті жетілдіру оның кәсіпкерлер үшін қолжетімділігін арттырумен және рәсімдік икемділігін күшейтумен байланысты. Төрелік кәсіпкерлік қызмет саласындағы дауларды шешудің тиімді нысаны болып табылады. Алайда ғылыми еңбектерде төрелік рәсімдердің күрделілігі мен шығындылығы кейбір кәсіпкерлер үшін шектеуші факторға айналатыны атап өтіледі.

Осы тұрғыда төрелік келісімдердің тиісті түрде жасалуы мен төрелік шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету тетіктерін нақтылау төрелік институтын жетілдірудің маңызды бағыттары болып табылады.

Алайда медиация мен төреліктің тиімді қолданылуы тек олардың құқықтық реттелуіне ғана емес, сонымен қатар оларды қолдайтын құрылымдық тетіктердің дамуына да тікелей байланысты.

Сондықтан медиация мен төрелікті соттық қорғау нысанын өзара толықтыратын тетіктер ретінде институционалдық тұрғыдан бекіту қажет.

Жүргізілген талдау бойынша, медиация дауды бейбіт жолмен шешудің бастапқы сатысы ретінде, ал төрелік пен сот – құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда қолданылатын міндетті құқықтық қорғау нысандары ретінде әрекет еткені жөн. Мұндай үйлестіру кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың кешенді және икемді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты сот және соттан тыс бейбіт жолдар (медиация, төрелік) кәсіпкерлік дауларды шешуде өзара толықтырып, құқық қорғау тиімділігін арттырады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау құқық үстемдігін қамтамасыз етудің, инвестициялық ахуалды тұрақтандырудың және экономикалық айналымның болжамдылығын арттырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулерде сот арқылы қорғаудың тек заңнамалық тұрғыдан қолжетімділігіне емес, оның нақты тиімділігіне, яғни бұзылған құқықтың іс жүзінде қалпына келтірілуіне басымдық беріледі. Осы тұрғыда сот рәсімдерінің тиімділігін арттыру, процестік кедергілерді азайту және сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету мәселелері ерекше өзектілікке ие. Ғылыми әдебиеттерде сот тәжірибесінің біркелкілігі мен құқықтарды нақты қалпына келтіруге бағытталған тетіктер өзара тығыз байланысты институттар ретінде қарастырылады. Бірізді сот тәжірибесі болмаған жағдайда сот шешімдерінің болжамдылығы төмендеп, бұл өз кезегінде кәсіпкерлердің сотқа деген сенімін әлсіретеді.

Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау механизмі материалдық және процестік құқықтық құралдардың кешенді жүйесі ретінде айқындалады. Бұл жүйенің түпкі мақсаты – бұзылған субъективтік құқықты тек заң жүзінде тану ғана емес, оны нақты қалпына келтіру немесе тиісті өтемақы арқылы қорғау болып табылады.

Осы тұрғыда соттық қорғау тетігі талап қою құқығын іске асырумен шектелмей, материалдық құқықтық негіздердің болуын, сот шешімінің қабылдануын және оның нақты орындалуын қамтитын нәтижеге бағдарланған құқықтық тетік ретінде қарастырылуы тиіс. Сотқа жүгіну құқығының формальді іске асуы әрдайым тиімді соттық қорғауға әкелмейтіні, ал материалдық құқықтық өкілеттіктердің болмауы сот шешімінің қабылдануына немесе оның орындалуына кедергі келтіретіні негізделеді [209].

Ресейлік құқық ғылымында экономикалық даулар бойынша сот құзыретін айқындау мәселесі кеңінен талқылануда. Н.Е. Бараданченкова соттардың құзыретін ажыратуда дәстүрлі түрде қолданылатын негізгі өлшемдер ретінде даудың субъектілік құрамы мен даулы материалдық құқықтық қатынастың сипаты қарастырылатынын атап өтеді [210]. Сонымен бірге автор тәжірибеде бұл критерийлер әрдайым тиімді нәтиже бере бермейтінін көрсетеді. Кейбір жағдайларда шын мәнінде экономикалық сипаттағы даулар даудың субъектілік құрамында кәсіпкер мәртебесі жоқ тұлғаның болуына байланысты жалпы юрисдикция соттарының қарауына жіберілуі мүмкін [210, б. 252]. Мұндай жағдайлар экономикалық дауларды қарауда соттардың мамандандырылған

тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік бермейді және сот құзыретін айқындауда белгілі бір қиындықтар туғызады. Осыған байланысты автор соттардың мамандануы күрделі экономикалық дауларды қараудың тиімділігін арттырып, істерді жедел әрі сапалы қарауға және ұқсас істер бойынша құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап көрсетеді [210, б. 253].

Аталған мәселелер тек Ресей құқықтық жүйесіне ғана тән емес, олар Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасын қолдану тәжірибесінде де көрініс табуда.

ҚР АПК 27-бабында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығы тараптардың құқықтық мәртебесіне (заңды тұлға, заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар) байланысты айқындалғанымен, даудың нақты экономикалық табиғаты мен кәсіпкерлік қызметпен байланысы әрдайым басым өлшем ретінде қолданылмайды. Құқық қолдану тәжірибесінде соттылықты айқындауда субъектілік критерийдің формальді түрде үстемдік етуі даудың мазмұндық сипатын ескермеуге алып келеді. Мұндай тәсіл ұқсас құқықтық қатынастар бойынша әртүрлі соттарға жүгінуге және әркелкі сот тәжірибесінің қалыптасуына негіз болуы мүмкін.

Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру мақсатында ҚР АПК-де соттылықты айқындаудың басым өлшемі ретінде даудың экономикалық (кәсіпкерлік) табиғатын бекіту ұсынылады. Мұндай өзгеріс ұқсас құқықтық қатынастар бойынша әркелкі сот тәжірибесін қалыптасуын болдырмауға, құқықтық айқындық пен сот жүйесінің болжамдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сол себепті 27-баптың 1-бөлімін келесідей редакцияда нақтылау ұсынылады: «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, басқа соттың соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын кәсіпкерлік қызметтен туындайтын мүліктік және мүліктік емес даулар, оның ішінде жеке тұлғалардың қатысуымен туындайтын даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді».

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру мақсатында соттылықты айқындауда тек субъектілік өлшемге басымдық беруден бас тартып, даудың экономикалық (кәсіпкерлік) мазмұнын негізгі критерий ретінде бекіту қажеттілігі туындайды. Мұндай тәсіл ұқсас құқықтық қатынастар бойынша әртүрлі соттардың қарауына жіберу тәжірибесін шектеуге, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге және кәсіпкерлер үшін құқықтық анықтылықты арттыруға бағытталған.

Бұл тәсіл шетелдік тәжірибемен де расталады. Атап айтқанда, 1.3-бөлімде көрсетілгендей, ГФР-да коммерциялық сипаттағы даулар жалпы азаматтық соттар шеңберінде, бірақ олардың экономикалық мазмұнына қарай Коммерциялық істер жөніндегі палата (Kammer für Handelssachen) сияқты

мамандандырылған құрамдарда қаралады (Gerichtsverfassungsgesetz). Сол сияқты Франция Республикасында да коммерциялық соттардың құзыреті даудың коммерциялық-құқықтық табиғатына негізделіп айқындалады (Code de commerce, Code civil). Аталған модельдер соттылықты айқындауда даудың экономикалық мазмұнын басым критерий ретінде бекітудің тиімділігін көрсетеді.

Осыған байланысты ҚР АПК-нің 27-бабына ұсынылып отырған өзгеріс ұлттық сот жүйесін дамыту логикасына ғана емес, сонымен қатар континенталдық құқықтық жүйеге тән озық модельдерге де сәйкес келеді. Ұсынылған тәсіл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттық тетігін тиімдірек етуге, сот шешімдерінің болжамдылығын арттыруға және азаматтық айналымдағы құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Егер А.А. Нурмагамбетов азаматтық-құқықтық қорғауды жетілдіруді көбіне материалдық құқық нормаларын нақтылау және жауапкершілік институттарын жүйелеу арқылы түсіндірсе, бұл зерттеуде қорғау тетігінің процестік және институционалдық қырларын да қайта пайымдау қажеттігі негізделеді. Атап айтқанда, соттылықты айқындауда даудың экономикалық табиғатын басым өлшем ретінде бекіту, сот тәжірибесінің бірізділігін күшейту және соттан тыс тетіктерді жүйелі үйлестіру азаматтық-құқықтық қорғау механизмін құрылымдық тұрғыдан жетілдіруге бағытталған.

Ұсынылып отырған өзгеріс соттылықты айқындауда тек субъектілік өлшемге шамадан тыс тәуелділікті төмендетуге, даудың экономикалық табиғатын басым өлшем ретінде бекітуге және ұқсас құқықтық қатынастар бойынша әркелкі сот тәжірибесінің қалыптасу қаупін азайтуға бағытталған. Бұл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің тиімділігін арттыруға және құқықтық анықтылық қағидасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондықтан, соттылықты айқындауда даудың экономикалық мазмұнын басым өлшем ретінде бекіту кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесінің құрылымдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі ретінде бағалануы мүмкін.

Сот тәжірибесінің бірізділігі тиімді сот арқылы қорғаудың негізгі шарты ретінде қарастырылады. I. Uskov пікірінше, біркелкі сот тәжірибесі құқықтық айқындықты қамтамасыз етіп, кәсіпкерлер үшін сот шешімдерінің нәтижесін алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

Мәселен, соттық қорғаудың тиімділігі талап қою құқығын тек жүзеге асырумен емес, бұзылған құқықтың нақты қалпына келтірілуімен, сот шешімдерінің орындалуымен және сот тәжірибесінің бірізділігімен тікелей байланыстырылады. Осы тұрғыда соттық қорғаудың тиімділігі кешенді өлшем ретінде қарастырылып, оның негізгі элементтері ретінде тиімді қорғау тәсілі, процестік үнемділік, сот шешімдерінің орындалуы және сот тәжірибесінің бірлігі айқындалады [211].

Сондай-ақ ғылыми зерттеулерде соттық қорғаудың тиімділігі тек процесік кепілдіктермен немесе сот тәжірибесінің бірізділігімен ғана емес, сонымен қатар сотқа жүгінудің экономикалық қолжетімділігімен және сот жүйесінің жеткілікті деңгейде қаржыландырылуымен тығыз байланысты екені негізделеді. Осы тұрғыда М.М. Зубович мемлекеттік баж институтының төмен мөлшері негізсіз талап қоюларды тежеу функциясын толық орындамайтынын, ал соттарды жеткіліксіз қаржыландыру сот төрелігінің сапасына кері әсер ететінін атап көрсетеді. Автор мемлекеттік баждың компенсациялық және негізсіз талап қоюды тежеу, процесік құқықтарды адал пайдалануға ынталандыру функцияларының әлсіреуі мемлекеттік соттардың шамадан тыс жүктелуіне және құқықтық қорғаудың тиімділігінің төмендеуіне алып келетінін дәлелдейді [212].

ҚР-да да мемлекеттік баждың мөлшерін белгілеуде әлеуметтік қолжетімділік қағидасына басымдық беріліп, оның тежеуші және өтемақылық функциялары жеткілікті деңгейде ескерілмей отырғаны байқалады. Бұл жағдай кәсіпкерлік даулар бойынша сотқа жүгінудің экономикалық салдарын әлсіретіп, кейбір жағдайларда соттық қорғау тетігінің ұтымды қолданылуына емес, формальді процесік белсенділікке ынталандырады. Осыған байланысты мемлекеттік бажды кәсіпкерлік даулардың сипаты мен экономикалық мәнін ескере отырып саралау, сондай-ақ сот жүйесін қаржыландыру деңгейін арттыру кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің тиімділігін күшейтудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды жетілдіруде институционалдық тетіктердің рөлі ерекше. Қазақстанда бизнес-омбудсмен институты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың маңызды элементі ретінде қалыптасқан. Бұл институт әкімшілік қысымды азайтуға, мемлекеттік органдармен туындайтын дауларды шешуге және кәсіпкерлердің құқықтық мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтын жетілдіру бойынша шетелдік тәжірибені ескеру қажет деп пайымдаймыз. Омбудсмен институтының классикалық моделі алғаш рет 1809 жылғы Швеция Конституциясында қалыптасып, парламенттің бақылаушы органы ретінде мемлекеттік әкімшіліктің қызметіне тәуелсіз бақылау жүргізуге бағытталды [213]. Дәл осы кезеңде Швецияда парламенттік комиссар енгізіліп, оның негізгі міндеті атқарушы және сот органдарының парламент қабылдаған нормативтік актілерді сақтауын бақылау болып белгіленді. Осылайша омбудсмен институты бастапқыда парламенттік бақылаудың ерекше нысаны ретінде қалыптасты.

Парламенттік омбудсмен моделі әлемдік тәжірибеде ең кең таралған модель болып табылады. Оның негізгі функциясы мемлекеттік әкімшілік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметіне парламенттік бақылау жүргізу және азаматтардың құқықтарын қорғау болып табылады [214].

Осы модель кейін көптеген елдерде әртүрлі салалық омбудсмен институттарының, соның ішінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі омбудсмен институтының қалыптасуына институционалдық негіз болды.

Еуропалық омбудсмен институты ЕО туралы шарттың (Маастрихт шарты) негізінде 1993 жылы енгізілді. Бұл институт ЕО органдарының қызметіндегі әкімшілік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Еуропалық омбудсмен – Еуропалық парламентпен тағайындалатын тәуелсіз институт болып табылады. Ол ЕО органдарының қызметіндегі әкімшілік заңдылықты бақылау арқылы азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды жүзеге асырады. Омбудсмен шағымдарды қабылдау, тергеу жүргізу және ұсынымдар беру арқылы мемлекеттік басқарудың ашықтығын қамтамасыз етеді және құқықтарды қорғаудың тиімді соттан тыс механизмдерінің бірі болып саналады [215].

Польшада кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында 6 наурыз 2018 жылы «Шағын және орта бизнес омбудсмені туралы заң» (Rzecznik Małych i Średnich Przedsiębiorców туралы заң) қабылданды. Аталған заңға сәйкес, шағын және орта кәсіпкерлер жөніндегі уәкіл микро, шағын және орта кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін орган болып табылады. Омбудсмен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында нормативтік актілер жобаларына пікір беру, кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы медиацияны ұйымдастыру, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру туралы ұсыныстар енгізу сияқты өкілеттіктерге ие [216].

Ресейде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес-омбудсмен) институты алғаш рет 2012 жылы Президент бастамасымен енгізіліп, 2013 жылы Президент жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің мемлекеттік лауазымы ресми түрде құрылды. Оның құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктері 7 мамыр 2013 жылғы №78-ФЗ «Ресей Федерациясындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдер туралы» федералдық заңымен айқындалған. Аталған институт кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын, сондай-ақ кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады [217].

Австралияда шағын кәсіпкерлік жөніндегі уәкіл (бизнес-омбудсмен) институты 2012 жылы енгізілді, алайда ол өз қызметін 2013 жылдың қаңтарынан бастап жүзеге асыра бастады. Уәкіл шағын бизнес субъектілерінен мемлекеттік органдармен жасалған коммерциялық келісімдерге қатысты шағымдарды қабылдап, қарайды, қажет болған жағдайда тергеу жүргізеді және туындаған дауларды шешуге жәрдемдеседі. Сонымен қатар ол шағын бизнеске қатысты әділ қатынасты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдайды және халықаралық сипаттағы дауларды шешу мақсатында басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарымен ынтымақтастық орната алады. Шағын бизнес жөніндегі уәкіл Австралияда генерал-губернатормен бес жылға дейінгі

мерзімге тағайындалады және өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайын шағын бизнес министріне есеп береді [218].

Грузияда бизнес-омбудсмен лауазымы 1 қаңтар 2011 жылдан бастап күшіне енген Салық кодексімен енгізілген. Оның негізгі міндеттері салық төлеушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, бизнес субъектілерінің мемлекеттік органдардың әрекеттеріне қатысты шағымдарын қарау, мемлекет пен бизнес арасындағы өзара іс-қимылды бақылау және заңнамадағы олқылықтарды анықтап, оны жетілдіру бойынша үкіметке ұсыныстар енгізу болып табылады. Бизнес-омбудсмен Салық даулары жөніндегі кеңестің жұмысына қатысып, бизнес қауымдастықпен тұрақты консультациялар жүргізеді. Грузия моделінің ерекшелігі – бизнес-омбудсмен қызметінің негізінен салық саласы мәселелерін шешуге бағытталуы және кәсіпкерлік қызметтің басқа мәселелерін қамтымауы.

Жоғарыда қарастырылған шетелдік тәжірибе кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтының әр мемлекетте әртүрлі модельдерде қалыптасқанын көрсетеді. Дегенмен, олардың барлығына ортақ белгі – кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекет пен бизнес арасындағы тиімді диалогты қамтамасыз ету және әкімшілік кедергілерді азайту болып табылады. Көптеген елдерде омбудсмен институты парламенттік бақылау тетіктерімен тығыз байланысты болып келеді, бұл оның тәуелсіздігін арттыруға және қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтын одан әрі жетілдіру мақсатында халықаралық тәжірибені ескере отырып, оның институционалдық тәуелсіздігін күшейту орынды деп санаймыз. Атап айтқанда, қазіргі кезде Қазақстанда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметі Президентке есеп беруге негізделгенін ескере отырып, бұл институттың есептілігін Парламентке беру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Мұндай тәсіл омбудсмен институтының парламенттік бақылау элементтерін күшейтіп, оның қызметінің тәуелсіздігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, ҰКП-ның құқық қорғау және ұсыныс жасау функциялары кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейтетін институционалдық тетік ретінде қарастырылады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету тек сот актілерін жинақтап қорыту арқылы ғана емес, құқық қолдану барысында қайталанатын жүйелік мәселелерді уақтылы анықтау және талдау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Осы тұрғыда Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізетін жүйелі мәселелер тізілімі ерекше тәжірибелік маңызға ие. ҰКП-ның жыл сайынғы қызмет нәтижелері бұл тізілімнің жекелеген шағымдардың жиынтығы емес, кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудегі қайталанатын олқылықтарды, құқық қолдану тәжірибесінің тұрақсыз тұстарын және әкімшілік-құқықтық кедергілерді айқындауға мүмкіндік беретін аналитикалық құрал екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, ҚР Жоғарғы Соты құқық қолдану тәжірибесін талдау мен қорытуға уәкілетті орган ретінде сот тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты ҰКП жүргізетін жүйелі проблемалар реестрін Жоғарғы Соттың құқық қолдану тәжірибесін қорыту тетіктерімен үйлестіру сот тәжірибесін біріздендірудің қосымша аналитикалық көзі ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндай өзара іс-қимыл сот актілеріне тікелей араласуды емес, керісінше, құқық қолдануда қайталанатын даулы мәселелерді, нормалардың түсіндірілуіндегі алшақтықтарды және кәсіпкерлер үшін тәуекел туғызатын құқықтық жағдайларды алдын ала айқындауға бағытталған ақпараттық-талдамалық қолдау тетігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде сот тәжірибесін қорыту тек сот ішіндегі материалдарға ғана емес, кәсіпкерлік ортадан келіп түсетін жүйелі әрі құрылымдалған кері байланысқа негізделіп, бұл құқықтық айқындықты арттыруға, сот шешімдерінің болжамдылығын күшейтуге және кәсіпкерлердің соттық қорғауға деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Омбудсмендік институттың деректерді жинау, жүйелі құқықтық мәселелерді талдау және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсынымдар беру арқылы құқықтық ортаға оң ықпал ететіні анық.

Институционалдық ықпалдастықты күшейту омбудсмен мен ҰКП институттарының аналитикалық, консультациялық және құқық қорғау функцияларын азаматтық-құқықтық салдарлармен тиімді байланыстыруды талап етеді.

Бизнес-омбудсмен мен ҰКП қызметін азаматтық-құқықтық қорғау тетіктерімен үйлестіру кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық негізін күшейтіп, құқық қолдану тәжірибесінің жүйелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Р. Dickinson еңбегінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың нәтижелілігі олардың құқықтық мәдениетінің деңгейімен тікелей байланысты екені дәлелденген. Польша мен Ресейде жүргізілген зерттеулер кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының төмендігі құқық бұзушылықтарға қарсы тұру қабілетін әлсірететінін көрсетеді [219].

Құқықтық мәдениетті арттыру кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі шетелдік ғылыми еңбектерде құқықты тек шектеулер мен тыйымдар жүйесі ретінде емес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер қалыптастыратын құқықтық кеңістік ретінде түсіну кәсіпкерлердің құқықтық белсенділігін арттырудың негізгі алғышарты ретінде қарастырылады [220]. Демек кәсіпкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру, ең алдымен, олардың азаматтық-құқықтық қорғау құралдары туралы хабардарлығын күшейтумен және құқықтық рәсімдерді сауатты қолдану қабілетін қалыптастырумен байланысты болуы тиіс. Кәсіпкердің өз құқықтарын қорғау тетіктерін білуі мен оларды алдын ала қолдануға дайын болуы даулардың алдын алуға және құқықтық тәуекелдерді

ерте кезеңде басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құқықтық мәдениетті қалыптастыру кәсіпкерлер үшін қолжетімді және тиімді рәсімдік кепілдіктерді қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Құқықтық қорғау рәсімдерінің айқындығы мен болжамдылығы кәсіпкердің құқықты қорғауда белсенді позиция ұстануына жағдай жасайды. Бұл ретте құқықтық кеңес беру, ақпараттық қолдау және қорғау рәсімдеріне қол жеткізуді жеңілдету шаралары кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық құралдарды тиімді пайдалануына ықпал етеді. Құқықтық мәдениетті арттыруда институционалдық тетіктердің рөлі де ерекше. Омбудсмендік институттар мен кәсіпкерлерді қолдау құрылымдарының қызметі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласында сенім қалыптастырып, құқықты мүмкіндіктер кеңістігі ретінде қабылдауды нығайтады. Мұндай институционалдық қолдау кәсіпкерлердің құқықтық белсенділігін арттырып қана қоймай, азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің тәжірибелік тиімділігін күшейтуге ықпал етеді.

Осылайша, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру нормативтік реттеуді, сот және соттан тыс нысандарды, институционалдық қолдауды және құқықтық мәдениетті өзара байланыста дамытуды талап ететін кешенді, нәтижеге бағдарланған құқықтық саясатты қалыптастырумен тікелей байланысты.

Сонымен, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру құқықтық анықтылықты күшейтумен, дауларды ерте кезеңде шешу құралдарын институционалдандырумен, соттылықты айқындауда даудың экономикалық табиғатына басымдық берумен, сот тәжірибесінің бірізділігін арттырумен және бизнес-омбудсмен мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рөлін күшейтумен байланысты. Осыған орай, Қазақстанда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің есептілігін Парламентке беру, келіссөздер жүргізу тәртібін шарттық деңгейде нақтылау және ҰКП-ның жүйелі мәселелер тізілімін Жоғарғы Соттың құқық қолдану тәжірибесін қорыту тетіктерімен үйлестіру орынды деп пайымдаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін тек құқық қолдану құралдарының жиынтығы ретінде емес, мемлекетпен жүргізіліп отырған саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін анықтады. Қазіргі экономикалық айналымның күрделенуі, кәсіпкерлік қатынастардың сан алуандығы және мемлекеттік реттеу нысандарының өзгеруі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды тек нақты жағдайларда қолданылатын шаралармен шектеу жеткіліксіз екенін көрсетеді. Осыған байланысты азаматтық-құқықтық қорғау тетігі кәсіпкерлік бастаманың еркін жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін, құқықтық тәуекелдерді алдын ала төмендетуді көздейтін жүйелі тетік ретінде бағаланады.

Зерттеу нәтижелері кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы әрекет етіп келе жатқан құқықтық реттеу көбінесе бұзылған құқықты қалпына келтіруге икемделгенін, ал құқық бұзушылықтардың алдын алу мен ерте кезеңнен реттеу қызметтері жеткілікті деңгейде құрылымдық бекітілмегенін көрсетті. Осындай тәсіл кәсіпкерлік қызметті құқықтық тұрғыдан қорғаудың тиімділігін шектеп қана қоймай, кәсіпкерлік тәуекелдермен қатар соттық жүктеменің артуына да әкеледі. Осы орайда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру құқықтық саясаттың басым бағыты ретінде алдын алу, болжамдылық пен құқықтық анықтылық қағидаларына сүйенуі қажет деген тұжырым қалыптасты.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде келесі қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін түсіну кәсіпкердің құқықтық мәртебесін анықтаудан басталуы керек екенін көрсетті. Кәсіпкердің азаматтық айналымдағы орны оның құқықсубъектілігі, мүліктік дербестігі, кәсіпкерлік тәуекелі мен жауапкершілігі кәсіпкерлік қызметтің құқықтық табиғатын көрсететін өзара байланысқан элементтер ретінде қарастырылды. Осыған сәйкес кәсіпкердің құқықтық мәртебесі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін қалыптастырушы негізгі теориялық алғышарт ретінде бағаланды. Кәсіпкер мәртебесін қызметтік және жүйелік тұрғыдан түсіну қорғау тетіктерін таңдауда құқықтық анықтылықты қамтамасыз етіп, кәсіпкерлікті тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық және кәсіпкерлік заңнамасында дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты жеке тұлғаның жасына қатысты құқықтық реттеудің жүйесіздігі мен құқықтық анықтылықтың жеткіліксіздігі айқындалды. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 22-1-бабына сәйкес, он алты жасқа толған тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен айналысуы эмансипацияның негізі ретінде танылғанымен, ҚР Кәсіпкерлік кодексінде мұндай тұлғалардың дара кәсіпкер мәртебесін алу мүмкіндігі тікелей және жүйелі түрде бекітілмеген. Сонымен қатар, азаматтық, еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнамада он алты жасқа толған тұлғалардың

дербес құқықтық әрекет ету қабілеттілігі кеңінен мойындалған. Әйткенмен, кәсіпкерлік қызмет саласында бұл қағида толық іске асырылмай, құқық қолдану тәжірибесінде он алты жасқа толған тұлғалардың дара кәсіпкерлік қызметпен айналысу мүмкіндігін әркімге түсіндіруге, кәсіпкерлік бастаманы шектейтін әкімшілік тосқауылдар мен құқықтық кедергілердің туындауына алып келеді. Осыған байланысты құқықтық анықтылық қағидасын қамтамасыз ету және заңнамалық оқшылықтарды жою мақсатында ҚР Кәсіпкерлік кодексінде он алты жасқа толған және заңда белгіленген тәртіппен толық әрекет қабілетті деп танылған тұлғалардың дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін тікелей бекіту қажеттігі негізделді.

3. Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі құқық бұзушылық салдарын жоюға ғана бағдарланған шаралар жиынтығы емес екені айқындалды. Кәсіпкерлік қатынастардың тәуекелді сипаты, диспозитивтік бастаулардың басымдығы және мүліктік жауапкершіліктің жоғары деңгейі қорғау тетігінің кәсіпкерлік қызметтің үздіксіздігін, іскерлік байланыстардың сақталуын және азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ететін жүйелік сипатта құрылуын талап етеді. Осыған байланысты қорғау тетігі қалпына келтірумен қатар алдын алу және тұрақтандыру функцияларын да қамтитын кешенді модель ретінде негізделді.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымына авторлық анықтама ұсынылып, оның материалдық және процессуалдық құқықтық құралдардың өзара байланысты жүйесі екені дәлелденді. Қорғаудың мазмұнын айқындауда субъективтік құқықтармен қатар заңмен қорғалатын мүдделердің де дербес қорғау объектісі ретінде танылатыны, ал азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің құрылымы қорғау объектісі, қорғауды жүзеге асыратын субъектілер, қорғаудың нысандары мен тәсілдері және оларды іске асырудың нормативтік-рәсімдік негіздері арқылы ашылатыны тұжырымдалды. Бұл тәсіл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды құқықтық режимнің ажырамас элементі ретінде қарастырып, қорғау құралдарын таңдауда ұғымдық айқындықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4. Шетелдік құқықтық жүйелерді салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелері кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімділігі бір ғана сот тетігімен шектелмейтінін көрсетті. Германия мен Франция тәжірибесінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау азаматтық-құқықтық қағидалардың басымдығына, коммерциялық дауларды қарайтын мамандандырылған сот құрылымдарының тұрақты қызметіне және соттан тыс реттеу нысандарының құқықтық тұрғыдан анық бекітілуіне негізделген. Ал жалпы құқық жүйесіне тән мемлекеттерде қорғау үлгісі тараптардың процессуалдық белсенділігіне, құқықтық салдарлардың болжамдылығына және дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің кең қолданылуына сүйенеді. Бұл тәжірибе кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда соттан тыс институционалдық құралдардың рөлін күшейту қажеттігін негіздейді. Осыған байланысты

диссертациялық зерттеу аясында шағын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды институционалдық тұрғыдан нығайту үшін Қазақстан Республикасында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылымы шеңберінде Ұлттық бизнес уәкілі институтын құру ұсынылды.

Ұсынылған институт кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттан тыс құрамдас бөлігін күшейтуге бағытталады.

5. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің тиімділігі сот тәжірибесінің бірізділігімен және құқықтық анықтылық қағидасының нақты жүзеге асуымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық табиғаты құқықтық салдарды алдын ала болжау мүмкіндігіне тікелей тәуелді болғандықтан ұқсас құқықтық қатынастар бойынша әртүрлі сот шешімдерінің қалыптасуы кәсіпкерлер үшін айтарлықтай құқықтық тәуекелдер туындатады. Сол себепті сот тәжірибесінің әркелкілігі азаматтық-құқықтық қорғаудың нәтижелілігін төмендететін жағдай ретінде бағаланады.

Сот тәжірибесінің бірізділігі тек формальді түсіндіру актілері арқылы емес, құқық қолдану барысында қайталанатын даулы мәселелерді жүйелі түрде анықтау және талдау арқылы қамтамасыз етілуі керек деген қорытынды жасалды. Құқықтық анықтылық азаматтық-құқықтық нормалардың мәтіндік анықтылығымен ғана емес, олардың тұрақты әрі болжамды қолданылуымен де өлшенеді. Осылайша кәсіпкерлер үшін құқықтық қорғаудың тиімділігі сот шешімдерінің мазмұнымен қатар, олардың логикасы мен салдарының алдын ала болжамдылығына тәуелді екені негізделді.

6. Кәсіпкерлік даулар бойынша азаматтық істердің соттылығын анықтауда субъектілік өлшемнің басымдығы ұқсас экономикалық мазмұндағы істердің әртүрлі соттардың қарауына алып келіп, құқықтық анықтылықты әлсірететіні қорытынды деңгейінде анықталды. Осыған байланысты даудың экономикалық мазмұнын негізгі өлшем ретінде бекіту сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етудің және азаматтық-құқықтық қорғаудың болжамдылығын арттырудың маңызды шарты ретінде бағаланды.

Аталған мәселелерді ескере отырып, зерттеу барысында ҚР Азаматтық процестік кодексінің 27-бабын нақтылау қажеттілігі негізделді. Атап айтқанда, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығын анықтауда дауласушы тараптардың құқықтық мәртебесімен қатар, даудың экономикалық мазмұнын негізгі өлшем ретінде бекіту ұсынылды. Бұл өз кезегінде жоғарыдағы бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған.

7. Соттан тыс қорғау нысандарының азаматтық-құқықтық қорғау жүйесінде дербес әрі маңызды орын алатыны анықталды. Төрелік, медиация және партисипативтік рәсімдер кәсіпкерлік дауларды ерте кезеңде, тараптардың мүдделерін ескере отырып реттеуге бағытталған қолайлы құралдар ретінде сипатталды. Бұл тетіктердің басты артықшылығы – кәсіпкерлік дауды сотқа жеткізбей шешу, іскерлік қатынастарды сақтау және уақыттық әрі қаржылық шығындарды азайту мүмкіндігі. Сол себепті соттан тыс қорғау нысандары

азаматтық-құқықтық қорғаудың алдын алу және реттеуші қызметтерін жүзеге асыратын құралдар ретінде бағаланды.

Соттан тыс қорғау нысандарының тиімділігі оларды қолданудың анық рәсімдік логикасына және соттық қорғаумен өзара байланысына тікелей тәуелді. Егер соттан тыс тетіктер құқықтық тұрғыдан екінші деңгейдегі немесе номиналды балама ретінде қабылданса, кәсіпкерлер арасында оларға деген сенім төмендейді. Ал оларды құқықты қорғаудың бастапқы және ерікті сатысы ретінде институционалдық тұрғыдан бекіту құқықтық тәуекелдерді төмендетуге және сот жүйесінің жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік кодексте соттан тыс қорғау нысандары ретінде бекітілгеніне қарамастан олардың құқық қолдану тәжірибесіндегі тиімділігі оларды қолданудың анық рәсімдік логикасына және соттық қорғаумен өзара байланысының нақты анықталуына тікелей тәуелді. Соттан тыс қорғау тетіктерінің құқықтық табиғаты мен сот арқылы қорғаумен арақатынасы жеткілікті дәрежеде жүйеленбеген жағдайда, кәсіпкерлер тарапынан осы нысандарды қолдануға деген сенім мен тәжірибелік қызығушылық төмендеуі мүмкін. Сондықтан соттан тыс қорғау нысандарын құқықты қорғаудың бастапқы және ерікті сатысы ретінде институционалдық тұрғыдан бекіту құқықтық тәуекелдерді төмендетуге, кәсіпкерлік қатынастарды тұрақтандыруға және сот жүйесінің жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Сот және соттан тыс қорғау нысандарын көпдеңгейлі және функционалдық тұрғыдан жіктелген жүйе ретінде дамыту қажеттілігі негізделді. Мұндай жүйеде медиация мен өзге де келісімге негізделген рәсімдер дауларды ерте және ерікті реттеудің бастапқы құралы ретінде қолданылуы тиіс. Төрелік тараптардың келісімі болған жағдайда соттық қорғауды алмастырмайтын баламалы нысан ретінде әрекет етеді, ал сот кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың әмбебап әрі соңғы юрисдикциялық тетігі болып қала береді. Аталған тәсіл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімділігін ғана арттырмайды, азаматтық айналымдағы құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде бағаланады.

8. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесі тек сот пен соттан тыс қорғау нысандарымен шектелмей, институционалдық қолдау тетіктерімен толықтырылуы тиіс екені айқындалды. Бұл тұрғыда Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің соттан тыс институционалдық құрамдас бөлігі ретінде айрықша орын алады. Бұл институттар жекелеген құқық бұзушылықтарға ден қоюмен қатар, құқық қолдану тәжірибесіне тән жүйелік мәселелерді анықтау мен оларды болдырмаудың алдын алу қызметтерін атқарады.

Институционалдық қолдаудың мәні кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды тек нақты жағдайды шешу арқылы шектелмей, әкімшілік және құқықтық тәуекелдерді ертерек анықтауға мүмкіндік беруімен көрінеді. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпараттық-талдау қызметі, жүйелі мәселелер

тізілімін жүргізу тәжірибесі және құқық қолдану тәжірибесін жинақтау қызметі азаматтық-құқықтық қорғаудың сапасын арттырудағы маңызды құрал ретінде бағаланды.

Сондай-ақ Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өкілдік және медиациялық өкілеттіктері кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы қатынастарда құқықтық тепе-теңдікті қамтамасыз етудің тиімді тетігі ретінде сипатталады. Оның қызметі сотқа дейінгі реттеудің мүмкіндігін кеңейтіп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда азаматтық-құқықтық құралдардың тәжірибелік қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің сотқа дейінгі және сот талқылауы барысында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға ықпал ету мүмкіндіктерін құрылымдық деңгейде нақтылау және оның ұсынымдарының құқық қолдану тәжірибесіндегі салмағын арттыру қажет. Осылайша институционалдық қолдау азаматтық-құқықтық қорғау тетігінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде бағаланды.

9. Зерттеу нәтижелері кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімділігі олардың құқықтық мәдениетінің деңгейімен байланысты екенін көрсетті. Құқықтық қорғау тетіктерінің заңнамалық тұрғыдан бекітілуі оларды тиімді қолдануды бірден қамтамасыз етпейді. Кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық құралдар туралы жеткілікті хабардар болмауы, процесік мүмкіндіктерді дұрыс бағаламауы және құқықтық тәуекелдерді алдын ала есептемеуі құқықтарды қорғаудың тиімділігін төмендететін жағдай ретінде анықталды.

Сондықтан азаматтық-құқықтық қорғау тетіктерін жетілдіру құқықтық мәдениетті дамытумен байланысты екені негізделді. Құқықты тек шектеулер жүйесі ретінде емес, кәсіпкерлікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде қабылдау кәсіпкерлердің құқықтық белсенділігін жоғарылатудың шарты болып табылады. Құқықтық мәдениет алдын алу қызметін атқара отырып, даулардың сотқа дейінгі кезеңде реттелуіне және болашақта құқық бұзушылықтардың санын азайтуға ықпал етеді.

Жүргізілген диссертациялық зерттеу нәтижелерін жинақтай отырып, ҚР-да кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі көпдеңгейлі, кешенді және оң нәтижеге бағдарланған Қазақстанға тән жүйе ретінде қалыптасуы тиіс деген қорытынды жасалды. Бұл модель азаматтық-құқықтық реттеудің жүйелілігіне, сот және соттан тыс қорғау нысандарының үйлесімділігіне, институционалдық қолдаудың тиімділігіне негізделуі қажет.

Осылайша, диссертациялық зерттеу кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру ҚР кәсіпкерлік қызметті дамытудың және құқық үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі екенін тұжырымдайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000/>. 02.04.2025.
- 2 Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Кәсіпорын статистикасы // <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/>. 01.03.2026.
- 3 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына жолдауы 14.12.2012 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050/>. 20.06.2025.
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: 2021 жылдың 15 қазанда, №674 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674/>. 20.06.2025.
- 5 Қазақстан Республикасы Президенті – Қ.-Ж. Тоқаев. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм: Қазақстан халқына Жолдауы 2.09.2024. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1/. 15.09.2025.
- 6 Прудников М.Н. Роль предпринимательства в общественном производстве: историко-правовой аспект / Материалы научно-практической конференции «Правовое обеспечение предпринимательской деятельности в России и СНГ». М.: МГУК, 2000.- 53 с.
- 7 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылдың 29 қазанда, № 375-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375/>. 05.01.2026.
- 8 Блауг М. Экономическая мысль ретроспективе.- М.: «Дело Лтд», 1994.- 720 с.
- 9 Сэй Ж.Б. Трактат политической экономии // <https://library.wunu.edu.ua/files/EVD/HTML/sey/say.htm>. 04.05.2022.
- 10 Юрьев В.М., Мещеряков Д.А., Мамонтов В.Д. Основы предпринимательства: Учебное пособие / В.М.Юрьев, Д.А.Мещеряков, В.Д.Мамонтов; Под общ. ред. В.М.Юрьева. – Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г.Р.Державина, 2004. – 677 с.
- 11 Общая теория государства и права: учебник / под ред. С.Ю. Наумова, А.С. Мордовца, Т.В. Касаевой. – Саратов: Саратовский социально-экономический институт (филиал) РЭУ им. Г.В. Плеханова, 2018. – 392 с.
- 12 Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права: учебник. - М., 2004. - 512 с.
- 13 Юридическая энциклопедия / под ред. М.Ю.Тихомирова.- М.: Статут, 1997. – 526 с.
- 14 Большой юридический словарь / под ред. А.Я. Сухарева, В.Д. Зорькина, В.Е. Крутских. - М.: Инфра-М, 1997. - 790 с.

15 Общая теория права и государства. Учебник. /Под редакцией В.В.Лазарева. - М.: Юрист, 1996. – 520 с.

16 Сулейменов М.К. Гражданское право и обеспечение прав личности в современных условиях // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. – 2017.-Т. 1, № 46.- С. 80-93.

17 Киздарбекова А.С., Асетова Г.Б. Кәсіпкерлік құқық: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. -272 б.

18 Хамзин Е.Ж. Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтың азаматтық-құқықтық мәртебесі: филос. докторы (PhD) ... дис. – Астана, 2014.- 148 б.

19 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Жалпы бөлім. 1994 жылдың 27 желтоқсаны № 268-ХІІІ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000.05.01.2026>.

20 Қазақстан Республикасының Заңы. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы: 1995 жылдың 17 сәуірі, № 2198 қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002198_.10.02.2026.

21 Предпринимательское право. Курс лекций / Авилов Г.Е., Авилов Г.Е., Брагинский М.И., Доронина Н.Г., и др.; Отв. ред.: Клейн Н.И. - М.: Юрид. лит., 1993. - 480 с.

22 Қазақстан Республикасының Заңы. Мемлекеттік мүлік туралы: 2011 жылдың 1 наурызы, № 413-IV қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413#z939.10.07.2025>.

23 Кошкин В.В. Особенности правового статуса предпринимателя //Молодой ученый. - 2024. - № 49 (548). - С. 518-519. // <https://moluch.ru/archive/548/120113>.

24 Гражданское право : учебник : в 2 т. Т. 1 / отв. ред. Е.А. Суханов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: БЕК, 1998. – 405 с.

25 Иоффе О.С. Обязательственное право. – Л.: Изд-во Ленинградского университета, 1975. – 466 с.

26 Сулейменов М.К. Гражданское право Республики Казахстан: опыт теоретического исследования. Монография в 6 томах. Том 4 / М.К. Сулейменов. Часть вторая. Теоретическая. Раздел 3. Гражданское право в современном мире: общие проблемы и отдельные институты. – Алматы: Казахстанский Международный Арбитраж, 2021. – 352 с.

27 Қазақстан Республикасының Заңы. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы: 1998 жылдың 22 сәуірі, № 220-І қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000220_.10.07.2025.

28 Қазақстан Республикасының кодексі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы: 2014 жылдың 5 шілдесі, № 235-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z2877.10.07.2025>.

29 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылдың 3 шілдесі, № 226-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z2219>. 10.07.2025.

30 Коммерческое (предпринимательское) право: учебник: в 2 т. / под ред. В. Ф. Попондопуло. - 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Проспект, 2020.- Т. 1. - 608 с.

31 Қазақстан Республикасының Заңы. Акционерлік қоғамдар туралы: 2003 жылдың 13 мамыры, № 415 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415>. 10.07.2025.

32 Қазақстан Республикасының Заңы. Шаруашылық серіктестіктері туралы: 1995 жылдың 2 мамыры, № 2255 қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002255_#z14. 10.07.2025.

33 Қазақстан Республикасының Заңы. Өндірістік кооператив туралы: 1995 жылдың 5 қазаны, № 2486 қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002486_. 15.09.2025.

34 Асетова Г.Б. Қазақстан Республикасындағы дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесінің мазмұны // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы, 2017.- №3 (87).- Б.100-108.

35 Якунина В.В. Гражданская правосубъектность индивидуального предпринимателя: проблемы возникновения и прекращения: автореф. ... дис. ...канд. юрид. наук.- Краснодар, 2009.- 26 с.

36 Қазақстан Республикасының кодексі. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы: 2011 жылдың 26 желтоқсаны, № 518-IV ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>. 15.09.2025.

37 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылдың 23 қарашасы, № 414-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414#z31>. 15.09.2025.

38 Предпринимательское право: учебник / отв. ред.Е.П. Губин и П.Г. Лахно.-М.: Юристь, 2003.- 1001 с.

39 Ершова И.В., Иванова М.Т. Предпринимательское право: Учебное пособие. – 2-е изд., испр. и доп. - М.: Юриспруденция, 2000.- 416 с.

40 Насырова М.Р., Гуляева С.П. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. - Алматы: «Жеті жарғы», 2008.-764 б.

41 Гражданское право: учебник : в 3 т. / под ред. А. П. Сергеева. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Проспект, 2020. - Т. 1. - 1040 с.

42 Нурмагамбетов А.А. Гражданско-правовая защита прав и законных интересов предпринимателей: дис. ... док. филос. (PhD). – Нур-Султан, 2021.- 167 с.

43 Демин А.А. О соотношении понятий «обеспечение» и «защита» субъективного гражданского права // Правовая парадигма. -2018. -Т. 17.- № 2.

44 Зубовский Г.Б. Гражданско-правовая защита прав предпринимателей в Российской Федерации: диссертация... кандидата юридических наук: 12.00.03.- М., 2002.- 163 с.

- 45 Иванова Е. В. Предпринимательское право: учебник для бакалавров / Е. В. Иванова. - М. : Издательство Юрайт, 2013. - 267 с.
- 46 Попондопуло В.Ф., Яковлева В. Ф. (ред.). Коммерческое право: учебник. – СПб. : Изд-во Санкт-Петербургского университета, 1998. – 480 с.
- 47 Кораблева М. С. Гражданско-правовые способы защиты прав предпринимателей: дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.03. – М., 2002. – 215 с.
- 48 Сулейменов М.К. Понятие и способы защиты гражданских прав // https://prg.kz/Document/?doc_id=33100058. 15.02.2026.
- 49 Мороз С.П. О правовом обеспечении предпринимательства. - 31.05.2012 // https://prg.kz/Document/?doc_id=31200009. 10.02.2025.
- 50 Груздев В.В. Гражданско-правовая защита имущественных интересов личности: дис. ... д-ра юрид. наук : 12.00.03. – Томск, 2014. – 350 с.
- 51 Коммерческое право: учебник для вузов / Е. А. Абросимова [и др.]; под общей редакцией Е.А. Абросимовой, В. А. Белова, Б. И. Пугинского. - 6-е изд., перераб. и доп. - М. : Издательство Юрайт, 2023. - 590 с.
- 52 Сулейменов М.К. Защита гражданских прав. – 2024. – 9 декабря // https://prg.kz/document/?doc_id=35896363.10.03.2025.
- 53 Витрянский В.В. Проблемы арбитражно-судебной защиты гражданских прав участников имущественного оборота: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – М., 1996. – 57 с.
- 54 Мороз С.П. Предпринимательское (хозяйственное) право: Учебник. - Алматы: Издательство «Бастау», 2009. - 266 с.
- 55 Қазақстан Республикасының Заңы. Рұқсаттар және хабарламалар туралы: 2014 жылдың 16 мамыры, №5 202-V қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202.09.09.2024>.
- 56 Специализированный межрайонный административный суд Карагандинской области. Решение от 04 мая 2024 года по делу №3594-24-00-4/166 // Архив Специализированного межрайонного административного суда Карагандинской области.
- 57 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі: 2020 жылдың 29 маусымы, № 350-VI ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>. 23.11.2025.
- 58 Решение Специализированного межрайонного экономического суда Карагандинской области от 15 сентября 2025 года по делу № 3514-25-00-2/3227 // Архив Специализированного межрайонного экономического суда Карагандинской области.
- 59 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы: 2019 жылдың 13 тамызы, № 73 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019242>.15.09.2025.
- 60 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі: 2015 жылдың 31 қазаны, № 377-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>. 05.01.2026.

61 Курбатов А. Защита прав предпринимателей в отношениях с государством // Хозяйство и право.-2005.-№9.- С.98-104

62 Попова С.В. Защита прав предпринимателей по российскому и германскому праву. дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.03. – Ставрополь. -2006. – 174 с.

63 Grundgesetz für die Bundesrepublik Deutschland vom 23. Mai 1949 (BGBl. S. 1): in der geltenden Fassung // <https://www.gesetze-im-internet.de/gg/>. 12.09.2024.

64 Gabler Wirtschaftslexikon. Kammer für Handelssachen // <https://wirtschaftslexikon.gabler.de/definition/kammer-fuer-handelssachen-38785/version-262206>. 08.01.2026

65 Revolutionizing Commercial Disputes in Germany – The Launch of English-Language Commercial Courts and Chambers in Frankfurt // <https://www.gibsondunn.com/revolutionizing-commercial-disputes-in-germany-launch-of-english-language-commercial-courts-and-chambers-in-frankfurt>. 08.01.2026.

66 Bürgerliches Gesetzbuch vom 18. August 1896 (RGGBl. S. 195): in der geltenden Fassung // <https://www.gesetze-im-internet.de/bgb/>. 08.01.2026.

67 Biard A. International Commercial Courts in France: Innovation without Revolution Electronic resource Electronic resource Electronic resource // Journal of International Dispute Settlement. – 2019. – Vol. 10, № 3. – P. 571–590 // https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3479233. 08.01.2026

68 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы: 2000 жылдың 25 желтоқсаны, № 132 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132> .08.01.2026.

69 Rühl G. The Resolution of International Commercial Disputes – What Role (If Any) for Continental Europe? Electronic resource // AJIL Unbound. – 2021. – Vol. 115. – P. 11–16. – Access mode // <https://www.cambridge.org/core/journals/american-journal-of-international-law/article/resolution-of-international-commercial-disputes-what-role-if-any-for-continental-europe/F4A393A9BD22B50149B72E25F4496433>. 08.01.2026

70 Civil Code of the French Republic (Code civil) // https://www.legifrance.gouv.fr/codes/texte_lc/LEGITEXT000006070721. 08.01.2026.

71 Commercial Code of the French Republic (Code de commerce) // https://www.legifrance.gouv.fr/codes/texte_lc/LEGITEXT000005634379.08.01.2026

72 Blazy R., Esquerré S. The CV effect: To what extent does the chance to reorganize depend on a bankruptcy judge’s profile? // International Review of Law and Economics. – 2021. – Vol. 66. – P. 105-984. DOI: 10.1016/j.irl.2021.105984 // <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0144818821000089>. 16.01.2026.

73 Hornkohl L. Leave it to the Experts: A Call for Competition Expert Lay Judges in Private Enforcement of Competition Law // Jean Monnet Network on EU Law Enforcement Working Paper Series No. 26/22 (Yearbook of Antitrust and Regulatory Studies). – 2022. –№15(25). <https://ssrn.com/abstract=4130187>. 16.01.2026.

74 Агеева Е. Ш. Институт охраны и защиты прав предпринимателей: Сравнительно-правовое исследование законодательств России и Англии. - М.: Статут, 2015. - 144 с.

75 Guiding Principles on Business and Human Rights // https://www.ohchr.org/sites/default/files/documents/publications/guidingprinciplesbusinesshr_en.pdf. 16.01.2026.

76 Unfair commercial practices. A quick guide to competition and consumer protection laws that affect your business (OFT911) PDF // <https://assets.publishing.service.gov.uk/media/5a759a6ced915d506ee80176/oft911.pdf>. 16.01.2026.

77 The Civil Procedure Rules 1998 // <https://www.legislation.gov.uk/cy/uksi/1998/3132/contents/made>. 21.01.2026.

78 Cortés, Pablo. Embedding alternative dispute resolution in the civil justice system: a taxonomy for ADR referrals and a digital pathway to increase the uptake of ADR.// Legal Studies.-2023.-№ 43(2). DOI: 10.1017/lst.2022.42 // <https://www.cambridge.org/core/journals/legal-studies/article/embedding-alternative-dispute-resolution-in-the-civil-justice-system-a-taxonomy-for-adr-referrals-and-a-digital-pathway-to-increase-the-uptake-of-adr/C262D5E21B271975D9339D066CA03350>. 21.01.2026.

79 Бердышева О. А. Сравнительный анализ некоторых институтов защиты прав предпринимателей в Российской Федерации и за рубежом // Вестник магистратуры. – 2022. –№ 8 (131).- С. 49 -51.

80 Business and Property Courts Guidance: guidance document [Electronic resource]. - London : Ministry of Justice, 2025. - Published 4 December 2025. - Applies to England and Wales. - Access mode // <https://www.gov.uk/government/statistics/civil-justice-statistics-quarterly-july-to-september-2025/business-and-property-courts-guidance-document>. 21.01.2026.

81 Гражданское и торговое право зарубежных государств: Учебник: В 2 т. / Отв. ред. проф. А. С. Комаров, проф. А. А. Костин, проф. О. Н. Зименкова, доц. Е. В. Вершинина. Общая часть. – М. : Статут, 2019. – Т. 1. - 559 с.

82 Uniform Commercial Code : Official Text and Comments / National Conference of Commissioners on Uniform State Laws; American Law Institute. - Chicago: Uniform Law Commission, current edition // <https://www.uniformlaws.org/acts/ucc>. 21.01.2026.

83 Даминев И.И. Особенности судебной системы США // Вопросы науки и образования.- 2021. -№10 (135). // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sudebnoy-sistemy-ssha>. 21.01.2026.

84 Thomas R. S., Thompson R. B., Wells H. Delaware's Shifting Judicial Role in Business Governance // The Business Lawyer. -2022.- Vol. 77. -P. 971–1038 // https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=4194022&utm. 21.01.2026.

85 Applebaum L., Bach M., Milby E., Renck R. L. Through the Decades: The Development of Business Courts in the United States of America // The Business Lawyer. - 2020. - Vol. 75, № 3. - P. 2053–2076 // https://www.eckertseamans.com/app/uploads/Bach_The_Business_Lawyer_July-2020.pdf. 08.02.2026.

86 Эмих В.В. Омбудсмены, содействующие защите прав предпринимателей: мировой опыт и перспективы развития // Антиномии. – 2013. – Т. 13. – №. 3. – С. 111-137.

87 World Competitiveness Ranking // https://www.imd.org/centers/wcc/world-competitiveness-center/rankings/world-competitiveness-ranking/rankings/wcr-rankings/#_tab_Rank. 08.02.2026.

88 Global Competitiveness Report 2019 // <https://maaw.info/WorldCompetitivenessReport2019.htm#:~:text=54>. 08.02.2026.

89 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы: Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 10 желтоқсан 1948 жылы, № 217 А (III) қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001_.08.02.2026.

90 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: 2022 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2_.12.11.2024.

91 Акчурина А.Р. Способы защиты прав малого предпринимательства в РФ / А.Р. Акчурина // Историческая и социально-образовательная мысль. - 2014. - № . 6–2. - С. 199–202.

92 Белявская О.Я. Конституционное право человека и гражданина на судебную защиту: понятие, проблемы реализации: дис...канд.юрид.наук. - СПб., 2007. - 199 с.

93 Столярова Ю. О. Судебная защита прав граждан как комплексный политико-правовой институт // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. 2008. № 69 // <https://cyberleninka.ru/article/n/sudebnaya-zaschita-prav-grazhdan-kak-kompleksnyu-politiko-pravovoy-institut>. 08.02.2026.

94 Сулейменов М.К. Защита гражданских прав по законодательству Республики Казахстан./М.К. Сулейменов // Защита гражданских прав: Материалы Международной научно-практической конференции в рамках ежегодных цивилистических чтений. Алматы, 13-14 мая 2005 г. - Алматы: НИИ частного права, КазГЮУ, 2005. - С.8-28.

95 Яковлев В.Ф. Арбитражные суды России с позиций европейских правовых норм [Текст] / В.Ф. Яковлев // Журнал российского права. - 1997. - № 7. - С. 10-15.

96 Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі екінші

мәжілісінің ұсынымдары мен ұсыныстарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы: 1999 жылдың 22 қарашасы, № 95 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N990000095> . 20.02.2025.

97 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Алматы қаласында және Қарағанды облысында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құру туралы: 2001 жылдың 16 қаңтары, № 535 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000535>_.20.02.2026.

98 Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімінің Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына түсініктемесі. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы: 2002 жылдың 9 ақпаны, № 803 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/T020000803>_.20.02.2026.

99 Мороз С.П. Предпринимательское право Республики Казахстан: Курс лекций. /С.П. Мороз. - Алматы: КОУ, 2008. - 308 с.

100 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы. Соттардың заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы: 2023 жылдың 2 қарашасы, № 2 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P230000002S>_.13.01.2025.

101 Статистические данные специализированного межрайонного экономического суда г. Алматы за 2016-2018 гг., опубликованные на сайте суда // <http://almaty.sud.kz/rus/sub/smes/statisticheskiedannye-suda>.12.09.2022.

102 Аблаева Э. Б. Специализированные экономические, финансовые и административные суды Казахстана: история возникновения, современное состояние, перспективы развития // Lex russica. - 2020. - Т. 73. - № 3 (160). - С. 121–134. DOI: 10.17803/1729-5920.2020.160.3.121-134.

103 Қазақстан Республикасы Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі №3514-25-00-2/3089 азаматтық ісі бойынша шешімі. – Қарағанды, 2025 // Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының архиві.

104 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім: 1999 жылдың 1 шілдесы, № 409 ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> . 15.01.2026.

105 Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 2 қазандағы № 3514-25-00-2/3000 азаматтық ісі бойынша шешімі. – Қарағанды, 2025.// Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының архиві.

106 Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 19 қарашадағы № 3514-25-00-2/4287 азаматтық ісі. – Қарағанды, 2025.// Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының архиві.

107 Юридический блог Казахстана: Экспертный разбор законов и судебной практики от Femida Justice // <https://blog.femida-justice.com/obzor>

sudebnoj-praktiki-po-kommercheskim-sporam-klyuchevye-vyvody-i-rekomendaczii.15.01.2026.

108 Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2020 жылдың 10 маусымы № 342-VI ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000342#z123> _15.01.2026.

109 Нурмагамбетов А.А. Способы публично-правовой и частноправовой защиты прав и законных интересов предпринимателей. /А.А. Нурмагамбетов //Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия «Право». -2021. -№ 1(134). - С. 63–75.

110 Идрышева С.К. Конституционный принцип судебной защиты и его реализация на практике/ С.К. Идрышева //Вестник Карагандинского университета. Серия«Право». -2024. -Т.29.-№1(113). -156 с.

111 Асетова Г.Б., Ильясова Г.А. Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау мәселелері // Вестник Карагандинского университета. Серия«Право». - 2025. -Т.30.-№1(117). - С. 130-139. DOI: <https://doi.org/10.31489/202511/130-138>

112 Каса И. Арбитраж (третейский суд): история создания и правовая природа // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Юридические науки. -2018. -Т. 22.- № 2. -С. 269–288.

113 Blackaby N., Partasides C., Redfern A., Hunter M. Redfern and Hunter on International Arbitration. 6th ed. Oxford: Oxford University Press, 2015. - 774 p.

114 Kaufmann-Kohler, Gabrielle, and Antonio Rigozzi, International Arbitration: Law and Practice in Switzerland (2015; online edn, Oxford Law Pro) // <https://doi.org/10.1093/law/9780199679751.001.0001>, accessed 13 Feb. 2026.

115 Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. Быть или не быть третейскому суду в Казахстане? Открытое письмо председателю Верховного суда и министру юстиции Республики Казахстан // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1024126&utm. 13.02.2026.

116 Сулейменов М.К., Дуйсенова А.Е. Развитие законодательства Республики Казахстано международном коммерческом арбитраже // Вестник Пермского университета. Юридические науки. -2011. -№ 4(14).- С. 151–154.

117 Типовой закон ЮНСИТРАЛ о международном торговом арбитраже (Комиссия Организации Объединенных Наций по праву международной торговли, 21 июня 1985 года) (с изменениями, принятыми 7 июля 2006 г.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1012637. 13.02.2026.

118 Қазақстан Республикасының Заңы. Төрелік туралы: 2016 жылдың 8 сәуірі, № 488-V қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488> _08.01.2026.

119 Арбитражный Регламент Европейской экономической комиссии ООН от 20 января 1966 г. // https://prg.kz/Document/?doc_id=1007461. 13.02.2026.

120 Киздарбекова А.С., Карибаева А.Е. Правовое регулирование деятельности хозяйствующих субъектов: Электронное учебное пособие. – Караганда, 2017.

121 Сулейменов М.К., Дуйсенова А.Е. Взаимодействие судов и арбитражей в Республике Казахстан. Практическое Пособие. Астана, 2018. - 132 с.

122 Қазақстандық халықаралық арбитраж Регламенті // <https://arbitrage.kz/kz/qkha-arbitrazhdyq-reglament>. 17.01.2026.

123 Обзор арбитражной практики Казахстанского Международного Арбитража за 2014-2017 годы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32785589&pos=1;-16#pos=1;-16.17.01.2026.

124 UNCITRAL Model Law on International Commercial Mediation and International Settlement Agreements Resulting from Mediation with Guide to Enactment and Use (2018) // https://uncitral.un.org/sites/uncitral.un.org/files/media-documents/uncitral/en/22-01363_mediation_guide_e_ebook.pdf?utm_source. 13.02.2026.

125 United Nations Convention on International Settlement Agreements Resulting from Mediation (New York, 2018) (the "Singapore Convention on Mediation") // https://uncitral.un.org/en/texts/mediation/conventions/international_settlement_agreements. 13.02.2026.

126 Добролюбова Е.А. Медиация в системе способов защиты прав предпринимателей : дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.03 / Е.А. Добролюбова. - М., 2012. - 219 с.

127 Калашникова С. И. Медиация в сфере гражданской юрисдикции : автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Екатеринбург, 2010. - 27 с.

128 Дельцова Н. В., Кавкаева Ю. А. Медиация как способ защиты прав предпринимателей //Евразийский юридический журнал Учредители: Евразийский научно-исследовательский институт проблем права. – №. 5. – С. 235-236.

129 Rahmana F., Sudjatmoko A., Farmania A. The role of cooperative mediation in increasing the number of entrepreneurs: Case study of the DKI credit cooperative //Management Science Letters. – 2020. – Т. 10. – №. 6. – P. 1241-1250.

130 Gundumi A. The Impact of ADR on SME Development: A Comparative Study Between England and India //York L. Rev. – 2025. – Т. 6. –34 p.

131 Broński W. et al. Readiness to Use Mediation–Judges’ and Entrepreneurs’ Perspective //Utrecht Law Review. – 2024. – Т. 20. – №. 4 // <https://utrechtlawreview.org/articles/10.36633/ulr.1020>. 13.02.2026.

132 Дьячук М.И. Развитие института медиации в Республике Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. -2021. -№ 1(64).- С. 219–232. DOI: 10.52026/2788-5291_2021_64_1_219.

133 Момышева Ф.С., Оспанова Ж.Б. Медиация: вопросы теории и практики. //Вестник Карагандинского университета. Серия«Право». -2024. - Т.29.-№.2(114). -С. 110-121.

134 Муканова М.Ж. Состояние и перспективы развития института медиации в условиях социальной модернизации Казахстана: Материалы международной научно-практической конференции 19 октября 2012 года – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2012. –С.104-117.

135 Қазақстан Республикасының Заңы. Медиация туралы: 2011 жылдың 28 қаңтары, № 401-IV қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401_.20.01.2026.

136 M.Zh. Kalshabaeva, S.A. Sartayev, A.I. Gorylev Theoretical and legal problems of implementing the principles of mediation. //Bulletin of the KaragandaUniversity. «Law» Series. -2003.-Vol. -111.- № 3. // <https://law-vestnik.buketov.edu.kz/law/article/view/391/355>. 13.02.2026.

137 Hoffman, D. (2000). Ten Principles of Mediation Ethics. Alternatives to the High Cost of Litigation,2000.-№ 18(8).-P. 147–169. // <https://www.semanticscholar.org/paper/Ten-principles-of-mediation-ethics-Hoffman/64de731b54b22603a190a103933fc2fc06fba6bb?sort=relevance&pdf=true>. 13.02.2026.

138 Kyrdan B. V., Shyrokovska O. O. International principles of mediation.// Актуальні проблеми вітчизняної юриспруденції.—2021.-№ 6. // http://apnl.dnu.in.ua/6_2021/6_2021.pdf#page=125. 22.02.2026.

139 Sheremet A., Blashchuk T., Ishchuk S. Mediation Principles in the Civil Society and Features of Their Application in the Educational Environment of Ukraine //Journal of Education Culture and Society. – 2022. – Т. 13. – №. 2. – P. 231-250.

140 Bortnyk N. et al. Principles of mediation as an alternative way to protect human and citizen rights //Cuestiones Políticas. – 2021. – Т. 39. – №. 70. - doi. 10.46398/cuestpol.3970.15 // file:///D:/Userdata/Downloads/36847-Texto%20del%20art%20C3%ADculo-65776-1-10-20211004.pdf. 22.02.2026.

141 Gžibovskis V. The concept of Mediation and basic principles of Mediation //INDIVIDUAL. SOCIETY. STATE. Proceedings of the International Student and Teacher Scientific and Practical Conference. – 2022. – P. 151-157.

142 Даурембеков Е.К., Дрокин Ю.Н., Тлеухан Р.К. Сотқа дейінгі өндірістегі дауды (жанжалды) реттеу саласында медиативтік рәсімдерді қолданудың халықаралық тәжірибесі //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. – 2025. – Т. 152. – №. 3. – С. 121-133.

143 Медиация в бизнесе // https://atameken.kz/en/news/23626-mediaciya-v-biznese?utm_source. 22.02.2026.

144 Аблаева Э.Б., Енсебаева А.Р., Мухтарова С.М., Саутбаева С.Б., Утанов М.А. Судебная медиация в гражданском судопроизводстве Республики Казахстан. Вестник Института законодательства и правовой информации

Республики Казахстан научно-правовой журнал.- 2023. – Т. 4. – №. 75.-С.102-115.

145 Сулейменова Н.О. Проблемы развития медиации в Казахстане //Eurasian Scientific Journal of Law. – 2024. – №. 4 (5). – С. 19-27.

146 Аленов М.А. Медиация в гражданском судопроизводстве: правовой феномен и социальное значение // <https://journal.apa.kz/index.php/path/article/view/482/428>. 22.02.2026.

147 Panov, A., Volkova, N., Panova, L., Sichko, D., Petrenko, N. (2024) Alternative ways of resolving disputes in the field of contract law // <https://amazoniainvestiga.info/check/76/21-258-273.pdf>. 22.02.2026.

148 Alexander N., Tunkel N. International commercial mediation and dispute resolution contracts. – 2022 // https://ink.library.smu.edu.sg/cgi/viewcontent.cgi?article=5314&context=sol_research. 22.02.2026.

149 Hietanen-Kunwald P., Haapio H. Effective dispute prevention and resolution through proactive contract design //Journal of Strategic Contracting and Negotiation. – 2021. – Т. 5. – №. 1-2. – P. 3-23.

150 Baikenzhina S. T., Juchnevicius E. Alternative ways of resolving corporate disputes in the Republic of Kazakhstan and in the USA. Comparative analysis // Вестник Карагандинского университета. Серия«Право». -2024. -Т.29.-№4(116). -P. 113-122. DOI: <https://doi.org/10.31489/202414/113-122>.

151 Alexandrova N. Knowledge Of Mediation In International Business Training // The mediation in the different public spheres 2021 conference proceedings. – University publishing house «Science and Economics», University of Economics-Varna, 2021. – №. 1. – P. 196-206.

152 Kharkivska K. Commercial disputes: mediation or litigation? Analyzing the impact on resources, risks, and company reputation. Modern Science, Economy and Digital Innovation. -2025. // <https://isu-conference.com/wp-content/uploads/2025/09/DOI-Kharkivska.pdf>. 22.02.2026.

153 Калшабаева М.Ж. Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2024.-142 б.

154 Zeydin K. Alternative Dispute Resolution in Kazakhstan: Toward Judicial Efficiency and Citizens' Access to Justice // Eurasian Research Journal. – 2025. – Vol. 7, № 3. – P. 322–339. – DOI: 10.53277/2519-2442-2025.3-05.

155 Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө., Наган У. Role and place of mediation in the legal tradition of the people of Kazakhstan.// Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан.- 2018. – № 6 (376). – С. 74–81. DOI: 10.32014/2018.2518-1467.30.21.01.2026.

156 Foddai M.A. Participatory Justice and Mediation Toward a New Model of Justice // Soft Power. – 2016. – Vol. 4, № 2. – P. 127–143.

157 Menkel-Meadow C. Ethics and Professionalism in Non-Adversarial Lawyering // Florida State University Law Review. – 1999. – Vol. 27. – № 1. – P. 153–199.

158 Demchenko S. The role of an attorney-at-law in out-of-court dispute resolution: mediation as an alternative tool for protecting interests // Scientific Journal of Polonia University. – 2025. – Т. 68. – №. 1 // https://www.researchgate.net/publication/391580463_.22.02.2026.

159 Трофимова М.С. Experience of Legal Clinics in Matters of Legal Representation of Clients' Interests: Difference of Approaches // Advances in Economics, Business and Management Research. – 2021. – Vol. 164. – P. 400–403.

160 Худойкина Т. В., Ильин С. А. Коммуникативная компетентность судебного примирителя // Бюллетень науки и практики. – 2023. – Т. 9. – № 7. – С. 334–338. DOI: 10.33619/2414-2948/92/47.

161 Таранова Т.С. Партисипативная процедура как способ урегулирования споров // Экономический рост Республики Беларусь: глобализация, инновационность, устойчивость: материалы XI Междунар. науч.-практ. конф., Минск, 17 мая 2018 г./[редкол.: ВН Шимов (отв. ред.) и др.]; М-во образования Респ. Беларусь, УО «Белорусский гос. экон. ун-т».-Минск: БГЭУ, 2018.-С. 469-471.

162 Аманжолов Н.А. Возникновение примирительных процедур в Республике Казахстан // Евразийский союз ученых. – 2019. – № 12 (69). – С. 49–51.

163 Полещук И.Н. Партисипативная процедура как способ эффективного альтернативного разрешения спорных правоотношений // Проблемы гражданского права и процесса: сб. науч. ст. – Гродно : ГрГУ им. Янки Купалы, 2018. – С. 317–323.

164 Шайменова А.Б. Альтернативные способы разрешения гражданско-правовых споров в Республике Казахстан: теория и практика [Текст]: дис. ... д-ра философии (PhD): НАО Караган. ун-т им. Е.А. Букетова – Караганда: 2021, 163 с.

165 Методические рекомендации по проведению партисипативной процедуры адвокатами / разработаны адвокатом Раисовой Б.А.; одобрены Президиумом Республиканской коллегии адвокатов (протокол № 12 от 11 марта 2016 г.) // <https://advokatura.kz/ru/intervu/metodiceskie-rekomendacii-po-provedeniю-partisipativnoj-procedury-advokatami>. 15.01.2026.

166 Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің ресми статистикалық деректері (Қамқор ақпараттық порталы): азаматтық істерді қарау нәтижелері туралы есептер, Форма №2 (Таблица А), 2024–2025 жж., Республика Қазақстан және Қарағанды облысы // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>.15.01.2026.

167 Сулейменов М.К. Развитие медиации как альтернативного способа разрешения споров // <https://prg.kz/m/amp/document/31644604>. 15.01.2026.

168 Moore W. K. Mini-Trials in Alberta // Alberta Law Review. – 1995. – Vol. 34, № 1. – P. 194–205.

169 Cheney B. Commercial disputes: The mini-trial option // Victoria University of Wellington Law Review. -1989. -Vol. 19.- P. 153–172.

170 Owein L., Hussein A. Conciliation in Commercial Disputes According to Law 22-13 Amending and Supplementing the Algerian Code of Civil and Administrative Procedure // Journal of Law, Society and Authority. – 2024. – Vol. 13, № 2. – P. 203–214.

171 International Chamber of Commerce. Experts – ICC Dispute Resolution Services // <https://iccwbo.org/dispute-resolution/dispute-resolution-services/adr/experts>.10.01.2026.

172 Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы: 2018 жылдың 10 қаңтары, № 133-VI қабылданған // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000133>. 10.01.2026.

173 Герасимова В.В. Роль торгово-промышленной палаты в формировании региональной экономической политики.// Бизнес. Образование. Право//Вестник Волгоградского института бизнеса. – 2013. – №. 1. – С. 204-206.

174 Klimkin S.I., Kazbayeva A.G. Analysis of the effectiveness of legislation of the Republic of Kazakhstan on National Chamber of Entrepreneurs in the light of implementation of public monitoring // Вестник Института законодательства и правовой информации РК. – 2020.- №4 (62).- С. 132–142.

175 Әлемдік тәжірибе. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ресми сайты // <https://atameken.kz/kk/pages/739-mirovoj-opyt>.15.01.2026.

176 Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы: 2013 жылдың 4 шілдесі, № 129-V қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000129> .05.05.2024.

177 Устав Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» (утв. совместным решением учредителей от 4 сентября 2013 г., с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.11.2024 года) // <https://atameken.kz/kk/pages/127-doku>. 15.01.2026.

178 Ежегодный отчет об итогах деятельности НПП РК «Атамекен» за 2023 год. Астана -2024 // <https://atameken.kz/kk/pages/127-doku>. 08.01.2026.

179 Доклад секретаря совета по защите прав предпринимателей РПП Карагандинской области (о выполнении протокольных решений Совета за 2016 год) // <https://new.atameken.kz/karagandy/business-protection>. 08.01.2026.

180 Справка о работе Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции Палаты предпринимателей Карагандинской области за 2017 год, 2018 год и 9 месяцев 2019 года // <https://new.atameken.kz/karagandy/business-protection>. 08.01.2026.

181 Справка Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции № 4 от 19 марта 2025 года // <https://new.atameken.kz/structure?section=sovet>. 08.01.2026.

182 Решение Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции № 4 от 19 марта 2025 года // <https://new.atameken.kz/structure?section=sovet>. 08.01.2026.

183 Справка Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции № 10 от 22 октября 2025 года // <https://new.atameken.kz/structure?section=sovet>. 08.01.2026.

184 Решение Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 10 от 22 октября 2025 года // <https://new.atameken.kz/structure?section=sovet>. 08.01.2026.

185 Сальникова Д.А. Конституционно-правовое регулирование участия бизнес-омбудсменов во внесудебной защите свободы предпринимательской деятельности в Российской Федерации и в Республике Казахстан // Вестник Саратовской государственной юридической академии. – 2022. – №. 1 (144). – С. 76-83.

186 Batanov O.V., Goloyadova T.O. Institute of business-ombudsmans in the modern world: problems of conceptualization and constitutionality // Expert: paradigm of law and public administration Учредители: Interregional Academy of Personnel Management. – 2020. – Т. 11. – №. 5. – Р. 70-85.

187 Steblianko A.V., Wilson O. Business Ombudsman as an institution for improving compliance with the rule of law principles // Legal Horizons. – 2021. – Vol. 14, № 3–4. – Р. 18–24. DOI: 10.54477/legalhorizons.

188 Самусик А.М. Особенности функционирования института уполномоченного по защите прав предпринимателей (бизнес-омбудсмена) в зарубежных странах // Евразийская адвокатура. – 2015. – № 6 (19). – С. 88–93.

189 Эмих В.В. Уполномоченные по защите прав предпринимателей: зарубежный опыт и российская модель // Научный ежегодник Института философии и права Уральского отделения Российской академии наук. – 2014. – Т. 14. – № 3. – С. 177–195.

190 OECD. Business ombudsman institutions in Eastern Europe and Central Asia: A comparative overview. – Paris: OECD Publishing, 2024. – 52 p. https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2024/04/business-ombudsman-institutions-in-eastern-europe-and-central-asia_c254380c/7d994c17-en.pdf. 08.01.2026.

191 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы: 2014 жылдың 27 ақпаны, № 757 қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000757_.08.01.2026.

192 Ермекова Ж.Ж. The strengthening of business ombudsman's institute in Kazakhstan // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2016. – № 4 (116). – Б. 87–91.

193 Плахова Е.С. Правовой анализ обращения к Уполномоченному по защите прав предпринимателей как способа защиты прав субъектов

предпринимательской деятельности // Пролог: журнал о праве. – 2024. – № 2(42). – С. 39–48. DOI: 10.21639/2313-6715.2024.2.4.

194 Регламент взаимодействия структурных подразделений и должностных лиц в Центральном аппарате и региональных палатах Национальной палаты предпринимателей РК «Атамекен» от 18.01.2017 года // Документы бизнес-омбудсмена. Защита бизнеса. Бизнес-омбудсмен. Уполномоченный по защите прав предпринимателей Казахстана. 22.02.2026.

195 Доклад Уполномоченного по защите прав предпринимателей Казахстана Нурова К.И. по результатам работы за 2024 год Президенту Республики Казахстан // https://ombudsmanbiz.kz/rus/ezhegodnyi_doklad/?cid=67. 22.02.2026.

196 Лянной Г.Г. Взгляд на роль бизнес-омбудсмена в государственной защите малого и среднего бизнеса // Вестник Восточно-Сибирского института МВД России. – 2024. – № 1 (108). – С. 106–114.

197 Жамбурбаева С., Ильясова Г.А. Некоторые вопросы законодательного регулирования института судебного представительства в Республике Казахстан // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». – 2022. – № 1(105). – С. 140–149. DOI 10.31489/2022 L1/140-149

198 Абакумова Е.Б. Государственно-правовая защита прав предпринимателей в публичных правоотношениях // Актуальные проблемы экономики и права. – 2018. – Т. 12, № 4. – С. 828–841. DOI: 10.21202/1993-047X.12.2018.4.828-841.

199 Ситникова А.В. Использование медиации и переговорных процедур в предпринимательских конфликтах // Флагман науки: научный журнал. - №12(35). СПб., Изд. ГНИИ "Нацразвитие", 2025. - 1054 с.

200 Lewicki R.J., Saunders D.M., Barry B. Negotiation: Readings, Exercises and Cases. 6th ed. New York: McGraw-Hill, 2010. - 722 p.

201 Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт: Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі ММ мен «А-П» ЖШС арасында жасалған шарт. – Қарағанды, 2022.

202 Решение Специализированного межрайонного экономического суда Карагандинской области от 17 апреля 2024 года по делу №3514-24-00-2/549 // Архив Специализированного межрайонного экономического суда Карагандинской области.

203 Raiffa H. The Art and Science of Negotiation. - Cambridge, Massachusetts: Harvard University Press, 1982. - 373 p.

204 Ury W. L., Brett J. M., Goldberg S. B. Designing an Effective Dispute Resolution System // Negotiation Journal. – 1988. – Vol. 4. – № 4. – P. 413–430.

205 Абгарян Д.Р. Актуальные вопросы защиты прав предпринимателей в международном и национальном праве // Московский журнал международного права. – 2018. – № 3. – С. 30–40. – DOI: 10.24833/0869-0049-2018-3-30-40.

206 Alexander N. Mediation in Practice: Common Law and Civil Law Perspectives Compared // *International Trade and Business Law Annual*. – 2001. – Vol. 6. – P. 1–18. Available at: <https://ssrn.com/abstract=3749389>. 22.02.2026.

207 Sensburg P. E. Business Mediation in the Framework of EU-Law // *European Business Law Journal*. – 2024. – № 1. – P. 5–23. DOI: 10.24818/EBLJ/2024/3/1.01.

208 Tnalin K., Kizdarbekova A. Electronic dispute resolution in business: opportunities for implementation in Kazakhstan // *Scientific Herald of Uzhhorod University. Series «Physics»*. – 2024. – № 56. – P. 591–600. DOI: 10.54919/physics/56.2024.59brj1.

209 Беломестнов О.Ю. Механізм реалізації права на судовий захист у господарських відносинах // *Науковий вісник Ужгородського національного університету. Серія: Право*. – 2023. – Vol. 77, № 1. – С. 177–183. DOI: 10.24144/2307-3322.2023.77.1.28.

210 Baradanchenkova N.Y. Conflicts of Judicial Competence // XVII International Research-to-Practice Conference dedicated to the memory of MI Kovalyov (ICK 2020). – Atlantis Press, 2020. – P. 251-254.

211 Uskov I. The criterion of the effectiveness of judicial protection in economic procedural law: structural elements // *Bulletin of Taras Shevchenko National University of Kyiv. Legal Studies*. – 2025. – № 1 (129). – P. 76–80. DOI: 10.17721/1728-2195/2025/1.129-13.

212 Зубович М.М. Изменение размеров судебной пошлины и объемов финансирования арбитражных судов как предпосылка повышения эффективной защиты предпринимателей // *Вестник Томского государственного университета. Право*. – 2020. – № 37. – С. 142–150. DOI: 10.17223/22253513/37/12

213 Benny Y. T. Tai Models of Ombudsman and Human Rights Protection // *International Journal of Politics and Good Governance*. – 2010. – Vol. 1, № 1. – P. 1–11.

214 Волков Д. Н. Сравнительный анализ моделей института омбудсмана в мире // *Историческая и социально-образовательная мысль*. – 2015. – Т. 7. – № 2. – С. 111–114.

215 Боберская К. Европейский уполномоченный по правам человека (Европейский омбудсмен) как форма защиты свободы предпринимательской деятельности // *Legea și Viața*. – 2015. – № 6. – С. 11–14.

216 Ustawa z dnia 6 marca 2018 r. o Rzeczniku Małych i Średnich Przedsiębiorców // *Dziennik Ustaw Rzeczypospolitej Polskiej*. – 2018. – 648 p. // <https://dziennikustaw.gov.pl/DU/2018/648>. 10.03.2026.

217 Кириллина В. Н., Жигалов С. В., Иванова В. С. Формирование института бизнес-омбудсмена в России и Франции (сравнительный анализ) // *Бизнес. Общество. Власть*. – 2018. – № 1 (27). – С. 104–115.

218 Палагина А.Н. Особенности института уполномоченного по защите прав предпринимателей в России и за рубежом // *КЭ*. 2013. №7 (79) //

<https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-instituta-upolnomochennogo-pozaschite-prav-predprinimateley-v-rossii-i-za-rubezhom>.10.03.2026.

219 Dickinson P. Entrepreneurship and property rights within Russia's business law environment (the correlation) // *Managerial Law*. – 2004. – T. 46, № 6. – P. 20-31.

220 Kokocińska K., Żywicka A. On the perception of law as a “space of opportunity” for entrepreneurs // *Studia Iuridica Lublinensia*. – 2023. – T. 32, № 5. – P. 427–442. DOI: 10.17951/sil.2023.32.5.427-442.

ҚОСЫМША А

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ Заң факультетінде диссертациялық зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу туралы акт

КЕЛІСІЛДІ

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-ның Басқармасының Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор

Серикбаев А.М. 2025 ж.



БЕКТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ Заң факультетінің деканы Серикбаев А.М.

« 10 » қыркүйек 2025 ж.



АКТ


Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне енгізу туралы

Біз, төменде қол қоюшылар, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ заң факультеті азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының өкілдері және «6D030100- Құқықтану» мамандығы бойынша PhD докторанты Г.Б. Асетова, осы акт арқылы докторант орындаған және «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-да дайындалған «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізгендігін және «6B04205-Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу» (бакалавр) БББ білім алушыларына «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы», «Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау», «Кәсіпкерлік қызметтегі дауларды шешудің баламалы тәсілдері», «Кәсіпкерлік қызметтің құқықтық негіздері» пәндерін және «7M04205-Жеке құқық» (магистратура) БББ магистранттарына «Азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарастыру ерекшеліктері», «Жеке құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы татуластыру рәсімдері», «Корпоративтік құқықтағы өзекті мәселелер» пәндерін оқытуда қолданылатынын растаймыз.

Бұл нәтижелерді пайдалану бізге мыналарға мүмкіндік береді:

1. Бакалаврлар мен магистранттарды даярлау деңгейін жақсарту;
2. Азаматтық іс жүргізу құқығы, кәсіпкерлік құқық және азаматтық құқық бойынша кейстерді әзірлеу;
3. «6B04205-Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу» (бакалавр) БББ бойынша оқытуға арналған «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы», «Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау», «Кәсіпкерлік қызметтегі дауларды шешудің баламалы тәсілдері», «Кәсіпкерлік қызметтің құқықтық негіздері» пәндері бойынша оқу құралдарын әзірлеу.

Докторант:  Г.Б. Асетова

Ғылыми кеңесші:  Г.А. Ильясова

« 10 » қыркүйек 2025 ж.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ Заң факультетінің деканы

 А.М. Серикбаев
Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі

 А.Ж. Әбдіжәми
« 10 » қыркүйек 2025 ж.

ҚОСЫМША Ә

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтында диссертациялық зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу туралы акт

КЕЛІСІЛДІ

«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-ның басқарма мүшесі,
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор
Базбаев Е.М.



БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» азаматтық, азаматтық процесстік заңнама және атқарушылық іс жүргізу бөлімінің басшысы
Акимжанова М.Т.



Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметіне енгізу туралы АКТ

Біз, төменде қол қоюшылар, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» атынан Азаматтық, азаматтық процесстік заңнама және атқарушылық іс жүргізу бөлімінің басшысы, философия докторы (PhD) Акимжанова М.Т. және «6D030100- Құқықтану» мамандығы бойынша PhD докторанты Г.Б. Асетова, осы акт арқылы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-да докторант дайындаған және орындаған «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу нәтижелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының» Азаматтық, азаматтық процесстік заңнама және атқарушылық іс жүргізу бөлімінің практикалық қызметіне енгізу үшін қабылданғанын және келесілерде:


1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау институтын жетілдіруге бағытталған заң жобаларын және реттеуші саясаттың консультативтік құжаттарын дайындауға қатысу барысында;
2. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау институтын құқықтық реттеу және құқыққолдану мәселелері бойынша Институттың құзыреті шегінде кеңес беру қызметтерін көрсету кезінде;
3. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау институтын құқықтық реттеуді жүйелеу және дамыту тұрғысынан заңнаманы жетілдірудің ғылыми тұжырымдамаларын әзірлеуде;
4. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы заңнама мен құқық қорғау тәжірибесіне, соның ішінде кәсіпкерлік дауларға қатысты азаматтық істер бойынша сот тәжірибесіне құқықтық мониторинг жүргізуде пайдаланылатынын растаймыз.

Докторант:  Г.Б. Асетова

Ғылыми кеңесші:  Г.А. Ильясова


«24» қаңтар 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» азаматтық, азаматтық процесстік заңнама және атқарушылық іс жүргізу бөлімінің басшысы:

 М.Т.Акимжанова

«24» қаңтар 2025 ж.

ҚОСЫМША Б



Сурет Б.1 – Қазақстан Республикасы мен Қарағанды облысында кәсіпкерлік даулар бойынша татуластыру рәсімдерінің құрылымы (іс жүргізуді тоқтату деректері негізінде, 2024–2025 жж.)

ҚОСЫМША В



Активаци
Информационный центр

Сурет В.1 – ҰҚП-ның кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы қызмет нәтижелерінің динамикасын салыстырмалы талдау (2023 жыл және 2024 жылдың 9 айы)

ҚОСЫМША Г



Сурет Г.1 – Кәсіпкерлердің өтініштерін қарау нәтижелерінің құрылымы және Уәкіл араласуының экономикалық тиімділігі (2024 ж.)

ҚОСЫМША Ғ

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда үздік ғылыми жұмыс үшін берілген диплом

